

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 94(574.51) «1867/1917»

Қолжазба құқығында

БИСЕМБАЕВА ЛЯЗЗАТ АМАНДЫКОВНА

**Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының күнделікті өмірі
(1867-1917 жж.)**

6D020300-Тарих

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
ҚР ҰҒА академигі,
Тарих ғылымдарының докторы,
профессор Қойгелдиев М.Қ.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Чех Республикасы Ғылым
Академиясының архиві мен
Масарик атындағы институттың
доценті, PhD доктор Франц М.
(Чех Республикасы. Прага.).

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2019

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ	5
I ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ХАЛҚЫ ЖӘНЕ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ	
1.1 Миграциялық үдерістер: тұрғындардың ұлттық құрамы және өзара қарым-қатынасы	21
1.2 Дәстүрлі шаруашылықтың күнделікті сұраныстарға бейімделуі	35
1.3 Сауданың дамуы, оның тұрғындар өміріне әсері	52
II КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ЖӘНЕ ТҰРМЫС	
2.1 Реформа және халық	65
2.2 Тұрмыстағы өзгерістер	79
2.3 Тұрғындар денсаулығы	90
III АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ. 1916 ЖЫЛҒЫ КҮНДЕЛІКТІЛІК	
3.1 Дәстүрге төнген қауіп	100
3.2 Ағартушылық. Санадағы серпіліс.....	111
3.3 Жәдитшілдік-заман талабы	124
3.4 1916 жыл. Көтеріліс кезеңіндегі күнделікті өмір	137
ҚОРЫТЫНДЫ.....	154
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	157
ҚОСЫМШАЛАР.....	171

АНЫҚТАМАЛАР

Аршын – 1 аршын 71,12см. немесе 0.7112м. тең болған. Қазақтың байырғы ұзындық өлшем бірлігі, шынтақтан саусақтың ұшына дейінгі аралық.

Верста – орыстың ескі қашықтық өлшем бірлігі. 1 верста – 500 сажень немесе 1500 аршынға тең.

Десятина – орыстың байырғы жер аумағын өлшеу бірлігі. 1 (қазыналық) десятина – 2400 кв. саженьге (109, 25 сот. немесе 1,09 га.) тең.

Пұт (пуд) – орыстың ескі салмақ өлшем бірлігі. 1 пұт – 16, 3804964 кг. тең болған.

Рен дүкені (ренский погреб) – XX ғасырдың басындағы шарап сататын орын. «Рен» сөзі – немістің «рейн» сөзінің бұрмаланып айтылуы және «рейн шарабы» сөзінің синонимі болған.

Сажень – орыстың ескі қашықтық өлшем бірлігі. 1 сажень – 3 аршынға тең болған.

Четь – бір нәрсенің төрттен бірі, ескі өлшем бірлігі. Егістік жердің аумағын өлшегенде: 1 четь (четверть) – егін егілген 1 десятина жердің жартысына (шамамен 0,5 га.) тең; ұзындықты өлшегенде: 17,78 немесе кейбір деректер бойынша 19 см. тең болған.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР БҒМ ҒК «Ғылым Ордасы» РМК ОҒК	Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті «Ғылым Ордасы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны орталық ғылыми кітапханасы
ҚР ОМА	Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві
ҚР БҒМ ҒК	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
ӨР ОМА	Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві
ҚР МОМ	Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейі

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу жұмысы 1867-1917 жылдар аралығындағы Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының өмірін күнделіктілік тұрғысынан зерттеуге арналған. Зерттеу жұмысында отаршылдық кезеңіндегі Жетісу өңірінде орын алған саяси-экономикалық, әлеуметтік өзгерістердің тұрғындардың қалыпты тіршілігіне әкелген өзгерісі, олардың жаңа жүйемен ере келген тәртіпті қалай қабылдағаны қарастырылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Соңғы отыз жылда отандық тарих ғылымында елеулі өзгерістер орын алды. Ел тәуелсіздігін баянды ету мақсатында қазақ халқының тарихи жадын жаңғыртып, ұлттық сана-сезімін ояту мәселесі қолға алынды. Өткеннен сабақ ала отырып, болашақты дұрыс бағамдау үшін еліміздің өткен тарихы жаңа көзқарастар тұрғысынан қайта қарастырыла бастады.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен басталған ұлттың рухани әлемін жаңа сұраныстарға бейімдеу мәселесі бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. Еліміздің өткен тарихын жаңа көзқарас тұрғысынан зерделеу – жаһандану заманында елдің мемлекеттік дербестігін және ұлттың бірегейлігін нығайта түсудің бірден-бір тиімді жолы. Сонымен бірге ол жастарды патриоттық рухта тәрбиелеудің, олардың бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырларынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» [1, б. 1-2] - деген маңызды ұстанымды білдіреді.

Халқымыздың бүгінге дейінгі жүріп өткен жолындағы терең өзгерістермен сипатталатын, соған байланысты бүгінгі сұраныстар тұрғысынан қорытуға мұқтаж тақырыптардың бірі – XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы жарты ғасырға созылған патшалық отарлау кезеңі, осы тарихи кезеңде ел өмірінде орын алған өзгерістер. Соның ішінде осы мезгілде патшалық Ресей үшін зор стратегиялық маңызға ие болып, оның осы өңірде жүргізген мақсатты қоныстандыру саясатының нәтижесінде мұнда бірнеше ұлттық анклавтардың пайда болуы, олардың арасында өзара ықпалдастықтың өріс алуы, өз ретінде бұл үрдістің тұрғындардың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне әсер етпеуі, әрине, мүмкін емес еді. Бұл ықпалға екі жақ бірдей түсті, яғни жергілікті қазақ жұрты да, сондай-ақ мұнда келіп орын тепкен орыс, ұйғыр, дүнген және басқа этникалық топтар да. Бұл үрдісті зерттеп тануда кеңестік тарихнама біржақтылыққа ұрынды, өзгерістер басым түрде қазақ қожалықтары мен отбасыларында байқалды және ол өзгерістер тек прогрессивті мазмұнда жүрді деген түсінікке кең өріс берілді. Орын алған өзгерістер анағұрлым күрделі еді. Мысалы, Ресейдің ішкі аудандарынан Жетісуға жер іздеп келген орыс мұжығы ата кәсібі егіншілікпен қатар, жергілікті ерекшеліктерге де бейімделіп, ендігі жерде мал өсіру ісіне де ден қоя бастайды. Екі бірдей шаруашылықтың басын ұстаған, әрі үкіметтен материалдық, моральдық қолдау алып отырған ол тез арада ауқатты отбасына айналып, ендігі уақытта кедейленген қазақтарды жалдап, оларды қанауға көшті. Бұрынғы тарихнама

өңір өміріндегі мұндай үрдісті зерттеу тақырыбына айналдыруға, белгілі себептерге байланысты, бара алмады.

Жетісу облысының отаршылдық кезеңіндегі тарихы кеңестік кезеңде де, тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта да кеңінен зерттелді, әлі де зерттелу үстінде. Тарихшы ғалымдар отарлық саясаттың өңірдің қоғамдық-саяси өміріне, экономикасына, әлеуметтік жағдайына, мәдени өміріне ықпалын жан-жақты зерттеп, тиісті тұжырымдар жасап келеді. Дегенмен, тарихи үдерістің макродеңгейіне басымдылық беріліп (мысалы, тапаралық, ұлтаралық қатынастарға, мемлекеттік құрылымдарға), өзгерістердің жеке адам, отбасылық, шағын әлеуметтік топтар деңгейіндегі көріністері назардан тыс қала берді. Жаңа қалыптасқан жағдайда ел өміріндегі өзгерістерді тарихи контексте тура түсіну үшін жаңа методологиялық әдіс-құралдарды игеру қажеттілігі туындады.

Қазіргі таңда макротарихтың астарындағы «кішкентай адамдардың» өміріне назар аударыла бастады. Зерттеушілер әлеуметтік тарихқа, оның жаңа бағыттарының бірі болып табылатын күнделіктілік тарихына бет бұрып, зерттеу нысанына қарапайым адамның күнделікті өмірін, яғни оның тарихи үдерістердің әртүрлі факторларының әсерін қалай қабылдағанын және оларға қайтарған жауабын алуда. Күнделікті өмір тарихы дегеніміз – XX ғасырдың соңғы ширегінде ғылыми зерттеудің жаңа әдістерінің бірі ретінде қарқынды дами бастаған тарих ғылымының бір саласы. Күнделіктілік тарихын зерттеу пәнаралық байланыстар арқылы жүзеге асырылады. Оған ментальдық тарих, әлеуметтану, антропология, әлеуметтік, мәдени және этникалық тарих, сонымен бірге тарихи психология сияқты көптеген ғылым салалары жүгінеді. Зерттеу нысанына белгілі бір тарихи уақыт аралығындағы жеке адамның күнделікті өмірдегі мінез-құлқы; саяси, мәдени, этникалық-конфессиялық оқиғалар аясындағы қарапайым адамдардың күнделікті өмірі алынады. Жеке адам тарихтың өткені мен бүгінгі күнінің әлеуметтік-саяси бейнесінің шынайы өмірдегі көрінісін қалыптастырушы, жаңғыртушы және өзгертуші, әрі тарихты жасаушы басты тұлға ретінде қарастырылады [2, с. 198-199].

Зерттеуші ғалымдар, мәселен, жеке адамдардың, әсіресе қоғамдағы «кішкентай» адамдардың өміріндегі өзгерістерді ашып көрсетуде макротарихтың мүмкіндігінің шектеулі екендігін айта келіп, микротарихтың ерекшелігін «бұл адам феноменіне, оның тарихи үдерістердегі орнына жаңа баға беру әрекетінің көрінісі» [3, б. 6] - ретінде қарастырады. Тарихты микротарих тұрғысынан алып зерттеу алғаш XX ғасырдың 60 жылдарында Батыс Еуропада басталды. Аталған мезгілде батыс елдерінде «индустриалды қоғам» орын тепкенімен, көп ұзамай-ақ моральдық фактордың да қоғам өміріндегі орнына тиесілі көңіл аударыла бастайды. Қоғамдық қатынастардың кемшін жақтарына наразылық танытқан көпшілік өздерінің талаптарын қоя бастайды. Осы тарихи кезеңдегі көпшіліктің көңіл-күйіне назар аударған батысгерманиялық жас ғалымдар қатардағы еңбек адамдарының күнделікті өмірін, яғни тіршілік әлемін зерттеуді қолға алады [4, б. 368-371]. Себебі, адамдардың тіршілігінен, күнделікті өмірде қайталанып отыратын әрекеттерінен өздері өмір сүріп отырған қоғамның бейнесі, саяси-

экономикалық, әлеуметтік және мәдени үдерістердің оларға қаншалықты әсер еткені көрініс табады. Өз ретінде жеке тұлғаның күнделікті тіршілігі де қоғамдағы жалпы ахуалға өз ықпалын тигізбей қоймайды. Адамның күнделікті өмірі мен қоғам арасындағы осы өзара ықпалдастықты зерттеп, сараптау тарихи үдерістердің әртүрлілігін көрсетуге және өткен оқиғаларды жаңа көзқарастар тұрғысынан қайта қорытуға мүмкіндік береді. Міне, осы тұрғыдан, Жетісу өңіріндегі ауыл және село тұрғындарының XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі өмірін күнделіктілік тұрғысынан қарастыру өңірдің жүріп өткен жолын неғұрлым терең түсінуге жол ашады.

Өз ретінде біз мынаны ескертуге тиіспіз. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Жетісу өңірі басқа да қазақ қоғамындағыдай қауырт өзгерістік кезеңді басынан кешірді. Өзгерістер қоғам өмірінің барлық саласын қамтыды. Бұл өзгерістер, әрине, бұдан бұрын да зерттеу нысаны ретінде қарастырылған. Біздің мақсатымыз Жетісу өңіріндегі осы үдерістерді күнделіктілік әдіс-құралдары арқылы зерттеу нысанына айналдыру болды. Сол арқылы тақырыптың осы уақытқа дейін назардан тыс қалып келген қырларына үңіле түсу көзделді. Осы мезгілде мұндай өзгерістер, әрине, қазақ жерінің басқа да өңірлерінде байқалды. Дегенмен, осы ретте Жетісудың өзіне тән ерекшеліктері болғандығына біз зерттеу барысында көз жеткіздік. Зерттеу нысаны ретінде алынған тақырыптың өзектілігі оның осы қырынан туындайды.

Зерттеу жұмысының бірнеше туыстас гуманитарлық пәндердің байланысы негізінде жүзеге асырылуы – мәселенің келесі бір өзектілігін айшықтайды. Өйткені, жаһандану жағдайында белгілі бір ғылым саласының өзге пәндермен байланыссыз дербес дамуы мүмкін емес. Ондай зерттеу нәтижелері бүгінгі күнгі ғылым және білім саласының сұранысына жауап беруге дәрменсіз болмақ. Сондықтан зерттеу жұмысының пәнаралық байланыстар негізінде жүзеге асырылуы заманға сай терең білімді маман дайындаумен қатар жас ұрпақтың бойында коммуникативті құзіреттіліктерді қалыптастыруға ықпал етпек.

Зерттеу жұмысының келесі бір өзектілігі – ұсынылып отырған «Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының күнделікті өмірі (1867-1917 жж.)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысты өткеннен сабақ алу тұрғысынан қарастыра болсақ, мұндай мазмұндағы зерттеудің көпұлтты Қазақстан қоғамының қалыптасу жолын тура түсінуге көмектесері хақ.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің негізгі мақсаты 1867-1917 жылдар аралығындағы Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының өмірін күнделіктілік тұрғысынан талдап, ғылыми негіздеу. Диссертацияның алдына қойған мақсатын жүзеге асыру үшін төмендегі міндеттерді шешу көзделді:

- патша үкіметі жүргізген миграциялық үдерістердің өңірдің этникалық құрамына, облыс тұрғындарының өзара қарым-қатынасына әсерін күнделікті өмір тұрғысынан талдау;

- жергілікті тұрғындар мен қонысаударушылардың шаруашылығын, күнделікті өмірдегі өзара шаруашылық байланыстарын зерттеу;

– капиталистік қатынастармен бірге келген өзгерістерді тұрғындардың күнделікті өмірде қалай қабылдағанын, сондай-ақ бұл өзгерістердің жағымды және жағымсыз жақтарын анықтау;

– жаңа қоғамның Жетісу қазақтарының дәстүрлі отбасылық, туысқандық қарым-қатынастарына әсерін күнделікті өмірдегі өзгерістер арқылы ашып көрсету;

– қоғамдық өмірдегі өзгерістердің жергілікті халықтың менталитетіне, психологиясына ықпалын бағамдау;

– саяси-экономикалық өзгерістердің тұрмысқа және өңір тұрғындарының денсаулығына әсеріне талдау жасау;

– орыстандыру саясатының дәстүр мен дінге, санаға әсеріне, оның күнделікті өмірдегі көрінісіне тоқталу;

– жәдитшілдік қозғалыстың Жетісу мұсылмандарының рухани әлеміне әсерін күнделікті өмірдегі өзгерістермен байланыстыра қарастыру;

– 1916 жылғы төтенше жағдайдағы халықтың күнделікті өміріне талдау жасау.

Зерттеу жұмысының нысаны. Патша үкіметі тұсындағы Жетісу өңірінің тұрғындары: жергілікті тұрғындар және қонысаударылғандар.

Зерттеу жұмысының пәні. Жетісу өңірі халқының өмірінде 1867-1917 жылдар аралығында орын алған саяси-экономикалық, этникалық-конфессиялық және мәдени өзгерістердің мазмұны мен сипаты.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Жетісу облысының патша үкіметінің құрамында болған 1867-1917 жылдар аралығындағы саяси-экономикалық, әлеуметтік және мәдени тарихы революцияға дейін де, кеңестік кезеңде де, тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта да зерттеушілердің назарынан тыс қалған емес. Әр кезеңнің зерттеушілері өз заманының талабына сәйкес ғылыми көзқарастар мен методологиялық қағидаларды басшылыққа ала отырып, патша үкіметінің жүргізген саясатының өңірдің саяси-экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және мәдени өміріне тигізген әсерін жан-жақты қарастырып, тиісті тұжырымдар жасады. Дегенмен, Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының өмірі (1867-1917 жж.) күнделіктілік зерттеу әдісі тұрғысынан отандық тарихнамада алғаш рет қарастырылып отыр. Себебі, отандық тарих ғылымында соңғы кездерге дейін макротарих мәселелеріне баса көңіл аударылып, күнделікті өмір тарихы ғылымның жаңа зерттеу әдіс-құралы ретінде енді қолға алына басталды.

Ғылымда күнделікті өмірді алғаш рет неміс философы Эдмунд Гуссерль (1859-1938) философиялық тұрғыдан қарастырып, бүкіл танымның негізі болатын «тіршілік әлемін» ашуды мақсат етеді. Оның ізін жалғастырушы келесі неміс философы – Альфред Шюц (1899-1959) болды. Ол адамның ой нысандары өзінің күнделікті қарым-қатынаста болатын ортасында қалыптасқан ой нысандарына негізделеді деп, осы тұжырымы арқылы күнделікті өмірді әлеуметтік категорияға жатқызды. Шюцтің шәкірттері П.Бергер мен Т.Лукман индивидті және олардың өзара қарым-қатынасын зерттей отырып, күнделікті өмірде болып жататын өзгерістердің адамдардың санасында өзіндік із қалдыратынын, ал сананың өзгеріске ұшырауы қоғамда қалыптасқан

құбылыстармен қоса адамдардың да қалыпты өмірін өзгеріске ұшырататынын дәлелдейді. Соның негізінде «Қоғам – адам өнімі. Қоғам – объективті шындық. Адам – әлеуметтік өнім» деген тұжырым жасайды. Ал Американдық әлеуметтанушысы Г.Гарфинкель (1917-2011) адамдардың күнделікті өмірдегі іс-әрекетін зерттей отырып, ғылыми айналымға 1967 жылы этнография терминіне ұқсас этнометодология бағытын енгізеді. Этнометодология – адамдардың күнделікті әлеуметтік іс-әрекетте, өзара қарым-қатынасы мен түсінісуде қолданатын тәсілдерін зерттейтін әлеуметтану әдісі. «Этно» қоғам мүшесінің өзі өмір сүріп отырған ортаның күнделікті өміріндегі білімдерді (тәсілдерді) меңгеруі, ал «методология» сондай қоғам мүшесінің сол қоғамға тән күнделікті тәсілдерді қолдана білуі деп көрсетеді [5, с. 80-91].

Тарих ғылымындағы күнделіктілік бағыты еуропалық тарихнамада өткен ғасырдың 60 жылдарында орныға бастайды. Неміс тарихшысы Альф Людке (1943-2019) күнделікті өмір тарихында басты назар мемлекет, шіркеу және оның басшыларының көзқарастары мен іс-әрекеттеріне ғана емес, әсіресе қоғамдағы ескерусіз қалып отыратын қарапайым «кішкентай адамдардың» («*kleine Leute*») өмірі мен тіршілік ету амал-әрекеттеріне, яғни олардың күнделікті қайталанып отыратын жағдайларға байланысты тіршілік үшін күресіне де аударылуы керек екенін алға тартады [6, р. 3-5]. Тарихты күнделікті өмір тұрғысынан қарастыру XX ғасырдың 90 жылдарында Ресейде жалғасын тауып, зерттеушілер тарих ғылымының зерттеу нысанына байланысты жаңа көзқарастар ұсынып, таным теориясын кеңейту, оның когнитивті және әлеуметтік ғылым салаларымен байланысын талқылай бастады [7-8]. Орыс тарихшысы Н.Л.Пушкарева күнделіктілік тарихының методологиясына қатысты: «Күнделіктілік тарихы – адамның күнделікті өмірін тарихи-мәдени, саяси және этникалық-конфессиялық контексте қарастыратын тарих ғылымының жаңа саласы» [9] - десе, күнделіктілік тарихының зерттеу аясы туралы: «әртүрлі әлеуметтік топтардың өмірде орын алып жататын оқиғаларды қалай қабылдайтынын, оның мінез-құлықтағы көрінісін күнделікті тұрақты түрде қайталанып отыратын өмір сүру салтымен қоса жан-жақты зерттеу. «Күнделіктілікті» анықтаудағы негізгі түйін тұрақты түрде қайталанып отыратын жағдайлар болып табылады» [10]-деген қорытынды жасайды.

Қазақстанда тарихты күнделіктілік тұрғысынан зерттеу 2000 жылдардан бастап қолға алына бастады. Алдымен Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде К.К.Абдрахманова [11] 1945-1953 жылдардағы Орталық Қазақстан қалаларының күнделікті өмірі тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаса, кейіннен Абай атындағы ҚазҰПУ-нің жанынан құрылған «Айтылған тарих» ғылыми орталығының ғалымдары «Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында. 1941-1945 жж.» [12], «Қоғамның тарихи жады: XX ғасыр Алматы облысы Ескелді ауданы тұрғындарының өмірбаяндық әңгімелерінде» [3] т.б. бірнеше ұжымдық еңбектер шығарды. Зерттеу нысанына қатардағы қарапайым еңбек адамдарының тарихи үдерістің әртүрлі кезеңдеріндегі өмір сүру амал-әрекеттері, саяси-экономикалық, әлеуметтік және мәдени үдерістердің оларға әсері алынады. Қарапайым адамдардың күнделікті өмірінің қырлары архив деректері, естеліктер, куәгерлермен сұхбат,

баспасөз материалдары арқылы жан-жақты ашып көрсетіледі. Сонымен бірге осы университеттің Д.Б.Асымова [13], Д.Ұ.Хамидуллина [14] сынды зерттеушілері күнделіктілік әдісі бойынша PhD докторлық диссертациялар қорғады. Д.Б.Асымова ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Алматы қаласының, Д.Ұ.Хамидуллина ХХ ғасырдың 30-50 жылдарындағы Қазақстандағы «арнайы контингенттің» күнделікті өмірін зерттейді. Бұл зерттеушілердің жұмыстарында кеңес үкіметінің ХХ ғасырдың І жартысындағы саяси-экономикалық жағдайы, ұлттық саясаты, оның халыққа әсері, халықтың өмір-сүру амал-әрекеттері жан-жақты қарастырылған. Жоғарыда аталған ғылыми жұмыстар тақырыпты жазып шығу барысында методологиялық жағынан үлкен көмек болды. Тақырып отандық тарихнамада арнайы зерттелмегендіктен мәселенің тарихнамасын Жетісу облысының отаршылдық кезеңіндегі тарихының әр саласына қатысты жазылған зерттеулерді теориялық басшылыққа ала отырып, талдауды жөн көрдік.

Революцияға дейінгі тарихнама. ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан бастап Жетісу өңірін өзіне бағындырған патша үкіметі облыстың жер-суын, шаруашылық жағдайын, жер көлемі мен табиғи байлығын мақсатты түрде зерттей бастады. Ол кездегі зерттеушілер патша үкіметінің арнайы тапсырмасын орындаушы шенеуніктер, саяхатшылар, шығыстанушы ғалымдар, тарихшылар мен географтар және т.б. еді. Олар зерттеу барысында белгілі бір методологиялық қағидаларды басшылыққа ала бермеді. Десек те, олардың Жетісу тарихына қатысты жазып қалдырған еңбектері біз үшін құнды болып табылады. Н.В.Леденевтің [15], В.А.Василевтің [16] еңбектерінен патша үкіметінің Жетісу облысына қатысты ұстанымын анық аңғарамыз. Н.В.Леденев патша үкіметі Жетісуға басқа ұлт өкілдерін көшіріп әкелгенде империяға тиімді саяси және экономикалық мүдде көздеп, жергілікті халықтың иелігіндегі жайылымдық жерлерін шамадан тыс артық алып отырғанын ашып көрсетіп, Жетісуға қоныс аударылған шаруалардың өңірдің егіншілік мәдениетіне үлес қосатынына күмән келтіреді. В.А.Василев Жетісу облысын отарлаудың қорытындысы мен болашағы туралы айта отырып, бұл өлкенің бүкіл Түркістан аймағымен қоса Еуропалық Ресейді де азық-түлікпен және шикізатпен қамтамасыз ете алатынын атап өтеді. А.М.Никольский [17] және А.Л.Трегубов [18] Жетісу қазақтарының шарушылығы, кәсібі туралы ақпарат бере отырып, оларға егіншілік кәсібінің таңсық емес екенін айтады. Б.В.Смирнов [19], Г.К.Гинс [20] және А.Н.Красновтың [21] еңбектерінен Жетісу тұрғындарының шаруашылығы, тұрмысы, қоныс аударушылар мен жергілікті халықтардың, жергілікті халық пен шенеуніктердің өзара қарым-қатынасы көрініс берсе, А.Янушкевич [22] Жетісу қазақтарының тұрмысына, күнделікті өміріне қатысты құнды мәліметтер қалдырған. В.Е.Недзвецкий [23-24] облыстың әкімшілік құрылымына, орыс селолары мен қазақ және қырғыз ауылдарының орналасқан жеріне, жер аумағына, шаруашылығына қатысты мәліметтер береді. Н.А.Бобровников [25] пен С.Граменицкий [26] патша үкіметінің Жетісудағы ағартушылық бағытындағы жұмысын талдауға алып, оның отаршылдық мәнін ашып көрсетсе, Т.Седельников [27] және О.А.Шкапский [28] сияқты патша әкімшілігінің шенеуніктері патшалық биліктің отаршылдық саясатын ашықтан-

ашық сынға алады. Т.И.Седельников қоныс аудару Басқармасының қазақтардың иелігіндегі жерлерін «артық жерлер» деген желеумен тартып алып, ол жерлерге қонысаударушыларды орналастырып жатқанын әділетсіздік деп көрсетсе, О.А.Шкапский Жетісудың жергілікті тұрғындарының егіншілік мәдениеті қоныс аударушылардан әлдеқайда жоғары тұрғанын, қоныс аударушылар бұл жердегі егіншілік мәдениетіне айтарлықтай үлес қоспаса да, үкіметтен оларға барынша барынша көмек көрсетілетінін айта келіп, күнделікті тұрмыстық-шаруашылық байланыстар негізінде жергілікті тұрғындар мен қоныс аударушылар арасында өзара тығыз қарым - қатынас орнай бастағанын да жоққа шығармайды.

1909-1913 жылдарда Жетісу облысындағы жергілікті тұрғындардың иелігіндегі «артық жер» көлемін анықтау мақсатында патша үкіметі П.П.Румянцев басқарған экспедиция ұйымдастырған болатын. Экспедиция қорытындысы жарияланған еңбектерде [29-32] Жетісу қазақтарының тұрмысы мен шаруашылығы, әлеуметтік жағдайы, жер көлемі туралы маңызды мәліметтер топтастырылған. К.К.Пален басқарған сенаторлық тексеру қорытындыларында [33-38] облыстың білім саласындағы, сот және сайлау жүйесіндегі заңсыздықтар ашып көрсетіліп, шенеуніктердің өз қызметтеріне немқұрайлы, жауапсыз қарайтындығын, олардың көбінің білімі мен кәсіби деңгейінің төмендігінен тікелей парақорлық пен қылмысқа жол беріліп отырғанын; қонысаударушылардың келуімен бірге қоғамға жат қылықтар пайда болып, қылмыстың артқанын ашып көрсетіп, өлкедегі орыс билігін сынға алады. Бұл аталған еңбектердің бәрі патша әкімшілігінің отаршылдық саясаты аясындағы түрлі талаптарын қанағаттандыру мақсатында жазылып, өз кезегінде шет аймақтардағы отарлық билікті нығайта түсуге ықпал етті. Соған қарамастан зерттеу жұмысын жазып шығуда бұл еңбектердің біз үшін маңызы зор, деректік құндылығы жоғары болды.

Сонымен бірге аталған тарихи кезеңде өмір сүрген қазақ зиялыларының шығармалары да біз үшін аса құнды болып, тақырып мазмұнын аша түсуге зор ықпал етті. Ш.Уәлиханов [39-40] патша әкімшілігінде шенді қызмет атқарып жүрсе де, ұлтының мүддесін ешқашан ұмытқан емес. 1864 жылы патша үкіметінің қазақ даласына енгізу үшін дайындап жатқан реформаларына наразылық білдіріп, ол қазақ қоғамының ішкі ерекшелігіне сәйкес келмейді, «реформа жөніндегі мәселе терең ойды, байыпты тұжырымды қажет етеді» - деп ескертеді. Сондай-ақ, ол артына қазақ этнографиясы мен тарихына қатысты мол мұра қалдырған. Оның Жетісу қазақтарының арасынан жинақтаған мақал-мәтелдерді, орыс ықпалына түсе бастаған жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігінен, көңіл-күйінен мол ақпараттар береді. Алаш қайраткері Ә.Бөкейханның еңбектерінде [41-42] патша үкіметінің отаршылдық саясатының мәні халықтың тұрмысы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, рухани-мәдени өмірінің көріністері арқылы барынша ашып көрсетіледі. Автор сонымен қатар отарлық езгіден құтылу үшін халықтың санасын оятуды мақсат етіп, қазақ арасында ағартушылық идеяларын насихаттайды. М.Тынышбаев [43] патша әкімшілігінің қазақтардың иелігіндегі жерлерді заңсыз алып, олардың құқығын аяқ асты қылып отырғанын, әлеуметтік жағдай, жер дауы, санақ қорытындысы,

мал басының кемуі сияқты қазақ қоғамының сол кездегі өзекті мәселелерін қозғайды.

Кеңестік және посткеңестік кезеңнің тарихнамасы. Ресейдегі қазан революциясының жеңісінен кейін патша үкіметі иелік еткен орасан зор аймаққа кеңес үкіметі орнады. Кеңестік жүйе өзінің қарамағына енген елдердің саяси өмірін, қоғамдық-экономикалық даму бағытын өзгертіп қана қойған жоқ, ғылым саласына да ықпал ете бастады. Ортақ кеңестік идеология қалыптастыруға күш салынып, ғылым саласы мемлекет пен партияның қатаң бақылауында ұсталды. Тарихшы ғалымдарымыз өздері өмір сүріп отырған қоғамның сұранысына сай тұжырымдар жасауға мәжбүр болды.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайын П.Г.Галузо [44] патша үкіметінің қоныс аудару саясаты арқылы қарастырып, XX ғасырдың басында Жетісу өлкесінде жағдайдың өте қатты шиеленісіп кетуіне Түркістан өлкесінің басқа аймақтарына қарағанда өлкеге қоныс аударып келушілер санының шамадан тыс артып кетуі себеп болған деп тұжырым жасайды. Ғ.Тоғжанов халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын [45] капиталистік қатынастардың дәстүрлі мал шаруашылығына, егіншіліктің даму барысына әсері арқылы қарастырса, И.В.Захарова, Р.Д.Ходжаева [46] дәстүрлі киім түрлерінің өзгеруі арқылы, ал В.В.Востров пен И.В.Захарова [47] тұрғын үй құрылысының дамуы мен тұрмыстық бұйымдардың өзгеруі, В.В.Востров [48] дәстүрлі жерді пайдалану жүйесіне әсері тұрғысынан талдауға алады. Т.Тәжібаев [49-50] патша үкіметінің қазақ жеріндегі отаршылдық саясатының мәнін ағартушылық бағыты арқылы ашып көрсетсе, Ә.Х.Марғұлан мен В.В.Востров [51] Жетісу жеріндегі империялық саясаттың мәдениет пен тұрмысқа келтірген зиянын халықтың бірлігіне, ағайындық, туысқандық қарым-қатынастарға, дәстүр мен дінге кері әсері тұрғысынан көрсетеді.

В.З.Галиев [52] Жетісудағы орыс медицинасының жағдайы, өңірде қызмет еткен алғашқы дәрігерлер туралы нақты мәліметтер береді. Н.Е.Бекмаханова [53-54] XIX ғасырдың II жартысынан 1917 жылға дейінгі патша үкіметінің қонысаудару саясатының Қазақстан мен Қырғызстанның, соның ішінде Жетісу аймағының да көп ұлттың мекеніне айналуына ықпал еткенін қарастыра отырып, капиталистік қатынастар аясындағы олардың өзара қарым-қатынасын, тұрмыстық-шаруашылық байланыстарын, халықтың ауыр тұрмысын ашып көрсетеді. Б.С.Сулейменов пен В.Я.Басин [55-56] патша үкіметінің Жетісудағы қонысаудару саясатының жергілікті халықтың шаруашылығына келтірген зияны, 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісі қарсаңындағы Жетісу қазақтарының көңіл күйі жөнінде нақты мәліметтер береді. Жетісудағы ұлт азаттық көтерілісі Ив.Чеканинскийдің [57] және С.Шариповтың [58] еңбектерінде барынша ашып көрсетіліп, қазақтар мен қырғыздардың көтеріліс кезінде басынан кешкен тіршілігі, биліктің ұстанымы, тізім жасау кезіндегі ел ішіндегі әділетсіздік, т.б. баяндалады.

С.Н.Брежнева [59] Жетісуға қоныс аударылған шаруаларды орналастырудың ерекшеліктерін, олардың жергілікті халықпен қарым-қатынасын, 1916 жылғы көтерілістің шығуына жер мәселесінің ықпалын

қарастырып, патша әкімшілігінің қонысаудару саясатын сынға алады. Г.Д.Данильченко [60] естеліктер негізінде қонысаударушылар мен жергілікті қырғыз халқының қарым-қатынасын зерттейді.

З.Абдирашидов [61] жадиттік ағартушылық идеяларының Түркістан өлкесіне таралуы, орыс әкімшілігінің оған көзқарасы, жадитшілдіктің жергілікті мұсылман тұрғындарының ұлттық сана-сезімінің оянуына әсерін, М.К.Иманкулов [62], П.Кокайсл мен А.Усманов [63] Жетісу қырғыздарының арасына жадиттік идеялардың таралуы, оның халықтың ұлттық санасының оянуына ықпалын, 1916 жылғы патша жарлығының қырғыз халқына әсерін, көтеріліс жағдайындағы тұрғындардың көңіл-күйін, болыс-билердің әрекетін куәгерлердің естеліктері мен олардың ұрпақтарының айтуы бойынша жан-жақты ашып көрсетеді. А.Каппелер [64] Ресейдің Қазақстанда жүргізген саясатының отаршылдық болғанын, патша үкіметінің қазақтарды экономикалық жағынан қанауға, ұлттық езгіге түсіру арқылы билікке қарсы наразылығын тудырғанын айтады. Сонымен бірге бұл қарсылық күн өткен сайын шиеленісе түсіп, 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісін тудырды деген тұжырымға келеді. Келесі еңбектерде [65-66] 1916 жылғы Түркістан өлкесінде болған көтерілістің негізгі себептері мен салдарлары, оның жергілікті тұрғындарға әсері талданып, оқиғаға қатысты тың деректер мен ақпараттар топтастырылған.

Тәуелсіз Қазақстанның тарихнамасы. Тәуелсіздік жарияланғаннан кейін де Жетісу тарихына қатысты бірнеше ғылыми зерттеулер жарық көрді. С.Жолдасбаевтың зерттеу жұмысы [67] облыс тұрғындарының дәстүрлі шаруашылығын, өмір сүру салтын, негізгі орналасу аймағын көрсету үшін қолданылды. Автордың еңбегінен орыстар келгенге дейін де Жетісу жерінде қыстау үйлерінің болғанын көреміз. Н.Масанов [68] капиталистік қатынастардың көшпелі өркениетке әсерін мал шаруашылығындағы өзгерістер арқылы қарастырып, оған патша үкіметінің қоныс аудару және салық саясаттары әсер еткенін талдап көрсетеді. Г.Е.Тайжанова [69] аймақтың тарихи-географиялық орналасуына қарай ежелден егіншілік мәдениеті мен мал шаруашылығы қатар дамығаны туралы дәйекті тұжырымдар жасайды. Ф.М.Оразаевтың [70] еңбегінде патша үкіметінің Қазақстан жеріндегі саясатының отаршылдық мәнін ашатын тарихи материалдар жинақталған. Қ.Исабай, С.Байжан-Ата [71] патша үкіметінің рухани саладағы отаршылдығы, оның жергілікті тұрғындарға әсері, қажылыққа барған қазақтар туралы мәліметтер береді. С.Атушева [72] отаршылдық саясаттың мал шаруашылығына әсерін, М.А.Жанысбеков [73] Ресейдің Батыс Еуропа елдерімен сауда-экономикалық байланысының Жетісу облысының ауылшаруашылығына тигізген ықпалын, Н.К.Байғабатова [74] XIX ғасырдың II жартысындағы Жетісу қазақтарының шаруашылығы мен тұрмысы мәселесін қарастырады. М.Қойгелдиевтің еңбектерінде [75-77] патша үкіметінің Жетісудағы билігінің отаршылдық сипаты шаруашылық, халықтың әлеуметтік жағдайы, рухани-мәдени өмірдің көрінісі арқылы барынша ашып көрсетіледі. М.Абдиров, З.Ақтамбердиева [78] Жетісудың казактар арқылы отарлануын, оның зардабын талдаса, М.К.Төлекова [79-81], М.Х.Абусейтова, А.К.Муминов

[82] Ресей империясы тұсындағы Жетісудың жергілікті тұрғындарының әлеуметтік жағдайы, мұсылмандық білім, оқушылардың саны, облыс тұрғындарының этникалық және діни құрамына қатысты нақты мәліметтер береді.

З.Т.Садвокасова [83], Н.Д.Нұртазина [84] және Р.М.Мустафина [85] отарлық саясаттың рухани өмірдегі көрінісін, сананың орыстандырылуы мәселелерін қарастырса, М.Егізбаева [86] капиталистік қатынастардың қазақ халқының дәстүрлі материалдық мәдениетіне әсерін тұрмыстағы өзгерістер арқылы көрсетеді. «Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік» [87] атты ұжымдық еңбекте көшпелі және отырықшы өркениеттердің тоғысы, оның жергілікті халыққа әсері, отырықшылықпен келген тұрмыс-салтқа жат әдеттерді халықтың қалай қабылдағаны, күнделікті өмірдегі өзгерістер талдауға алынады. З.Әбілқасымұлы [88] патша үкіметінің Жетісудағы саясатының облыс қазақтарының өміріндегі көрінісін талдап, оның отаршылдық сипатын көрсетсе, Ү.Бүркітбаева [89] Жетісу би-болыстарының бейнесін ұлттық ұстаным тұрғысынан жаңаша қарастырып, олардың қарамағындағы елді отырықшылыққа, білім алуға үндеп, жерді, ел бірлігін сақтап қалуға қосқан үлесін, Н.Дулатбеков [90] ағартушылық, оның ұлттық санаға әсерін қарастырады.

А.И.Құдайбергенованың зерттеуінен [91] XIX ғасырдың соңында облысқа шығыс Түркістаннан қоныс аударған халықтардың саны мен құрамы жөнінде нақты мәліметтер аламыз. «Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде» [92] атты ұжымдық еңбекте ұлы жүз тайпаларының орналасқан аймағы, саны туралы құнды мәліметтер топтасқан.

Н.Әлімбаев [93] капиталистік қарым-қатынастармен бірге келген жаңа қоғамның қазақтардың, соның ішінде Жетісу қазақтарының өміріне әсерін дәстүрлі киім түрлерінің, ал Д.Қатран [94-95] күнделікті ішіп-жейтін тағам түрлері мен тұрмыстық бұйымдарының өзгерісі арқылы көрсетеді.

Ф.М.Султанова [96] мен С.А.Урашев [97], Л.В.Тимофеева [98] Жетісу жеріндегі көпестердің, әртүрлі қайырымдылық қорларының және православие шіркеуінің жергілікті мұсылман халықтарын шоқындыру, орыстандыру бағытындағы іс-әрекеттерін ашып көрсетеді. Г.Р.Мухтарова [99] мен В.З.Галиев [100-102] Жетісу жеріне ағартушылық идеяларының таралуын зерттейді. В.З.Галиев ағартушылықтың дамуы жергілікті тұрғындардың заманға сай дүниетанымының қалыптасуына, түркі халықтарының бірлігіне, мұсылмандық оқу орындарының санының артуына оң әсер еткендігін ашып көрсетеді. М.Ә.Жолсейтова [103] Жетісуда мұсылмандық білім берудің үнемі дамып отырғанын, XIX ғасырдың аяғына қарай оның жадитшілдікпен ұласып, білім беру ісінде сапалы бетбұрыс орын алғанын айтады. Ол сонымен қатар Жетісудағы орыс ағартушылығын зерттей отырып, жергілікті тұрғындарды айтпағанда, қоныс аударушылардың балаларын да заманға сай білім берумен толықтай қамти алмаған деп тұжырымдайды. С.В.Могуновтың [104] жұмысынан да ағартушылық саласындағы үрдістердің халықтың күнделікті өміріндегі көрінісі туралы мәлімет аламыз.

Ш.Б.Тілеубаев [105] Жетісудағы жергілікті қазақ-қырғыз халықтарының 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісін талдай отырып, көтерілістің негізгі себебі патша үкіметінің жер саясаты деген қорытындыға келеді. Сонымен бірге патша үкіметінің жергілікті тұрғындарға қатысты ұстанымын жан-жақты талдап, оның отаршылдық болғанын дәлелдейді. Келесі құжаттар мен материалдар жинағынан [106-108] патша үкіметінің Жетісу жеріндегі саясатының зардаптары мен қорытындысын, халықтың оған қайтарған жауабын, облыс тұрғындарының отаршылдық жағдайындағы күнделікті өмірін және төтенше жағдайдағы өмірін сақтап қалу жолындағы амал-әрекеттерін көре аламыз.

Тақырыпқа қатысты жасалған тарихнамалық шолу ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы Жетісу облысының саяси-экономикалық, әлеуметтік дамуының өзіндік ерекшелігі болғаны және патша үкіметінің өңірінде отаршылдық саясат жүргізгені туралы қорытындыны бекіте түседі. Аталған уақыттар аралығындағы Жетісу өлкесінің қоғамдық өміріне, шаруашылығына, тұрмысына, мәдениетіне, жалпы өмірдің барлық саласына енген өзгерістерге қатысты зерттеу жұмыстарының көптігіне қарамастан, облыс тұрғындарының күнделікті өмірінің мәселесі отандық тарихнамада арнайы зерттелмегендігіне көз жеткіздік.

Зерттеу жұмысының деректер базасы. Зерттеу жұмысының деректер базасын жасақтауда тақырыптың өзектілігі, фактілердің ерекшеліктері, жұмыстың хронологиялық ауқымы басты назарда ұсталды. Диссертацияның деректер базасын Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві, Өзбекстан республикасы орталық мемлекеттік архиві, «Ғылым Ордасы» орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорының, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты архивінің деректері, сонымен қатар диссертацияның хронологиялық шеңбері аясында шыққан мерзімді басылымдар, Қазақстан республикасы мемлекеттік орталық музейінің, Қазақстан республикасы орталық мемлекеттік архивінің кино-фото және дыбыс басылымдары бөлімінің материалдары құрайды. Зерттеу жұмысын жазып шығуда аталған архивтердің құжаттары зерттеудің алдына қойған мақсаттарына сәйкес кеңінен қолданылды. Мысалы, 1867-1917 жылдар аралығындағы Жетісу облысы тұрғындарының саяси-экономикалық, әлеуметтік және мәдени өміріне қатысты ресми деректер Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архивінің Жетісу облыстық қоныстандыру басқармасының меңгерушісі (19 қор), Ішкі істер министрлігінің Жетісу облыстық басқармасы (44 қор), Дала генерал-губернаторлығының кеңсесі (64 қор), Түркістан өлкесінің Жетісу облыстық халық училищелерінің инспекторы (90 қор), Дала өлкесінің генерал-губернаторы Г.А.Колпаковский (825 қор) және Отан тарихына қатысты Ресей Федерациясының әртүрлі архивтері (Ресей Федерациясының мемлекеттік архивінің, Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архивінің) құжаттарының көшірмесі сақталған архивтік қорының (2300), сондай-ақ Өзбекстан республикасы орталық мемлекеттік архивінің Түркістан генерал-губернаторының кеңсесі (1 қор) қорларында сақталған.

Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві еліміздің өткен тарихи кезеңдері бойынша түрлі құжаттарды топтастырған ірі архив болып

табылады. 19 қордың құжаттарынан Жетісу қоныс аудару басқармасының есебі, патша үкіметінің миграциялық саясаты, оның астары, Жетісуға қоныс аударылған халықтар, оларға жер бөліп берудегі заңсыздықтар, қазақ халқының биліктің жер саясатына наразылығы, жергілікті халық пен қоныс аударушылардың қарым-қатынасы, Жетісу өлкесінің жер-су жағдайы, тұрғындардың шаруашылығы, кәсібі және әлеуметтік жағдайына қатысты құнды деректер алынды. Облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, жер мәселесінің облыс тұрғындарының өзара қарым-қатынасына әсері, сауда, неке, отбасы, мұсылмандық мекемелер, қажылық сапары, т.б. мәселелер туралы 44 қордың; облыстың саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайы туралы әр жылдардағы ақпараттар 64 қордың құжаттарында орын алған. Онда әскери-губернатордың облыстағы қоныс аударушылардың және әкімшілік шенеуніктерінің саны, қоғамдық тәртіп бұзушылық, төбелес, кісі өлімі, суицид, облыстың медициналық-санитарлық жағдайы, дәрігерлік штат, жергілікті халықтың орыс медицинасына көзқарасы, аурулар, ырымшылдық, мұсылмандық білім алып жатқан балалар саны, т.б. туралы мәліметтер көрініс берген. Сонымен бірге облыс шаруашылығының жай-күйі, аймақтың ветеринарлық, медициналық жағдайы, жұқпалы адам және мал ауруларының таралуы, егістік зиянкестері, оның тұрғындар өміріне әсері облыстың барлық аймақтарына бірдей тән болды. Сондықтан ол көріністер, оған қатысты нақты мәліметтер биліктің өлкенің әлеуметтік-экономикалық жағдайына қатысты ұстанымын көрсету үшін басқа аймақтарды айтпағанда Жетісудың орталығы ретінде Верный уезі мысалында көрсетілді. Ол деректер Ішкі істер министрлігі Верный уездік басқармасының (41 қор) құжаттарында сақталған. Облыстағы оқу орындары мен оларда білім алып жатқан балалар туралы ақпараттар 90 қордың, ал қазақтардың егіншілігі, егін егу және жер өңдеу әдістері, еңбек құралдары туралы құнды мәліметтер 825 қордың құжаттарынан алынды. 2300 қорда 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығына қатысты ел ішінде орын алған жағдайлар, халықтың оны қалай қабылдағаны, ұлт-азаттық көтерілісі кезіндегі облыс тұрғындарының күнделікті өмірінен, халықтың көңіл-күйі мен биліктің әрекетінен хабар беретін құнды мәліметтер сақталған. Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы мен Жетісу облысының әскери губернаторларының облыс тұрғындарының саны, жергілікті халықтың халық санағына қарсылығы, жерге орналастырылмаған қонысаударушылар саны, медициналық көмек жағдайы, орыс оқу орындарының санына қатысты құнды ақпараттар Өзбекстан республикасы орталық мемлекеттік архивінің 1 қорының құжаттарынан алынды. Қазақстан республикасы мемлекеттік орталық музейінің және Қазақстан республикасы орталық мемлекеттік архивінің кино-фото және дыбыс басылымдары бөлімінің материалдары тақырып мазмұнын байыта түсті. Ол құжаттарда ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы Жетісу облысы тұрғындарының өмірінің әр саласынан (тұрмысы мен кәсібі, шаруашылығы, мәдени өмірінен, және т.б.) хабар беретін тарихи суреттер сақталған. Осы аталған архив және музей құжаттарынан тақырыпқа қатысты ресми деректер және сол деректердің астарынан тұрғындардың күнделікті өмірінен хабар беретін құнды ақпараттар алынды.

XX ғасырдың 50 жылдары 1917 жылға дейінгі қазақтардың тұрмысын зерттеу мақсатында Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының қызметкерлері Алматы облысы бойынша экспедиция ұйымдастырған болатын. Сол экспедиция материалдары сақталған Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты архивінің 11 қорынан революцияға дейінгі қазақтардың тұрмысы, Жетісу тұрғындарының өзара қарым-қатынасы туралы куәгерлер айтқан ақпараттар ғылыми айналымға тартылды. Сонымен қатар «Ғылым Ордасы» орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорының 951, 1019, 1020 қорларының материалдары да облыс тұрғындарының күнделікті өмірін қоғамның өз ішінен ашып көрсетуде негізгі деректер қатарында айналымға енгізілді. 951 қор құжаттарында қазақтар арасындағы бақсы-балгерлер мен молдалардың наукасты емдеу әдістері, қазақтардың орыс медицинасына қарсылығы, оның себептері мен зардаптары туралы, 1019 қорда 1916 жылғы көтеріліс куәгерлерінің естеліктері, 1020 қорда 1916 жылды көзбен көрген халық ақындарының өлеңдері топтастырылған. Аталған қорлардың құжаттары біз үшін аса маңызды болды. Себебі, деректердің иесі біз қарастырып отырған уақыттарда Жетісу облысында өмір сүрген қоғамның қарапайым адамдары. Олардың берген ақпараттарынан патша үкіметінің Жетісу облысында жүргізген саясатының қарапайым адамдардың өміріне, күнделікті тіршілігіне, көңіл-күйіне қалай әсер еткенін, олардың оған қайтарған жауабын көре алдық. Сондықтан бұл деректердің құндылығы жоғары болып, ресми деректермен бірдей деңгейде қолданылды.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы Жетісу тұрғындарының тарихын қарастырғанда 1897 жылғы Ресей империясының алғашқы жалпыхалықтық санақ материалдарының [109] мәні зор. Өйткені бұл құжатта Жетісу тұрғындарының ұлттық құрамы, саны, олардың шаруашылығы мен әлеуметтік жағдайы және діни сенімі туралы барынша жүйелі ақпараттар топтастырылған. Сондай-ақ, аталған тарихи кезеңде Жетісу өңірінде болған оқиғалардың куәгері, әрі қоғам өміріне белсене қатысқан шығармашылық өкілдерінің еңбектері де өте құнды дереккөздерінің қатарынан орын алды. Мысалы, Ж.Жабаев өлеңдерінде [110-111] қазақ халқының балаларын жаңаша оқытуға талпынып отырғанын жақтап, оқу-білімнің теңдікке, әділдікке жеткізетінін жырлайды және 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығының Жетісудағы жергілікті халыққа қалай әсер еткенін суреттеп, халықтың ұлт-азаттық көтерілісі қарсаңындағы көңіл-күйінен хабар береді. Б.Жолбарысұлы [112], С.Аронұлы [113], Ш.Қанайұлы [114] және қырғыз халқының өкілдері М.Кылыч [115] пен О.Сыдыковтың [116] шығармаларынан патша билігіндегі Жетісу өлкесіндегі рухани-мәдени өмірдің дағдарысын байқаймыз. Бұл еңбектерден Жетісу қазақ-қырғыздарының ауыр тұрмысы, әлеуметтік теңсіздік, ел ішінде парақорлық, екіжүзділік сияқты жат әдеттердің орын алып отырғаны, оның халыққа тигізген зардабы көрініс береді. Ш.Қанайұлы отбасылық әдептің, салт-дәстүрдің бұзылып жатқанына налиды. Аталған авторлардың еңбектерінің құндылығы сол, олар сол заманның куәгерлері, әрі Жетісудың жергілікті тұрғындарының өкілі. Ш.Қанайұлы Түркістан өлкесінің Қаратау өңірінде туып, өскен. Сондықтан аталған еңбектер арқылы жергілікті тұрғындардың

күнделікті өмірін қоғамның өз ішінен, халықтың өз көзі арқылы қарауға мүмкіндік туды. Сондай-ақ, революцияға дейін жарық көрген «Қазақ», «Айқап», «Дала уалаятының газеті», «Түркістан уалаятының газеті», «Туркестанские ведомости», «Туркестанский сборник», «Семиреченские областные ведомости», «Семиреченский еженедельный сельскохозяйственный журнал», «Киргизская степная газета» сияқты мерзімді басылымдардың облыс тұрғындарының күнделікті өмірін ашып көрсетуде маңызы зор болды.

Зерттеу жұмысында пайдаланылған дереккөздерінің ақпараттылық және сенімділік дәрежесі бар. Сондықтан 1867-1917 жылдардағы Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының өмірін күнделіктілік тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Диссертацияның теориялық және методологиялық негізі. Тақырыпты зерттеудің теориялық-методологиялық әдіс-құралдары Жетісу облысының Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда табиғи-географиялық орналасуына, табиғатының көршілес Сырдария облысына қарағанда жайылымдық жерлердің көп болуына байланысты мал шаруашылығына бейім болуы мен халықтың этникалық құрамының әртүрлілігіне, 1867-1917 жылдар аралығында қоныс аударушылардың көп келуіне байланысты жер мәселесінің ушығуы, әрі патша үкіметі үшін Қытай және Орта Азия елдерімен шектесетін стратегиялық аймақ ретіндегі және т.б. ерекшеліктеріне байланысты туындайды.

1867-1917 жылдарда Жетісу облысында орын алған үрдістердің өзара байланысын ашып көрсету үшін жалпығылыми және жалпытарихи әдістер қолданылып, тарихи үдерістерді сипаттау және тақырыпқа қатысты әртүрлі фактілерді жан-жақты талдап, тарихи шынайылыққа жақындау үшін объективтілік және тарихилық қағидасы басшылықта ұсталды.

Тарихты біртұтас заңды үдеріс ретінде қарастыра отырып, аталған уақыттарда облыста болып өткен оқиғалардың одан алдыңғы және кейінгі уақыттарда осы аймақта орын алған оқиғалармен өзара байланысын анықтау мақсатында ретроспективті әдіс қолданылды. Бұл әдіс сонымен қатар тарихи деректерді әр кезеңнің ерекшеліктеріне сәйкес бағалау мен сыни тұрғыдан сараптауға мүмкіндік берді. Облыс тұрғындарының күнделікті өмірінде орын алған өзгерістердің негізі мен ішкі және сыртқы байланыстарын жүйелі түрде сараптау мақсатында тарихи-салыстырмалы, тарихи типология және тарихи жүйелеу әдістері қолданылды. Аталған уақыттардағы патша әкімшілігінің шенеуніктері мен жергілікті би-болыстардың қызметін, олардың ұстанымын ашып көрсету мақсатында сыни талдау әдісі қолданылды.

Облыс тұрғындарының күнделікті өмірдегі өзара қарым-қатынасын, өмір сүру амал-әрекетін, қоғамдық өзгерістердің олардың өміріне, жан-дүниесіне әсерін ашып көрсетуде этнометодология, ал саясат, экономика, шаруашылық, тұрмыс және мәдениет салаларында орын алған өзгерістердің күнделікті өмірдегі көрінісін анықтауда феноменология методологияларының қағидаларын басшылыққа алып, тақырып мазмұнын ашуға ұмтылды. Зерттеу жұмысы, сондай-ақ, адамды және оның іс-әрекетін зерттейтін бірнеше туыстас ғылым салаларына сүйене отырып жүргізілді.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Тақырып бұған дейін отандық тарихнамада зерттелмегендіктен зерттеу жұмысының күнделіктілік зерттеу әдісі тұрғысынан қарастырылуы зерттеу жұмысының басты жаңалығын құрайды. Зерттеу жұмысы алдына қойылған міндеттерге сәйкес жүйелі, әрі кешенді түрде жүргізілді. Ресми деректермен бірге естелік материалдарды, жергілікті шығармашылық иелерінің еңбектері ғылыми айналымға тартылып, көптеген ғылыми талдау жұмыстарын жүзеге асыру нәтижесінде төмендегідей ғылыми жаңалықтарға қол жеткізілді:

- XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы Жетісу өңірі халқының өміріндегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістер диалектикалық қайшылық тұрғысынан талдауға алынды;

- облыстың саяси және экономикалық өміріндегі жаңа үрдістер, әкімшілік пен жергілікті тұрғындардың ара қатынасы күнделіктілік әдісімен талданып, отаршылдықтың қазақ халқының өміріне әсерінің жаңа қырлары ашылды;

- жергілікті тұрғындардың шаруашылығына енген өзгерістер күнделіктілік тұрғысынан қарастырылып, олардың қоныс аударушылармен өзара шаруашылық байланыстары жаңа көзқарас тұрғысынан баяндалды;

- дәстүрлі қоғамның жаңа қарым-қатынастарға бейімделуі, реформалардың қазақ қоғамына әсері күнделікті өмір әдісі бойынша зерттеліп, өмірге енген өзгерістер жаңа көзқарастар арқылы көрсетілді;

- рухани саладағы өзгерістердің күнделікті өмірге әсері талданып, оның жергілікті халық өміріндегі көрінісі ашып көрсетілді.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шегі. Зерттеу жұмысының хронологиялық ауқымы 1867-1917 жылдар аралығындағы жарты ғасырлық уақытты қамтиды. Жұмыстың хронологиялық шегінің бұлай айқындалуы аталған уақыттар аралығында Жетісу облысының Ресей империясының отары болған кезеңіне арналуына байланысты.

Диссертацияның территориялық ауқымы. Зерттеу жұмысының территориялық ауқымы Қазақстан Республикасының қазіргі Алматы облысының аймағын түгелдей, Жамбыл облысын жартылай және Қырғыз Республикасының солтүстік аймақтарын қамтиды. Себебі, аталған аймақтар Ресей империясының тұсында Жетісу облысы деп аталған жаңадан құрылған әкімшілік аймаққа біріктірілді.

Зерттеу жұмысының ғылыми және қолданбалық маңызы. Зерттеу жұмысын жазу барысында ғылыми айналымға тартылған тың деректер мен қолданылған жаңа әдістерді, тұжырымдарды Жетісу өңірінің тарихын бұдан былай да кешенді түрде зерттеуде; патша үкіметінің қазақ жеріндегі саясатын алдағы уақыттарда ғылыми танымның жаңа бағыттары тұрғысынан зерделеп, жаңа тұжырымдар қалыптастыруда қолдануға болады. Сондай-ақ, жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы пәні бойынша арнаулы курстар мен семинар сабақтарын өткізуде, оқу құралдары мен оқулықтар жазуда қолданылады.

Қорғауға ұсынылған тұжырымдар. Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының отаршылдық жағдайындағы күнделікті өмірін зерттеу нәтижесінде төмендегідей ғылыми тұжырымдар қорғауға ұсынылды:

– Патша үкіметінің қонысаудару саясаты жер мәселесін ушықтырып, облыс тұрғындарының өзара қарым-қатынасын шиеленістірді. Жергілікті тұрғындардың дәстүрлі өмір сүру салты мен шаруашылығын, менталитетін өзгертіп, құлдық сананың қалыптасуына негіз қалады.

– Тауар-ақша қатынастарының дамуы жергілікті тұрғындарды экономикалық жағынан зор шығынға ұшырата отырып, жаңа қоғамға бейімделуіне ықпал етті. Жаңа ауыл шаруашылық технологиялары мен тұрмыстық бұйымдардың пайда болуы облыс тұрғындарының күнделікті өмірінің сапасын арттырды.

– Дәстүрлі қоғамның өзгерісі тұрмысқа оң өзгерістер әкелуімен бірге отбасылық, туысқандық байланыстарды әлсіретіп, қазақ менталитетіне жат мінез-құлықтарды тудырды.

– Ауыл тұрғындарына дәрігерлік көмектің қол жетімсіздігі, әрі орыс медицинасына «орыс болып кетуден» қорқып, қырын қарауы олардың күнделікті тіршілігінің сапасын төмендетті.

– Рухани саладағы өзгерістер жергілікті ұлт арасынан жеке тұлғалардың өсіп шығуына ықпал еткенімен, халықтың көпшілігі ол өзгерістерді дәстүр мен дінге төнген қауіп деп қабылдап, ескі мен жаңаның арасында таңдау жасай алмай қиналды.

– 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі күнделікті өмір төтенше жағдайда өрбіп, тұрғындар аса ауыр психологиялық көңіл-күйлерді бастан кешіруге мәжбүр болды.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Диссертациялық зерттеу жұмысы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Академик Т.С.Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасында орындалды. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындылары Қазақстанда (5) және шетелде (1) өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда (4) және халықаралық ғылыми-ақпараттық «Scopus» базасына енетін басылымдарда (2) жарияланды. Барлығы - 12 мақала.

Зерттеу жұмысының құрылымы: Диссертациялық жұмыстың құрылымы анықтамалардан, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш бөлімнен, 10 тақырыптан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жалпы көлемі 179 бет.

I ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ХАЛҚЫ ЖӘНЕ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

1.1 Миграциялық үдерістер: тұрғындардың ұлттық құрамы және өзара қарым-қатынасы

1867 жылы Жетісу және Сырдария облыстарының негізінде Түркістан генерал-губернаторлығы құрылып, өлке Ресей империясының заңды отарына айналған болатын. Бұдан былайғы уақытта аймаққа Ресейлік басқару жүйесі енгізіліп, орыс заңы үстемдік құра бастады. Бірақ, тұрғындарының басым көпшілігі негізінен жартылай көшпелі малшаруашылығымен айналысатын, бір дінді ұстанатын Жетісу облысын толық игеру үшін мұның бәрі жеткіліксіз еді. Сондықтан жаңа жерлерде өзіне саяси-әлеуметтік тірек қалыптастыруды ойлаған билік миграциялық үдерістерді жандандырып, облыс тұрғындарының ұлттық құрамын күрт өзгеріске түсіре бастады. Жетісу облысына діні мен тілі, дәстүрі мен салты бөлек ұлттар мақсатты түрде күштеп қоныс аударылды.

Жетісу облысына өзге ұлт өкілдерін көшіріп әкелу, облыс құрылмастан бұрынырақ, XIX ғасырдың алғашқы жартысынан бастау алған-ды. Мысалы, 1831 жылы Сергиополь бекінісіне Ертістен, солтүстік-шығыстан, ал 1847 жылы Қапал бекінісіне Сібірден келген казак әскерлері орналастырылды [16, с. 64]. Сонымен бірге 1854 жылы Верный бекінісі, одан кейін өзен жағасы мен тау аңғарындағы көк майсалы жерге Лепсі бекінісі салынып, ол жерлерге казактар қоныстандырылған болатын. Лепсі бекінісі салынған жерді қазақтар «Ойжайлау» деп атаған болса, сарттар мен ноғайлар таудың атымен «Шұбар ағаш», ал орыстар өзеннің атымен «Лепсі» деп атаған [117, б. 147-149].

Алғашқы қонысаударушылардың келе бастауы Жетісудың байырғы тұрғындарының жерді пайдалану жүйесіне нұқсан келтіріп, олардың қонысаударушылармен ғана емес, сонымен бірге өзара қарым-қатынасына да кері әсерін тигізе бастады. Мысалы, Қапал бекінісінің салынуы ежелден Лепсі және Қаратал өзендерінің аңғарын қатар жайлап отырған жалайыр, найман тайпаларының арасында өзара жерге талас мәселесін тудырды. Батыс Сібір генерал-губернаторы В.Д.Горчаковтың шешімімен Қаратал өзенінің оң жағы жалайырларға, сол жағы наймандарға бекітіліп беріледі. Бірақ бұл шешім жалайырлар тайпасын қанағаттандырмайды, өйткені олар Қаратал өзенінің сол жақ бетін өздерінің ата қонысы санайтын [118, р. 1149-1158]. Ал облыс құрылған соң миграциялық үдерістер қарқынды, әрі жоспарлы түрде жүргізіліп, қазақ қоғамындағы онсыз да дауға айналып тұрған жер мәселесін одан әрі ушықтыра түсті.

Сібір казактары Сергиополь (Аягөз), Үржар, Лепсі, Қапал, Үлкен Алматы, София (Талғар) станицалары мен Сарқан, Арасан, Қарабұлақ, Көксу, Іле, Кіші Алматы, Қаскелең, Надеждинск (қазіргі Есік қаласы-Б.Л.) селоларына орналастырылды. 1868 жылдың 1 қаңтарында олардың саны 14648 адамға жетті. Оның 7832 ер адам, ал 6816 әйелдер еді. Бұл аталған елді мекендер Тарбағатайдың таулы жоталарының арасынан солтүстік-шығысқа және Іле Алатауынан оңтүстік-батысқа дейінгі аралықты алып жатты. Бұл қоныстардың

барлығында өздеріне жеткілікті жер телімдері болғанымен болашақтағы халық санының өсімін (қонысаударушылардың әлі де келетінін-Б.Л.) ескерген үкімет қосымша тағы 50 мың десятина жер бөлген [15, с. 201-202].

Қазақ жеріне келген қонысаударушыларға қазақтардың ең шұрайлы жайылымдық жерлері берілген. Бұл туралы XX ғасырдың басында Т.Седельников: «XVIII ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың соңғы ширегіне дейін қазақ жерін казактар арқылы отарлау үздіксіз жүргізілді. Осы уақыт аралығында қазақтардан біртіндеп ең шұрайлы деген 10 миллион десятинадан аса жері тартып алынды. Одан кейін казактар арқылы отарлау аяқталып, қазіргі кезге (XX ғасырдың бас кезіне-Б.Л.) дейін ашық түрде қонысаударушыларды орналастыратын аймақтарды дайындау үшін «артық жерлер» деген желеумен отарлануда» [27, с. 19]-деген болатын.

Облыс құрылғанға дейін Жетісу аймағына казактарды орналастыру арқылы өңірде орыс билігін нығайту мақсаты көзделді саяси мақсат болды. Облыс құрылғаннан кейін, ауылшаруашылығын дамыту қолға алына бастады. Бұл – шаруалардың Жетісу жеріне жаппай қонысаударуына жол ашты. Оларды орналастыру үшін шаруашылыққа жарамды жер дайындау жергілікті әкімшілік қызметтің басты міндетіне айналды. Осылайша, бастапқыда казактар арқылы отарланған Жетісу өлкесі XIX ғасырдың II жартысынан бастап шаруалар арқылы отарлана бастады [15, с. 202- 204].

1867 жылы Жетісуды отарлау жолындағы патша үкіметінің әскери тірегі ретінде Сібір казактарынан Жетісу казак әскері құралған болатын. Олар шаруалардың Жетісу жеріне еш кедергісіз орналасуына белсенді түрде атсалысты. Үкімет оларды материалдық жағынан барынша қамтамасыз етіп отырды [78, с. 63].

1869 жылы Жетісу облысының әскери-губернаторы Г.А.Колпаковский облыс аймағына шаруаларды орналастырудың уақытша ережесін дайындайды. Бірақ, шаруаларды Түркістан губернаторлығының аймағына орналастырудың негізгі бас жоспары 1873 жылы ғана бекітіледі. Ережеде шаруаларды Орынбордан Ташкентке, одан әрі Верный арқылы Семейге дейін ірі өзендер мен пошта жолдары бойына орналастыруға баса назар аударылды [59]. Себебі, патша өкіметі шаруаларды шет жерлерге қоныс аудару арқылы, бір жағынан, Ресейдің орталық аймақтарындағы аграрлық реформаларға наразы болған шаруалардың көңіл-күйін басқа жаққа аударуды; екінші жағынан, қоныс аударылған шаруалар арқылы жаңа жерлерде өзіне әлеуметтік тірек жасауды жоспарлаған болатын. Сондықтан Жетісуға қоныс аударған Сібір казактары мен шаруаларды мемлекеттік шекара бойына тізбек жасай отырып қоныстандыру басты назарда ұсталды.

1868 жылы Верныйдан Қапалға барар жолда Біже өзенінің бойында Қоғалы селосы, Царицин станицасы, 1871 жылы Қапалдан Сергиопольге барар жолда Абакумов, Басқан, Ақсу қоныстары және Голубевская станицасының іргетасы қаланады. 1872 жылы Царицин және Қарабұлақ селоларының арасында Жаңғызағаш селосы пайда болды. 1873 жылы Кіші Лепсі өзенінің бойында Тополев, 1874 жылы Көктал өзенінің бойында Попутный селосы, 1875 жылы Шонжы селосының негізі қаланды. Аталған елді мекендердің бәріне

казактар мен облыс станицаларының аңшылары орналастырылды [15, с. 204-207].

1868-1882 жылдарда Жетісу облысының аумағына қоныс аударғандардың саны 25 мыңға жетіп, жаңадан 29 село құрылды. Ал Сырдария облысына қоныс аударғандар саны Жетісу облысымен салыстырғанда азырақ, ол жерде құрылған селолар саны 1891 жылға қарай 19 жеткен [59].

1891-1892 жылдары Жетісуға қоныс аударушылардың көп келгені соншалық, жаңадан тағы 17 село құрылды [119, б. 83]. Себебі, аталған уақыттар аралығында Ресейдің Еуропалық бөлігіндегі аштықтың салдарынан облысқа 1769 отбасы көшіп келген болатын. Олардың бір бөлігі қалалар мен селоларға орналастырылса, бір бөлігі жаңа жерлерге орналасты. Көпшілігі қазақтардың жерін жалға алып, сол жерлерге орналасып алып, өз беттерінше селолар құрды. Бұл селолар әкімшіліктің шешімінсіз жерді жеке қолхат арқылы қазақтардан жалға алып құрылған. Мұндай селолар бұрынғы селолардың дамуына кедергі келтіріп отырған [120, п. 114].

Жетісу облысына шаруалардың жоспардан тыс өз бетімен қоныс аударуы 1889 жылдан бастап заңдастырылған еді. Бірақ, қоныс аударушылардың санының шамадан тыс артып кетуіне байланысты 1896 жылдан бастап облыс қоныс аударушылар үшін жабық деп жарияланады [121, р. 47-64].

Қоныс аудару жұмысы жоспарлы түрде жүргізілді. Оны негізінен Ішкі Істер Министрлігінің жер бөлімі жүзеге асырып отырды. Жетісу аймағы – қоныс аударушылардың ең көп келген жері болды. Облысқа казактар мен шаруалардан басқа Қытайдан дүнгендер мен ұйғырлар да қоныс аудара бастады. Патша үкіметінің Іле өлкесін басып алуына байланысты (1871-1882 жж.) 1877 жылы Жетісуға қоныс аударған дүнгендердің саны - 3314 адамға жетті. Бұл дүнгендердің қазақ жерлеріне өтуінің бастамасы еді. 1881 жылғы Санкт-Петербург келісім-шарты бойынша Іле өлкесі (Құлжа) Қытайға қайтарылады да, Қытайда қалу немесе Ресейдің қол астына кіру халықтың өз еркіне қалдырылады [91, б. 32-41]. Ұйғырлар мен дүнгендерге таңдау жасап, шешімге келу үшін бір жыл уақыт беріледі. Осыдан кейін 1882 жылдан бастап патша үкіметінің қол астына өтуді қалаған ұйғырлар мен дүнгендер Жетісу аймағына жаппай қоныс аудара бастайды. Осы жылы Шелек өзенінің жағалауына 4860 тараншы отбасы, Балтабай, Талғар өзендерінің бойына 1585 отбасы орналастырылды. Олар аса көп жер телімін қажет етпеді, көбіне Верный қаласында қолөнерімен айналысуды қалады. Іле өзенінің оң жағындағы Қорғас пен Өсек өзендері арқылы суарылатын желерге 2466 отбасы, ал Іленің сол жағындағы Ақсу және Баян, Қазақ сияқты тау өзендерімен суарылатын жерлерге 1238 отбасы келіп орналасқан. Дүнгендер Тоқмақ уезінің жеріне орналасты. 1882 жылы бұл жерге 301 отбасы көшіп келеді. Ізінше 150 отбасы Пішпек, 168 отбасы Верный, 334 отбасы Жаркент қалаларына орналасқан. Осылайша, 1882-1883 жылдары Жетісу облысына 9425 тараншы, 953 дүнген отбасы қоныс аударған. Ресей мен Қытай арасындағы шекара бөлінісі кезінде қазақтар да жерімен қоса Қытай мемлекетінің қарамағына қаратылып кеткен болатын. Енді олар да Қытай жағында қалғысы келмей, Жетісу облысының жеріне өтуді қалайды. Сөйтіп, 1882 жылдың көктемінде суан руының 2195

отбасы Қорғас өзені мен Алтын Емел асуы арасындағы жерлерге, албан руының 3630 отбасы Верный уезіне орналастырылды. Жетісу облысының әскери губернаторының есебі бойынша 1882 жылы облыстың отырықшы тұрғындарының саны 80 мыңға жеткен. Оның 30 мыңы орыстар (казактарды қоспағанда), қалған 50 мыңы тараншылар мен дүнгендер болған [122, п. 9].

1882-1883 жылдары Жетісуға Шығыс Түркістаннан қоныс аударған ұйғырлар мен дүнгендердің санын М.Мұқанов 50 мыңға жуық деп көрсетсе [123, б. 40], А.Құдайбергенова 50 мыңнан асқанын айтады. Ол: «1884 жылдың басында 9752 ұйғыр отбасы (45 373 адам), 1147 дүнген отбасы (4682 адам) көшіп келді, барлығы 10 899 отбасы (50 мыңнан аса адам) келген. Дүнгендер мен ұйғырлардың қоныс аударуы орыс әкімшілігінің бақылауы және орыс әскерінің сақшылық етуі арқылы жүргізілді» [91, б. 32-41]-дейді.

Жетісу облысына қоныс аударған ұйғырлардың 24628 ер, 20746 әйел болса, дүнгендердің 2439 ер, 2243 әйел адамдар болған [53, с. 107].

Н.Бекмаханова Верный және Жаркент уезіне барлығы 47846 (45373 ұйғыр, 2473 дүнген) адам қоныс аударғанын; оның ішінде Верный уезіне 27290 (26164 ұйғыр, 1126 дүнген), ал Жаркент уезіне 20556 (19209 ұйғыр, 1347 дүнген) адам орналастырылғанын айтады. Жетісу облысының Верный және Жаркент уездерінің жеріне Қытайдан қоныс аударған ұйғырлар мен дүнгендердің 87,8% орналастырылған, ал қалған 11,2% Тоқмақ (3075 дүнген Никольск селосына) және Ыстықкөл (1046 дүнген Маринск селосына; 333 дүнген Қаракөл қаласына) уездерінің жеріне орналасып, аздаған бөлігі Шу өзенін бойлай Сырдария облысының жеріне өткен. Сонымен бірге Қытай жағынан шамамен 25 мыңдай қазақ та Жетісу облысының жеріне келіп орныққан [53, с. 107-108].

Қоныс аударған ұйғырлар мен дүнгендерден жаңадан 6 болыстық: Жаркент, Ақсу-Чарын, Малыбай, Қорам, Қарасу, Кетпен болыстықтары құрылады. Кейінірек Жаркент, Ақсу-Чарын, Кетпен болыстықтары біріктіріліп, Жаркент уезі құрылады. Ал, Малыбай, Қорам, Қарасу болыстықтары Верный уезінің құрамына кіреді. Верный уезіне 5275 ұйғыр отбасы немесе 26164 адам қоныс аударды [124, б.173].

Осылайша, ежелден қазақтар мен қырғыздар мекендеген Жетісу облысы XIX ғасырдың II жартысынан бастап дүниетанымы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бір-біріне ұқсамайтын, бірнеше еуропалық және азиялық ұлттардың мекеніне айнала бастады. XIX ғасырдың соңында облыс жергілікті халықтардан басқа казактар, еуропалық шаруалар, тараншылар, дүнгендер, қалмақтар, сарт қалмақтар, татарлар, сарттар, еврейлер мекендеген өңірге айналды [120, п. 76].

Әскери губернатордың жылдық есебі бойынша 1868 жылы Жетісу облысындағы барлық тұрғындар саны 376.192 (оның ішінде қазақтар-349.927; орыстар-24765; татарлар мен сарттар-1500) [125, п. 2-4] болса, 1883 жылы Құлжадан қоныс аударушыларды қосқанда тұрғындардың жалпы саны 654.489 адам болған [126, п. 39]. Ал, 1897 жылғы Ресей империясының бірінші жалпыхалықтық санақ материалдары бойынша облыстағы барлық халық саны 987.863 адам болған. Оның ішінде Верный уезінде – 223.883 (Верный қаласында 22.744) адам; Жаркент уезінде – 122.636 (Жаркент қаласында 16.094) адам; Қапал уезінде –136.421 (Қапал қаласында 6.183); Лепсі уезінде – 180.829

(Лепсі қаласында 3.230); Пішпек уезінде – 176.577 (Пішпек қаласында 6.615); Пржевальск уезінде – 147.517 (Пржевальск қаласында 8.108) адам болған. Облыстағы барлық ауыл және село тұрғындарының саны 924.889, яғни 93,63% (қалған 62.974 немесе 6,37% қалаларда тұрды) болды. Облыс қазақтарының саны 794.815, яғни барлық халықтың 80.46%-ы; орыстар - 76, 839 (7,78%); тараншылар - 56 000 (5,67%), т.б. деп көрсетеді [109, с. IV-VI]. Санақ қорытындысы бойынша облыстың Пішпек және Пржевальск уездерін қоспағандағы тұрғындар саны - 666.769 адам, яғни сол кездегі бүкіл қазақ жеріндегі халықтардың 16 % болған. Оның 615.518 (92,73%) ауыл және село тұрғындары болса, 48.251 (7,2 %) қала тұрғындары болды. Славян текті халықтардың саны 71.962 адамға (10,84 %) жетіп, Жетісу жерінде қырғыздарды есептемегенде қазақтардан кейінгі саны жағынан ең көп этникалық топқа айналды [121, р. 47-64].

М.Тынышбаев 1905 жылы Автономшылар одағының I съезінде жасаған баяндамасында бұл санақ қорытындысындағы қазақтардың санына күмән келтіреді. Ол: «қазақтардың соңғы уақыттарға дейін туу туралы тіркелген қағаздары болмады, ол көптеген жерлерде қазір де жоқ. Оның үстіне әскерге алып кетеді деп ойлаған қазақтар санақ кезінде балаларын жасырып қалып отырды» [43, б. 22-33] - дейді. Түркістан аймағының генерал-губернаторы да 1897 жылғы санақ қорытындысындағы жергілікті халық саны жөніндегі мәліметтердің нақты емес екендігін айтады. Ол: «Жергілікті халық кез-келген санақ түріне үрке қарады. Олар жаңадан салық салу үшін немесе балаларын әскерге алып кету үшін тізім жасап жатыр деп күдіктенді» [127, п. 2], деп көрсетеді.

Патша үкіметі басқа халықтарды Жетісуға көшіру барысында жергілікті халықтардың мүддесін, олардың шаруашылық жүргізу жүйесін ескермеді. Қазақ-қырғыздың жері мемлекеттік меншік деп жарияланып, олардың иелігіндегі шұрайлы жерлер қоныс аударушыларға үлестірілді. Тоқтаусыз келіп жатқан шаруаларды жерге орналастыру ісі жоспарсыз, бей-берекет жүргізіліп, аймақтағы аграрлық мәселені одан әрі шиеленістіріп жіберді.

Қоныс аударушыларды жергілікті халықтың иелігіндегі жайылымдық жерлерге орналастырып, өздерін шаруашылыққа жарамсыз тау-тасты жерлерге ығыстыра бастады. Бұл жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын жергілікті халықтың көші-қон жолдарының қысқаруына алып келді.

Патша үкіметі қазақ жеріне Ресейдің әкімшілік-құқықтық басқару жүйесін енгізген кезде, бастапқыда жергілікті халықтың наразылығын болдырмау үшін ақсүйектерге арқа сүйеді. Сұлтандардың иелігіне бірнеше қыстау және жайлауларды беріп қойып, оларды өз жақтарына шығаруға, жергілікті халықты солар арқылы басқаруға тырысты. Бірақ, қазақ жеріне мықтап орнығып алған патша үкіметі XIX ғасырдың соңынан бастап сұлтандардың жерге мұрагерлік құқығын ендігі жерде сақтаудың қажеті жоқ деп шешіп, олардың барлық артықшылықтарын жойды. Оның дәлелі ретінде Дала генерал-губернаторлығы әкімшілігінің Тезек төренің бұрынғы жерлерін оның ұрпақтарының меншігі деп танудан бас тартуын айтса болады [118, р. 1149-1158].

1867-1868 жылдардағы әкімшілік-аймақтық реформаларға дейін Ұлы жүз руларының маусымдық көші-қон бағыттары төмендегідей болған:

Жалайырлар - Қапал, Верный, Лепсі уездеріне қарасты болыстарда шашырай қоныстанды. Олар он үш руға бөлінді. Қыста аталған аймақ жерлерінде қоныстанса, жазда Алатау бөктерін, Шу өзені жағалаулары мен Сырдария өзенінің бас жағына дейінгі аралықтағы жайлауларға көшіп қонған. Жетісудың таулы аңғарларының әр түрлі шатқалдарында қыстаған жалайырлар жаз кезінде бір жайлауда бас қосқан. Сарыжазық, Сандықтас, Тентек сияқты жайлаулар жалайырлардың жаздық ата қонысы болды.

Төменгі Қаратал, Оңтүстік Балқаш, Мырза және т.б. болыстардағы жалайырлар жазда Балықты, Сарыноқай, Қазыбек, Қоскөл қойнауларындағы жайлауларда бас қосып, Іле өзенінің сағасына, Балқаш көлінің етегіне дейін көшіп қонды. Ал, Андас, Шолақ, Алтын Емел, Балғалы болыстықтарындағы жалайырлар Күренкей, Аралтөбе жайлауларын қоныстанған [92, б. 8,12].

Албан руы- Іле өзенінің бойында көшіп-қонып жүреді. Қысқы қонысы Іле өзенінің оң жағында, Алтын Емел жотасының екі жағында, Алтын Емел, Тізгін, Шылбыр көлдерінің жағасында, Шолақтауға дейінгі алқапта болды. Дулат, Шапырашты, Ысты рулары араласып көшіп жүрді.

Дулаттар Іле өзенінің бойында, Түргеннің Ілеге құятын жерінен Балқашқа дейінгі аралықта көшіп жүрген. Қыста Алатауда, Түрген, Есік, Талғар, Бибұлақ, Қотырбұлақ, Алматы, Қарғалы, Шамалған, Ұзынағаш, Қарақыстақ, Қастек, Жиренайғыр, Бұғымүйіз, Бесмойнақ, Жаманты, Ақтерек, Ырғайты, Қордай шатқалдарында, Кендіктас тауы мен Ұзынсу, Иірсу, Шоқпар, Ұзынкербұлақ, Үшбұта, Бүрген өзендерінде, Хантау тауында, Байғара-Жамбы, Күрті, алқабынан әрі Ақөтейін, Жалпақтас, Ащысу, Сарайтас, Аңырақай, Түлкіліқоңыр, Үшшоқы, Алмалы, Доланқара, Жартас, Көлденеңбасы, Таукұм, Бикөл, Қарабасқұм жерлері саналады. Сары үйсін руы - Іле өзенінің оң жағында көшіп жүрді. Қыстаулары Көкешу, Шүрк тауларында болса, жазда Терісаққан, алқабында басқа да рулармен бірге Қотырқайдың оңтүстік бетінде көшіп жүрген [128, б. 133-144] болатын. Әкімшілік-аймақтық реформалардан кейін олардың бұрынғы көші-қон жолдары қысқарып, жайылым аймағы тарыла түсті. Бұл шаруашылық жүргізу жүйесіне нұсқан келтіріп, қазақ қоғамын дағдарысқа ұшырата бастады.

Мысалы, Қытай мен Ресей арасындағы шекара бөлінісінен кейін Жетісу облысының аймағына өткен албандар Іле өзенінің сол жағалауына, ал суандар оң жағалауына орналастырылған болатын. Олар өз руларымен бір жерге ораласып, жеке болыстықтар мен ауылдарға бөлініп отырды. Жетісуға қоныс аударған оларға рулық ақсақалдар билігінің орнына сайлау жүйесінің енгізілуі, ауылдардың әкімшілік аймақтарға бөлінуі, бірнеше рудың араласып отыруы және т.б. қалыптасып қалған, күнделікті өмірде орын алып отыратын жағдайлар жат көрінді. Өйткені, Жетісу облысы құрылғаннан кейін аймаққа ішкі Ресейдегідей басқару жүйесі енгізіліп, облыс уездерге, уездер болыстықтарға, ал болыстықтар ауылдар мен селоларға бөлінген болатын. Облысты әскери губернатор, уезді - уезд бастықтары, болыстықты - болыс басқармасы басқарып, ал ауылды - ауыл старшындары басқара бастаған еді.

Бастапқыда өздерінің Жетісу жеріне қоныс аударуларын саяси жағдайға байланысты қалыптасқан көші-қон аймағының ауысуы іспетті қабылдаған қазақтар, қоғамның орыс заңы арқылы басқарылып отырғанына наразы бола бастады. Жерді рулық негізде қауымдасып пайдаланып келген оларға жерді рудан тыс жеке иелену деген түсінікті қабылдау қиын болды. Орыс билігін рулық бірлікке төнген қауіп деп қабылдаған албан руының бірнеше болыстығы 1885 жылы Қытай жағына өтуге әрекеттенді. Әрине, екі жақтың қатаң бақылауы жағдайында, ол әрекеттері сәтсіздікке ұшырады [31, с. 152].

Жергілікті халыққа әкімшіліктің ата-бабаларынан мұраға қалған жерлерін қоныс аударушыларға тартып алып беріп жатқаны ұнамады. Ол жерінен айырылған қазақтар тарапынан қоныс аударушыларға деген өшпенділік сезімін туғызды. 1909 жылы Түрген, Боқай, Сөгеті болыстықтарының жерлерінің шаруаларға беріліп жатқанына наразы болған халық ол жерлерді қоныс аударушылар мекені деп тану туралы жобамен танысудан бас тартады [129, п. 22]. Бірақ, қазақтардың қарсылығына қарамай, ол жерлер қоныс аударушыларға беріледі. Сондай-ақ, Мақаншы-Садыр болыстығының 1 және 2 ауылының қазақтары (сенімді өкілдер) Қасымбек Оспанов пен Бораншы Тайгуллиндер де өз жерлерінің қоныс аудару қорына алынып жатқанына наразылық білдіріп, жердің алынуын тоқтатуды сұрайды. Бұлардың да арызы жер мемлекеттің меншігі деп қараусыз қалдырылған [130, п. 7].

Жер дауына қатысты жанайқайына биліктен қолдау таппаған халық іштей күйзеліске түсті. Ежелден өздерінің ата-бабалары мекендеген жерлерді қоныс аударушылардың үй салып, емін-еркін меншіктеп алып жатқаны оларға ұнамады. Көшпелі өмір салтын ұстанған халық отырықшылыққа үрке қарады. Оны жат санап, еркіндіктен айырылу деп қабылдады. Халықтың осы көңіл-күйін XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген жетісулық ақын Албан Асан Барманбекұлы:

Былырдан бері орыс кеп,
Әр жерге салды қаланы.
Бағындырды өзіне,
Ойқайың, Қақпақ даланы.
Су басына қала болды,
Жерсіз көңіл нала болды.
Нашардың көңілі ала болды,
Әжеп сұмдық заман болды [87, б. 85, 91] - деп суреттейді.

Патша үкіметі қоныс аударушыларды қазақ-қырғыздың иелігіндегі құнарлы жерлерге орналастырды. 1909 жылы Мемлекеттік Думаның депутаты А.Л.Трегубов Жетісуға сапары кезінде өңір табиғатының егіншілікке өте қолайлы екенін, құрғақшылық болғанына қарамай егіннің мол піскенін көріп, облыстың «артық жер қоры» өте үлкен, 5 700 000 десятинаға тең, бұл жерлерді қазақтар иелігінен шұғыл түрде алып, 1 млн. аса орыстарды қоныстандыру керек деген қорытынды шығарады [18, с. 42-43].

1891 жылғы «Ереже» бойынша қазақтардың иелігіндегі жерлер қысқы тұрақтар, жазғы жайылым, өңделетін жерлер деп бөлінген. Қыстаулар мен өңделетін жерлер әрбір болыстықтар мен ауылдардың жеке пайдалануына

берілді. Ал, жайлау жерлерін бірнеше болыстық бірігіп пайдаланды. Әрбір қазақ өзінің қыстауының маңында жер өңдеуге, бау-бақша салуға, үй тұрғызуға құқылы болды. Үй салынған, бау-бақша егілген жерлер атадан балаға мұраға берілетін болған [16, с. 85]. Бірақ, қазақтарға берілген бұл құқықтар шын мәнінде жүзеге аспады. Бұл туралы М.Тынышбаев Министрлер комитетінің төрағасына жергілікті патша әкімшілігінің қазақ еліндегі саясаты жөнінде жазған хатында: «Уақытша Ережеде» қазақтардан жайлау маңындағы басы артық, бос жерлерін ғана алуға болады, ал шабындық жерлер мен үй-жайы орналасқан жерлер олардың жеке меншігі болып табылады делінген. Бірақ, іс жүзінде, ең шұрайлы жайылымдық жерлер мен малдың қыста жайылатын жерлері, үй-жайы орналасқан шабындық жерлері мен егістік жерлері тартып алынған. Бұндай жерлердің қазақтар үшін ешқашан артықтық етпейтіні ескерілмеді» [43, б. 18-22] -дейді. Көшпелілер мекендеген жерлер мемлекет меншігі деп жарияланып, артық деп табылғаны мемлекет қажеттіліктері үшін деген желеумен Қонысаудару басқармасының қорына өтіп кетіп отырды.

1893 жылы Жетісу облысына қоныс аударушыларды орналастыру үшін 33 мың десятина жер дайындалған [55, с. 140] болса, бұл көрсеткіш 1906-1910 жылдары 1.456.080 десятинаға (454 жер телімі) жетті. Оның 1.018.182 десятинасына (318 жер теліміне) 82.689 адамды орналастыру жоспарланса, қалған 437.899 десятина (136 жер телімі) жер қоныс аудару қорына алынатын болды [131, б. 86-90].

1907-1914 жылдар аралығында Жетісуға 17597 отбасы (104804 адам) қоныс аударған [80, б. 60]. Бұлардың бәрі жергілікті халықтардың иелігіндегі ең шұрайлы жайылымдық жерлерге орналастырылды. Ол өз кезегінде қазақ қоғамының саяси-экономикалық және әлеуметтік жүйесін дағдарысқа ұшыратып, ғасырлар бойы қалыптасқан жартылай көшпелі мал шаруашылығының күйреуіне жол сала бастады. Шөп шықпайтын тақыр жерлерге қарай ығыстырылған қазақтар мен қырғыздар ол жерлерге не малын баға алмай, не егінін сала алмай қиналды. Жерінен айырылған қазақтардың осы ауыр халін М.Тынышбаев: Үкімет жаңа жерлерді барған сайын көптеп тартып ала берді, жергілікті халық жайылым жерлері мен қоса егіншілікке жарамды жерлерінен айырылды. Қоныс аударушылар қайтып кетіп, алқаптар босап қалып жатса да жерді кесіп алу тоқтамады. Қазақтардың тынысы тарылды: жер үшін дау-жанжал, талас-төбелес және кісі өлтіру басталды [43, б. 22-33] деп көрсетеді.

Патша үкіметінің миграциялық саясаты қоныс аударушыларды жергілікті халықтың иелігіндегі жерлерге орналастыру арқылы Жетісу жерінде ұлт-араздығының тууына себеп болды. Өйткені қоныс аударушыларға тың жерлер емес, керісінше, қазақтардың иелігіндегі құнарлы жерлер тартып алып берілді [75, б. 148]. Сондықтан қазақтардың қоныс аударушыларға, билікке деген өшпенділігі күн санап арта түсті. Мысалы, Алматы облысы Жамбыл ауданының Жангелдин атындағы колхозының (қазіргі Бесмойнақ ауылы – Б.Л.) тұрғыны, қоныс аударушылардың ұрпағы Панченко 1951 жылы ауыл тарихына қатысты мәлімет берген. Ол бұл жердің бұрын Сергеевка аталғанын, бұнда 1910 жылы Ресейден, ал 1909 жылы Украинаның Чернигов облысынан

шаруалар келгенін, оның ішінде өзінің әкесі де болғанын айтады. Олардан кейін Украинаның басқа да аймақтарынан, Воронеж және Орынбор облыстарынан қоныс аударушылар келген. 1910 жылы селода 210 отбасы болған. Олардың бәріне қазақтардың жерін алып бергенін, сондықтан қазақтардың оларға өшпенділікпен қарағанын айтқан [132, п. 2]. Бұл жерде әңгіме Верный уезінің Сергеев болыстығының Сергеев селосы туралы болып отыр. Бұл бұрынғы Бұғымүйіз, Бесмойнақ жайлауларының жері. Сонымен бірге аталған уездің Покров, Шиен, Қастек селолары да 1910-1912 жылдары ұйымдастырылған [133, п. 3].

1914 жылдың өзінде облыста 2767 отбасы (ер адам саны-8466) жерге орналастырылып, кезекте 3235 отбасы (ер адам саны-10531) тұрды. Осы жылы жаңадан 16 село: Лепсі уезінде-2, Қапал уезінде-4, Пржевальск уезінде-3, Пішпек уезінде-7 село ұйымдастырылды. Аталған жылы Жетісу облысынан басқа облыс жеріне қоныс аударғандарды есептегенде 795 отбасы (ер адам саны-2067) отандарына кері қайтып кеткен [134, п. 4].

Қоныс аудару ісі жоспарлы түрде жүргізілгенімен, қоныс аударып келгендерді орналастыруға жергілікті билік дайын болмай шықты. Жетісу облысына жоспарлы түрде қоныс аударылғандармен бірге өз бетімен көшіп келушілердің саны да ұдайы артып отырды. Мысалы, 1911 жылдың аяғына қарай олардың саны - 100.000 (оның 48.747 ер адамдар) адамға, барлығы - 15.963 отбасына жетті. Жоспарлы түрде дайындалған жерлерге алдымен өз бетімен көшіп келгендер орналастырылған [135, п. 5].

Жер мәселесінің дұрыс шешілмеуі салдарынан өз бетімен қоныс аударып келушілермен бірге станицалар мен селолардың тұрғындары да облыс аумағында өз бетінше көшіп-қонып жүрді. Бұл жергілікті қазақ халқымен бірге өлкеге бұрынырақта келген шаруалар мен казактардың да наразылығын тудырды. Себебі, өз бетімен көшіп-қонып жүргендер бұлардың иелігіндегі жерлерге орналасып алып, жер дауын өршіте түсті. Мысалы, 1912-1913 жылдары Верный, Қапал, Жаркент уездерінің станицалары мен селоларының шаруалары қазақтардың иелігіндегі жерлерге таласса, шаруалар қоныстанған Лепсі уезінің Мыңбұлақ селосының жерін Лепсі селосының өз бетімен қоныс аударушы-мещандары басып алады [136, п. 4,13].

Жетісу облысының аймағына өз бетімен қоныс аударып келушілер легінің өте көп болғандығы соншалық, 1915 жылдың басында олардың саны 51.382 адамға жетіп (барлығы 16.409 отбасы), 228 елді мекенге орналастырылды. Сырдария облысына 1915 жылдың соңына дейін 65.749 адам (10.848 отбасы) қоныс аударып, 190 елді мекенге орналастырылған [44, с. 83]. 1915 жылдың басында Жетісу облысында әлі 4405 отбасы (ер адам саны-16603) жерге орналастырылмай, облыс аймағында өз бетінше көшіп-қонып жүрді [134, п.5]. 1915 жылы жергілікті қазақ-қырғыздарды, тараншы, дүнген және орыстарды қосып есептегенде облыс тұрғындарының саны 1.223.000 болды [137, б. 6-7].

Жетісуды отарлауда жергілікті халықтардан 4.193.520 десятина жер тартып алынды. Оның ішінде қалалық жерлер 36.947 десятина, казак әскері иемденген жерлер - 667.157 десятина, бұрынырақ көшіп келген шаруалар иеленген жерлер - 385.012 десятина, қонысаударушы шаруалар иемденген

жерлер - 1.353.865 десятина болды. Оның ішінде қоныстандырылмаған жер көлемі - 544.349 десятина, қазыналық жерлер - 1.750.539 десятинаға жетті [80, б. 64].

Кесте 1. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы Жетісу облысы тұрғындары санының өсу динамикасы (басқа халықтарды есептемегенде)

Жылы/халықтар	1868 ж.	1897 ж.	1915ж.
Барлығы	376.192	987.863	1.223.000
оның ішінде			
қазақтар	349.927	794.815	883.000 (қырғыздармен қоса)
орыстар	24.765	76.839	200.000
тараншылар	-	56.000	86.666
дүнгендер		14.136	20.000

Кесте 2. Н.Е.Бекмаханованың көрсетуі бойынша 1915-1917 жылдар аралығында облыс тұрғындарының саны (мың) [53, с. 172, 180]

№	Тұрғындар	1915-1917 жж.	1916 ж.	1917 ж.
1	орыстар	258,4		
2	украиндар	31,2		
3	басқалары	1041,5		
	барлығы	1331,1		
4	қазақтар (саны, үлес салмағы)	-	580,6 (43,62%)	509,1(42,48%)

Жетісу облысының көшпелі болыстықтарындағы шаңырақ саны – 1000-2000, ал ауылдарда 100-200 болған. Уездердегі шаңырақ саны – 16000-28000 аралығында болған. 1908 жылғы әскери-статистикалық мәлімет бойынша облыста Ұлы жүз үйсіндер – 397 000 адам; сары үйсіндер – 10 000 адам; албандар – 82 000; суандар – 22 000 адам; дулаттар – 104 000; шапыраштылар – 51 000; ыстылар – 11 600; қыстық – 9500; қаңлылар – 18 000; жалайырлар – 86 900; Орта жүз наймандардың саны – 166000, оның ішінде қаракерейлер – 82 500; садырлар – 31 700; матайлар – 51 800 болған [92, б. 7-8].

1897 жылғы санақ бойынша Жетісу қырғыздарының саны 279,8 мың, үлес салмағы 28,32 пайызға тең болды. 1917 жылы бұл көрсеткіш 324,0 мың адам болып, үлес салмағы 24,38 пайызды көрсетті [53, с.182].

Қарқынды жүргізілген миграциялық үдерістердің нәтижесінде қоныс аударушылардың саны күрт өсіп, жергілікті тұрғындардың үлес салмағы кеми түсті. XX ғасырдың басына қарай облыс тұрғындары өмір сүру салты бойынша жартылай көшпелі, жартылай отырықшы және отырықшы болып бөлінді.

Жартылай отырықшы және жартылай көшпелі тұрмыс кешетіндер облыстың байырғы тұрғындары қазақтар мен қырғыздар болды.

Жартылай көшпелі тіршілік кешетіндер – тұрақты қыстауы, салынған тұрақ-жайы бар, азды-көпті қысқы мал азығын дайындайын тұрғындар;

жартылай отырықшы өмір сүретіндер – мал шаруашылығымен қоса қыстау маңында егіншілікпен айналысатын тұрғындар. Мысалы, Қапал уезінің Қаракүнге және Баянжүрек, т.б. елді мекендерінің қазақтары арық-тоғандар тартып, қыстау маңында егіншілікпен айналысқан. Ал Малайсары таулы-жоталарын және Іле өзенінің аңғарын мекендеген қазақтар қыстауларды тек қыста ғана мекендеген [67, б. 34].

Отырықшылар:

-1867 жылы Жетісу казак жасағының негізін салған, өлкенің алғашқы отарлаушылары – сібір казактары;

-өлкеге ертеректе келген және XX ғасырдың басына дейін Еуропалық Ресей мен Сібірден қоныс аударып келіп жатқан орыс шаруалары;

-Құлжа өлкесі мен Қашқариядан қоныс аударған тараншылар мен дүнгендер;

-саны жағынан аздаған татарлар, сарттар, еврейлер және әртүрлі басқа да халықтар, Жетісу облысын уақытша мекендеп жатқан шетелдіктер. Бұлардың алғашқы үш категориясы өз алдарына жеке селолар құрып, негізінен уездерге шашырай орналасқан. Ал, уақытша тұрып жатқан шетелдіктер жеке село құрған жоқ, олардың көпшілігі қалаларда тұрды. Селоларда тек жеке отбасыларымен әртүрлі шендегі қызметкерлер ғана тұрды. Ал, сарт-қалмақтар өз алдына бөлек ауыл құрады. Казактардың мекені станицалар деп аталды. Станица құрамына селолар мен жаңадан бөлінген елді мекендер кірді. Орыс шаруалары селоларды мекендеді. Өлкедегі саны аз отырықшы ұйғырлар мен дүнгендер болыстықтар мен селоларда тұрды [23, с. 7-8]

Жетісу облысына қоныс аударушылардың жаңа жерлерге бейімделіп кетуі біршама уақытты талап етті. Оларға таңсық егіншіліктің суармалы түрі, ауа-райының күндіз ыстық болып, түнге қарай бірден салқындап кетуі, жерге орналастыру мен жер бөліп берудің ұзаққа созылуы сияқты т.б. жағдайлар қоныс аударушылардың бейімделуіне қиындық тудырды. Сонымен бірге Жетісу облысында өзендер, көлдер, арықтар көп болғандықтан бұл жерде түрлі жәндіктер де өте көп кездесетін (өзен-көлдердің жағасындағы қамыстардың арасында да олардың түрі көп болатын). Жаз айларында шаян, қарақұрт сияқты улы шәндіктердің және масаның көптігі, әсіресе, қоныс аударушыларды жиі әбігерге түсіретін [135, п. 153,180]. Қазақтар жаз шығысымен малдарын айдап, мал азығы көп, әрі маса, шыбын болмайтын тауға көшіп кететін. Бұл туралы биолог ғалым А.М.Никольский: «Балқаш жағалауларында тек қана қазақтар тұрады, жаз шығысымен малы көптері де, аздаған қойы мен бір жылқысы немесе бір сиыры барларының өзі де тауға қарай көшіп кетеді. Себебі, жаз айларында тауда мал азығы көп, ал өзен жағалауында малға азық аз және маса көп болады. Өзен жағасында тек көшерге малы жоқ, кедейлер ғана қалады» [17, с. 79-80] - дейді.

Жетісудың ауа-райына, т.б. жағдайларға бейімделе алмаған қоныс аударушылардың көпшілігі кері қарай отандарына немесе басқа облыс жеріне кетіп қалып отырған [138, п. 19, 45]. Сонда да олардың тастап кеткен жерлері қазақтарға қайтадан берілмеген. Керісінше, олардың иелігіндегі жайылымдық жерлерді қоныс аударушыларға алып беру қарқын ала түсті.

Жергілікті билік қоныс аударушыларды бөлінген жерлерде қалай да ұстап қалуға тырысты. Оларға ерекше қамқорлық танытып, барынша көмек берілді, түрлі әлеуметтік жеңілдіктер жасалды. Оларды салықтан босатып, тегін жер телімдерін, ұзақ мерзімге несиелер және аштық, ауру, жұт т.б. жағдайларға байланысты қайтарымыз ақшалай көмек те беріп отырды [120, п. 109].

Мемлекеттен ерекше қамқорлық пен артықшылықтарға ие болып, материалдық жағдайлары жақсарған қонысаударушы шаруалар көшпелі тұрғындарды өздерінен кем тұта бастады. Қазақтардың егіншілікке өздері сияқты машықтанбағанын, олардың өмір салтын кемшілік санап, менсінбей, барған сайын басына түсті [120, п. 89-90]. Жергілікті биліктің өздерін қолдайтындығын арқа тұтып, ойларына келгенін істеген. Қазақтарды мылтықпен атып өлтіру орыс тұрғындар үшін түк қиындық туғызбаған. Тіпті бақшасындағы алмаға қол созған қазақтарды еш аяусыз атып тастап, «міне, итті өлтірдім» деп, өліп жатқан адамға мойнын да бұрмай жүре беретін болған. Жер мәселесіне байланысты дау-дамайларда да қаруға жүгінетін. Қазақтардан жалға алған жерге үй-жай салып орнығып алған орыстар, жалдау уақыты өтіп кетсе де жерді иесіне беруге асықпай, ақырында ұрыс-төбелес орын алып, қаруы бар орыс жерін даулап тұрған қазақты жайратып салатын [20, с. 331]. Мысалы, сондай даулардың бірінде Жайылмыс болыстығының қазақтары Ноғай Әділбеков пен Шексымбай Шаутековты төбелес кезінде Самсонов болыстығының шаруалары мылтықпен атып өлтірген [139, п. 2].

Күн өткен сайын қазақтарға орыс селоларының жанынан өту де қауіпті бола бастаған. К.Төгісовтің мәлімдеуінше Жетісу облысының қазақтары мұжықтардан көп зардап шеккен. Қазақтарға қалаға барудан бұрын, оның жанынан өтудің өзі мұңға айналған. Мұжықтардың қала тұсынан өтіп бара жатқан қазақты көрсе, дереу қуып жүріп ұстап алып, «ұрысындар» деп ұрып-соғып, өлтіріп тастауы да жиілеген [140, б. 216].

Қоныс аударушылар келгеннен кейін орын алған осындай сорақылықтарды қоныс аудару басқармасының меңгерушісі С.Н.Велецкий де мойындауға мәжбүр болады. Ол жоғары жаққа берген есебінде: «Жетісу жеріне ертеректе келген шаруаларға дөрекілік, өркөкіректік, қайырымсыздық мінездер тән. Олар өмір сүру деңгейлері жоғарлаған сайын қазақтардың өмір салтына кемсітушілікпен қарап, өздерін жоғары ұстады» [135, п. 218-219]-десе, аталған басқарманың шенеунігі Г.К.Гинс: «Жетісуға қонысаударған орыс мұжығы жаулап алушының рухымен қуаттанып табиғи кеңпейілділігін жоғалтып алды. Жаңа өлкеге қоныс аудару оларға тән қасиеттердің бәрін сілкіп тастады және өңін айналдырды» [20, с. 332]- деп көрсетеді.

Қоныс аударушылар сонымен бірге жергілікті халықтың аңғалдығын, орысша хат танымайтынын пайдаланып, оларды қанап, мазаққа айналдырып отырған. Мысалы, Верный қаласының революцияға дейінгі тұрғыны А.И.Иконников өзінің естеліктерінде: «Верныйлық мешан Петр Дядькин ақша керек болған кезде үстіне костюмін киіп, сумкасын асынып, атқа мініп алып, жақын маңдағы қазақ болыстықтарына жол тартатын. Ол қазақтардың бәрін танитын, ауылға барып, олардың аттарын атап шақырып, қолдарына «шақырту» қағазын ұстататын. Шақырту қағазының орнына фельдшерден

жарамсыз рецепттерді сұрап алып, соны апарып беретін. Сотқа шақырту алғандар 30 тиын төлеуі міндетті болған. Осылайша бір күнде 14 сом ақша жинап алатын. Ертеңіне «шақырту алған» қазақтар сотқа келсе, оларды мазақ қылып, кері қайтарып жіберетін» - дейді. Оған қоса ол Верныйға жақын маңдағы тау етегіндегі қазақтардың қойын әскерилердің қараңғы түсісімен барып ұрлап алатынына куә боғанын да айтады. «Олардың (қазақтардың – Б.Л.) шағымын тыңдайтын ешкім болмады. Сотқа ма? Сот тек заңсыз әрекеттерге заңдық сипат беру үшін ғана еді» [141, с. 3]-деп көрсетеді.

Г.К.Гинс 1909 жылы жазда қазақтардың иелігіндегі жер-су жағдайын, суармалы егіншілікте судың қолданылуы мен олардың шаруашылығын бақылау үшін Талғар тауларының арасындағы жайлауға көтеріледі. Оны өздерінің арызын тыңдап, көмектесуге келген өкіл деп түсінген қазақтар жер дауы мен қоныс аударып келген халықтармен арадағы қарым-қатынастың жағдайын баяндай бастаған. Тараншылардың қоныстанған жерінен қазақтар малдарын айдап өтсе, малыңның жеген шөбінің ақысын төле деп, кепілдікке қойларын тартып алатын болған. Оны естіген шенеунік әділ көрінуге мәжбүр болып, қойды иесіне қайтартып береді. Бұл жаңалық лезде болыстыққа түгел тарап, жан-жақтан арыз айтушылардың қарасы көбейеді. Қазақтар көш кезінде казактар мен тараншылардың өздерін осылайша тонайтынын айтып шағымданған. Сол сияқты оны өздеріне жанашыр деп түсінген 90 жастағы ақсақал да (бай Қазанғап Бәйбековтың әкесі): «Сендердің көздерің соқыр ма? Біздің жерімізді, суымызды, жайлауымызды тартып алды. Біз енді жайылымдық жерлерге еркін бара алмаймыз, жол бойы бізді казактар да, тараншылар да тонайды. Әрбір көш бізді 50 сом шығынға батырады. Бізге жайылымдық жерлерімізді қайтарындар немесе өлтіріп тастаңдар. Біз – қоймыз, тараншылар – қасқыр, ал орыстар – тіпті жолбарыс сияқты. Қалаға қасымызға өзімізді қорғайтын жігіт ертіп бармасақ, аяқ баса алмаймыз. Себебі, кез-келген бала бізге тас лақтырып, жүргізбейді. Казактар жайлауымызды да ала бастады, қасымызға жайғасып алып, ағаштан үй тұрғызып алып жатыр. Қазақтарды ешкімнің алуға құқы жоқ жайылымдық жерлерінен ығыстырып, малдарын жайып жүр. Жайлаудағы әрбір бұлақ ата- бабаларымыздың атымен аталады. Жайлауда ас береміз, қымыз дайындаймыз, қымыз ішеміз, т.б.» - деп жер мәселесіне қатысты шағымын айтады. Осы мазмұндағы арыз-шағымдардың шегі болмаған [20, с. 296-298]. Патша заманының куәгері, сол кездегі Жетісу облысының тұрғыны Іргебай Дәлденбайұлы өзінің естелігінде орыс иемденген жерден салт атты кісі байқамай өтіп кетсе, орыстар оны ұстап алып, 1 сомнан 3 сомға дейін ақша; ал ол жерлерге мал жайыла қалса, қамап қойып, 15 малдан 1 бас мал алғанын жазады [108, б. 177-183].

Іс жүзінде орыс әкімшілігі жергілікті тұрғындардың жерге қатысты арыз-шағымдарына құлақ аспады. Жер-суынан айырылған қазақтар мен қырғыздар күн көру үшін қоныс аударушылардың алдында кіріптар күйге түседі. Үкіметтен беріліп жатқан материалдық көмектің арқасында Жетісуға жалғыз арбамен келген мұжықтың әрқайсысы 4-5 қыстау салып алып, 20-30 малай жалдайтын жағдайға жеткен. Оларға малай болып жер-суынан айырылған қазақтар мен қырғыздар жалданды [142, б. 56]. Ата қонысынан айырылып,

шаруашылығы қожыраған халық күнделікті тіршілік қамымен жүріп, бұрынғы көшпендіге тән өр мінезін жоғалта бастады. Осылайша, отарлық билік жергілікті тұрғындардың мінез-құлқын өзгертіп, оларда құлдық сана қалыптастыруға күш салды. Халық өздерінің отаршылдық жағдайындағы саяси-экономикалық және әлеуметтік жағдайын, болмысын «Сусыз жерде қамыс жоқ, азған елде намыс жоқ» [40, б. 234] деген бір ауыз сөз арқылы берді.

1916 жылы көтеріліс қарсаңында облыс халқының әр отбасына шаққандағы егістікке жарамды жер үлесі: казак-орыстарда - 61 десятина; қоныс аударушы шаруаларда - 9 десятина; қазақтарда 1,5 десятина ғана жер болды. Ал казак-орыстар мен шаруалар үлесіндегі егістікке жарамды жердің жалпы мөлшері - 1.200.000 десятина болған [142, б. 134].

Қоныс аударушылар санының артуына байланысты олардың әкімшілік штаттарының, соған сәйкес шенеуніктерінің де саны артты. Ақмола мен Семей облыстарына қарағанда Жетісу облыстық басқармасындағы шенеуніктердің саны көп болған. Мысалы, Ақмола мен Семей облыстық басқармалары 3 бөлім, 30 штаттан тұрса, бұл көрсеткіш Жетісу облыстық басқармасында 5 бөлім, 42 штат болды. Олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін мемлекет кірісін көбейту қажет болды. Әртүрлі салықтардың саны мен көлемі өсіп [126, п. 39], бұл ауыртпалықтардың бәрі тұрғындар есебінен шешіліп отырды. Патша үкіметінің салық саясаты қазақ халқына өте ауыр тиді. Өз жерінде өгей баланың күйін кешкен қорғансыз халық орыс әкімшілігінің өздеріне жаны ашымайтынын түсіне бастады. Халықтың ішінде патша әкімшілігіне деген ыза-кек қайнады. Жергілікті халық «Асықпа қарға, түсерсің торға» [40, б. 234] деп, оңтайлы сәтті күтті.

Ауыр тұрмыстан қажыған, әрі қоғамдағы әділетсіздіктерден әбден мезі болған халық шенеуніктердің алдында бұрынғыдай құрақ ұшпай, оларды жек көретіндерін өздерінің іс-әрекеттері арқылы білдіріп отырды. Мысалы, Түрген қазақтары болысының үйіне түскен шенеунік болыстың бұлармен есінеп отырып сөйлесіп, қашан құтылам деген сыңай танытқанын жазады. Отаршылдарға деген ішкі қарсылығын ашық көрсете алмаған қазақ жігіттері де ел ішін аралап жүрген шенеуніктердің жайлауды көруіміз керек, ат-көлік тауып беріңдер (Уақытша Ереже жобасы бойынша қазақ жігіттері әскерден босатылып, есесіне көпірлер мен жолдарды тегін жөндеуге, өлкеге іссапарға келетін орыс шенеуніктерін киізүймен, ат-көлікпен қамтамасыз етуге, т.б. міндеттелген болатын-Б.Л.) деген ұсыныстарына уақытымыз жоқ, өзіміздің де шұғыл шаруамыз бар [20, с. 302, 314] деп, жүре тыңдап, бұл міндеттерін барлық жерде бірдей орындай бермеген.

XIX ғасырдың соңында қазақтар мен қырғыздар 93 болыстыққа, 812 ауылға бөлінді. Ал отырықшылар облыстың 6 қаласында, 28 казак станицасында және олардан бөлініп шыққан 3 елді мекенде, 31 шаруа, 42 тараншы, 3 дүнген селоларында орналасқан [143, п. 17]. Патша үкіметі қоныс аударушыларды орналастыру үшін 1909 жылға дейін Лепсі уезінің қазақтарының 301.552 десятина жерін алып, 98569 десятина жері алынуға тиіс деп жоспарлады (барлығы-400.121 десятина). Ал Қапал уезінің қазақтарынан 1910 жылға дейін 186.674,20 десятина жер алып, 317.753,84 десятина жерін

алуды ойластырды. Жаркент уезі бойынша 1911 жылға дейін 157.566,26 десятина жер алды. 1911 жылға дейін Верный уезі бойынша 319.578,52 десятина жер алынып, 64.290,41 десятина жер алынуға тиіс деп жоспарлаған [144, с. 49-50, 71, 104, 179].

1916 жылы көтеріліс қарсаңында қоныс аударушы шаруалардың елді-мекендерінің саны 100 ге жетіп, жергілікті халықтан тартып алынған жер көлемі 4.200.000 десятинаға жуықтаған [142, б. 134].

Қоныс аудару басқармасының шенеуніктері XX ғасырдың басында: «Көшпенділерді толықтай отырықшы қылу үшін әлі бірнеше ондаған жылдар, тіпті жүз жылдай уақыт керек. Көшпендінің еркіндігі таумен және тегіс даламен – кеңістікпен тығыз байланысты. Қазақтардан ол жерлерді алып алмайынша, олардың еркіндігін шектей алмаймыз. Бірақ, ол кеңістік те біртіндеп тарыла түсуде. Қоныс аударушы орыс шаруалары Жетісудың көк майсалы жерлері мен қара топырақты аймақтарына ене бастады. Осылайша, Жетісуда егінші мен көшпендінің рухы күреске түсуде. Әрине, жеңіс біріншісінің еншісінде болады. Өйткені күш тең емес» [20, с. 331] – деген тұжырымға келіп, өздерін Жетісу жерінің толық қожасы сезінді.

Жетісу облысында 1867-1917 жылдар аралығында орын алған миграциялық үдерістер патша үкіметі тарапынан күштеп, мәжбүрлеу арқылы жүргізілді. Халықты күштеп қоныс аударту арқылы отар аймақтарында өзіне саяси-әлеуметтік тірек орнатуды, әрі түпкі мақсаты өлкені толықтай орыстандыруды көздеді. XX ғасырдың басына қарай өзге халықтардың Жетісуға қоныс аударуы күшейіп, жергілікті қазақ, қырғыз халықтарының иелігіндегі жерлерді тартып алу бұрынғыдан да арта түсті. Жайылымдық жерлері тарылған жергілікті тұрғындар амалсыздан отырықшылыққа бет бұруға мәжбүр болды. Өмір сүру салтының өзгеруі психологиясына қатты әсер етіп, отырықшылықты еркіндіктен айырылу деп қабылдаған олар шенеуніктер мен қоныс аударушыларға өшпенділікпен қарады. Жерінен, малынан айырылған жергілікті тұрғындардың әлеуметтік жағдайы төмендеп, ішер ас пен киер киімнен тарыла бастады. Күн көріс үшін қоныс аударушыларға жалданып, олардың алдында кіріптар күйге түсті. Үкіметтен барынша көмек алып, материалдық жағдайы жақсарған қоныс аударушылар мен олардың балалары күнделікті қарым-қатынаста жергілікті қазақтар мен қырғыздарды өздерінен кем тұтып, мазаққа айналдырып, зорлық-зомбылық көрсете бастады. Жерінен айырылған халықтың дәстүрлі шаруашылығы күйреп, көшпендіге тән өр мінезінен айырылды, менталитеті өзгеріп, құлдық сана қалыптаса бастады.

1.2 Дәстүрлі шаруашылықтың күнделікті сұраныстарға бейімделуі

Жетісу облысының халқы қоршаған ортаның табиғи ерекшеліктеріне қарай ежелден мерзімді жартылай көшпелі мал шаруашылығымен және жартылай отырықшылықпен айналысты. Бірақ облыс аймағында табиғи жайылымдық жерлердің көп болуы бұл өңірде ертеден дәстүрлі мал шаруашылығының өркендеуіне ықпал етті. Ал, Түркістан өлкесінің Жетісудан басқа аймақтарында отырықшы егіншілікке жарамды жерлер көп болғандықтан ол жерлерде дәстүрлі егіншілік мәдениеті қалыптасқан [77, б. 120].

Ресей империясының 1897 жылғы бірінші жалпыхалықтық санақ қорытындылары да жетісулық қазақтардың мал шаруашылығында үлес салмағы басым болғандығын көрсетеді. Мысалы, Сырдария облысында қазақтардың үлес салмағы 88,7%, олардың мал шаруашылығымен - 59,0%-ы; ал Жетісу облысында (Пішпек пен Пржевальск уездерін қоспағанда) қазақтар барлық халықтың 77,5%-ын құрап, олардың мал шаруашылығымен 63,2%-ы айналысқан [68, с. 248]. Жетісу өңіріндегі малшаруашылығы Қазақстанның далалы аймақтарындағыдай емес, маусымдық қысқа көштермен сипатталады [145, б. 177].

Өлкенің табиғаты құрғақ болғанымен, өлкеде өзен-көлдер өте көп. Қыстау мен жайлаудың арасы жақын, 150-200 шақырым қашықтықта орналасты. Табиғатта мал азығының мол болуы, ауа-райының жазда салқын, қыста жылы болуы, мал шаруашылығын дамытуға қолайлы болды [67, б. 11].

Облыс жерінің таулы болып келуіне байланысты, бұл өңірге көшудің «вертикальды» бағыты тән болған. Қазақтар көктем шығысымен малдарын қар тез еритін таудың оң жақ бөктеріне қарай жайған. Қар еріп, көк шыққан соң ақырындап таулы қыраттармен тік бойлай отырып, жоғары көтерілген. Таулы аймақтардағы көшу жолындағы бағыттарға табиғи өткелдерді, табиғи су көздерін белгі ретінде пайдаланды. Қыстауларын ызғырық желден пана болатын жылы, таудың күнгейлі бетіндегі етегіне, малды бораннан сақтайтын ықтасынды жерлері мен шатқалдарына салды. Жайлаулары тау етегінде, өзен бойларында, ал көктеу мен күздеулік жайылымдар қыстауға жақын, көбіне бір жерде болды. Әрбір рудың дәстүрлі қалыптасқан көшу жолы мен бағыты болды. Әрбір ру мен оның ішіндегі бөлімдерінің қоныстары негізінен бір аймақта болған [92, б. 12-13]. Яғни, шаруашылық ыңғайына қарай жерді рулық негізде қауымдасып пайдаланған. Бірақ XIX ғасырдың II жартысынан бастап шұрайлы жерлері қонысаударушылардың иелігіне өтіп кеткен қазақтардың жайылымдық жерлері тарылып, ол дәстүрлі шаруашылық жүргізу жүйесіне кері әсер ете бастады.

Қазақтар малды жылдың төрт мезгілінде барлық маусымдық жайылымдарға жаятын. Көші-қон жолын ұзарта отырып, малдың пайдалы маусымдық азықпен қоректенуіне мүмкіндік беретін. Екінші жағынан, оның сүті мен жүнінің сапасын арттыруға, мал басының табиғи жолмен көбеюіне, жас төлдердің тез жетілуіне жағдай жасайтын. Бұның бәрі мал басы мен оның өнімділігін арттыру үшін жасалынатын. Осының өзі малы аз шаруашылықтар үшін де кең көлемде жайылымдық жерлердің қажет екенін көрсететін. Бірақ, жергілікті әкімшілік жартылай көшпелі мал шаруашылығының жайылым ауыстырып отыруды қажет ететін табиғатын түсінбеді. Қазақ жерлерін қоныс аударушыларға бөліп берерде қазақ халқының өңірдің табиғи-климаттық ерекшелігіне байланысты ғасырлар бойы қалыптасып дамыған шаруашылық жүргізу ерекшеліктерін ескермеді. Көшпелілердің көші-қон аймақтары жергілікті әкімшілік тарапынан белгіленіп беріліп, бақылауда ұсталды. Осы кезден бастап Жетісу облысындағы мал шаруашылығының дағдарысына жол салынды.

XIX ғасырдың соңында қазақ ауылдарында әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастардың өзгеруіне байланысты, бұрынғы жерді рулық негізде қауымдасып пайдалану жүйесі ыдырап, ұсақ қауымдастықтарға – ауылдық қожалықтарға ыдырап кетті. Енді жерді пайдалану түрі де өзгерді. Малшаруашылықты-егіншілікті шаруашылықтар үшін қыстау маңындағы егістік және шабындық жерлер маңызды болды. Жалпы жер қорынан ортақ егістік және шабындық жерлер бөлініп, ол жерлер бара-бара оқшауланып, әр қожалық жеке пайдаланыла бастады. Ал жайлау, күздеу, көктеудегі жайылымдық жерлер жеке немесе бірнеше қожалықтың ортақ пайдалануында қала берді [48, с. 119-135].

Капиталистік қатынастардың енуі натуралды шаруашылықты ыдыратып, малшаруашылығының тауарлылығын арттырды. Соған байланысты қолда ұсталатын мал түрлері де өзгере бастады. Тауарлық құнының артуына байланысты қазақтар мүйізді ірі қара мен ешкіні көбірек ұстауға тырысты. Натуралды шаруашылық кезінде қазақтар сиыр ұстамаған болатын. Қазақтар арасында сиыр малына қатысты «малдың жаманы-сиыр», «сасық сиыр» деген мақалдар да пайда болған [45, с. 82]. Себебі, көшпелі өмір салты жағдайында сиыр малын өсіру, оны күтіп, баптаудың машақаты көп болды. Тұрақты қора-жайлар қажет болды. Қой мен жылқы сияқты ықтап, тебіндеп жайыла алмаған және жүріс жылдамдығы да жайылым ауыстырып отыруға жарамсыз болды. Сондықтан оны малы аз кедейлер ғана ұстаған [68, с. 71]. Дегенмен, малдың айырбас құралы ретіндегі рөлінің өсуіне байланысты қазақтың байлары да аталған мал түрлерін өсіруге ынталылық таныта бастады.

Атап айтсақ, Қостанай уезінің кедейлері мен орташаларының шаруашылығындағы мүйізді ірі қараның үлесі 60-68%, ал, байларының шаруашылығында бұл көрсеткіш 14-20%; Көкшетау уезінде алғашқыларында 31-47%, байларында 10-11% болған. Ал Жетісу облысының Верный уезіндегі кедей және орташалар шаруашылығындағы көрсеткіш – 29-38%, байлар шаруашылығында – 16-17% болды. Ал, ешкінің үлесіне келер болсақ, Көкшетау уезінде әрбір бай шаруашылығына 4 ешкіден, орташаларға-12, ал кедейлерге-20 ешкіден келсе; Верный уезінде әрбір бай шаруашылығында-5, орташаларда-12, кедейлерде-23 ешкіден болды. Кедейлерде көбіне ешкіден басқа мал болмаған. Бір қойға 3-4 ешкі сатып алған. Ал кедейдің 23 ешкісінің құны байдың бір жылқысының құнына жетпеген [45, с. 82-85].

Біз қарастырып отырған уақыттар аралығында қоныс аударған шаруалар да Жетісу жеріне келіп мал шаруашылығымен айналысты. Әскери губернатордың есебінде қоныс аударушылардың қазақ жеріне келіп, мал шаруашылығымен айналыса бастағаны, негізінен шошқаны және ауылшаруашылық жұмыстары (жер жырттып, егін егу) үшін мүйізді ірі қараны көп өсіргені айтылады [146, с. 4]. Бірақ олардың малдарының саны қазақтардың малынан әлдеқайда аз болды. Мал шаруашылығын кәсіп етті десек те, шаруалар мал бағуда қазақтардың көмегіне жүгінуге мәжбүр болды. Кейбір бай шаруалар малдарын мал басына ақы төлеп қазақтарға бақтырған [147, с. 11]. Орыстар аталған мал түрлерімен қоса, жылқы және аздаған қой да өсірген. Шошқаны өздері жеу үшін немесе қалаға апарып сату үшін өсірді. Орыс жылқылары қазақ

жылқыларына қарағанда ірі, ауыр жүк көтеруге шыдамды болғанымен, тау жолдарымен, тасты жерлермен жүре алмады. Дүнгендер мүйізді ірі қараға қарағанда жылқыны көп өсірді. Ал, тараншылар керісінше, жылқыға қарағанда сиырды көп өсірген, қой мен есек те ұстады. Олар мүйізді ірі қараны егістік жұмыстарына пайдаланса, есек көлік қызметін атқарған. Кез-келген кедейдің үйінде есек болды. Тараншылардың малы аз, әл-ауқаты төмен болды. Қазақтар негізінен қой мен жылқы өсіргенімен кейінірек шошқадан басқа мал түрлерінің бәрін өсірген [148, с. 24].

XX ғасырдың басына қарай Жетісу облысының отырықшы және көшпелі болыстықтарында мүйізді ірі қара түйеге қарағанда көп өсірілгенімен, жылқы мен қойға қарағанда олардың саны әлдеқайда аз болды [68, с. 72].

Бұрын мал қыста тебіндеп жайыла жүріп, ықтап, қарлы борандар мен көктайғақтардан табиғи түрде қорғанатын. Орыс билігі орнағаннан бергі жайылымдық жерлердің тартып алынуы көшпелі мал шаруашылығын дағдарысқа ұшыратып, мал басының кеміп кетуіне тікелей әсер етті. М.Тынышбаев: Қазақтарды мал шаруашылығынан егіншілікке көшпейді деп айыптады; бірақ қазақтарға егіншілікпен шұғылданатын жер қалмаған, олардың қарауына қалдырылған қу тақыр дала мен құмдарда адам түгіл аң тұрмас еді. Жайылымдық жерлер қатты қысқарды, қазақтар малды қоңайту үшін көшіп-қонып жүретін әдетін ұмытуға мәжбүр болды. Қыста мал ығын паналап, тебіндеп жайылатын жерлер тартып алынған. Қыстық шөп қорын дайындайтын шабындығы және жоқ. Даладағы қарлы боран, көктайғақ, жұт..., малдың өлім-жітімі жиіледі [43, б. 22-33] деп, дәстүрлі шаруашылықтың дағдарысты жағдайының себебін ашып көрсетеді.

1867-1917 жылдарда Жетісу облысында кейде 10-12 жылда, кей жылдары жыл сайын малдың жұтқа ұшырауы дүркін-дүркін қайталанып отырған. Жұт негізінен жайсыз ауа-райына, қыста ұзаққа созылған қарлы боранның болуына, қардың соңынан жаңбыр жауып, көктайғақ болуына, көктемгі салқынның ұзаққа созылуына және т.б. қолайсыз жағдайларға байланысты орын алып отырған. Тарихта 1867-1868 жылдары «жалпақ қоян жұты», 1879-1880 жылдары «ұлы қоян жұты», 1891-1892 жылдары «кіші қоян жұты», 1911-1912 жылдары «доңыз жұты», 1915-1916 жылдары «тақыр қоян» немесе «ақ қоян жұты» болғаны белгілі [72, с. 17].

Жұт жылдарында мал басы орасан зор шығынға ұшырап, қарлы борандарда қойлар желдің ығымен ықтап кетіп, аштан, суықтан мыңдап қырылған. Көктайғақ кездерінде тұяғымен тіреп тұра алмай, мұздың үстінде жатып қалып, қой басы ондаған, тіпті жүздеген мыңға дейін шығынға ұшырап отырған. Тек аша тұяқтылар ғана емес, жылқы малының өзі де көктайғақтан мыңдап қырылып, жылқылы байлардың өзі шығынға ұшырап, жұтап шыға келген [149, с. 12]. Бұрын қазақтар малға жайсыз соғатын табиғаттың тосын мінездерінен жайылым жерлерін өзгерту арқылы сақтанып, қыстан азып шыққан малды жазғытұрым әлдеқайда шөбі шүйгін жерлерге ұзатып жаятын. Ресей билігі орнағаннан кейінгі уақытта оған мүмкіндік болмай, жайылымдық жерлердің тарылуы мал санының ұдайы кеміп отыруына себеп болды. Оған төмендегі кесте арқылы көз жеткізуімізге болады.

Кесте 3. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Жетісу облысындағы мал басының өсу динамикасы

	1883ж.	1887ж.	1892ж.	1895ж.	1896ж.	1900ж.	1901ж.
Жылқы	620.481	657.961	608.865	698.930	711.276	672.332	704.945
Мүйізді ірі қара	328.934	312.093	375.944	376.978	414.978	483.799	488.662
Қой, ешкі	3.339.620	3.894.079	3.872.184	қой-4.136.547; ешкі-215.789	4.526.548	4.650.798	4.922.594
Түйе	99.294	95.203	95.863	90.705	95.278	83.063	93.003
Есек, қашыр	1.452	1.416	2000	3.807	5.537	1.464	2.511
Шошқа	7.338	10.883	9.299	13.491	14.576	11.575	16.088
Барлығы	4.397.119	4.971.635	4.964.155	5.546.354	5.768.188	5.905.123	6.227.803

1878 жылы облыстағы мал саны 8.101.075 болған [77, б. 108]. Ал, 1883 жылы бұл көрсеткіш 4.397.119 [146, с. 4] болғанын байқаймыз. 1879-1880 жылдары жұт болғанын ескерсек, мал басы бес жылдың ішінде 3.703.956 басқа кеміп кеткен.

1891-1892 жылдары жұт жылқы малына жайсыз болған. 1887 жылы облыстағы жылқы саны - 657.961 болса [150, с. 5], 1892 жылы ол көрсеткіш 608.865 ке түсіп кетеді [147, с. 11].

1895 жылғы облыстағы барлық мал саны-5.546.354 болған. Ол алдыңғы жылмен салыстырғанда 32.351 басқа кем. Бір жылда Қапал уезінде ғана 4.525 жылқы, 31.590 қой және 1.525 мүйізді ірі қара өлген. Сонымен бірге жабайы аңдардың шабуылынан Жаркент уезін қоспағанда 20.627 қой, 1.425 мүйізді ірі қара, 1.715 жылқы және 1.600 басқа да үй жануарлары шығын болған [148, с. 23-24].


1900 жылы жылқы саны 672.332 болып, 1896 жылмен салыстырғанда 38.944 басқа кеміп кеткен [151, с. 8].

1899-1900 жылдардың қысы қазақтар үшін ауыр жылдардың бірі болды. Әсіресе, Балқаш маңы мен Іле, Шелек өзендерінің бойындағы тұрғындар үшін аса қиын болды. Қар қалың түсіп, қатты суық салдарынан 58.785 бас мал өлген. Оның ішінде жылқы саны -4.464; мүйізді ірі қара-1.705, түйе-876, қой-50.600, ешкі-1.140 бас болды. Малдың саны өткен жылмен салыстырғанда 27.007 басқа кеміген [72, с. 18]. П.П.Румянцевтің көрсетуі бойынша 1902 жылы XIX ғасырдың 70 жылдарымен салыстырғанда бір ғана Верный уезіндегі мал басы 80,8%-ға қысқарып кеткен [152, с. 48].

1916 жылы облыстағы мал саны 9.414.116 басқа жетіп, бүкіл Түркістан өлкесіндегі мал басының 50% құрайды. Ал, 1917 жылы бұл көрсеткіш 7.568.511 болады [77, б. 108]. Яғни, мал басы бір жылдың ішінде 1.845.605 басқа кеміп кеткен.

Байқап отырғанымыздай, жергілікті тұрғындардың қолындағы қой, жылқы, түйе малдарының дамуы біркелкі болмаған, бір жылы аз ғана өсім берсе, кейінгі жылдары күрт кеміп кетіп отырған. Ал отырықшы тұрғындар өсіретін мүйізді ірі қара, есек, шошқа сияқты мал түрлері үнемі өсу үстінде болған. Жетісуда ең көп өсірілген мал қой болды. XX ғасырдың басына қарай мүйізді ірі қара қой мен жылқыдан кейінгі орынды иелене бастады.

Сурет 1. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы көшпелі және отырықшы шаруашылықтардағы мал басының өсу қарқыны (қойды есептемегенде)



XX ғасырға қарай отырықшылар ұстайтын мал түрлерінің өсе түсуі өңірге қоныс аударып келушілер санының арта түсуімен тығыз байланысты болды.

Жетісуда тұрақты қыстаулар салынып, шөп шабу ертеден қолға алынған болатын [145, б. 177]. Бірақ, Жетісуға келіп мал өсірумен айналыса бастаған шаруалардың малдың қыстық азығын алдын-ала дайындап қоятын тәжірибесі, әсіресе, жұт жылдарында көп малынан айырылған қазақтар тарапынан қызығушылық тудыра бастады. Малдың қыстық азығын даярлап қоюдың тиімділігін көрген олар шөп шабатын машиналарды көптеп сатып ала бастаған. Іле бойының қазақтары шөпті, егіндерін Мак-Кормик машинасымен шапқан [20, с. 290].

Жыл өткен сайын қазақтардың шаруашылығындағы малдың қыстық азық қорының көлемі арта түседі. Мысалы, 1900 жылы қазақтар 9.643.991 пұт пішен даярласа, ол көрсеткіш 1907 жылы 17.306.113; 1902 жылы 19.658.324; ал 1903 жылы 33.355.407 пұтқа жетті [77, б. 109]. Бұдан көретініміз, күн өткен сайын жайылымдық жерлері тарыла түскен қазақтардың өміріндегі ең басты мәселе – мал басын аман сақтау үшін оның жем-шөп қорын дайындау болған. Малдың қыстық азығын жинап алуға елдің бәрінің шамасы келе бермеген. Оны ұлы жүз қазақтарының арасында тараған «Патша болсам, мая жияр едім» [40, б. 234] деген мақалдан да аңғаруға болады.

Мал басының кеміп кетуіне оба, өкпенің жұқпалы қабынуы, аусыл, сібір жарасы, маңқа, тимпанит, құтыру сияқты көптеген жұқпалы мал аурулары [151, б. 45] мен жабайы жыртықш аңдардың шабуылы да әсер етті. Қасқырлар мен өзен жағалауларындағы қамыстардың арасын, тауды мекен ететін жолбарыстар қазақтардың малдарын, әсіресе, қойларын көп қырғынға ұшыратқан [149, с. 23]. Мысалы, 1900 жылы – 50043, 1901 жылы - 48019 бас мал жыртықш аңдарға жем болса [151, с. 9], 1906 жылы жыртықш аңдар шабуылынан 567 бас мал шығын болып, жұқпалы аурулардан 3906 бас мал қырғынға ұшыраған [153, с. 58]. 1908 жылы жыл бойы облыстың көшпелі халықтарының 1.239.563 бас малы әртүрлі жұқпалы аурулардан, жұттан, жыртықш аңдар шабуылынан және т.б. себептерден шығын болған. Бұл барлық малдың 19,9% болатын. Соның ішінде 46.352 бас малды жабайы аңдар өлтірсе, еш себепсіз (деректерде солай жазылған – Б.Л.) өлген мал саны 139.279 бас [154, с. 49] болған.

Облыс құрылған кезден бастап уездерде мал дәрігерлерінің штаттары ашылып, жұқпалы мал ауруларына қарсы шаралар жүзеге асырыла бастайды. 1899 жылы облыста 23 ветеринарлық дәрігер, 9 фельдшер және 39 жұқпалы мал ауруларына байланысты бақылаушы болған. Жұқпалы мал ауруларына қарсы шараларға уезд басшылары да тартылып, олар ауру белгілері байқала қалса, тез арада уезд аймағында төтенше шаралар ұйымдастыруға міндетті болды [77, б. 110]. Бірақ, көріп отырғанымыздай, мал басын аман алып қалуға бұның бәрі жеткіліксіз болды. Мал аурулары облыста XX ғасырдың басында (1906-1907 жж.) да асқынып тұрды [155, п.1-10]. Мал басының жұқпалы аурулардың салдарынан шығынға ұшырауы бұдан 10 жыл өткеннен кейін де тоқтамаған. Мал дәрігерлерінің 1917 жылы 8 ақпанда берген мәліметтерінде облыста жоғарыда аталған жұқпалы мал аурулары, әсіресе, Зайцев және Михайлов селоларында, Верный балалар үйінің ауылшаруашылық колониясында, Үлкен Алматы станицасында асқынып тұрғаны [156, с. 3] айтылады. Індеттің алдын алу жұмысына мал дәрігерлерінің санының аздығы, қажетті ветеринарлық құралдардың жеткіліксіздігі мен аурудың қаншалықты қауіпті екенін тұрғындардың жете түсінбеуі (немесе оларға жеткілікті түсіндірілмеуі) де үлкен кедергі болды. Соның салдарынан аурудан өлген және ауру белгісі байқалғандықтан өлтірілген мал саны емделгенінен әлдеқайда көп болған. Ал, оба ауруынан емделген малдар туралы мәліметтер кездесе бермейді.

Ресейдің зауыт-фабрикаларының негізгі шикізат көзі болып келген мал шаруашылығы І дүниежүзілік соғыс жылдарында орыс әскерін азық-түлікпен қамтамасыз етуге де қызмет етті. Қазақ даласынан Ресейге миллиондаған мал басы мен мал өнімдері әкетіліп жатты. Патша әскерлерінің мұқтаждығы үшін мал алу жөніндегі Ерекше кеңесте Жетісу жерінен 10.000 мүйізді ірі қара мен 500.000 қой алып кетуге болады делінген. Соның ішінде бір ғана Верный уезінен сойылатын мал саны 1.169.011 бас болған. Оның ішінде мүйізді ірі қарадан: тұқымдық малдар-403, жұмыс малы-19206, сауын сиыр-47928, сауылмайтын сиыр-32461, бұзау-30460; қой түрінен: меринос қой-11, құйрықты қой-864631; басқа тұқымдастар-22206, ешкі-144614, шошқа-7091 бас болған [157, п. 10, 16]. Ал осы аталған уезге қарайтын 16 болыстықтан тұратын албан

жұртынан 3000 бас ірі қара, 80.000 бас қой, 2000 таңдаулы ат, 144 киіз үй, 80.000 жұп байпақ, 500 киіз және 16 мың сом алған [108, б. 205].

Жетісу облысындағы мал басының азайып кетуіне патша үкіметінің салық саясаты да әсер етті. 1867-1868 жылдардан бастап барлық қазақ халқы салық төлеудің бірыңғай «түтін салығы» жүйесіне көшірілді. Салық көлемі 3 сом болды, ал 1886 және 1891 жылдардағы реформалардан кейін оның көлемі 4,5 сомға өсті. Қазақтар көптеген салықтар төлеуге міндеттелді. Ол: билет салығы, малдарын шекара желісі арқылы айдағаны үшін, жөндеу жұмыстары, пошта, т.б. Олардың көпшілігі XIX ғасырдың II жартысынан бастап «земство салығы» болып өзгертілді. [68, с. 227-228]. Мысалы, 1913-1915 жылдары бір жылға бекітілген земство салығы Орал облысында – 341 мың 386 сом; Торғайда – 375 мың 530 сом; Семейде – 356 мың 461 сом болса, Жетісу облысында – 454 мың 850 сом болған. Жетісу облысынан жиналатын 454 мың 850 сом ақшаның 342 мың 881 сомын қазақтар; 37 мың 240 сомын мұжықтар төлеген. Әр қазақтан 71 тиын, әр мұжықтан 8 тиыннан алған. Жетісу қазақтары үй басына 1 сом 17 тиыннан төлеген [41, б. 68-71]. Салықтардың бәрі мал арқылы төленіп, Жетісу облысының халқы экономикалық жағынан бұрынғыдан да қатты қанауға ұшырай бастады.

Облыс жері егіншілікке де қолайлы болғанымен жайылымдық жерлердің мол болуына байланысты мал шаруашылығы басым дамыған болатын. Бірақ күн санап қарқын алған миграциялық үдерістер жайылымдық жерлерді тарылтып, ежелден қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығының дамуына мүмкіндік бермеді. Сондықтан қазақтар өздерін күнделікті азық-түлікпен, басқа да тұрмыстық қажеттіліктермен қамтамасыз ету үшін егіншілікті дамытуға мәжбүр болды. Егіншілікке жарамды жерлер де қоныс аударушылардың иелігіне өтіп кеткендіктен өздерінің иеліктерінде қалған кішігірім өзендер мен бұлақтарды игеріп, бұрынғы арықтарды қайта жаңғыртты. Іле, Шу, Қаратал, Лепсі сияқты басты өзендерден жаңа арықтар тартты [150, с. 2]. Бірақ, көпшілігінің егіншілік құрал-саймандарын алуға қолдары жетпеді. Аты барының соқасы, соқасы барының аты болмады. Бір-бірімен жалғасып, ортақтасып салған егіндерінен түсетін өнім, күнделікті тұтынатын тұрмыстық қажеттіліктерін өтей алмады. Оған қоса салық төлеуі тиіс болды. Сондықтан не малы, не дайын ақшасы жоқ халық несиеге кіріп, байлардың алдында қарызға бата берді. Жаздан күзге дейін деп 1 сомына 50 тиыннан өсім төлеуге келісті. Ақырында, күзде егіннен тапқан пайдасы қарызын өтеуге жетпей, қолындағы жалғыз сиыры мен атынан айырылып, тақыр кедейге айналды. Одан әрі, байлар мен казак-орыстарға жалданып, жалшылықпен күн кешті [158, б. 185-187].

Осы кезде патша үкіметінің отарлық саясат жүргізіп отырғанына көзі жеткен Жетісудың ел қамын ойлаған көзі ашық, сауатты би-болыстары қарамағындағы ауыл жерлерінің қоныс аударушылар қорына өтіп кетпеуі үшін аянбай еңбек етті. Мысалы, Верный уезінің Алматы болыстығының болысы Жайнақ Қараталов, Үлкен Алматы болыстығында 1886-1912 жылдары бірнеше мәрте болыс басқарушысы және би болған ағайынды Ыдырыс және Хұснидин Сәдібековтер, осы болыстықта 21 жыл бойы би болған Дүйсебай қажы Шоманақұлы және т.б. азаматтар патша әкімшілігіне қызмет еткенмен, ел

бірлігін биік қойып, халықтың заман ағымынан қалмай өмір сүруіне мүдделі болады. Олар ауыл тұрғындарын ата қоныстарынан айырылып қалмау үшін үй салуға, малшаруашылығымен бірге егіншілік және бақша шаруашылығымен айналысуға, ауыл маңын суландырып, тал отырғызуға жұмылдырады. Өз ақшаларына тоған қазып, диірмен орнатты. Сөйтіп, шаруаларды Жетісу жеріне жаппай қоныстандыру науқаны кезінде өз руластарының жерін «жер қорына» өтіп кетуден сақтап қалған [89, б. 164-202].

1909 жылы Верныйда ауыл шаруашылығының I Құрылтайы шақырылып, оған облыстың барлық уездерінің қазақ болыстықтарынан өкілдер қатысқан. Олар 1910 жылдан бастап өздерін орыс қоныс аударушыларымен тең дәрежеде отырықшылыққа көшіруді сұрап, Әскери губернатордың атына ұжымдық өтініш білдіреді. Осыны пайдаланған Жетісу көші-қон басқармасы қазақтарды жерге орналастыру мәселесімен шұғыл айналысып, тәжірибе ретінде бірнеше болыстықты жаппай отырықшылыққа көшіре бастайды. Оның астарында қазақтардың жеке топтарын отырықшыландыру арқылы болашақта олардың ауылдарын орыс болыстықтарына қосып жіберу жоспарлана бастады [23, с. 9].

Жетісу халқы ертеден мерзімді жартылай көшпелі, жартылай отырықшы өмір салтын ұстанып келген. Оған өңірдің жер бедері мен климатының тіршілік үшін қолайлылығы, аймақтың тарихи-географиялық орналасуы да ықпал етті. Жетісу жерінде егіншіліктің дамуына көршілес отырықшы елдер де ықпал етіп, егіншілік мәдениеті ежелден жартылай көшпелі мал шаруашылығымен бірге дамыды [69, с. 21].

Бұл өңір халқы ертеден егіншіліктің суармалы әдісімен бірге суармалы емес (богарлы) түрін де меңгерген. Мысалы, тау етектеріндегі қара топырақты құнарлы жерлерде, сонымен бірге Іле, Қаратал өзендерінің төменгі ағысындағы өзен суы тасығаннан кейінгі ылғалды жерлер мен қар, жауын сулары жиналып қалатын ойпаң жерлерде егіншіліктің суармалы емес түрі дамытылды [74, с.18-19]. Қазақтар ерте кезден бері тары, бидай егумен айналысқан. Көшпенді халықтың негізгі сусындарының бірі бидай көже, тары көже, аты айтып тұрғандай тарыдан, бидайдан дайындалады. Бұл туралы деректерде «қазақтар егіншілікпен өздеріне сұйық ботқа тәрізді сусын дайындау үшін айналысады» [159, п. 1]-деп көрсетеді.

Қазақтардың жер өңдеу әдісі де, соқалары да өте қарапайым болды. Қисық ағаштың төменгі жағына шойыннан темір орнатып, жоғарғы жағына ұстап жүру үшін тұтқа бекітті. Ағаштың өзін ұзын ағашқа бекіткен. Ол екі өгізге жегіліп, өгіздерді алдында бір адам сүйрелеп, жанында екі адам қуалап, соңындағы адам соқаның тұтқасынан ұстап (ырғап-ырғап) жүретін болған. Жер оңай жыртылу үшін алдымен жерді суландырып, содан кейін тұқым сепкен. Одан кейін оны ерсілі-қарсылы тырмалауға көшкен. Егін егіп болған қазақтар егістік алқабын суарып тұратын арнайы адамдар қалдырып, өздері жайлауға көшіп кетеді. Күзде егін пісе бастағанда келіп, өнімді жинап алып кетеді. Егінді орақпен, шалғымен орып алып, жиналған егінді өгізге таптату арқылы ұнтақтайды. Қазақтардың жер өңдеу, егін егу әдісі қаншалықты қарабайыр болғанымен өнімді жақсы алды. Жерді кетпенмен өңдеген [159, п. 3].

Казактар жерді сібір соқасын атқа жегіп, ал шаруалар малоресей соқасын өгізге жегіп өңдеді [150, п. 3-4].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақтар мен қырғыздар егіншілікпен бұрынғыдан гөрі көбірек айналысып, олардың егістігінің көлемі де жылдан жылға артып отырды. О.А.Шкапскийдің көрсетуі бойынша Жетісудың қырғыздары мен қазақтары 1882 жылы 65.452 четь жерге егін ексе, ол көрсеткіш 1902 жылы 233.514 четь болған. Ол Жетісу облыстық әкімшілігінің жергілікті халықтар егіншілікпен тек жұт жылдарынан кейін, шаруашылығына келген шығынның орнын толтырып алу үшін ғана айналысады деген пікірін жоққа шығарады. 1898-1902 жылдар аралығындағы егілген дәнді-дақылдарының көлемі жөніндегі мәлімет төмендегідей:

1898 жылы - 153.713 десятина, 8,8%;

1899 жылы - 167.297 десятина, 8,8%;

1900 жылы - 183.866 десятина, 9,9%;

1901 жылы - 206.043 десятина, 12,1%;

1902 жылы - 215.783 десятина, 5,7%. Соңғы жылы сонымен бірге 16327 десятина жерге майлы дақылдар мен малға азықтық жем-шөп түрлері егілген. 1902 жылы барлығы 232110 десятина жерге егін еккен [28, с. 29-31].

Бұл ақпараттардан жергілікті халықтың егіншілік мәдениетімен етене таныс екенін және ата қоныстарынан, малынан айырылған халықтың тіршілік үшін амалсыз егіншілікке бұрынғыға қарағанда көбірек бетбұра бастағанын аңғарамыз. Сонымен бірге жергілікті халыққа егін егуді орыстар үйретті деген пікірдің шындықтан алшақ екеніне де көз жеткізе түсеміз.

Жетісу жерінде егіншілік мәдениеті орыстар келместен көп бұрын дамыған. Мысалы, қытай деректерінде 1219 жылы қытай министрі Е-люй-чу-цай Шыңғысханмен еріп, ал 1221 жылы Даос монахы Чань-Чунь Шыңғысханның шақыруымен батыс Азияға келген кездерінде Іле және Шу өзендерінің бойы бау-бақшалы мекендерге толы болғаны, халқының егіншілікпен айналысатыны туралы айтылады [32, с. 2]. Бұл жерде айтылып отырған Іле және Шу өзендері Жетісу облысының Верный уезінің жерінде орналасқан. Яғни, өңір халқына егіншілік кәсібі таңсық емес, ежелден мал шаруашылығымен бірге егіншілікті де қатар алып жүргенін аңғаруға болады. Біздің бұл ойымызды XIX ғасырдың II жартысындағы мұрағат деректері де бекіте түседі: «қырғыздар негізінен көшпелі халық, басты кәсібі малшаруашылығы. Бірақ, көшпелі халық бола тұра, сонымен бір мезгілде жер өңдеумен де айналысады. Егіншілікпен айналысуға мүмкіндік туа қалса, қырғыз бір мезгілде әрі малшы, әрі егінші» [159, п. 1] - дейді.

XX ғасырдың басында Верный уезі қазақтарының шаруашылығында егіншіліктің рөлі зор болып, егін егуде Лепсі, Қапал, Жаркент уездерінің қазақ шаруашылықтарымен салыстырғанда көш ілгері тұрған [32, с. 187-189].

Жетісу облысы қоныстандыру ісінің меңгерушісі С.Н.Велецкийдің өзі жоғарыға берген Есебінде: «Шу алқабында және Іле бойында арықтар өте көп, оларды тұрғындар егіншілік жұмыстары үшін пайдаланып отыр. Ол арықтар өлкеге орыстар келгенге дейін көп уақыт бұрын болған. Облыстағы орыстардың мекендері және барлық егістік алқаптары осы ескі суландыру

жүйесінің бойында орналасқан, ол арықтар бұрын қазақтардың меншігінде болған» [135, п. 139]-деп мәлімдейді.

А.Н.Краснов Қамау бойының қазақтарының ешқандай тыңайтқыш қолданбай-ақ, құрғақшылыққа қарамай, жасанды суландыру жүйесі арқылы бірнеше жыл қатарынан мол өнім алып отырғанын көрген [21, с. 10]. Бұдан көретініміз: біріншіден, қоныс аудару мекемесінің бастығы қазақтардың меншігіндегі жерлердің қоныс аударушылардың пайдасы үшін тартып алынғанын; екіншіден, егіншілік мәдениетінің қазақтарға таңсық болмағанын ашық айтады.

Жетісу қазақтарының егіншілікпен бұрыннан айналысатынын орыс саяхатшысы, ғалым А.М.Никольский де айтады. Ол: «Іле бойындағы, әсіресе Қамау және Қаратал өзенінің төменгі жағындағы қырғыздар (қазақтар-Б.Л.) жыл бойы бір жерде отырады, жазда егіншілікпен айналысады. Лепсі өзенінің бойындағы ескі арық іздеріне қарап, бұрын егінші тұрғындар тұрғанын түсінуге болады. Соңғы кезде өзен суларының тартылып кеткені байқалуда, сондықтан өзеннен арық тартып, одан су шығару мүмкін болмағандықтан қазақтар осы Лепсі бойы және Іленің төменгі жағы сияқты көптеген егістік жерлерін тастап кетуге мәжбүр болған. Қамау тұрғындары бидай, тары, қарбыз, қауын егеді. Егістік арықтар арқылы және шығыр арқылы суарылады» [17, с. 80] - дейді.

Румянцев экспедициясының материалдары Лепсі және Қапал уезінің қазақтары да егіншілікпен Жетісуға орыстар келместен көп уақыт бұрын айналысқанын көрсетеді [32, с. 187]. Бұл өңір қазақтары егіншілікті мал шаруашылығымен қатар алып жүрген. Мысалы, Лепсі уезі қазақтарының 76,31% бір мезгілде әрі мал шаруашылығымен, әрі егіншілікпен айналысқан, 22,62% тек мал шаруашылығын кәсіп етсе, қалған 0,32% малы жоқ таза егіншілер, 0,75% не малы жоқ, не егіні жоқ қазақтар болған [29, с. 294]. Бұл көрсеткіш Қапал уезінің қазақтарында: 80,96% мал шаруашылығымен және егіншілікпен қатар айналысқан; 17,67% таза мал шаруашылығымен; 0,57% малы жоқ егіншілер, ал 0,80% не малы, не егіні жоқтар [30, с.144] болған.

Орыс шаруалары қазақ жеріне қоныс аударған XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Ресейдің ауылшаруашылығы терең дағдарыс жағдайында тұрды. Ауылшаруашылық техникаларының нашарлығына және мал аз болғандықтан тыңайтқыштың жетіспеуіне байланысты егіншіліктің даму деңгейі төмен болған. Егіннің өнім беруі көктемде жауын-шашынның қаншалықты жауатынына байланысты (себебі, егіншіліктің суармалы емес түрі дамытылды-Б.Л.) еді. Ауылшаруашылығы табиғи жағдайларға тәуелді болды. Қосымша азық-түлік қоры болмағандықтан, ел құрғақшылық жылдары шығынға батып қана қоймай, аштыққа да ұшырап отырған [160, с. 26]. Осындай агротехникасы нашар, жер өңдеу жүйесі жетілмеген елдің және оның шаруаларының Жетісу жеріне келіп егіншілікті дамытып жіберуі екіталай еді. Оның үстіне қоныс аударушылардың Жетісудың табиғаты, бұл жердегі халықтың шаруашылық жүргізу әдісі туралы хабары да жоқ еді.

XX ғасырдың басында Жетісу қонысаудару басқармасының бастығы Түркістан генерал-губернаторына берген Есебінде: «Жетісу жеріндегі аз мөлшердегі құмды дала мен өзен-көлдерді айтпағанда барлық жер егіншілікке

толық жарамды, егіншілікке жарамсыз жер мүлдем жоқ. Бірақ, қазіргі таңда Жетісуды тек қана орыс шаруалары арқылы отарлауға, оның үстіне жерді олардың иелігіне, әсіресе қауымдасып пайдалануы үшін, мәңгілікке бере салуға болмайды. Өйткені, олардың әзірге жасанды суландыру әдісімен жұмыс істеу тәжірибелері жоқ. Жергілікті табиғи жағдайда өсірілетін күріш дақылы туралы тіпті естіген де емес. Сондықтан олар егіншілікпен айналысып кете қоймайды» [135, п. 16]-деп көрсетеді.

Жетісу облысының бірінші губернаторы Г.А.Колпаковский де Түркістан генерал-губернаторына берген Есебінде Жетісуға үйсіз, күмәнді мінез-құлықты шаруалардың қоныс аударылып жатқанын, олардың өз күштеріне емес, үкіметтен берілетін көмек ақшаға, қырғыздардың (қазақтардың -Б.Л.) дайын егістіктері мен арықтарына сеніп келіп жатқанын айтады [15, с. 97]. Бұл мәліметтер, біріншіден, Жетісу қазақтарының өлкеге орыстар келмей тұрып та егіншілікпен айналысқанын дәлелдесе; екіншіден, қоныс аударушылардың бұл жерге келіп егіншілікпен айналысуға дайын болмағанын көрсетеді.

Үкімет қоныс аударушыларға жан басына шаққанда 30 десятинадан (15 десятина егіншілік жүргізуге дайын жерлер, қосымша тағы 15 десятина), ал пошта жолдарына жақын орналасқандарға 45 десятинадан (30 десятина егіншілік жүргізуге дайын жерлер, қосымша тағы 15 десятина) жер берді. Сондай-ақ, салық төлеуде жеңілдік берілді: 15 жылға және пошта жолдарының бойында орналасқандары 25 жылға салықтан босатылды. Соған қарамастан шаруалардың көпшілігі жасанды суландыру әдісін білмегендіктен өздеріне бөлінген жерлерді тастап, кері қарай қайтып кеткен. О.А.Шкапскийдің айтуынша: олардың көпшілігі облыста бір уезден екіншісіне көшіп жүріп қыстап шыққан. Қоныс аударған шаруаларды қалайда бөлінген аймақтарда ұстап қалу үшін 1873 жылдан бастап әр отбасыға 10 жылдық мерзімге 150 сомнан несие беріле бастады. Ал 1874 жылдан бастап аштық, жұт, ауру т.б. жағдайларға байланысты қайтарымсыз ақшалай көмектер беріле бастады (аталған жағдайлар Жетісу жерінде орын алып жатса да мұндай көмектерден қазақ және қырғыз халқы тысқары қалды-Б.Л.). Оған қоса жан басына берілген бұрынғы 30 десятина жер көлемі азайтылып, 17 десятина, кейін 10 десятинаға түсірілді [120, п. 104-116].

Қоныс аударушыларға үкіметтен үй-жай, шаруашылық үшін 1910 жылға дейін 80.961 сом 48 тиын берілсе, 1910 жылы 156.232 сом 41 тиын, 1911 жылы 236.880 сом 96 тиын берілген [138, п. 20].

Үкіметтен көмек беріліп жатқанына қарамастан, қоныс аударушылардың көпшілігі өздеріне берілген жер телімдерін күтіп-баптауға ниеттенбеді. Жетісудың табиғи жағдайына қарай егіншілікпен айналысуға әрекеттенбеді. Оның орнына жерді қазақтарға мал жайылымы үшін немесе дүнгендерге күріш өсіруге бірнеше жылға жалға беріп қойды. Мысалы, Шу өңірінде жерді қазақтарға жалға бергені үшін үш жылға 400 сом алған [28, с. 59].

XX ғасыр басында ұйғырлар мен дүнгендер әрбір десятина жерден орта есеппен 75 сом 40 тиыннан пайда тауып жатқан кезде, орыс шаруаларының пайдасы әрбір десятинадан 19 сом 29 тиыннан аспады. Ал, казактар өздеріне берілген жердің 15% ғана игеріп, қалған бөлігін қазақтарға жалға беріп қойды

немесе мүлдем қараусыз қалдырды [75, б. 152-153]. Үкімет казактарға барынша көмек берді. Ұлдарын 16 жасқа толысымен әскерге алып, тегін жер телімін берді. Ол жерлерді өздері өмір бойына пайдаланып, кейін мұраға қалдыра алды. Сөйте тұрса да жерді өңдеп пайда табудың орнына, оны жалға беріп, соған қанағаттанды. Өздері тұрып жатқан аймақтың орманын отап, табиғатқа зиян келтірді. Ол өз кезегінде жердің құнарлылығын төмендетіп, одан түсетін өнім көлемінің кемуіне әсер етті [77, б. 121].

1867-1917 жылдар аралығында егіншілікке түпкілікті көшкен негізінен көшерге малы жоқ кедейлер болды. Байлар әлі де жаз шығысымен бұрынғыдай жайлауға көшіп кететін. Ал күзде егін піскен кезде жайлаудан түсіп, егінші халықтан қыста тұтыну үшін астық сатып алатын. Оған төмендегі жетісулық ақын Бақтыбай Жолбарысұлы (1835-1903) мен Жалайыр ішіндегі Құтым болыстың тоқалы Кербикенің айтысынан да көз жеткізуімізге болады:

Кербике:

Бақтыбай қайдан келдің ешкінді айдап,

Ойда жатқан жатақсың сорың қайнап.

Біз болсақ көк жайлауға көшіп барып,

Қымыз ішіп жатырмыз, бие байлап.

Қуа берген ауылыңа ешкінді айдап,

Сиырыңды мінбейсің ашамайлап.

Мандайыңда бағың жоқ сорлысың ғой,

Біздер құсап жүрмейсің гүл-гүл жайнап.

Бақтыбай:

Сен барасың жайлауға малыңды айдап,

Қымыз ішіп келерсің гүл-гүл жайнап.

Күздігүні болғанда Шұбарға кеп,

Бидай сұрап жүрерсің тілің шайнап [112, б. 204-205].

Жергілікті халықтың қоныс аударушылармен және әкімшілікпен арасында жер дауына қатысты қақтығыстар жиі орын алып, ол уақыт өткен сайын ушыға түсті. Бірақ патша үкіметі қалыптастырған жарты ғасырға созылған төтенше жағдайда да халық қалыпты өмір сүруге ұмтылды. Уақыт өте келе бір аймақта тұрып жатқан тұрғындар арасында биліктің ықпалынан тыс күнделікті өмір тудырған қалыпты қарым-қатынас орнай бастады. Күнделікті тіршілік барысында жергілікті тұрғындар мен қоныс аударушылар арасында өзара тығыз шаруашылық және тұрмыстық байланыстар қалыптасты. Жетісудың кейбір жерлерінде бай қоныс аударушы шаруалар егістік жұмыстары үшін қазақтардың көмегіне жүгінуге мәжбүр болған. Мысалы, Гавриловка селосы шаруаларының көпшілігінің егістігінде 2-3 көмекші қазақ еңбекшілері болған. Олардың әрқайсысына киім мен тамақтан бөлек жылына 30-40 сом ақша төлеген. Қазақтар егін суару жұмыстарын атқарды. Шаруалар жер жырту, егін егу жұмыстарымен өздері айналысып, егістік алқабының суарылуын да өздері бақылады. Егіннің жеткілікті суарылғанын анықтау әдісі өте қарапайым болды. Егер аяғы жерге аршынның төрттен біріндей болып кірсе, онда егін жақсы суарылған деп есептелінді. Кей жерлерде егіншілікке көшкен қазақтар да өз жерлерінің 10-15 десятинасын шаруаларға жалға беріп отырған. Жалдау ақысы

заттай төленді. Шаруалар оның 1 десятинасына жалға беруші қазаққа арнап егін салады және оған шалбар, көйлек, 1 пұт астық немесе 1 пұт ұн, шай, бірнеше қалаш нан берген. Жерді жалға беруші қазақ егінді өзі суарды және шаруаның егістігін бақылап отырды. Кейін келе жалдау құны қымбаттап, енді жалға берілетін жер көлемі 10-15 десятина емес, 8 десятинаға түсті. Көшпелі қазақтар да жерлерін шаруаларға жалға берді. Бірақ ақысы ақшалай алынды. Бір десятина жерді 1 сом - 1 сом 20 тиын ақшаға жалдады. Қазақтардан жерді жалға алған шаруалар арықты өздері қазуы тиіс болды [28, с. 61-63].

Тараншылардың малы аз болғандықтан суарып қойған жерлерін жыртуға малы болмай, оны жалға беріп қойды немесе жер жыртуға малын берген қазақпен түскен өнімді бөлісіп отырды [148, с. 24].

Облыста егін көлемі жылдан жылға ұлғайып, облыс халқын ғана емес, іргелес Семей және Ақмола облыстарының кейбір уездерін де астықпен қамтамасыз етіп отырған. Мысалы: 1871 жылы 74.740 четверть егін егілсе, бұл көрсеткіш 1878 жылы - 98.840; 1882 жылы -149.114; 1883 жылы-181.758; 1884 жылы -188.451; 1885 жылы - 196.898; 1886 жылы -202.221 четь болған. 1887 жылы облыста егін көлемі азайған [150, с. 3]. Себебі, дайын өнімді одан әрі тасымалдауға мүмкіндік болмай түскен өнім артық қалып, ол оның өзіндік құнының төмендеуіне алып келді. Бір пұты 10-20 тиынға бағаланған бидайды сатып алушылар табылмады. Өнім құнының арзан бағалануы егіншілікпен жаппай айналысуға деген тұрғындардың қызығушылығын тежеді [161, с. 23].

Облыстың көшпенді халқының жайылымдық жерлерінің азайып, мал санының кемуі оларды басы артық жерлерінің жоқтығына қарамастан, иелік етіп отырған егістік аймақтарын күшейтуге мәжбүрледі. Бұрын тары мен бидай ғана еккен қазақтар енді бидай, тары, сұлы, арпа еге бастады. Орыстар көбіне жаздық бидай, жаздық қарабидай, солтүстік уездерде аздаған күздік бидай, арпа, сұлы екті. Құлжадан қоныс аударған тараншылар, дүнгендер күріш, жүгері, күнжіт, зығыр, қыша өсірді [150, с. 4].

Облыстағы егін шаруашылығы құрғақшылық, қыстың ерте түсуі, көктемнің кеш шығуы, маусымдық жауын-шашын сияқты табиғат құбылыстарының алдында дәрменсіз еді. Мысалы, құрғақшылық салдарынан 1893 жылы Верный уезінде егіннің түсімі 1892 жылмен салыстырғанда аз болған. 1892 жылы 82.464 пұт астық себіліп, одан 778.149 пұт өнім жиналған болса, 1893 жылы 125. 940 пұт дән себілгенмен одан 633,050 пұт қана өнім алынған [149, с. 8-9]. Ал, 1906 жылы қыстың ұзаққа созылып кетуі жаздық және күздік бидайлардың мезгілімен себілуіне кедергі келтіреді. Осы жылы Қапал, Жаркент уездерінде тары, арпа, сұлы, жүгері алқаптарының да көлемі кеміп кеткен [153, с. 45]. Дегенмен, аталған қиындықтар мен кедергілерге қарамастан Ресейден ауылшаруашылық өнімдеріне деген сұраныстың артуына байланысты жергілікті билік облыс көлемінде егіншілікті барынша дамытып, мол өнім алуға, оның тауарлық мәнін арттыруға күш салды. Егін көлемі мен себілетін тұқым түрлері көбейді. Зығыр, кендір (қарасора), көкнәр, күнбағыс, жоңышқа (беде), т.б. техникалық және малдың азықтық дақылдары өсіріле бастады [149, с. 9].

Тауар-ақша қатынастарының дамуы облыс экономикасына ауылшаруашылық машиналары мен құрал-саймандарын кеңінен тартуға себеп болды. Тұрмысқа сүймен, қайла, темір күректер, орақ, сияқты т.б. жаңа шаруашылық құралдары енді. Астық бұрын шұңқырларда сақталса, енді кірпіштен салынған қамбаларда сақтала бастады. Бұрын қол диірменін пайдаланған қазақтар мен қырғыздар егін көлемінің өсуіне байланысты орыс диірменін қолдана бастады [54, с. 211-212].

1901 жылдың соңына қарай Верныйда ауылшаруашылық машиналары, құрал-жабдықтар және тұқым қоймасы ашылды [77, б.109]. Ауылшаруашылық қоймасының ашылуы Жетісу облысына ауылшаруашылық машиналарын өндіретін әртүрлі фирмалардың келуіне жол ашты. 1906 жылы Түркістан өлкесіне Батыс елдерінің енуіне рұқсат етілді [73, с. 13].

Жаңа ауылшаруашылық техникалары мен құрал-саймандарының көбеюі егінші тұрғындарды бұрынғыдан бетер қиындыққа тап қылды. Бұрын өздері үйренген соқамен ғана жер жыртып, егін еккен тұрғындар енді әртүрлі соқалардың қайсысын таңдарын білмеді. Қоймаларды ұзақ аралап жүріп, ұнаған тауарын алуға жүрексінетін. «Егер оны сатып алсам, менің жерімді жыртуға жарай ма? Жарамай қалса, ауыстырып бере ма?» – деген күдік басым болатын. Жергілікті сауда ғұрпына сай әр көпестің басқаларына қарағанда өзінің тауарының сапалы екендігін айтып, тек өз тауарын ғана мақтауы олардың күдігін ұлғайта түсетін. Сондай-ақ жаңа техниканы сатып ала қалған жағдайда, онымен қалай жұмыс істеуді де білмеді [24, с. 2].

Капиталистік қатынастардың енуіне байланысты ауылшаруашылығы өнімдерінің тауарлық мәні артып, қосалқы кәсіп түрлері қолға алына бастады. Бұрын малшаруашылығымен, егіншілікпен айналысқан облыс тұрғындары енді бау-бақша, темекі өсіру, омарташылық сияқты қосалқы шаруашылық түрлерімен де айналыса бастады. Оған Жетісудың табиғаты мен ауа-райының ерекшелігі де қолайлы болды.

Қытайдан қоныс аударған отырықшы тұрғындар бау-бақша саласын дамытуға үлес қосты. Ұйғырлар жүзім және Жетісу жеріне таңсық редис, қызыл бұрыш, баклажан, сарымсақ, бұршақ сияқты көкөніс түрлерін өсірсе [162, с. 179], дүнгендер ауылшаруашылық саласын тараншылардан да жетік меңгерген болып шықты, олардың шаруашылығы орыстардан да жоғары тұрды. Бау-бақша, әсіресе жүзім өсіруден оларға ауылшаруашылығы мамандары ғана тең келді. Мамандар дүнгендерге көкөністі жылыжайларда өсіріп алу әдісін үйретті [135, п. 206].

Бау-бақша шаруашылығы ауа-райы қолайлы Верный, Жаркент, Пішпек уездерінде жақсы дамытылды. Аталған уезд тұрғындары қырыққабат, қияр, қауын, қарбыз, қызылша, сәбіз, картоп, шомыр, жуа, сарымсақ, аскөк, қызанақ, кәді, бұрыш, салат жапырақтарын, спаржа т.б. өсірді. Бағбаншылықпен село тұрғындары, сонымен бірге базарға жақын болғандықтан қала маңындағы тұрғындар да айналысты.

Қарбыз бен қауын Лепсі және Қапал уездерінде, Сарқанда өсірілді. Әсіресе, Лепсі уезінің Ивановск (Хатынсу) және Захаровск селоларында кеңінен өсіріліп, Қытайдың Шәуешек қаласына тасымалданды.

Қазақтар бақ өсірмеді, негізінен бақша шаруашылығына қызығып, қарбыз және қауын өсірді. Орыстар тараншылар мен дүнгендер өсірмейтін көкөніс түрлерін ғана өсірді. Бау-бақша өнімдерінің бағасы арзан болғандықтан, шалқам, шомыр, сәбіз, жуа сияқты көкөністерді дүнгендерден арзанға сатып алғанды пайдалы көрді. Мысалы, Охотничьи, Шонжы, Подгорный селоларының казактары Жаркент уезінің Кетмен болысының тараншыларының өнімін сатып алып отырған. Шаруалар мен казактар негізінен өздері тұтыну үшін қарбыз, қауын, қияр, қырыққабат, картоп өсірді, ал өздерінен артылған өнімді жақын маңдағы базарға шығарып сатты.

Күзде Верный базарында картоптың бір шелегі 5 тиын, бір шелек сәбіз 15-18 тиын, бір шелек қызанақ 8-10 тиын, жүз шақты қырыққабат 1 сом 30 тиын - 2 сом, қырыққабаттың бір түйірі 5-10 тиын болды. Көктемге қарай көкөніс бағасы аздап көтерілді. Жеміс-жидек облыстың барлық уездерінде өсірілді. Әсіресе, ірі базарларға жақын аймақтарда көп болды. Жаркент және Верный уездері жүзім шаруашылығымен айналысты [151, с. 11-14]. Верный уезімен бірге Верный қаласының өзінде жоғары сапалы жемістер беретін бақтар өте көп болған. Табиғатының қолайлылығына қарамастан облыс билеушілері ауылшаруашылығының осы саласын барынша дамытып, жан-жақты жетілдіруге мүдделі болмады. Облыста оны өңдейтін өнеркәсіп дамытылмады. Сонымен қатар бұл саланың дамуына бау-бақша зиянкестері де көп кедергі келтіріп отырған. Мысалы, Верный мен Зайцев селосының алма ағаштарына құрт түсіп, уезд басшылары мен олардың иелерін біраз әуреге түсірген [163, с. 9-11].

Қосалқы шаруашылықтың келесі бір түрі темекі өсірумен Жетісу облысының сарттары, ішінара қазақтары да бұл жерге орыстар келмей тұрып айналысқан. Бұрын темекінің төменгі сұрыптары өсірілсе, 1864 жылдан бастап сапалы темекі өсіріле бастады. 1867 жылы верныйлық саудагер В.П.Кузнецов Верный төңірегіндегі 7 десятинаға жуық жерге темекінің американдық, түріктік тұқымдарын екті. 1870 жылғы «бүкілресейлік мануфактура өнімдерінің көрмесінде» Жетісу темекісі жақсы сапасы үшін марапатқа ие болды. Бірақ, Жетісудағы темекі өндірісі өте қиын жүрді. Сұрыптау, жапырағын жұлу, жинау барлығы қолмен жасалынды. Сатуға да сол күйінде жөнелтілді [164, с. 43].

Жетісу табиғаты бал араларын өсіруге де өте қолайлы болды. Сондықтан облыс билеушілері омарташылықты дамытуға ерекше құштарлық танытты. XIX ғасырдың аяғында омарташылықпен орыстар, дүнгендер және ішінара қазақтар айналысқан [148, с. 28]. Бірақ жергілікті әкімшілік бұл кәсіпке негізінен қонысаударушыларды баулуға тырысады. Бұл кәсіптің техникасын дұрыс үйретпегендіктен айтарлықтай нәтиже болған жоқ [165, с. 11-13]. Оның үстіне балдың құнының арзан бағалануы да (1 пұты 18-22 сом арасында) омарташылықтың дамуын тежеді [154, с. 56].

Жетісу облысының табиғаты егін және бау-бақша шаруашылығына қолайлы болғанына қарамастан агрономиялық жұмыстардың нашар жүргізілуі бұл саланың дамуына кедергі келтірді. Соның салдарынан зиянды жәндіктердің түрі көбейіп, тұрғындардың еңбегі зая кетіп отырды. Осы кездегі Жетісу егіншілеріне шегіртке көп зиян келтірген. Оның көбейіп кетуі аймақ

билеушілерін де әбігерге түсіріп отырған. Жетісу облысының әскери губернаторы облыс аймағында шегірткелерді жою шаралары туралы арнайы қаулы шығарып, егістік зиянкестерімен бүкіл халық болып күресуге үндейді. Шегірткемен күреске бүкіл тұрғындар атсалысты.

Халық шегірткелерді жаяу да, атпен жүріп те аулаған. Жаяу жүріп аулаған кезде кешкі сағат 8 шамасында олардың түнде жиналатын жерін көріп, белгілеп алады. Сосын сол маңнан таңғы сағат 5 шамасында тереңдігі 1 аршын, ені $\frac{3}{4}$ аршын, ұзындығы 10-15 саженнен кем емес ор қазып дайындап қояды. Одан кейін күн қызып кетпей тұрып шегірткелерді жартылай қоршап алып, асықпай сыпырғышпен орға қарай қуалай бастаған. Жәндіктер қоршаудан шығып кетпеуі үшін оны аулаушылардың бәрі бірдей бір мезгілде жылжып отырулары керек болған. Егер орға қарай қалың шөптің үстімен айдау керек болса, онда орға бағытталған бірнеше жол қазу керек болған. Орға айдап алып әкелінген шегірткелерді аяқпен таптап, күрек, кетпенмен ұрып өлтірген. Ордан шығып кеткендерін сыпырғышпен қайта сыпырып түсіріп, ақырында, орды өз құмымен көміп тастаған. Жер тегіс болмаса, онда шегірткені жылқыларға таптатқан. Ол үшін бірнеше ондаған аттылы адамдар шегіртке жиналған жерді қоршап, біртіндеп асықпай қоршауды тарылта түседі. Шегірткелердің ортаға жиналғанын күтіп тұрады да, одан кейін ортаға жылқылар табынын жібереді. Оларды, әсіресе, күзде жұмыртқа саларда жылқылар арқылы өлтіру оңай болды, себебі ол кезде шегірткелердің жүрісі ауыр, өздері әлсіз болатын. Шегіртке аулаушыларға, әсіресе оларды Іле өзенінің бойындағы қамыстардың арасынан аулау қиындық туғызатын [166, с. 66]. Шегіртке аулау жұмыстары облыс тұрғындарының егін науқаны кезіндегі күнделікті өмірінің бір көрінісі, әрі аса маңызды міндеті еді.

Егістік зиянкестері облыстың барлық дерлік уездерінде кездескен. Мысалы, 1901 жылы Верный, Пішпек уездерінің жерінде пайда болып, аз уақыт ішінде Ақбастау, Көкбастау, Жыңғылды, Қопалы деген жерлердегі жайылымдық шөптерді түгел жойып жіберген. Бұл жолы зиянды жәндіктермен күреске Түркістан генерал-губернаторлығы тікелей араласып, облыс басшыларына өздері басқаратын аймақтарда шегірткенің бар-жоғы туралы жедел мәлімдеме беруін тапсырады. Верный уезінің Төменгі Іле болыстығының бастығы М.Қасабеков шегірткені жою үшін қолданылып жатқан шаралардың ешқайсысы нәтиже бермегенін айтып, оны жоюдың жаңа әдісі мен құралдары қажет деп мәлімдейді. Жергілікті билік шегірткені толық жою үшін көктем шығысымен жер кеуіп кетпей тұрып ол жерлерге қазақтардың сиырлары мен түйелерін, жылқыларын жаю керек деп ұйғарады [167, п. 3-16].

1917 жылы егістіктің зиянды жәндіктерін жою үшін Түркістан генерал-губернаторының кеңесі 1 000 000 сом бөлген. 70 000 сомға улағыш заттар сатып алынған. Шегірткелер орасан зор алқапқа (100 000 десятина) жұмыртқа салып кеткендіктен оларды жою үшін әскер қатарына шақырылғандар мен әскери тұтқындарды да жұмылдыру мәселесі көтеріледі [168, с. 2].

Бірақ бұл шаралардың бәрі күткендегідей нәтиже бере бермеген. Бұл туралы Жетісу қонысаудару басқармасының меңгерушісі С.Н.Велецкий облыстағы қонысаудару ұйымдарының жұмысы жөніндегі Есебінде: «...егістік

зиянкестеріне қарсы ешқандай шара қолданылмайды. Жетісу егіншілерінің және бағбандарының бар үміті табиғат жағдайлары мен бір Құдайда ғана» [135, п. 184] - деп мәлімдейді.

Қорыта айтар болсақ, 1867-1917 жылдар аралығында патша үкіметінің қоныс аудару саясаты мен салық саясаты салдарынан Жетісу өңіріндегі дәстүрлі жартылай көшпелі мал шаруашылығы дағдарысқа ұшырады. Жергілікті тұрғындар басынан өте ауыр экономикалық қиыншылықтарды өткере отырып, заманның талабына сай әрекет етті. Өздерінің тіршілік қажеттіліктерін өтеу үшін ежелден мал шаруашылығымен қатар жүргізіліп келе жатқан егіншілікті дамытты, бұрыннан өсіріліп келе жатқан тары, бидай сияқты дақылдармен қоса сұлы, арпа өсіре бастады. Қазақтар сонымен бірге қарбыз, қауын, темекі өсірумен де айналыса бастады. Қолдағы қалған мал басын аман сақтап қалуға ұмтылған қазақтар мен қырғыздар малдың қыстық азығын дайындап қоюды меңгерді. Егіншілікке бет бұрған жергілікті тұрғындардың тұрмысына ауылшаруашылығы машиналары мен әртүрлі соқа, сүймен, қайла, темір күректер, орақ, шалғы, кетпен, пышақ, балта сияқты және т.б. жаңа шаруашылық құралдары енді. Бұрын қол диірменін пайдаланған қазақтар мен қырғыздар егін көлемінің өсуіне байланысты орыс диірменін қолдана бастады. Астық бұрын шұңқырларда сақталса, енді кірпіштен салынған қамбаларда сақтала бастады. Күнделікті тіршілік барысында жергілікті тұрғындар мен қоныс аударушылар арасында өзара тиімді шаруашылық және тұрмыстық байланыстар қалыптасып, шаруашылық жүргізуде оң өзгерістерге жол ашып отырды.

1.3 Сауданың дамуы, оның тұрғындар өміріне әсері

XIX ғасырдың II жартысынан бастап Жетісу облысы жалпыресейлік капиталистік қатынастар жүйесіне тартылып, облыс аймағында сауда байланыстары дами бастады.

Алғашқы кезде сауда орындары қоныс аударушылар мекендеген қалалар мен селоларда ұйымдастырылған болатын. Ол жерде орыс тауарлары басым болды. Орыс сауда орындарының қасында қазақтардың күнделікті тұрмысына қажетті бұйымдарды сататын татар және сарт дүкендері де тұрды. Сондықтан жергілікті тұрғындар тұрмысқа қажетті негізгі керек-жарақтарын алу үшін арнайы отырықшы елді мекендерге барып, тұрақты дүкендерде сауда жасаған [147, с. 28]. Бұл өз кезегінде көшпелі болыстықтарды отырықшы елді мекендерге әлеуметтік-экономикалық жағынан тәуелділікке алып келді.

Жергілікті тұрғындар тарапынан өнеркәсіп өнімдеріне деген сұраныстың арта түскенін байқаған билік, облыста тұрақты саудамен бірге тасымал (айырбас) және маусымдық (жәрменкелік) сауда түрлерін дамыта бастады. XIX ғасырдың соңына таман сауданың тұрақты сауда, айырбас саудасы және маусымдық сауда сияқты үш түрі пайда болды. Тұрақты сауда – қалалар мен селолардағы дүкендер мен сауда үйлерінде жүргізілген сауда; айырбас сауда – қазақ ауылдарын аралап жүріп жасалған өсімқорлық сауда; маусымдық сауда – жәрменкелік сауда [169] болатын. Яғни, ішкі сауда, тасымал саудасы және шекаралық сауда түрлері болды.

Патша үкіметі үшін Жетісу облысының шекаралық аймақ ретіндегі маңызы зор болды. Облыстың Қытаймен және Орта Азия хандықтарымен шектесіп жатуы Ресей үшін экономикалық тұрғыдан тиімді еді. Сондықтан облыс жерін транзиттік аймақ ретінде пайдаланып, шекаралық сауданың дамуына да күш салды. XIX ғасырдың ортасында Ресей мен Қытайдың арасындағы сауда қатынасы Жетісу бағытындағы жолдармен дамып, Қапал және Верный қалалары негізгі сауда орталықтарына айналды. XIX ғасырдың соңына таман қазақ көпестері де сауда-саттық операцияларына барынша белсене қатыса бастады [170, б. 189-194].

1881 жылы Санкт-Петербург келісімшарты бойынша Қытайдың батыс бөлігінде баж салығынсыз сауда жасауға қол жеткізілген болатын. Сондықтан Жетісу арқылы Құлжамен сауда байланысын орнату мақсатында орыс көпестері де империяның оңтүстік шекарасында жәрмеңкелердің көбеюіне мүдделілік танытты. Бастапқыда тұрақты дүкендерде сауда жасаған олар, кейінірек шағын керуендермен көшпелі ауылдарға қатынап, тауарларын малға, мал өнімдеріне айырбастай бастаған. Айырбас сауданың баламасы ісек қой болды. Оның құны 1 сом күміспен бағаланды. Қазақ байлары да айырбас саудасына қатысып, мал және мал өнімдерін нарыққа шығарды. Өздері тауарды орыс көпестерінен ақшаға сатып алып, оны ауылдастарына малға айырбастады [169]. Малдың айырбас құралы ретіндегі рөлі өсіп, тұрғындар оны азық-түлік пен күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдарға айырбастап отырған.

Шекаралық сауда Қытай мемлекетімен Бахты, Қорғас, Нарын бекіністері арқылы жүргізілді. Облыс тұрғындары сыртқы сауда мен шекаралық саудаға айырбас орнына мал және оның шикізатымен қоса астық өнімдерін де шығарып отырған [171, с. 16].

Жәрмеңкелік сауданың дамуы жергілікті тұрғындардың шаруашылық, тұрмыстық қажеттіктерін қанағаттандыруына неғұрлым ыңғайлы болды. Облыс аймағында ұйымдастырылған жәрмеңкелердің ішіндегі ең ірісі, әрі маңызы зоры Жаркент, Пржевальск уездерінің жерінде орналасқан Қарқара жәрмеңкесі еді. Жәрмеңкенің аумағы 2.567.46. десятина жерді алып жатты. 1897 жылғы жылдық тауар айналымы 66253 сомды құраған. Ташкент пен Верныйға 64546 бас қой, 4444 жылқы, 4191 бас мүйізді ірі қара, 1718 ешкі сатылса, Семейге 141 түйе терісі, 20819 елтірі, 490 ешкі терісі, 1621 қой терісі, 314 қашардың және тайыншаның терісі, 522 жылқы терісі, 18545 пұт жабағы, 145 пұт аттың қылы, 395 пұт ешкі түбіті, т.б. малдың шикізаттары жөнелтілген. Осы жылы жәрмеңкедегі тауар құны: жабағының 1 пұты – 1 сом - 1 сом 60 тиын, ешкі түбіті – 4 сом 80 тиын, аттың қылы – 5-23 сом аралығында, жылқы терісі – 2 сом, елтірі – 20 тиын, қой терісі – 40 тиын, қашар мен тайынша терісі – 4 сом, түйе терісі – 3 сом, бір киіз – 3 сом, ат – 12-20 сом, мүйізді ірі қара – 12 сом, қой – 1 сом 50 тиын - 3 сом аралығында болған [172, с. 21]. Ал, 1893 жылғы тауар айналымы 87903 сом болған. Яғни 17081 сомға 1368 жылқы, 23224 сомға 2329 ірі қара, 69380 сомға 44487 қой, 30346 сомға 13825 пұт жабағы жүн сатылған [169].

XX ғасырдың басында Жетісу облысында 11 далалық жәрмеңке ұйымдастырылып тұрған. 1908 жылы Қарқара жәрмеңкесіндегі жалпы тауар

айналымы 1 млн. сомды құраса, Алмалы жәрмеңкесінде (Қапал уезі) – 40 мың сом, Чежунай жәрмеңкесінде (Жаркент уезі) – 50 мың сом, Попутный жәрмеңкесінде (Қапал уезі) – 100 мың сом, Нарын-Сергиополь (Лепсі уезі) – 50 мың сом, Токмақ жәрмеңкесінде (Пішпек уезі) – 65 мың сом және Пішпек жәрмеңкесінде 70 мың сом болған [154, с. 62].

Қарқара жәрмеңкесінің Орта Азия елдерімен сауда-саттықта маңызы зор болды. Бұл сауда орнындағы тауар айналымы 1916 жылы да 1 млн. сомға жеткен [173, б. 230].

М.Әуезов Қарқара жәрмеңкесі туралы: «Жәрмеңке – тоғыз жолдың түйіскен жері. Бір жағы үлгілі орыс қалалары болса, екінші жағы – Құлжа, Қашқар, Хиуа, Бұхар, Самарқан, Ташкент. Бұлардың бәрінен неше алуан қазына шүмектеп құйғандай болып, Қарқара жазығына ақтарылып жатыр. Токтаусыз ағын ертелі-кеш қарлы таудың арасындағы қырғыздан, төскейдегі қазақтан – жәрмеңке қазанына мал баласын тізіп әкеліп жатыр. Сібір, Түркістан, Қашқар, Қытайдың атырабындағы талай-талай үлкен қалаларда шалқыған қалың байлық иесі болған саудагер байлар болса – бәрінің бұл мырза құйрықтан (Қарқара жәрмеңкесінен – Б.Л.) ауыз тимегені жоқ» [174, б. 11-12]-деп, оның қырғыз-қазақтың қора-қора малы айырбасқа түскен, әрі қомақты қаржы құйылған халықаралық маңызы бар, кең ауқымды сауда орны болғанын суреттейді.

Сауданың айырбас және жәрмеңкелік түрлерінің дамуы татарлар мен сарттарға орыс селоларындағы саудамен қоса облыстың барлық көшпелі уездеріндегі сауданы да өз қолдарына шоғырландыруға мүмкіндік берді. Облыстың оңтүстік уездеріндегі сауда Түркістандық, Бұхаралық саудагерлердің қолында болса, солтүстік уездерінде татарлар мен қазақ арасынан шыққан саудагерлер басым болды. Сауда малға айырбас түрінде жүргендіктен жұт болған жылдары саудагерлердің саудасы көңілдегідей болмай, ол өз кезегінде облыстағы тауар айналымына да кері әсерін тигізетін еді. Өйткені, қазақтар жұттан кейін шығын болған малдың орнын толтырып алу үшін мал сату мен айырбастауды бірден доғаратын [146, с. 14].

Көшпелілер арасындағы сауда саудагерлерге қаншалықты тиімді болса, қазақтарға керісінше, тіпті өте тиімсіз еді. Қазақтар тұрақты сауда орындарының болмауы мен тауар түрінің аздығынан сапасы нашар болса да саудагердің қолындағы тауарды алуға мәжбүр болды. Шыт, басқа да әртүрлі маталарды, шапандар мен түрлі киімдерді, шаруашылыққа қажетті заттарды малға айырбастап алды. Саудагерлер заттарын өте жоғары бағаласа да, қазақтар оның бағасына қарамай ала беретін. Себебі, саудагер ол заттардың ақысын сол бойда сұрамай, белгілі бір уақытқа дейін қарызға беретін. Бірақ оны уақытында қайтара алмаса, қарыз қайтару уақыты ұзақ уақытқа шегеріліп, айыппұл құны екі еселеніп өсе беретін. Саудагерлер, сонымен бірге, дәулеттірек қазақтарға қарызға ақша бергенде оны бай қазақтардың кепілдігімен, ал егер ақша көлемі өте көп болса, онда оны бүтіндей бір рудың кепілдігімен беретін. Осындай шарттарға отырған саудагер қарызын қайтарып алуға асықпайтын және ақшасы мен тауары үшін ешқашан алаңдамайтын. Есесіне, қазақтардың аңғалдығын пайдаланып, өзінің байлығын үстемелеп көбейтіп отырды [147, с. 29].

Жетісудың кедей қазақтары осындай несие саудасынан өте көп зардап шекті. Бұл өңірде несие саудасы тек тоқтыларға жүргізілген. Мұндай сауданы ешбір малы жоқ кедейлер істеуге мәжбүр болған. Саудагерлер 3 кез шытты 1 тоқтыға айырбастаған. Ол тоқтыны келер жылы алатын болып, уақыты келгенде тоқтының орнына ісек қой талап еткен. Бұдан басқа «қызыл қозы» дейтін сауда түрі де болған. Ол несиені алушылар келесі жылы қозының орнына тоқты, болмаса одан арғы жылы қой беруі тиіс болған. Қой бере алмаса, онда жақсы қойдың құны -3 сом беруге міндетті болған. Сөйтіп, алыпсатардың 1 тоқты үшін берген дүниесі 2-3 есе болып қайтып отырған.

Облыста осындай өсімқорлығымен аты шыққан Ойшы Маясарұлын айтуымызға болады. Мысалы, Ойшы байға 1200 сом қарыз болған Верный уезінің Төменгі-Іле болыстығының қазағы Сартбай Қауменов қарызының орнына 576 қой, 3 түйе, 19 жылқы берген, бірақ оған қанағаттанбаған бай тағы 900 сом өсім талап етеді. Ойшы Маясарұлының өсімқорлығынан Төменгі-Іле болыстығымен қатар Сарытауқұм және Үлкен Алматы болыстығының қазақтарыда көп зардап шеккен. Зардап шеккендер уезд бастығына қанша шағымданғанмен, одан еш нәтиже шықпаған. Себебі, Верный және Қапал уездерінің бастықтарына арқа сүйеген Ойшы бай, өзінің өсімқорлығына наразы болып, шағым жасағандарға қоқан-лоққы көрсетіп, ісін жалғастыра берген [88, с. 28-30].

«Қызыл қозы» саудасынан Маман ұрпағы Тұрысбек те айналып өтпеді. Қолма-қол беретін малы жоқ қазақтарға мата, шай, қант және басқа да тұтыну заттарын «қызыл қозыға» несиеге берген. Қызыл қозы – әлі тумаған, қолда жоқ қозы. Жоғарыда айтып өткеніміздей, оны қозы күйінде емес, тоқты етіп беруі тиіс болған. Тоқтыны тауып бере алмай қалса, онда ол келесі жылдары ісек, одан әрі ісек-құнан қой болып қайтарылуы тиіс болды. Ел арасында сауданың осы түріне қатысты «Енесі жоқ қызыл қозы қайдан туады» деген мәтел қалыптасқан [175, с. 18].

Жетісу облысындағы айырбас құны төмендегідей болды:

- 1 бас ат-5 қойға;
- 1 қой-3 сомға;
- 1 еркек тайынша-1 қой, 1 серкешке;
- 1 ұрғашы тайынша-2 қой, 1 серкешке;
- 2 серкеш-1 қойға;
- 1 ту бие- 7 қойға тең болды.

Облыста құны арзан бағаланып отырған серкеш Ташкент, Әулисата, Әндіжан базарларында өтімді болған. Өйткені, ешкі терісінен сапалы былғарылар жасалатын. Жетісуда 1 қойға бағаланған 2 серкеш бұл жерлерде алыпсатарларға 2 қойдың құнынан артық пайда әкеліп отырды. Әндіжан базарындағы қойлар бірнеше сұрыпқа бөлінген:

- 1 сұрыпты қойлардың бағасы – 6-7 сом;
- 2 сұрыпты қойлардың бағасы – 5-6 сом;
- 3 сұрыпты қойлардың бағасы – 4-5 сом;

4 сұрыпты қойлардың бағасы – 3 сом, яғни сатып алған бағасымен өткен. Алыпсатарлардың жәрмеңкеге өткізетін қойларының 80-90% сатып алғандағы құнынан 2,5-3 есе артық пайда әкеліп отырған [88, б. 29].

Жетісу облысында өсімқорлықпен айналысқан Шендриковты да айтуымызға болады. Қандай да бір болыстықта малға салық т.б. төлеуге қаржы қажет болған кезде, халықта ақша жоқ екенін білетін ол сол жерден табыла кететін. Қарызға пайызымен қайтаруға ақша беріп, оның қайтаратын күнін келіседі. Қарызданушылар ол күннен кешіксе, әрбір кешіктірілген күн үшін бір сомға бес тиыннан өсім беруге міндеттеледі. Бірақ, ол қарызын қайтарып алуға асықпаған. Егер қарызданушылардың қарызды өсімсіз уақытымен қайтарғысы келетіндерін естісе, өзі олардан тығылып қалып отырған. Верныйдағы үйіне іздеп келген борышкерлерге Талғарға кетті дегізіп, Талғардағы үйіне іздеп барса, Верныйға шығып кетті дегізіп, ақшасының өсімін әдейі көбейтіп отырған. Қарыз алғандар оны апталап іздеп жүріп, әрең тауып алатын. Бірақ, өзі кәнілі болса да, соттағы таныстарына арқа сүйеп, қарызды бәрібір өсімімен алып отырған [176, с. 3].

Көріп отырғанымыздай, аталған кезеңдегі Жетісу облысындағы сауда қатынастары Қазақстанның барлық аймағындағы сияқты өсімқорлық арқылы жүріп, халықты кіріптарлыққа түсірді. Өсімқорлық саудасы қазақтардың онсыз да ауыр тұрмысын одан әрі қиындата түсті. Саудагерлермен сөз байласып, параға бой алдырған жергілікті орыс билігін халықтың шағымы, сол шағымдардың астарында жатқан олардың ауыр тұрмысы алаңдата қоймады. Ақшасы жоқ халық саудагерлердің алдында өлшеусіз қарызға батты.

Дегенмен, тауар-ақша қатынастарының пайда болуы облыс тұрғындарының шаруашылығына, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне сапалы өзгерістер ала келгенін жоққа шығара алмаймыз. Бұл өзгерістер, әсіресе, ежелден дәстүрлі шаруашылықтарымен қоса аңшылықпен, үй кәсіпшілігімен және қолөнермен айналысып келе жатқан жергілікті қазақ-қырғыз халықтарының өмірінен анық байқалды. Осы кәсіптері арқылы ғасырлар бойы өздерін қосымша азық көзімен, шаруашылық және тұрмыстық қажеттіліктермен қамтамасыз етіп отырған олар, енді жаңа қоғамдық қатынастарға тез бейімделіп, байырғы кәсіптерін табыс көзіне айналдыра бастады. Қолдарындағы шикізатын базарларға шығарып сатып, ақша ұстай бастады.

XIX ғасырдың II жартысынан бастап аңшылықта қарудың қолданыла бастауы, бір жағынан, аң-құсты көбірек аулауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, соған сай көбірек пайда табуға да жол ашты. Бұрын аңшылықпен байлар тынығу, көңіл көтеру мақсатында қос тігіп, салбурынға шығып, ал оған шамасы келмегендер тазысы мен бүркіті болса, үйлерінде жүріп те айналыса берген [177, с. 3] болса, енді мақсатты түрде табыс табу үшін айналысты. Мысалы, 1893 жылы бір ғана Верный уезінде 329 қасқыр, 1075 түлкі, 94 қабан, 148 тауешкі, 85 арқар, 100 сайғақ, 9 марал, 569 борсық ауланған. Сонымен қатар облыс жерінде көп кездесетін маралды мүйізі қатайып кетпей тұрғанда, ерте көктемде аулап, мүйізін Қытайларға қымбатқа сатқан. Қытайлар одан дәрі жасаған [149, с. 23]. Аңшылар аң терілерін де саудалап, оны қалаларға,

жәрмеңкелерге шығарған. Әсіресе, түлкі терісі құнды болды [148, с. 29]. Жетісу жерінен ауланған маралдың мүйізі Қытайға сатылса, аң терілері Сібірдегі Ирбит, Волга бойындағы Нижегород жәрмеңкелеріне тасымалданды [151, с. 16].

1895 жылы облыс көлемінде 120 аю, 1 жолбарыс, 36 барыс, 2787 қасқыр, 6623 түлкі, 290 сусары, 985 қабан, 2784 тау ешкісі, 301 арқар, 646 дала қойы, 651 ақбөкен, 97 сілеусін, 212 марал, 212 жабайы мысық, 3058 борсық, 586 аққұлақ, 4472 күзен және 1653 әртүрлі ұсақ аңдар, барлығы 25214 аң ауланып, 34907 сомға сатылған. Соның ішінде Лепсі уезінен ауланған аң саны – 10420 болды. Жетісу облысында аңшылықты негізінен қазақтар кәсіп еткен. Орыстар оны кәсіп қылмаған, бірақ Охотничьи (Нарынқол) селосының орыстары жері таулы болып, егіннің шығымы аз болғандықтан қосымша аңшылықпен де айналысқан [148, с. 29-30].

1900 жылдан бастап марал аулауға үш жылға тыйым салынғанымен ол ереженің сақтала бермегенін көреміз. Себебі, 1901 жылы ауланған аңдардың ішінде марал да кездеседі. Бұл жылы облыс бойынша 30572 аң ауланған [151, с. 16].

Тұрғындар аққулар мен үйректерді қыста, мұздың үстінде таяқпен ұрып жүріп аулаған. Аққу мен бірқазанның терісін 40-50 тиыннан сатып пайда тапқан. Бұл құстардың етін алмаған, оларды терісі мен өті үшін аулаған [135, п. 186].

Қазақтар еті үшін тау ешкілерін аулады. Ал казактар мен шаруалар аңшылықпен көктемгі және күзгі егістік жұмыстары аяқталған кезде ғана айналысып, негізінен жабайы шошқаларды аулаған. Оны еті үшін аулап, өздерінен артылғанын базарға шығарып сататын. 1906 жылы қабан етінің 1 пұты 2 сом 50 тиын болған [153, с. 68].

Саудада балық және балық өнімдеріне деген сұраныстың артуына байланысты Жетісу облысының өзен-көлдерінің бойындағы көптеген малшылық, егіншілік шаруашылықтарында балық аулау қосалқы кәсіпке айналды. Бірақ XIX ғасырдың соңына қарай малынан айырылған кедейлер қысы - жазы өзен-көлдердің бойын мекендеп, балық аулауды тұрақты кәсіп ете бастаған. Қаруы болса аң аулаумен де айналысқан. Орыс саяхатшысы, биолог ғалым А.М.Никольский Балқаш бойымен 400 верста жүрген кезде балықшылықты кәсіп еткен кедей қазақтың үйін көргенін айтады [17, с. 80].

Балқаш пен Алакөл бойында балық аулауды негізінен қазақтар кәсіп қылып, оны жергілікті саудаға шығарған. Көбіне алабұға ауланды. Алакөл балықтары Лепсі уезінің селоларына, Лепсі қаласына сатылды. Ал Балқаштан ауланған балықтар Верный және Пішпек уездеріне тасымалданды [154, с. 56].

Балық аулау кәсібі Іле өзенінің бойында да дамытылды. Село тұрғындары қысқы аяз түскенге дейін өзеннен балық аулап, оның басым бөлігін Верный базарына апарып сатып, қалғанын өздері үшін тұздап сақтады. 1872 жылы 1 пұт балық 1 сом 20 тиын – 1 сом 50 тиын аралығында сатылған. Балық аулаушылардың әрқайсысы 30-50 пұттан балық аулады. Ілеліктер балық аулаудан бос уақыттарында шөп тасумен де айналысқан [178, с. 38].

Жетісудың басқа жерлеріне қарағанда Верный уезінде балықтың түрі өте көп болды. Бұл жерде 1893 жылы шамамен алғанда 10242 пұт балық ауланған. Оның 7830 пұт 20 фунты сатылып, барлығы 7700 сом 50 тиынға бағаланған. [149, с. 20].

Жетісудың орыс тұрғындары негізінен балықты өздері тұтыну үшін ғана аулаған. Тек Верный, Лепсі уездерінің казактары мен Ыстықкөл, Шу өзендерінің бойына орналасқан қоныс аударушы шаруалар, Балқаш және Алакөл көлдерінің бойын мекендеген қазақтар ғана балық аулауды кәсіпке айналдырып, одан пайда тапқан. Олар балықты саудаға ауланған бойда, өңдемей, сонымен бірге өңдеп: тұздап, кептіріп және ыстап та шығарып отырған. Ауланған балықтар негізінен Жетісу облысының селолары мен қалаларына сатылған. Қыс түсісімен Ыстықкөлдін, Шудың, Балқаштың, Алакөлдін балықтары Верный базарына шығарылды. 1901 жылы 34879 пұт балық ауланып, 23597 сомға сатылды. Бұл көрсеткіш 1900 жылмен салыстырғанда 7031 пұтқа, яғни 8985 сомға артық еді. Осы жылы облыс бойынша Верный (11687 пұт) және Лепсі (12940 пұт) уездерінде балық көп ауланған [151, с. 17]. Облыс көлемінде көп ауланған балық түрлері: маринка, осман, шабақтар, алабұға, жайын, белорыбица, сазан, шортан болды [149, с. 20].

Тауар-ақша қатынасының дамуымен бірге облыста үй кәсіпшілігі мен қолөнердің де маңызы арта түсті. Ағаш өңдеу, ұсталық өнер, зергерлік, тері өңдеу ісіне сұраныс артты. Үй кәсіпшілігінен киіз басу, терме (өрмек) тоқу, ши тоқу, кесте тігу дамытылды. Кәсіптің бұл түрлері отбасының тұрмыстық заттарға деген күнделікті қажеттілігін қамтамасыз етумен бірге табыс көзіне де айналдырылды [74, с. 19].

Қолөнершілер өздерінің тұрмыстық қажеттіліктерімен қоса шаруашылыққа қажеті құрал-саймандар жасады, сонымен бірге арнайы тапсырыстар арқылы да түрлі бұйымдар жасап саудаға шығарып отырды. 1892 жылы облыстағы қолөнершілер саны – 7964 деп көрсетіледі. Олардың арасында тігіншілер, етікші, ерші, ағаш шебері, темір ұстасы, ағаш ұстасы, тас қалаушы, пеш жасаушылар, сылақшылар, әйнек шеберлері, тері өңдеушілер, сағат жөндеушілер және т.б. болды. Қолөнершілердің орташа табыс деңгейі әртүрлі болды. Ағаш шеберлері мен сылақшылар 1 сом - 1 сом 50 тиын, тері өңдеушілер 80 тиын - 1 сом, тас қашаушылар мен тігіншілер 60-80 тиын, т.с.с. [147, с. 27].

Есептерде: «Ресейдің ішкі губерниялары мен Сібірден қоныс аударған шаруалар арасында қолөнерінің дамуы нашар болды. Олар негізінен егіншілікпен айналысып, тек өздеріне шаруашылыққа, тұрмысқа қажетті құралдарды ғана жасады. Қолөнерін өз бетінше үйреніп, соған маманданған шаруалардың өзі кәсібін жете біле бермеді. Еңбегіне жақсы ақы төленетініне және сұраныстың жоғары екеніне қарамай, тұрғындардың қажетін әрең қанағаттандырып отырды. Ал қазақтар арасында қолөнері жақсы дамыған, олар көшпелі тұрмысқа қажетті киіз үй, оның жабдықтары, киіз басу, қамыс және ши тоқу, т.б. кәсіптерді меңгерген» [147, с. 26] - деп баяндалады.

Жетісу облысына қоныс аударған тараншылар мен дүнгендер де қазақтар сияқты өздерінің ұлттық талғамдарына сай үй кәсіпшілігімен айналысып,

тұрмыстық қажеттіліктерін қамтамасыз етіп отырған. Қалаларда қолөнерімен сарттар айналысып, олардың қызметін орыстар көп пайдаланған [148, с. 31].

Облыс аумағында тасымал саудасымен айналыстын татарлар орыс тауарларын сатты. Олар әдетте Петропавлдан қарашаның ортасында келіп, қыс бойы сауда жасап, көктемде, сәуірдің ортасына таман кері қайтатын. Тауарларын әртүрлі мал және аң терілеріне айырбастады.

Азиялық тауарларды Сырдария және Ферғана облыстарының сарттары сатты. Олар да Жетісу облысының жеріне қараша айынан бастап келіп, қыс бойы сауда жасайтын. Тауарларын қойға, мал және аң терілеріне, сонымен бірге қап, арқан, киізге қарызға айырбастайтын. Қарыз малды күзге дейін қазақтардың өздерінде қалдырды, себебі жазғы ыстықта малды айдап алып жүру малға да, өздеріне де жайсыз тиетін еді. Ал басқа қарыздарды көктем шығысымен ыстық түспей тұрып жинап алуға тырысатын. Облыстың батыс уездеріне тамыз айының соңында, егін піскен кезде түйемен Қарқаралының қазақтары келетін. Олар астықты қазан айының басында тұз, ертоқым және басқа да ат әбзелдеріне айырбастап алып кететін.

Жетісу облысынан Түркістан өлкесінің қалаларына иленген тері, түйе, қой терісі, көбіне жылқы мен мүйізді малдар, ал Ақмола және Қоянды жәрмеңкелеріне қой тасымалданатын. Мысалы, 1892 жылы орыстың фабрикалық бұйымдары мен азиялық бұйымдардың тауар айналымы Пішпек қаласы мен Үлкен Тоқмақ селосының әрқайсысында 320.000 сом болды. Ал, Қапал уезінде 204.528 сом болса, осы уездегі бір ғана Гаврилов селосындағы тауар айналымы 93993 сом болған. Бұл жерлерге тауар Нижегород пен Ирбит, Семей мен Ташкент қалаларынан әкелінген [147, с. 30].

XX ғасырдың басындағы Жетісу жәрмеңкелеріндегі қазақ жылқысының орташа бағасы: мініс аты – 20-40 сом, ат әбзелдерімен қоса – 25-50 сом, жүйрік аттар – 200 сом дейін барды. Қой бағасы жасына қарай 2-6 сом аралығында болды. Орташа бойлы қойлардың салмағы 2-4 пұтқа жетті. Сонымен бірге сырттан тасымалданатын құмыра, ыдыс, қант, аяқ киім, сабын, киім, керосин сияқты т.б. тауарлар қымбат бағаланса, жергілікті тауарлар өте арзан, әрі аз болды. Астық, көкөніс, жеміс-жидек, ет, жабайы аң-құс, мал да өте арзан бағаланып, облыстың басты базарларына, қалаларға, үлкен жәрмеңкелерге шығарылды. Мысалы, сұлының четверті – 1 сом 80 тиын -2 сом 20 тиын; арпаның пұты – 28-30 тиын; тары – 40-50 тиын; ұнның пұты – 1 сом 60 тиын - 2 сом; қой терісі – 50-60 тиын; керосиннің бір фунты – 10 тиын; қант фунты – 24-25 тиын; темір – 3 сом 20 тиын – 4 сом, қыш құмыра – 15-20 тиын болды [179, с. 16-18].

Облыс аймағына XX ғасырдан бастап Ресейден мануфактуралық, галантереялық тауарлармен қоса шай, кофе, фарфор, шыны ыдыстар, шойын, тұрмыстық химия бұйымдары (бояулар, желім, техникалық май, т.б.), ауыл шаруашылық құрал-жабдықтары мен машиналары тасымалданды. Сібірден балық, дәндер, Сібір ормандарының жидектері, қара май, шайыр, тондар әкелінсе, Түркістаннан мақта, кепкен жемістер, әртүрлі жергілікті маталар мен бұйымдар жеткізілді [151, с. 19].

Еуропалық Ресейден әкелінетін тауарлар Қытайдан қоныс аударған тараншылар мен дүнгендердің талғамына сәйкес келе бермейтін. Олар көбіне Қытайдан, Түркістаннан тасымалданатын тауарларды: киіз қалпақ, телпек, аяқ киім, парфюмериялық тауарлар, кепкен жемістер мен кілемдер т.б. азиялық тауарларды ұнататын [171, с. 17]. Сондықтан олардың арасынан шыққан саудагерлер негізінен Қытайға барып сауда жасады. Оларға жергілікті әкімшілік мерзімі көрсетілген (көбіне 3 айға рұқсат сұраған) ресми рұқсат қағазын (билет) берген. Олар Қытайға астық, жемістер, сонымен бірге облыста ұйымдастырыла бастаған өндіріс орындарының өнімдерін т.б. апарды. Мысалы, дүнген саудагері Ейса Яншанлоға Қытайға өзімен бірге 1 жылқы, 1 сиыр, 20 пұт қанттан жасалған кәмпит, 1 жәшік сабын, 40 пұт өрік, 1 пұт бал, 2000 сом ақша алып баруға рұқсат етілген. Тауар түрлері, олардың көлемі мен өздерімен бірге Қытайға алып өтетін ақша мөлшері әртүрлі болды. Құлжаға барып сауда жасаған дүнгендер аталған тауарлар түрлеріне қоса, құрма, қызыл түсті бояу, жіп, майшам, күкірт, т.б. тасымалдады [180, п. 7, 42, 77].

Жетісудың Ойшы Маясарұлы, Тұрысбек Мамановтың ұрпақтары, Шаяхмет Апсаматов сынды бай қазақтары да халықаралық базарларға барып сауда жасаған. Мысалы, Қапалдық Тұрысбек қажының ұрпақтары халықаралық базарларға 20-30 мың ірі қара мал, 150 мыңға жуық қой шығарған. Атақты саудагер Шаяхмет Апсаматов та жыл сайын 110-120 мың қой, 20 мыңға жуық ірі қара малын өзге елдің базарларына өткізіп отырған. Нарықтағы жылқының құны-15 сом, түйе-30 сом, ірі қара-10 сом, қой-1 сом 80 тиын, ешкі-1 сом 50 тиын болған [88, б. 33].

Қазақ көпестері Қытайға бұрынғысынша мал және оның өнімдерін шығарса, ол жақтан, қазақтар тарапынан шайға деген сұраныс ерекше зор болғандықтан, көбірек шай алып келуге тырысты [170, б. 189-194]. Қытайдан шайдан басқа астық, күріш, көкөніс, жеміс-жидек, құс және құс өнімдері, балық, қант, арақ, шарап, сыра, дәрілік шөптер, иленген тері, шойын, темір, болат, сондай-ақ солардан жасалған бұйымдар да тасымалданған [169].

Жәрмеңкелердегі сауда малға айырбас түрінде және ақшалай жүргізілді. Мал өнімдері Жетісу облысы мен одан тыс жерлердегі жәрмеңке саудасының басты тауарлары болды. Әсіресе, Жетісу қойлары Ақмола, Семей және Ферғана облысының, Ош, Әндіжан қалаларының саудагерлері тарапынан зор сұранысқа ие болды [148, с. 23]. Мүйізді ірі қара мен жылқы Жаркент арқылы Қытайға, жылқы және т.б. мал терілері Батыс Сібір мен Ташкентке шығарылды. Қазақтар маусым айында Қарқаралы уезінің Қоянды жәрмеңкесіне қой, жылқы, өгіз, иленген тері және жүн апарып, қайтарда тұрмысқа қажетті заттарының бәрін алып қайтатын [147, с. 10, 31].

Саудагерлердің жәрмеңкелерге әкелген тауарларын жергілікті мал шаруашылығы өнімдері (тері, жүн, киіз, мал), азиялық тауарлар (шапан, кілем, жібек және қағаз, ат әбзелдері, кептірілген жеміс-жидектер), еуропалық заттар (ұн, балауыз, сабын, шай, қант, темір, фарфор бұйымдары) деп топтауға болады.

Ресейде сиыр етіне деген сұраныстың артуына байланысты жәрмеңкелерде сатылатын малдың құрамы да өзгере бастады. Бұрын көбіне жылқыға құмар орыс көпестері, енді мүйізді ірі қара малды көптеп сатып ала бастады.

XIX ғасырдың соңына таман Ресейден фабрикада өндірілген мата, самаурын, қазан, шалғы, орақ, кетпен, ошақ, балта, пышақ және т.с.с. бұйымдар көтеріңкі бағамен көп тасымалдана бастады [181, б. 168].

Жетісу облысында ұйымдастырылған сауда орындары тек сауда жайынан ғана емес, ол сонымен бірге облыс халқының мәдениетінен, әлеуметтік-экономикалық жағдайынан және күнделікті өмірінен де хабар беретін қоғамдағы маңызды орталардың бірі болды. Орыс суретшісі-живописші Б.В.Смирнов Түркістан өлкесінің Пішпек пен Верный аймақтарында болып, ол жерлердегі базардағы, көшедегі көріністерді жазып, кейбіреулерінің суретін салып, құнды деректер қалдырған. Ол: «Базар – барлық шығыс халықтарындағы ең қызықты орын. Ол – барлық халықтардың бас қосатын жері. Бұл жерден әртүрлі киімді адамдарды кездестіресің: шошақ төбелі бөрік киген қырғызды (қазақты-Б.Л.), қой терісінен тон және ала шапан киген, басына шалма салған, т.б. адамдарды көруге болады. Бұлардың бәрі әрекет үстінде, әрқайсысы өздеріне тән тіршілікпен өмір сүреді» деп, базарға сауда жасауға келген әртүрлі ұлттардың іс-әрекетіне сипаттама береді. Мысалы, қара қырғыздар (қырғыздар-Б.Л.) туралы: «базар алаңында шеңбер құра отырып алып, егіннің жағдайы, жердің бөлінуі туралы әңгімені қызу талқылап отыр. Қастарында иелерінің әңгімелерін мақұлдағандай басын шұлғып, аласа бойлы қазақ жылқылары тұр»-десе, қазақтар туралы: «олар базарға қой, жылқы, түйе табынын айдап келген. Қазақ қойларының жүні қоңыр, құйрықты болып келеді. Құйрығы неғұрлым үлкен болса, қой соғұрлым қымбат болады. Түйелері саздан соғылған қабырғаның арғы жағында қамаулы тұр. Қастарына қаптарын, киіз, т.б. сатуға әкелген заттарын текшелеп жинап қойған»-дейді. Ал базардың соңғы қатарында шәйнек, кесе, т.б. сынған ыдыстарды арзанға сатып алып, оны желімдеп біріктіріп, кедейлерге қайта сатуды кәсіп қылған дүнгендер отыратынын айтады.

Сонымен бірге «базар алаңындағы шайхана маңынан адам үзілмейді. Ойлы қара көзді жас сарт жігіті қолындағы аспабымен ән сала бастағанда, оған түйенің боздауы, қойдың маңырауы, базардағы адамдардың дауыстары қосылып, шығыс базарының ерекше оркестрін құрады. Шайханаға кіре берісте үлкен Тула самаурыны қайнап тұр, музыка ырғағына еліткен сарт одан шай құйып береді...» [19, с. 22-24]-деп, бір ғана базарды суреттеу арқылы бүкіл Жетісу өлкесіндегі бірнеше ұлт өкілдерінің кәсібі мен әлеуметтік жағдайынан ақпарат береді. Бұл мәліметтерден біз қарастырып отырған кезеңде сауда орындарының Жетісу облысындағы тұрғындардың бір-бірімен тығыз араласуына ықпал еткен, тіршіліктің қайнаған ортасы болғанын байқаймыз.

Мысалы, жәрмеңкелерде сауда жасалып қана қойған жоқ, сонымен қатар әртүрлі мәдени-спорттық іс-шаралар да өткізіліп тұрды. Жәрмеңкеге келушілер түрлі ұлттық ойындарды, ел ішіндегі ақындар мен әншілердің өнерін тамашалап, көңіл көтеретін. Қазақ жеріндегі алғашқы спорттық ойындар мен цирк өнері, ел ішіндегі өнерпаздар да халыққа осындай жәрмеңке алаңдары

арқылы танылды. Жетісу жеріндегі сондай ерекше қабілетті өнер иесі, халыққа Қарқара жәрмеңкесі арқылы танылған Рахымбердіні айтуымызға болады. Ол XIX-XX ғасырларда Кеген, Нарынқол аймағында өмір сүрген, халық арасында «Ағашаяқ» деген атқа ие болған белгілі әнші. Ағашаяқ аталу себебі, екі аяғына ұзын ағаш байлап алып, қатар шөгіп жатқан тоғыз түйенің үстінен секіріп, би билеп, жәрмеңкеге келушілерге өзінің ерекше өнерін көрсетіп жүрген. Әсіресе, «Қалды-ау, қалды-ау, қыз қалды-ау» атты әні оны ел ішіне әнші ретінде ерекше танымал қылған [182, б. 84].

Осылайша, жәрмеңкеге келген саудагерлер мен қоныс аударушылар сауда жасай отырып, жергілікті халықтың өнерін тамашалайтын, олардың тұрмыс-салтымен, мәдениетімен жақыннан танысатын. Сонымен бірге жергілікті қазақтар мен қырғыздар да сауда арқылы олармен тығыз байланысқа түсетін. Сауда-саттықтың дамуы, бір жағынан, тұрғындарды тұрмыстық қажетті заттармен қамтамасыз етсе, екінші жағынан, облыс тұрғындарының бір-бірімен тығыз араласуына, бірін-бірі жете тануына ықпал етті. Тұрғындар арасында күнделікті тіршілік барысында тұрмыстық қажеттіліктерден бастау алған тұрақты қарым-қатынас орнап, өзара дос, тамыр бола бастады.

Қырғызстандық қоныс аударушылардың ұрпағы, ҰОС ардагері Ф.Г.Коровиннің айтуынша, атасы Степан 1870 жылы Қарабалта селосына қоныс аударып келгенде, әкесі Егор 8 жаста болған. Ол әкесі Егор мен қырғыз Әбдіғұлдың арасында айнымас достық болғанын, әкесінің дүкеніндегі тауарларды Әбдіғұлдың қырғыздарға қарызға алып беріп отырғанын айтады. Әбдіғұл орысша, әкесі Егор қырғызша таза сөйлеген. Коровиндердің отбасында Әбдіғұлды өте жақсы көргенін, оның өздерімен бірге отырып тамақ ішетінін, тіпті қырғыздарға көрсетпей шошқа етін де жейтінін мәлімдейді [60, с. 21-24]. Қарабалта селосы Жетісу облысының Пішпек уезіне қарады.

XIX ғасырдың аяғына қарай Түркістан аймағында тауар-ақша қатынасы жандана түсті. Нәтижесінде ақшалай несие беру жүйесі мен сауда айналымын нығайту мақсатында Мемлекеттік банктің бөлімдері ашыла бастайды. Алғашқы осындай бөлім 1875 жылы Ташкентте ашылып, ол бүкіл Түркістан генерал-губернаторлығы үшін елеулі оқиға болды. Ал, XX ғасырдың басында Жетісу облысының ірі сауда орталығы ретінде Верныйда Мемлекеттік банктің, Орыс-Азиялық және Сібірлік банктердің, қалалық қоғамдық банктердің бөлімшелері, Уездік Қазыналық және ұсақ несие кассасының ссуда-жинақ банктері жұмыс істеп тұрды. Банктер мен несие беретін мекемелердің ашылуы өлкеде ақша айналымының өсуіне ықпал етті [23, с. 27, 29].

XX ғасырдың басында облыста ақша айналымы бойынша алдыңғы орынды тасымал саудасында мануфактуралық және галантереялық тауарлар сатумен айналысатын мекемелер алса, ішкі саудада сыра, шарап сататын орындар алды. Сыра мен шарап көтерме және бөлшек сауда арқылы сатылды. Шарап көтерме сауда арқылы облыстағы шарап зауытының үш жертөлесінде, үш қоймада, бір арақ зауытында сатылса, бөлшек сауда арқылы 65 қоймада, 6 трактирь, 49 ішімдік сататын орындарда және 2 буфетте сатылды. Ал сыра 6 көтерме сауда орындарында, 55 лавкада, темекі 477 лавкада және бөлшек саудада сатылды [153, с. 71]. Ішімдік сататын орындар саны XX ғасырдан бастап жылдан-жылға

көбейіп отырған. Облыста спирт өндіретін кәсіпорындар ашылып, олар негізінен Верный, Лепсі уездерінің жерінде орналасты. Верный уезінің Михайлов селосының жанындағы №48 Түргендегі зауыт Н.И.Ивановқа, ал Верный уезінің София станицасы жанындағы Васильевскі және Лепсі уезіндегі Николаевскі елді мекеніндегі зауыттар Н.Я.Пугасовқа тиесілі болды. Өндірілген өнім тез арада өтіп кетіп отырған. Спирт Түркістан өлкесінің Жетісу аймағымен бірге Сырдария облысына және Қытайға шығарылды [153, с. 69].

XX ғасырдың басына қарай жәрмеңкелердің маңызы төмендей бастайды. Оған жайылымдық жерлері тарылған жергілікті тұрғындардың егіншілікке біржола бет бұрып, отырықшылана бастауы, сонымен қатар банк жүйесінің ашылуына байланысты қалалар мен уезд орталықтарында, селоларда тұрақты сауда орындарының көптеп ашылуы негіз болады. Көп қаржы жинап, ірі сауда және өнеркәсіп орындарының иесіне айналған көпестер, облыс аймағына біржола қоныс аударып, тұрақты дүкендер ашып, саудасын одан әрі жалғастыра берді. Бастапқыда халық қажетті заттарын жылына бір рет ашылатын жәрмеңкелерден немесе ел ішін аралап тасымал саудасымен айналысатын саудагерлерден алып отырған болатын. Кейінірек олардың орнын тұрақты дүкендер алмастырып, облыстың барлық тұрғындары енді күнделікті тұрмысқа қажет тауарларын осындай сауда орындарынан жылдың кез-келген мезгілінде еш кедергісіз ала бастады.

Бірақ, 1867-1917 жылдар аралығында сауданың дамуы патша үкіметінің отаршылдық саясаты аясында тонаушылық сипат алып, қазақ жері шикізат өндіруші базаға айналдырылды. Орыс ғалымы граф Сухотелень: «Қырғыздар (қазақтар-Б.Л.) Ресейге мануфактура өнімдерін, астықтарын тұтынушы, тері және басқа да шикізат өңдеуші көшпелі халық ретінде пайдалы. Сондықтан оларды жартылай жабайы түрде ұстау қажет» [70, с. 3-5] - деген болатын. Яғни, өңдеуші кәсіпорындар салу қажет деп саналмады. Қазақ жерінің әр аймағында жергілікті нарық қалыптасқанымен, біртұтас экономикалық байланыс орнамады. Оған патша үкіметі де мүдделі болмады.

Жоғарыда келтірілген жағымды және жағымсыз көріністерге қарамастан, сауданың дамуы Жетісу облысы тұрғындарының күнделікті тұрмыс-тіршілігі мен қоғамдық санасының сапалы жаққа бет бұруына ықпал етті. Өңірдегі натуралды шаруашылық ыдырап, жергілікті тұрғындар жаңа қоғамдық қатынастарға бейімделе бастады. Айырбас саудасында қазақтар өсімқорлықтан көп зардап шексе, жәрмеңкелік сауданың дамуымен бірге айналымға ақша шығып, айырбас саудасына қарағанда жергілікті тұрғындар өміріне оң өзгерістер әкелді. Ежелден айналысып келе жатқан аңшылық, үй кәсіпшілігі, қолөнер сияқты байырғы кәсіптерін табыс көзіне айналдыруға мүмкіндік туып, қолдарындағы шикізатын жәрмеңкелерге шығарып, шаруашылыққа, тұрмысқа қажетті бұйымдарын қажетінше сатып ала бастады. XX ғасырдың басына қарай жылына бір рет ұйымдастырылатын жәрмеңкелерге қарағанда елді мекендерде тұрақты сауда орындарының көптеп ашылуы тұрғындарға мұқтаж заттарын кез-келген уақытта сатып алуға мүмкіндік берді. Тұрғындардың материалдық жағдайы жақсарып, сауданың дамуымен бірге тұрмысқа жаңа өнеркәсіп өнімдері: қазан, таба, ожау, қасық, самаурын, шәйнек, шыны, фарфор ыдыстар,

кесе, пышақ сияқты және т.б. ыдыстар; маталар, ыңғайлы киімдер, кілем, сабын, керосин шамдар, орыс үлгісіндегі жиһаздар, шаруашылық құрал-саймандары енді. Сауданың дамуы өңір тұрғындарының бір-бірімен тығыз араласуына, күнделікті өмірдегі шаруашылық-тұрмыстық байланыстарын нығайтуға мүмкіндік берді.

I тарау бойынша қорытынды: 1867-1917 жылдары Жетісу облысының саяси-экономикалық жағдайы мен халықтың күнделікті өмірінде орын алған өзгерістер патша үкіметінің осы өңірде жүргізген отарлық саясатымен тікелей байланысты болды. Өзге халықтарды қазақ жеріне күштеп қоныстандыра отырып, өлкені толықтай орыстандыруды мақсат тұтты. XX ғасырдың басына қарай миграциялық үдеріс қарқын алып, жайылымдық жерлер барынша тарылып, дәстүрлі мал шаруашылығының дағдарысы тереңдей бастады. Ата-бабасының жерінен, малынан айырылған қазақ және қырғыз халықтары кедейленіп, тамақ, киім сияқты күнделікті тіршілік қажеттіліктерінен тарылып, амалсыздан отырықшылана бастады. Тұрмыс салтының өзгеруі еркінен тыс, мәжбүрліктен орын алғаннан кейін жергілікті тұрғындар әкімшілік пен қоныс аударушы халықтарға өшпенділікпен қарады. XX ғасырға қарай отырықшылыққа бет бұру кең етек ала бастады. Саяси-экономикалық жағынан қанауға ұшыраған халықтың менталитеті өзгеріске ұшырап, еркіндігінен ажырай бастады. Өмір сүру салтының өзгеруі мен тауар ақша қатынастарының дамуы жергілікті тұрғындар үшін экономикалық қиындықтар арқылы жүзеге асырылса да, күнделікті өмірге, тұрмысқа сапалы өзгерістер енгізгенінде жоққа шығара алмаймыз. Натуралды шаруашылық ыдырап, жаңа шаруашылық құралдары, тұрмыстық бұйымдар пайда болып, күнделікті өмірде динамикалық өзгерістер орын ала бастады. Облыс тұрғындарының арасында шаруашылық және тұрмыстық байланыстар негізінде қалыпты қарым-қатынас орнай бастады.

II КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ЖӘНЕ ТҰРМЫС

2.1 Реформа және халық

Патша үкіметі орнағанға дейін Жетісу халқының қоғамдық құрылымы мен шаруашылығы рулық негізде қалыптасып дамыды. Бұл туралы Н.Ә.Назарбаев: «Тайпа, ру, олардың барлық мүшелері бір-бірімен қандас туыстар болып, олардың барша әрекет-тірліктері тұтасып жатқан. Рас, олар бір-біріне ұқсамаған, алайда біртұтас отбасының бөлінбес мүшелері ретінде қабылданған. Олар өзара тығыз байланыста болғанымен, әркім өзіндік күш-қуатымен, психологиясымен, парасат-пайымымен тірлік құрған. Өзінің негізгі өзегі патриархалдық отбасы болып табылатын бұл сияқты кез-келген қауымдастықтың дәстүрді тұғыр еткен өзіндік жан-жүрегі, біртұтас әлеуметтік-шаруашылық және парасат-бітімдері болған» [183, б. 35-36] - дейді. Бірақ, қазақ қоғамындағы осы тұтастық пен бірегейліктің іргесі XIX ғасырдың II жартысынан бастап сөгіле бастайды. Оған себеп болған патша үкіметі жүргізген әкімшілік реформалар еді.

Қазақ қоғамының ішкі беріктігі мен әлеуметтік-шаруашылық біртұтастығының бұзылуы осы реформалар арқылы жүргізілген отарлық саясатпен және капиталистік қатынастармен тығыз байланыста жүзеге асты. Сондықтан қоғамның өзгеруі оңай немесе жеңіл түрде жүрді деп айта алмаймыз. Халық жаңа қоғаммен бірге тұрмысқа енген өзгерістерге тосын құбылыс ретінде қарап, оларды бірден қабылдай алмады. Жаңа қатынастарға тосырқай қарауы табиғи заңдылық та еді.

Ш.Уәлиханов Ресейде империя тұрғындарына арналған бірыңғай әкімшілік реформалар енгізілерден бұрын 1864 жылы 28 ақпанда «Сот реформасы жайында хат» атты еңбегін жазады. Онда бұл жобалардың менің халқыма да қатысы бар деп, патша үкіметі дайындап жатқан реформалардың империяның орыс тұрғындарының өмір салтына сәйкес жобаланғанын, оны империя құрамындағы орыстардан басқа, әртүрлі дінді, өзге салт-дәстүрді ұстанатын халықтарға олардың ішкі ерекшеліктерін елемей, осы күйінде енгізе салса, онда мұндай өзгерістерден ешқандай пайда келмейтінін, әрі оның нағыз тұрпайылық болатынын жан-жақты ашып көрсетеді. Осы «хатта» «реформа жөніндегі мәселе терең ойды, байыпты тұжырымды қажет етеді. Өйткені халықтың өмір сүруі, немесе сүрмеуі соған байланысты» деп ескертеді. Сонымен бірге қазақ даласына басқарудың жалпыимпериялық жүйесін қалыптастыруды мақсат еткен «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» жөнінде: «өзіндік әдет-ғұрпы, дүниетанымы бар көшпелі халық аты-жөні жоқ, күтпеген жерден толып жатқан сатылы басшылығы, олардың көп бөлшекті бағынышты тармақтары, түрлі атаулы сатысы бар бюрократиялық орталыққа бағынды. Бұл әкімшілік жүйесі осыған дейін қазақ былай тұрсын, орысқа да түсініксіз еді» [39, б. 53-78] - деп, бұған дейін енгізілген реформалардың жергілікті тұрғындарға әсерінен де ақпараттар береді.

Сондай-ақ, Жетісу тұрғындарына 1867 жылғы 11 шілдедегі «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөніндегі Ереже жобасы» да тосын, әрі түсініксіз болды. Бұл Ереже жобасы Жетісу қазақтарына ұнамады. Олар «ақ

патшаның» өздеріне қолайсыз ереже ұсынуына «кім кінәлі?» деп өзара дауласты. Қарапайым халықтың елдегі саяси-экономикалық өзгерістердің, әділетсіздіктер мен әлеуметтік қиындықтардың патша үкіметінің отарлық саясатынан бастау алып жатқанынан бастапқыда хабары болмады. Оған Жетісу облысын зерттеуге шыққан комиссия жазбаларынан көз жеткізуімізге болады. Онда: «Қазақтар «бізге бұрынғы тәртіпті қолайсыз немесе ауыр болды?» деп Ақ патшаға кім айтып жүр десе, енді бірі оған «Абақ сұлтан Ақ патшаға тойға барып, аға сұлтандар билігін жоюды талап етіпті» - деп жауап беріп жатты. Халық бұған да сенуге дайын болды. Біз оларға ешкімнің де патшаға барып арыз айтпағандығын түсіндіру үшін өлке картасын көрсетіп, жоғарғы жақтағы бастықтар олардың тұрған жерін ғана емес, бұл жердегі әрбір рудың көшіп-қонатын жайлауларын, тау, тасты, олардың ата-бабаларының молаларына дейін білетінін айтқан кезде халық таңқалысып, Аллаға сиынып, сақалдарын сипай берді» [184, с. 21] - деп жазады.

Жетісу және Сырдария облыстарын басқару Ережесінің жобасы бойынша билер соты сақталып қалды. Бірақ, билер соты мен олардың съездеріне шешім шығару құқы берілгенімен, екі жақ ол шешіммен келіспеген жағдайда орыс сотына шағымдана алды.

Ереже жобасының басты жаңалығы, әрі халыққа тосын болған жағдайлардың бірі сайлау жүйесінің енгізілуі еді. Сонымен бірге билер сотының съезін енгізіп, жазалауға шектеу қойды. Денесіне зиян келтіру, дене мүшесін кесу және өлім жазасы алынып тасталды. Оның орнына айыппұл салу, қамауға алу, кінәсін жұмыспен өтеу, Сібірге жер аудару жазалары енгізілді. Түркістан өлкесін басқару ережесі бойынша би болып жасы 25 ке толған, сотталмаған, қылмысы үшін тергеуде болмаған жергілікті халық өкілі сайлана алды. Ал, Жетісу облысы Далалық Ережемен басқарылатын болғандықтан (1882-1899) жасы 35-ке толған жергілікті халық өкілі және орыс оқу орынында курс аяқтаған, әрі 25 жасқа толған болса, би болып сайлана алды. Сонымен бірге 7 күн тұтқында болғандар мен 30 сом айыппұл төлегендердің сайлануға құқы болмады [33, с. 7, 10].

Сайлау жүйесі қазақ ауылдарының әкімшілік бөлінісімен бірге қазақ халқының бүкіл тіршілігіне терең өзгерістер алып келді. Қазақтар ауылдар мен болыстықтарда рулық негізде орналасқандықтан бастапқы кезде әкімшілік қызметкерлері мен билерді сайлауда аса зиянды әрекеттер байқала қоймаған. Өйткені, кімнің қандай орынға сайланатынын ру басшылары өзара ақылдаса отырып шешті, оған ауылдастары ешқандай қарсылық көрсетпеді. Сөйтіп, сайланған адамдар арқылы елді бұрынғыша ру басшылары басқара берді [33, с. 38]. Мысалы, Іле-Балқаш болыстығының тұңғыш болысы Сүндетбай Смайылұлы жалайыр ішінде зор ықпалға ие атақты бай Ойшы Маясарұлының ұсынуымен сайланған [88, б. 26].

Жергілікті орыс билігі қазақтардың тек өз руларымен ғана бірге қоныстанатынынан өздеріне қарсы күш біріктіріп кетеді деп қауіптен бастайды. Сондықтан бірте-бірте бір болыстыққа, кейде бір ауылға, бірнеше руларды араластырып орналастыра бастады. Осыдан кейін сайлау кезінде бірнеше рудан құралған болыстық тұрғындарының әрқайсысы өз руының

адамын өткізуге мүдделі бола бастады [33, с. 38]. Нәтижесінде әртүрлі руларды араластырып қоныстандыру қазақ арасындағы берекесіздіктің, алауыздықтың басталуына негіз болды.

Бір-біріне мүддесі сәйкес келе бермейтін әртүрлі рулар 10-12 ауылдан біріктіріліп, бір болыстыққа кіргізілді. Осы ауылдардың қай-қайсысы болыстықты жеңіп алуы үшін араға пара жүрді, партиягершілік науқаны қызды, болыстық билікке таласты. Кім параны көп берсе, сол сайлауда жеңіске жетті [87, б. 95].

Уезд бастықтарының паракорлығы жөнінде Б.Сыртанов облыстың әскери губернаторы Г.И.Ивановқа бірнеше рет мәлімдейді. Соның негізінде статистикалық кеңесші Н.Н.Пантусовқа ел ішіндегі жағдайды, уезд бастықтары мен қарапайым қазақтардың қарым-қатынасын анықтау тапсырылады. Тексеру нәтижесінде Қапал уезінің басшысы С.Махониннің қомақты пара ала отырып, әлсіз ру өкілдерін екінші жаққа жығып беріп, ру арасындағы дауды өршітіп отырғандығы белгілі болады. Істің ақыры ушығып, уезд бастығын қызметінен босату туралы мәселе көтеріледі. Ақырында, паракорлық жең ұшынан жалғасқан Жетісу облысының әкімшілігі С.Махониннің «денсаулығына байланысты қызметінен өз еркімен кету» туралы өтінішін мақұлдап, оны 1466 сом 66 тиын зейнетақымен қызметінен босатады. Облыстық губернатор оны қызметінен босату арқылы «паракорлыққа қатаң шаралар қолданып жатырмыз» деп сырт көзге әділ басшының сыңайын танытты [88, б. 30-31].

Қазақтар арасындағы сайлау туралы Ә.Бөкейханов: «Қазақ сайлауы қазаққа келген бір жұт. Сайлау жылы малы бағусыз, егіні салусыз, пішені шабусыз қалып, малшыдан басқа үйде отырып шаруасын қараған адам болмаған. Сайлау жылғы жұрттың көбінің мінгені-біреудің жауыр болған шолағы, ішкені-біреудің қымызы, қонғаны-біреудің үйінің арты. Сайлау жылғы қазақ ғұмыры осымен бітеді. Сондағы мақсаты – болыс, би, елубасы, старшын болмақ. Дұшпаннан кек алмақ, намысқа тырыспақ, момын халыққа алым-шығынды аударып тастап бай болмақ. Бұдан қазаққа не пайда? Болыс болуда не қасиет? [185, б. 120] - дейді.

Верный уездік бастығы партиялардың сайлау алдындағы билікке таласы туралы хатында: бір рудан құралған болыстықтарда халық билер мен ауылдық әкімшілік басшыларын ақсақалдардың көрсетуі бойынша сайлайтындықтан сайлаудың бірқалыпты өтетінін, ал бірнеше рудан құралған болыстықтарда сайлау жүйесі енгізілген соңғы 20-30 жылға жуық уақыттан бері сайлаулар пара берумен, әртүрлі рулар арасындағы партиялық теке тіреспен, тәртіпсіздіктермен, тіпті кей кезде кісі өлімімен шиеленісетінін жазады. Сайлау болатын жылы (үш жылда бір рет – Б.Л.) өмір қалыпты арнасынан шығып, тұрғындар жыл бойы толғанып, сайлау науқанына қатысатынын, әр рудың ақсақалдары бірнеше рет жиналып, қоғамдық қызметке үміткерлерді таңдайтынын, партия басшыларының рөлін бөліп беретінін, сайлаушылардың тізімін жасап, олардың дауыстарын есептейтінін және жұмыс жоспарын құрып, партия мүшелерінен пара беруге қажет ақша жинайтынын [33, с. 40-41] баяндайды.

Жетісу облысы қоныс аудару басқармасының шенеуніктері болыстық сайлау алдындағы жиналысқа келген қазақтардың әрекеттері және сайлау науқанынан туындаған ел ішіндегі жағдай туралы: «олар (қазақтар – Б.Л.) бір аптадан кейін болатын болыстық және ауыл старшындарын сайлауға үгіт-насихат жұмыстары үшін және үміткерлерді талқылауға жиналып жатыр. Ара-арасында топқа бөлініп дауласады. Дауласудың арты төбелеске ұласып, бір қазақтың көзін шығарып жіберді. Сайлауда кейде қантөгіске дейін барады. Әр жерде шеңбер құра аттылы қазақтар тұр. Ортада ақсақалдар ақылдасуда, жастары шешім күтіп тұр, кейбіреулері төбелесіп, оларды полиция ажыратып жүр. Бізге бір қазақ жақындап келіп, 10 сом ұсатып беруімізді өтінді, біз оның өтінішін орындадық, ол тез кетіп қалды. Күміс ақшалар оған пара беру үшін керек. Сайлауда жеңіске жету болысқа қымбатқа түседі, ал болыстықтағы қазақтарға одан да қымбатқа түседі. Себебі, болыс бекіп алғаннан кейін әрбір түтінге өзіне сый (қара шығын) беруді тағайындайды. Көп ұзамай оған жылқы табынын, қой отарын, ақша, т.б. сый әкеліп береді. Болыс болған өте пайдалы, сондықтан сайлау алдында шексіз ант бере беруге болады. Бөлімше басқармасының кеңсесіне қауіпті қарсыластар мен кандидаттарды сайлауға жібермеу үшін арыз-шағымдар бірінен соң бірі түсіп жатады» [186, б. 230-236] - деп көрсетеді.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген жетісулық ақын Бақтыбай Жолбарысұлы өзінің «Сенім жоқ бұл заманның адамына» деген өлеңінде:

Қазіргі ел жақсысы паракор боп,
Халқына аузын ашып жалақтады.
Сенім жоқ бұл заманның адамына,
Лайықтап адам туар заманына.
Қолдан келсе ниеті бірін-бірі,
Басып-жаншу талқандап табанына [112, б. 52] - дейді.

Қазақтың би-болыстары сайлауда жеңіп шығу үшін 500 сомнан 1 000 сомға дейін [140, б. 191], кейде 5000 сомға дейін пара берген.

Ол туралы М.Ғалымжанов:
Уақытша пәтерге алған қоныс бізде
Жан басы ер құнындай борыш бізде.
Ант айтып кедейге түк шығармасқа,
Сайланған бес мың шашып болыс бізде [140, б. 69] -деп күйінеді.

Болыс сайлаулары әр рудың ғана емес, бір атаның балаларын да араздастырып отырған. Мысалы, 1909 жылы Лепсі уезінде Ақшәулі болысының сайлауы болып, оның арты үлкен төбелеске айналады. Сол төбелесте соққыдан Тоқжан баласы Тойғозы қайтыс болады. Тойғозыны өлтірді деп айып тағылған тоғыз кісінің бәрі оның туыстары болып шығады: бірі ағасы, бірі інісі, бірі келіні т.б. Сот ұзаққа созылып, бастапқыда бұларды ұзақ мерзімге түрмеге жабуға шешім шыққанымен, бұлардың қорғаушысы болған Көлбай Төгісұлы олардың жазасын жеңілдетіп, түрмеге түсірмей алып қалады [185, б. 296].

Сайлау алдындағы талас-тартыс Жоғарғы Қаратал болыстығындағы қазақтардың да өзара қарым-қатынасының шиеленісуіне себеп болған. Аталған

болыстықты ағайынды үш жігіт, ірі байлар Аман, Хангелді, Амандос Жөңкебаевтар бірінен кейін бірі басқарған. Соңғы болыс 1909-1916 жылдар аралығында Аман болған. Болыстыққа Тұманшы бидің ұрпақтары да таласады. Осы екі әулеттің арасында билік үшін ұзаққа созылған тартыстың арты қантөгіске ұласып отырған. Оның зардабын халық тартқан [51, с. 10-11].

Адамгершілік пен ар-ұятты саудаға салған осындай сайлаулар арқылы сайланған билер халыққа жайлы бола бермеген. Олардың мінез-құлқын Дулат Бабатайұлы: «Тырнадан би сайладың»- деп; Албан Асан: «Қудан туған шұнақ би», ал Шортанбай ақын: «Елубасы, онбасы, Ол-сайтанның жолдасы» [87, б. 80] деп суреттеген.

Түркістан өлкесінде жүргізілген тексеріс бойынша берген есебінде сенатор К.К.Пален сайлаушылар туралы: «Әуел бастан-ақ ел ішіндегі сыйлы, беделді, дербес адамдардың елубасылық қызметтен бас тартуы, бұл орындарға халық арасында беделі жоқ, өзіне сенімсіз адамдардың келуіне жол ашты» [34, с. 123] десе, сайлау туралы: «Ғасырлар бойы шығыс дәстүрінде тәрбиеленген қазақтар билердің сайлануының қандай пайдалы жағы бар екенін түсіне де, оны өздеріне сіңіре де алмады. Партиялық шиеленіс, сайлаушыларды сатып алу жүйесі кең тарады. Соның кесірінен бидің орнына мықтылар емес, білімі мен адамгершілік қасиеті төмен, жеке бас пайдасын көздеген ептілер келді. Нәтижесінде билер соты кек қайтару аренаһы және би қызметінде отырып сайлау кезінде жұмсаған қыруар қаржысын еселеп қайтарып алуға тырысқан халықты өз сайланушылары арқылы қанау құралы болды» - деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар сайлау жүйесі енгізілгенімен, оған дауыс беруге халық тікелей қатыспай, онбасы және елубасылары (әрбір он үйден, елу үйден бір сайлаушыдан белгіленіп, олар онбасы, елубасы деп аталды – Б.Л.) арқылы жүзеге асты. Осылай жүргізілген сайлау жүйесі паракорлық пен алауыздықты өршітті. Би болғыһы келетіндер халықтың дәстүрін, қарапайым құқықтар мен заңдарды білуге ұмтылмады. Оларды тұрғындардың құрметіне бөленуден гөрі, өз жағына елубасыларды көбірек тарту жағы қызықтырды. Сондықтан бірнеше ай бұрын елубасыларын жинап, оларды қонақ қылып, сый-сияпат жасады.

Елубасыларға ешқандай шектеу, шарт қойылмағандықтан, кім көп сыйлық жасап, көп уәде берсе, соған дауыс бере берді. Осындай жолмен сайланған қабілетсіз билер сайлау алдындағы шығындарының орнын толтыру үшін ел ішіндегі дау-дамайларды шешуде де әділетсіз шешімдер шығарды. Ал сайлауда жеңіліп қалған үміткерлер болса, сайлау алдында таратқан ақшаларын қайтара алмайтын болғандықтан, жеңіске жеткен қарсыласының паракорлығы мен елубасыларының ашкөздігін айтып, олардың үстінен арыз жазады [33, с. 8-12] деп, сайлау науқаны кезіндегі және одан кейінгі ел ішіндегі жағдайды нақты көрсетеді. Кей жағдайда парадан алған ақшаны бөлісе алмаған старшындар да өздерін-өздері ұстап беріп отырған [88, б. 74].

Патша үкіметі енгізген сайлау жүйесінің қазақ халқының ұлттық бірегейлігіне тигізген зияны туралы Н.Ә.Назарбаев: «Ел ішіндегі ауызбірліктің кетіп, ағайын арасындағы бас араздығының өршуіне болыстық сайлаулары да қатты әсер етті. Патша үкіметі қазақ халқының ұлт-азаттық күресін әлсірету

үшін осындай сайлаулар кезінде ру аралық тартысты қоздырып, әр рудың өкілдерін бір-біріне айдап салып отырды» [183, б. 51]-деп көрсетеді.

Еркін, көшпелі өмір салтын ұстанған қоғамның отаршылдық тәртіппен бетпе-бет келуі, халықты екіұдай күйге түсірді. Отаршылдық кезеңі тудырған қазақ менталитетіне жат мінез-құлықтар мен әрекеттерге халық тосырқай қарады. Халықтың бір тобы жаңа жағдайға жатырқай қараса, келесі бір тобы жаңа жүйеге тез бейімделіп, жаңа қоғамға қызмет етті. Ел ішінде көзқарастары, пайым-түсініктері бір-біріне қарсы екі топ қалыптасып, ел екіге айырылды. Дәл осы ахуалды Дулат Бабатайұлы:

Ағайын араз болған соң,

Ел екіге жарылды –деп көрсетсе,

Албан Асан:

Маңдайдағы екі көз,

Бір-біріне қас болды [87, б. 74-77]-деп суреттейді.

Билердің білімсіздігі мен паракорлығы тұрмыстық даулардың өшпенділікке ұласуына, соның әсерінен орын алған қылмыстық әрекеттердің жиілеуіне әкеліп соқтырды.

Қазақтар арасындағы өзіндік жазалау түрі болып табылған барымта дауы бұрыннан қазақ қоғамындағы өткір мәселелердің бірі болатын. Сайланбалы билердің әділетсіз шешімінен кейін, барымта одан әрі күшейіп, бұл өз кезегінде уездер арасындағы дауды бұрынғыдан да ушықтыра түсті. Өйткені билер бармташыдан пара алып, істі бұрыс шешіп отырған [17, с. 82]. Ондай даулардың соңы адам өліміне дейін ұласатын.

Барымташылық облыс көлемінде ғана емес, Қытай мен Жетісу облысының шекарасында да тоқтамады. Соған байланысты 1883 жылдың соңында Санкт-Петербургте Ерекше кеңес өткізіледі. Ол кеңесте барымтаны жою үшін, қоғамдық жауапкершілік қалыптастыруға тырысқан патша үкіметі «зиян шеккен жақтың шығынын барымта жасаған ауыл қарайтын болыстық түгел қалпына келтіруі тиіс; яғни мал ізі қай ауылға кірсе (ол ауылдан шығып кеткеніне қарамай), сол ауыл төлеуі тиіс, егер ауылдың жағдайы келмесе, онда болыстық түгел жауапты болады» деген мазмұнда шешім қабылдады. Қытай билігінен де қоластындағы қазақтарға осындай тәртіп енгізуді талап етті [187, с. 11]. Бірақ бұл шешім де барымташылықты түпкілікті тоқтатты деп айта алмаймыз.

К.К.Пален Жетісу облысындағы орыс селолары мен қазақ ауылдарындағы қылмыстық әрекеттердің жылдан-жылға өршіп отырғанына, казак атамандарының шала сауаттылығы, шаруа старосталары мен қазақ болыстарының, ауыл старшындарының сауатсыздығы басты себеп болып отырғанын айтады. «Олар өз міндеттерімен үш жылда әрең таныса бастағанда, қайтадан сайлау болып, олардың орнына басқалар келеді. Олар өздеріне қосымша жүктелген полиция қызметін ойдағыдай атқаруға да дәрменсіз, сондықтан облыстың отырықшы және көшпелі тұрғындары арасында қылмыс тоқтамай тұр» - деген қорытынды жасайды [34, с. 133].

Дегенмен Жетісу облысының сайланбалы билерінің бәрі сауатсыз, паракор болды дей алмаймыз. Олардың ішінде патша әкімшілігіне қызмет ете жүріп,

оның отаршыл саясатының мәнін дер кезінде түсініп, халқының қамы үшін адал қызмет еткендері де баршылық еді. Олардың қатарында халықтың ықыласына бөленген Іле-Балқаш болыстығының биі, қажы Сүндетбай Смайылұлын [88, б. 94], 1868 жылы сайланған Верный уезі Алматы болыстығының №2 ауылының алғашқы сайланбалы биі Жайнақ Қараталовты, Верный уезінің Үлкен Алматы болыстығында 1886-1912 жылдары бірнеше рет болыс басқарушысы және би болып сайланған ағайынды Ыдырыс және Хұснидин Сәдібековтерді және Үлкен Алматы болыстығында 21 жыл қатарынан би болған Дүйсебай Шоманақұлын, т.б. айтуымызға болады. Бұл аты аталған билердің бәрі мұсылманша сауатты, елдің жағдайын, халықтың салт-дәстүрін жетік білген қабілетті, елге беделді басшылар болған. Патша әкімшілігінен сый-сияпат алып отырса да олардың негізгі ойын жақсы түсінген Дүйсебай би:

Би болдым жиырма бір жыл қызмет етіп,
Отырдым сол қызметте знак іліп.
Мақтау қағаз, медальды қосып алдым,
Сонда да сүйсінбедім жұмыс... біліп.
Біздерді патшалар жүр айналдырып,
Көне ме, көнбей ме деп қайран қалып.
Болар-болмас нәрсеге жуанатын,

Қу шіркіндер, тапты екен қайдан біліп [89, б. 164-202] -деп, оларға іштей берілмегенін көрсетеді.

Жаңа қоғамдық қатынастар отбасылық дәстүрлі қарым-қатынастарға да өз әсерін тигізді. Көшпелі өркениет негізінде қалыптасқан ұлттық менталитет өзгеріске ұшырай, оның белгілері отбасылық, ағайын арасындағы туыстық қарым-қатынастарда айқын көрініс береді.

Дәстүрлі қоғамдағы отбасылық, туыстық қарым-қатынастарды Н.Ә.Назарбаев: «Жекжат-жұрағаттардың, сондай-ақ ру аралық туыстық қарым-қатынастардың құқықтары мен міндеттері, сый-сыяпаттарының деңгей-дәрежелері, қадір-құрметтерінің шек-шекаралары, тыйым-талқыларының ауқым-аясы әрбір адамға арналған қатал әдепке бағынып отырған. Мінез-құлықтардың өзара міндет-деңгейлері, қарым-қатынастың қылық-қасиеттері, киіз үй ішінде дастарқан басындағы орындары, әрбір қонаққа көрсетілген құрметтің кезек-тәртібі, тіптен сый-сыбаға тағамдардың түр-түріне дейін, бәрі-бәрі сараланған» [183, б. 43-44] - деп көрсетеді.

XX ғасырдың басында Жетісу облысы қоныс аудару басқармасының шенеунігі Г.К.Гинс қазақтардың отбасы мүшелерімен қарым-қатынасы туралы: «Қазақтар өзара қарым-қатынаста өте сыпайы. Қонақжай. Оларда қарапайым құқықтардан басқа, көптеген әдеп ережелері бар. Сыпайылықты бұзу әдепсіздік деп танылады. Мысалы, жасы үлкенге құрмет көрсету, әйелдердің ер адамдарға құрметі, тамақты шамадан тыс көп ішпеу, көпшіліктің көзінше әйелге немқұрайлылық таныту, т.б. Бұл әдеттердің бұзылуы өте қатты жазаланды. Мысалы, қонақжайлылықтың, қонаққа құрмет көрсетудің бұзылуы айыппұлға ат төлетумен жазаланған» [20, с. 322-323] - дейді.

Дегенмен, біз қарастырып отырған кезеңде үлкеннің сөзіне тоқтаған, ата тұрып ұл сөйлемеген, шеше тұрып қыз сөйлемеген, әйелі күйеуінің бетіне тіке қарамаған әдептің, қазақы дәстүрдің іргесі сөгіліп, отбасылық, туыстық қатынастардың, ағайын арасының бұрынғы беріктігіне сызат түседі.

Отбасылық дәстүрдің, ағайын арасының бұзылып, ақсақалдардың беделінің түсе бастауына налыған Асан Барманбекұлы:

Кісіге бауыры ашылған,
Бұрынғы бордай аға жоқ.
Інісі тілін алмайды,
Жасы үлкенде баға жоқ.
Есікті ашып ат байлар,
Әкені сыйлар бала жоқ.

Немесе

Жасы үлкен демеді,
Інің жырты жағанды [87, б. 78-79]-деп налиды.

Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөніндегі Ереже жобасы бойынша билердің шешіміне наразы болғандар орыс сотына шағымдана алатынын айтқан едік. Бұл неке және отбасы мәселелерін де айналып өтпеді. Билердің шешіміне наразы болғандар уезд басшыларына шағымдана алды. Уезд басшысы бұл мәселелер бойынша өзі де шешім шығара алды немесе оны Әскери Губернаторға берді. Осылайша, неке және отбасы мәселелеріне байланысты түпкілікті шешім шығаруды орыс әкімшілігі өз қолына ала бастады [33, с.7]. Ақырында, отбасындағы салт-дәстүрлерге де өзгеріс ене бастады. Әйел теңдігі, махаббат бостандығы, қалыңмал, қыз жасауы, әмеңгерлік сияқты отбасының жеке өміріне қатысты мәселелер, орыс сотының талқысына түсе бастайды. Әдетте, ажырасу мәселесінде әйелдің тілегі ескерілмейтін. Күйеуі оған қатал, әрі дөрекі болса да, қорлық көрсетсе де әйелі ажырасуды талап ете алмады. Туысқандары ғана оның күйеуінен айыппұл талап ете алды, бірақ әйел күйеуімен бірге қалдырылатын [35, с. 91]. Ендігі жерде отбасылық және неке мәселелерінде түпкілікті шешімді орыс соты шығара бастады. Соның әсерінен өз еркінен тыс тұрмыс құрған, күйеуінің дөрекілігіне төзбеген қазақ әйелдерінің жеке бас бостандықтары үшін тәуекелге барғанын байқаймыз. Мысалы, Верный уезінің Қарғалы болыстығының тұрғыны өзін тастап, басқа біреуге тұрмысқа шығып кеткен әйелін қайтаруға Верный уездік бастығының көмектеспей отырғанын айтады. Сот оның әйеліне күйеуіне оралуға шешім шығарады. Бірақ, верныйлық мешан дүнгенге кетіп қалған әйелі бұрынғы күйеуінің өзінен 14 жас кіші екенін алға тартып, оған қайтып оралуға үзілді-кесілді қарсы болады. Осыдан кейін бұрынғы күйеуі одан қалың малды өндіріп беруін талап етеді [188, п. 13-14] Сонымен бірге күйеуінің дөрекілігі мен қорлығына шыдамай басқа адамға тұрмысқа шығып кету фактілері де орын алып отырған [189, п. 6].

Отбасындағы дәстүрлі қарым-қатынастың бұзыла бастағанына зар заман ақындарының бірі Шортанбай Қанайұлының (1818-1881) мына өлең жолдары арқылы да көз жеткізуімізге болады:

Заманақыр кезінде,
Қойында қатын жатпады.

Ұрса тілін тартпады,
Күнәсі асқан бұл пенде,
Құдайдан әсте қорықпады.
Шешесіне болысып,
Ұлы шоқпар саптады.
Алжыған кәрі қақбас деп,

Келіні тұстан боқтады... [114, б. 92-93]. Бұл өлең жолдарынан көшпелі қоғам кезінде отбасының басты асыраушысы, басшысы болған отағасының беделі түсе бастағанын көреміз. Күнделікті өмірде орын алып жатқан тосын жағдайларға қарсы тұрар шарасы болмаған халық іштей күйзеліске түседі. Негізгі кәсібі малшылық болған көшпендінің жаңа қоғамға бейімделіп кетуі қиынға соғады. Бұл, бір жағынан қазақ халқының рухани тоқырауға түскен кезеңі десек, екінші жағынан дәстүрлі шаруашылығы күйреген қазақ қоғамындағы ер адамдардың «екі қолға бір күрек таппай» психологиялық жағынан зор күйзеліске ұшыраған заманы болды.

Заман ағымына наразылығын қырғыздың ақыны Молдо Кылыч та өзінің «Зар заман» [115, б. 4-73] деген өлеңінде білдірген. Ол жастарды адалдыққа, мұсылмандыққа шақырып, адамның пейілінің бұзылып бара жатқанына налиды.

Жетісу қазақтары патша үкіметінің халық санағын жүргізгеніне де наразы болды. Олар комиссияның келетінін күні бұрын біле тұра, белгілі бір мекенде қыстамай, жаңа үкіметтің санақ жүргізуіне кедергі келтіріп баққан. Оның себебі, бір жағынан санақ мақсатының оларға түсініксіз болуы болса, екінші жағынан жаңа қоғаммен бірге келген тосын құбылыстарды бірден қабылдай алмаған халықтың ішкі қарсылығының көрінісі еді. Көптеген әкелер санақ кезінде өздерінің орнына жөргектегі балаларын немесе қайтыс болған туыстарын жаздырып қойған. Мысалы, XIX ғасырдың 70 жылдарында Верный уезіне қарасты Талғар болыстығының қарт қазағы қасына баласын ертіп келіп, баласын өзінің орнына жазуды өтінеді. Неге өзі жазылғысы келмейтінін сұрағанда, ол: «Мен әскерде қызмет етуге жарамаймын, кәрімін» - деп жауап берген [184, с. 21]. Ал, керісінше, 1897 жылғы Ресей империясы жүргізген бірінші жалпыхалықтық санақта қазақтар балаларын жасырып қалып отырған. Бұл туралы М.Тынышбаев: «Санақ кезінде сұрақ қойғанда қазақтар балаларын жасырып қалып отырды, олар үкімет өздері (қазақтар-Б.Л.) босатылған әскери міндеттілікті енгізгелі жатыр деп ойлады» [43, б. 22-33]-дейді. Өйткені, «Уақытша Ереже» жобалары бойынша қазақтар әскери міндеттен босатылған болатын.

Жетісу облысының қазақтары үшін тосын болған құбылыстардың бірі маскүнемдік болды.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Жетісу облысының орталығы – Верный қаласының мәдениет және сауда орталығы ретінде маңызы зор болды. Мұнда басқа да сауда орындарымен бірге арақ-шарап зауыттарының және оның өнімдерін сататын орындардың саны көп болған. Верный қаласының бұрынғы тұрғыны А.И.Иконников өзінің естеліктерінде Верный туралы ескі әннің:

Город Верный стоит в яме,
Весь наполнен кабаками...,

деп басталатын айтады. Бұның өзі Верный қаласында ішімдік ішетін орындардың көп болғандығынан хабар берсе керек. Ол: «Таң сәріден бастап түн ортасына дейін Кутлиннің кабагынан (ішімдік ішетін орын) мас адамдардың дауысы мен ұрыс-керісі, төбелесі естіліп жататыны есімде. Бұл жерге келетіндер негізінен жайлы тұрмыс іздеп, отарлаушы патша әскерінің соңынан жан-жақтан ағылып келген кәсіби қаңғыбастар, сонымен бірге ішімдікке бой алдырған ұсақ шенеуніктер және офицерлер еді. Ішімдік ішуге арналған бұндай орындардың өздерінің тұрақты тұтынушылары – қаңғыбастары – болды. Өз араларындағы жазылмаған заң бойынша олар бөгде адамды бұл орынға кіргізбеді, оған көнбегендері төбелесіп, оның ақыры қантөгіспен аяқталып жататын. Ішкіштердің де өздерінің «басшылары» болды. Верныйдағы сондай «басшының» бірі пристав Вителевтің немере туысы болды. Маскүнемдікке салынған оның беті ісіп, шашы қопырап, көшеде қарлығыңқы дауыспен айқайлап, елді тілдеп жүретін. Одан бәрі қорқатын, әрі оны сыйлайтын. Полиция оның әрекетіне көз жұма қарайтын, себебі, ол маскүнем болса да жәй маскүнем емес – жоғарғы жақта танысы бар адам еді. Маскүнемдер көшеде қалай болса, солай жүрді, бұзақылық жасады. Бұрын тұрғындардан қайыр сұрағанда өтініп сұраса, кейін бас салып арақ ішу үшін ақша беруді талап ете бастады» [190, с. 3] - дейді.

Верный қаласын айтпағанда, селолардағы ішімдік сататын дүкеннің жанынан да шаруалардың қарасы үзілмейтін. Соңында мас болып, жолдың ортасында жататын. Село тұрғындары көшеде жатқан адамды орнынан көтеріп, көмектесу туралы ойлай бермейтін. Ақырында сөйлеген сөзі түсініксіз маскүнем, жас балалардың мазағына айналатын. Маскүнемдікпен қоса село тұрғындарының көпшілігі апиын қолданатын. Ал спиртті ішімдікті ері де, әйелі де, бәрі тегіс ішетін. Барлығы 50 үйі бар сондай селолардың бірінде спиртті ішімдіктерден түскен жылдық табыс 25 мың сом болған [191, с. 2-3].

Облыс тұрғындарының күнделікті өмірде апиынды көп қолдана бастауына, емдік мақсатта көкнәр өсірудің қолға алынуы бір себеп болған. Заң бойынша оны ауруларға дәрі қылып беретін жерлерде ғана өсіріп, сатуға рұқсат етілгенімен, тұрғындар арасында апиынды өз бетінше өсіріп, сату әрекеттері тоқтамаған [192, б. 37].

Ал маскүнемдіктің пайда болуына, спиртті ішімдіктердің көп өндірілуі және арақ-шарап ішетін орындардың кең көлемде ашылуы себеп болды. 1901 жылы облыста тек арақ-шарап өндіретін және сататын орындарға ғана құны 23921 сом 60 тиын тұратын 290 патент берілген. Ішімдіктер рен (рейн) дүкендерінде, ішімдік ішуге арналған орындарда, трактир (ресторан) және буфеттерде сатылды [151, с. 21]. Арақ-шарап сататын орындар жылдан-жылға көбейіп отырған. Мысалы, 1906 жылы облыста спиртті ішімдіктер 65 рен дүкенінде, 6 трактир, 49 арнайы орында, 2 буфетте сатылса [153, с. 71], 1908 жылы 72 ренск дүкені, 6 трактир, 51 арнайы орын, 4 клуб буфетінде, 2 бір күндік қайырымдылық буфеттерінде сатылған [154, с. 60].

Жоғарыда келтірілген Верный қаласындағы маскүнемдердің күнделікті өмірінің бір көрінісі тек бір қалаға ғана тән көрініс емес, ол жағдай бүкіл облысқа тән болды деуге негіз бар. Себебі, арақ-шарап өнімдері облыстың барлық уездерінде сатылып, жылдан жылға сатылу көлемі артып отырған. Мысалы, 1906 жылы облыс бойынша 90114 шелек шарап сатылған болса, 1908 жылы 104865 шелек сатылған. Осы жылғы мәлімет бойынша шарап өнімдерін ең көп тұтынған Верный уезі (32675 шелек), Пішпек уезі (22503 шелек), одан кейін Лепсі уезі (19679 шелек), Қапал уезі (13536 шелек), Пржевальск уезі (12887 шелек), соңында Жаркент уезі (3594) болды [154, с. 61].

Жетісу облысында спирт өндірісі Верный және Лепсі уездерінде орналасқан 3 зауытта өндірілді. Ол зауыттар Н.И.Иванов пен Н.Я.Пугасовқа тиесілі еді. 1908 жылы 7 зауытта сыра, 3 зауытта шарап өндіріліп, ол өнімдер Жетісу облысының елді мекендеріне таратылды. Облыстағы арақ-шарап ішетін орындар негізінен Пугасов пен Ивановтың иелігінде болғанымен, көптеген мешандар, шаруалар, дворяндар да кәдімгі тұрғын үйлерден ішімдік ішетін орындар ашып қойды [193, с. 9].

1913-1914 жылдары Лепсі уезінің Николаев, Обуховск, Қапал уезінің Вознесенск, Покатилов селоларында ішімдік ішетін орындар ашылып, арақ-шарап тек қолма-қол ақшаға берілетін болған. Ішімдікті сол жерлерде отырып ішуге де, өзімен бірге алып кетуге де болды [194, п. 6, 9^a, 19, 47, 51]. Олардың бағасы да әртүрлі, мысалы: портвейннің 1 бөтелкесі 3 сом 50 тиын болса, қызыл жүзім шарабының 1 бөтелкесі 3 сом, сыраның 1 бөтелкесі 2 сом 40 тиын болған [195, п. 88].

Спиртті ішімдіктер тек қалаларға немесе орыс селоларына ғана емес, сонымен бірге қазақ ауылдарына да кеңінен тарай бастады. Төгісов Көлбай Жетісу қазақтары туралы айта келіп, «болыс-билерінің бар өнері арақ ішіп, карта ойнау, оларға қарап жас балалар, қатын, қыздар да арақ, анаша, апиын, шылымды өнер деп ұстаған көрінеді» [185, б. 176-177] - деген мәлімет береді. Сонымен бірге басқа дерек көздері де «мұсылман-қазақтардың арақ ішіп, темекі тарту сияқты орыс әдетіне баяғыда-ақ үйреніп кеткенін» [20, с. 331] алға тартады.

Өңірде спирт зауыты салынуымен, арақ-шарап түрлерінің көптеп өндірілуі, саудагерлер үшін тиімді болғанымен, тұрғындардың бір тобының ішкілікке бой алдырып, азғындық жолға түсуіне себеп болды. Соның салдарынан қоғамда бұзақылық жиілеп, қаңғыбастық, әйелі мен балаларына зәбір көрсету, отбасына қауіп төндіру, өз-өзіне қол салу [143, п. 49], спиртті ішімдікті шамадан тыс қолдану және мас күйінде төбелесіп, соққыға жығылу салдарынан болатын кісі өлімі [196, п. 11, 24] т.б. қылмыс түрлері жиі орын алған. Қоғамдық тәртіп бұзушылар қатарында қарапайым тұрғындармен қатар әскерилер де болған [197, с. 79].

Жоғарыда аталған себептерге қоса, ел ішінде қылмыс түрлерінің жиілеуіне Ресейден өз бетімен қоныс аударып келушілер легінің толастамауы да себеп болды. К.К.Паленнің айтуынша, Түркістан өлкесіне жаңадан қоныс аударып келіп жатқандар – орыс шаруаларының ең нашар элементтері. Олар өздеріне жер бөлініп берілгенше бір жерде тұрақтап, қандай да бір жұмыс тауып,

тіршілік етудің орнына қаңғыбастық пен маскүнемдікке бейім тұрды. Олар дөрекіліктерімен де ерекшеленді [34, с. 68].

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Жетісу облысы тұрғындарының әлеуметтік жағдайы төмен болды. Үкіметтен ерекше қамқорлыққа ие болып отырған қоныс аударушылардың жағдайы, әрине, жергілікті тұрғындарға қарағанда көш ілгері еді. Бірақ, жоғарыда айтып кеткеніміздей, иелігіндегі жерін қажетті деңгейде баптап, күтуге аса ниеттенбегендіктен, әрі жергілікті жағдайға сай шаруашылық жүргізу әдісін білмегендіктен, олардың бәрі бірдей әл-ауқатты болып кете қойған жоқ. Аталған уақытта, әсіресе, жері мен малынан айырылған жергілікті қазақ, қырғыз халықтары экономикалық жағынан әбден әлсіреп, тұрмыс тауқыметін тартып, ауыр күн кешуге мәжбүр болды.

Облыс тұрғындарының әлеуметтік жағдайының төмендігін ұрлық түрлерінің көбейгендігінен байқаймыз. Бұрыннан бар барымтамен қоса, тұрмысқа енген өнеркәсіп өнімдерін: тігін машинасын, айна, сағат, галош, самаурын, тон, т.б. тонау, далаға кептіруге жайып қойған киімдерін ұрлап алу фактілері жиі орын алған. Сонымен бірге ауылшаруашылық бұйымдарына да тұрғындардың бәрінің бірдей қолы жете бермеген. Сондықтан қоймалар мен дүкендер жиі тонауға ұшырап, ақша, соқа, қап, дән т.б. да бұйымдар мен еңбек құралдары қолды болып отырған. Күнделікті өмірдегі қылмыс түрлері ұлттық кемсітушілікпен байланысты да туындап отырды. Әкімшілікке арқа сүйеген орыстар мен казактар жергілікті халықтың өмір салтын, тұрмысын менсінбей, ойларына келгенін істеген. Қазақтар мен қырғыздардың үйіне қарақшылық жасап, тонап, үй иелерін ұрып-соғып, киіз үйлерін қиратып кету әрекеттері жиі орын алған. Мысалы, Лепсі уезінің Мәмбетбай-Қысқаш болыстығының қазағының үйіне 8 казак баса көктеп кіріп, үй иесінің өзін, оның қарт әкешесін байлап тастап, әйеліне зорлық көрсетіп, сандықтан ақшаларын алып кеткен. Оның үстіне қолдарына қару ұстаған қоныс аударушылар жер, су мәселесінде де қарусыз жергілікті халықты еш шімірікпестен атып немесе пышақтап өлтіре салатын [198, п. 5-16].

Жетісу облысы тұрғындарының күнделікті өміріндегі әртүрлі оқиғаларға көз жіберетін болсақ, ұрлық, тонаушылық, зорлық-зомбылық, кісі өлтіру, адам өліміне әкеліп соққан тұрмыстық кикілжің, ұлт араздығы сияқты мәселелердің жиі орын алғанына куә боламыз. Оған, жоғарыда айтып кеткеніміздей, біріншіден, арақ-шарап өнімдерін шамадан тыс қолдану себеп болса, екінші жағынан, орыс әкімшілігіне арқа сүйеп, әбден еркінсіген қоныс аударушылардың бейбастығы мен патша үкіметінің отарлық саясаты салдарынан әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмендеген жергілікті тұрғындардың ауыр тұрмысы себеп болды.

Облыс көлемінде бұзақылықтың өршіп, қоғамдық тәртіп бұзушылық пен қылмыс түрлерінің жиілеуі, жергілікті әкімшілікті алаңдата бастады. Өлкедегі саясатын еш кедергісіз жүзеге асыру үшін, патша үкіметіне елдің ішкі және сыртқы тыныштығы мен қауіпсіздігінің сақталуы аса маңызды еді. Сондықтан жергілікті әкімшіліктің және полиция шенеуніктерінің саны көбейтілді. Жетісу және Сырдария облыстарында уездік полиция уезд бастығынан, әскери

бөлімше бойынша аға және кіші көмекшілерден, офицерлерден тұрған. 1908 жылы Верный қаласында барлығы 27893 адам тұрған. Бұл жерде әрбір 5578 адамға 1 жоғарғы шенді, ал әрбір 679 адамға 1 төменгі шенді полиция қызметкерінен келген. Пішпекте-16419 тұрғын; мұнда 1 жоғарғы шенді және 10 төменгі шенді; Пржевальскіде-14485 тұрғын, 1 жоғарғы шенді және 12 төменгі шенді; Жаркентте-21738 тұрғын, 1 жоғарғы шенді және 16 төменгі шенді; Қапалда-3650 тұрғын, 1 жоғарғы шенді және 5 төменгі шенді; Лепсіде-8410 тұрғын, 1 жоғарғы шенді және 6 төменгі шенді полиция қызметкерлері болған [34, с. 193-194].

XX ғасырдың басына қарай тұрғындар санының ұдайы өсіп отыруына байланысты, Жетісу облысының полиция бөлімшелерінде төменгі шенді шенеуніктердің де қатары көбейді. Енді полиция міндеті елубасылары мен жергілікті жігіттерге, сонымен бірге болыс басқарушылары мен ауыл және село шенеуніктеріне, атамандарға да қосымша жүктелді. Бірақ бұл шаралар да күткендегідей нәтиже бермейді. Себебі, сайлаушылардың (елубасылардың – Б.Л.) мұндай жұмыстарды атқаруға өресі жете бермеді, ал шенеуніктердің арасында өздерінің негізгі жұмыстарымен бірге полиция міндетін қосымша алып кететіндей сауатты адамдар болмады. Полиция қызметіне болыстықтың әр бөлімшесінен бір жігіттен тағайындалды. Олардың жеке мініс аты болуы және оны күтіп-баптауды өз жауапкершілігіне алуы тиіс болды. Жігіттер уезд бастығына бағынды, олардың қызметі үшін әкімшілік есебінен жылына 100-120 сом ақы төленді. Олар жоғарыда аталған қызметтеріне қосымша съездерде, халық санағы мен сайлау уақыттарында тыныштықтың сақталуын қамтамасыз етуге, күдіктілер мен куәгерлерді сотқа жеткізуге, болыс басқармаларына салық жинауға көмектесуге, қылмыстық істер бойынша іздеу шараларын жүзеге асыруға т.б. міндеттелді [34, с. 120-124].

Бірақ, жергілікті әкімшілік-полицейлік билік шенеуніктерінің саны көбейгенімен, қылмыс азаймады. Ел ішіндегі қылмысты ауыздықтамақ болған отарлық билік, жазалау әдістеріне көше бастады. Осылайша, қазақтарға қорқыныш пен үрей шақырған тосын жағдайлардың бірі – түрмелер пайда болды. Түрмелердің ашылуы билеуші үкіметтің айбынын асырып, қазақтардың патша үкіметіне деген кіріптарлығын одан әрі арттыра түсті.

Қазақтардың өмірі олардың тұрмысына, дүниетанымына мүлдем жат орыс заңы арқылы басқарыла бастады. Жаңа басқару ережелері бойынша генерал-губернаторға шексіз билік берілді. Елдегі беделді адамдар еш жазықсыз Сібірге жер аударылды, бастықпен кездескенде бөркін шешпеген жазықсыз қазақтар қала түрмелеріне тоғытылды. Тұрғындардың ең қарапайым құқығы аяқ асты етілді, өмірі мен ар-намысы әкімшіліктің қатаң бақылауына алынды. Діні мен тіліне тыйым салынды. Оған көнбегендерді Сібірге жер аударумен қорқытып отырды [43, б. 22-33].

Түрмелер Жетісу облысының барлық уездік қалалары мен уездерінде ашылды. Жетісу облысының түрмелеріндегі жағдай өте нашар болды. Тұтқындар жатақ-төсектерде (жерден сәл жоғары көтерілген тақтай) жатты. Күндіз жуыну мүмкін болмады, себебі жуынған суды ағызатын ыдыс болмады.

Беті-қолын түнде камераға кіргізіліп қоятын дәрет сындыруға арналған ыдыстың үстіне ғана жуды.

Тұтқындардың күнделікті тіршілігі түрме тазалығын сақтау: шаң-тозанды сүрту, еден жуу, камераға түнде кіргізіліп қоятын түзге отыруға арналған ыдысты тазалау, арық тазартып, шөп шабу т.б. ауылшаруашылығы жұмыстарына көмектесуден тұрды. Бұл жұмыстардың бәрі бақылаушының қадағалауы арқылы жүзеге асырылды. Мерзімін өтеп жатқан тұтқындар ішкі және сыртқы жұмыстарды, ал айыпталушы тұтқындар ішкі жұмыстарды ғана атқарды. Тұтқындарға күніне 3 рет шай ішуге, таңертең және кешке 2 рет темекі татуға рұқсат етілді.

Верный түрмесінің тұтқындары түрме кітапханасындағы діни кітаптарды оқымай, сырттан беллетристикалық, ғылыми-танымдық шығармаларды алдырып (түрме прокурорының тексеруінен өткен соң) оқыған болса, Пішпек түрмесінде кітапхана болмады, олар аға бақылаушы берген діни кітаптарды ғана оқыды.

Жетісу түрмелерінде ерлерге және әйелдерге арналған бөлек камералар болғанымен, жасөспірімдерге арналған бөлім болмады. Тұтқындар саны шамадан тыс көп болғандықтан, дәрігерлік көмек көрсетілу деңгейі де төмен болды. Түрмеге жарақаты мен психикалық ауытқушылығы бар адамдар да камала берді. Верный түрмесінің тұтқындары түрме іргетасының астынан сыртқа шығатын жерасты жолын қазып, қашып шығуға жиі әрекет қылған. Ал, Қапал түрмесінің қабырғасы мен төбесі өте осал, қолмен тесіп-ақ шығып кетуге де болғанымен, тұтқындар қашуға әрекеттенбеген, керісінше түрме басшылығымен мәмілеге келіп, емін-еркін, қарауылсыз қалаға шығып кете беретін болған. Тұтқындар тіпті түрменің ішінде емес, ауласында да түней берген. 218 адамға есептеліп салынған Верный түрмесінде 1907 жылы тұтқындар саны 400 ден асып кеткен. Ал 65 адамға есептелген Пішпек түрмесінде тексеріс кезінде 100 ден аса адам қамауда болғаны анықталады [36, с. 60-102].

Верный мен Пржевальскіде түрме мемлекеттік ғимараттарда орналастырылған болса, басқа уездік қалаларда түрме үшін жеке меншік үйлер жалға алынды. Осындай түрме үйлері үшін жылына Қапалда 800 сом төленсе, Пішпекте 600 сом, Лепсіде 350, ал Жаркенте 575 сом төленген [148, с. 53].

Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың II жартысынан бастап өмірге енгізілген әкімшілік-аймақтық реформалар Жетісу облысы тұрғындарының күнделікті өмірін түбегейлі өзгерістерге ұшырата бастады. Осы реформалар негізінде жүзеге асырылған сайлау жүйесі жергілікті тұрғындар өміріне паракорлық, арызқойлық, руаралық тартыс, ағайын араздығы сияқты жат қылықтарды енгізіп, көшпелі өркениет кезінде қалыптасқан менталитетті өзгертіп, отбасы, ағайын арасындағы татулық сияқты құндылықтардың іргесін сөге бастады. Отбасы мәселесі де орыс заңы арқылы реттеле бастады. Сондықтан жаңа тәртіптердің халықтан қолдау табуы қиынға соқты. Орыс билігімен бірге келген заңдылықтар жергілікті тұрғындардың бұған дейінгі тұрмысына, қоғамдық санасына, дәстүріне жат болды. Олар биліктің халық санағын жүргізуін, маскүнемдік, нашақорлық, бұзақылық, қаңғыбастық, ұрлық, тонау,

қарақшылық, сонымен бірге түрмелердің пайда болуы сияқты отарлық билікпен бірге келген өзгерістерді тосын, әрі жат құбылыс ретінде қабылдап, үрке қарады. Бірақ, уақыт өте келе жаңа қоғаммен бірге келген қоғамдық қарым-қатынастар, тосын әдеттер әрбір отбасына, оның мүшелерінің өміріне тереңдеп ене түсіп, бұрынғы дәстүрлі құндылықтардың негізі шайқалтты. Жергілікті тұрғындар рухани жағынан орасан зор күйзелісті бастан кешіре отырып, жаңа қоғамның барлық заңдылықтарын қабылдай бастады.

2.2 Тұрмыстағы өзгерістер

Жетісу облысының капиталистік қатынастарға тартылуы жергілікті тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне түбегейлі өзгерістер алып келді. Дәстүрлі шаруашылықтың дағдарысы мен сауданың дамуына байланысты киім, тағам және тұрғын үй, сонымен қатар күнделікті тұтынатын тұрмыстық бұйым түрлері де өзгере бастады.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында сауда қатынастарының дамуына және Қазақстанға басқа халықтардың көптеп қоныс аудару бастауына байланысты қазақ тұрмысына ене бастаған өзгерістер ұлттық киімге де өз ықпалын тигізбей қойған жоқ. Дәстүрлі қазақ қоғамында иесінің әлеуметтік дәрежесіне және жас ерекшелігіне, жынысына қарай киімнің бірнеше түрі болып, бір-бірінен әшекейленуі, тігілуі, сырылып, кестеленуіне байланысты ерекшеленді. Сал-серілер жарғақ шалбар, мауыты, шәйі көйлек кесе, қойшылар шекпен, кебенек, сырттық, күләпара киген. Жасы ұлғайған адамның киімі денеге қонымды, кең, мол пішілген, әшекейі, жылтырауығы аз, қарапайым, кең болған. Күйеудің киімі ұзын төбе тымақ, қызыл манат шапан болған. Сонымен бірге әркімнің жеке басында ішкі, сырт киімдерімен бірге сулық, бір киер, сәндік және кейбірінде салтанат, ғұрып киімдері болды [199, б. 584-585]. XIX ғасырдың II жартысынан бастап аталған киім түрлерінің кейбіреуі қолданыстан шыға бастаса, кейбіреуінің түрі өзгере бастады. Жетісуда киім тіккенде негізінен үй жағдайында дайындалған маталармен бірге ортаазиялық маталар да кеңінен қолданылып келген болатын. Өңірдің Ресейдің экономикалық жүйесіне тартылуы, бұл жерлегі ортаазиялық саудагерлердің ықпалын әлсіретіп, нарықтан олардың тауарларын ығыстыра бастайды. Осылайша, Жетісудағы сауда негізінен орыс көпестерінің, татар саудагерлерінің қолына көше бастады. Сонымен бірге халықтың фабрикалық бұйымдарға деген сұранысы артып, үй жағдайында өндірілген маталар да қолданыстан шыға бастады. XIX ғасырдың ортасынан бастап киім тігуде негізінен фабрикада өндірілген мақтадан, жүннен, былғарыдан, аң терілерінен дайындалған материалдар қолданылып, үй жағдайында дайындалған киізден жасалған материалдар киімнің кейбір элементтеріне пайдаланылды. Түйе, қой жүнінен жасалған маталардан басқа да мата түрлерін сатып алып отырды. Өздері де үй жағдайында жүнді, теріні бояу арқылы әртүрлі түстер алып отырған [46, с. 26-32].

XX ғасырдың басында АҚШ-тың «Зингер» акционерлік қоғамы Ресей мен Қазақстанның барлық аймағында тігін машиналары мен жіптерін сататын

дүкендер желісін ашып тастаған болатын [73, с. 20]. Жетісу облысында «Зингер» тігін машиналарының пайда болуы, киім тігудің сапасын арттырды. Қалаларда киім тігуді үйрететін курстар ашылды. Халықтың киімді машинамен тігіп киюге деген қызығушылығы артып, киімді жаңаша сәнмен пішіп тігуді үйренген [200, с. 4].

Тігін машиналарының пайда болуы өңірге әртүрлі мата түрлерінің кеңінен әкелінуіне де түрткі болды. Жүн мен жібектен жасалған маталар, таза жібек, байка, мақпал, барқыт, парша, ағылшын драптары, зығыр маталары көптен тасылды. Халық киімдерді сатып алумен бірге, тігіншілерге тапсырыс беріп, тігін машиналарымен (қазақ бұрын киімді қолмен тігіп киген) тіктіріп кие бастады. Тігін машиналары тек қалаларға ғана емес, сонымен бірге қазақ ауылдарына да тарап, бір жағынан киімді жаңа сәнмен, әрі сапалы етіп тігуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан тұрмысқа енген таңсық бұйым ретінде киіз үй төрінен орын алды. Ел ішін аралап жүрген патша шенеуніктері Асы жайлауында отыз жыл би болған байдың үйіне түскенін, киіз үйдің ішінен металл әшекейлермен, тастармен сәнделген әдемі ер-тұрман, көптеген әйел орамалдарын, аң терісінен тігілген қыздардың бас киімдерін, кестеленген қоржындар мен әдемі кілемдер, кесеқап, сандық, сонымен бірге көрнекі жерге қойылған тігін машинасын көргенін жазады [20, с. 309].

XIX ғасырдың ортасынан бастап ер және әйел киімдерінің пішіліп, тігілуінде өзгерістер байқалады. Бұрын жейдемен көйлекке қайырма жағалар салынған болса, енді сәнге тік жағалар ене бастайды. Оларды шыт, бөз сияқты жеңіл маталардан тікті. Кедейлер қалың маталардан да тіге берді.

Ер адамдардың киімдері көп өзгеріске ұшырамағанымен XIX ғасырда өңірінен тік тілігі бар жейделер тарала бастады. Бастапқыда өңіріндегі тілікті екі жағынан да жейде тігілген матамен қаптап, бау қадаса, XIX ғасыр соңына қарай өңіріндегі тілікті жауып тұратын қақпақ салып, оған түйме қадай бастаған. XIX ғасыр соңында Жетісу жерінде жейдені тек тік жағамен тігіп, жағаға зертаспа салып сәндеді және жеңі қолдың басын жауып тұратындай ұзын болды. Жұмыс істегенде жеңін жоғары түріп қою үшін кей кездерде жеңіне де таспа қадаған [46, с. 35-38].

XIX ғасырдың ортасынан бастап күнделікті киілетін киімдермен қоса сән-салтанат киімдеріне де өзгерістер ене бастайды. Мысалы, күйеу жігіттің киімі туралы Құрбанғали Халид: «күйеу ұрын барғанда киетін киім қазіргі ғұрыпта жоқ, ондай ұзын, кең емес, енді тар киімге кезек тиді» [117, б. 178]-деп көрсетеді.

XIX ғасырдың соңынан бастап Жетісу облысында әйелдер мен қыз балалардың көйлегі сәтен, жібек т.б. маталардан қолмен және тігін машиналарымен тігіле бастады. Оларға да тік жаға салынып, алқымынан көкірек тұсына дейін тік тілік түсірілді. Қыз балалардың көйлектерінің етегіне бір қатар қатпарлы етек қосып, бүрмелеп тіге бастаған. Жағасына, өңір қақпасы мен етегінің бүрмесіне түрлі-түсті жіптермен шатыраш кесте түсірген. Әйел көйлектерінің жеңін кеудесімен тұтас кебенекше ойып пішіп, қолтығынан шабу салған. Жеңі астыңғы жағынан қусырып тігіліп, ұшына қарай тарыла түскен.

Алқымындағы тілік айналасы көмкеріліп тігіліп, түйме қадалған. Етектерінің шалғайы 2 метрге дейін жеткен [93, б. 227-228].

Шалбар түрлерінде айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Ішкі киімдерді жейде тіккен мата түрінен, бірақ басқа түсінен тіге берді. XVIII-XIX ғасырларда қазақтардың, әсіресе кедейлердің тұрмысында көн шалбарлар кеңінен қолданылған. Ал байлар жұқа иленіп, қызыл, сары түске боялған ешкі терісінен тігілген шалбарларды киген. Той, жиынға бұндай шалбарлардың жібек жіптермен сәнделіп, оюланып тігілген түрін киген. Бірақ XIX ғасырдың ортасынан бастап сыртқы кең шалбарлар тығыз мақта-матадан тігіле бастаған. XX ғасырдың басына таман тері шалбарлар бірте-бірте қолданыстан шыға бастады. Ер адамдардың сыртқы киімдері жеңіл, қысқа және ұзын түрге ене бастады. Мұндай түрдегі киімдерді күнделікті киіп жүрген. Ал, салтанатты жағдайларда тіке пішіп, кең тігілген киімдер киген [46, с. 38-41].

XIX ғасырдың соңында тұрмысқа камзолдар ене бастады. Тігін машиналарының пайда болуы киімнің бұл түрінің де тігілу технологиясына өзгерістер енгізеді. Тұрмысқа жанадан еніп, бұған дейін қолмен тігіліп келген камзолдарға (жеңді, жеңсіз) енді сәндік үшін түрлі-түсті жолақтар тігілді. Оны пішуде де «еуропалық» дәстүр ене бастады, яғни иығынан және арқасынан тік тігіс түсті. Камзолдар ерлер мен әйелдердің күнделікті киетін киімдерінің біріне айналды [201, с. 5-7].

Жетісуда жеңсіз, қысқа камзолдарды күрме, ал ұзын жеңдісін бешпет, мешпет деп те атаған. Камзолды тығыз мақта маталардан, барқыттан, жібектен, біртүсті қоңыр, көк, жасыл, қызыл түстерден және түрлі-түсті маталардан да тіккен. Оларды негізінен күнделікті тұрмыста, ауылда, киіз үйлерде киген. Суық кездерде киетін камзолдарға жүн матадан, аң терісінен астар салған. Ер адамдар көп жағдайда жейденің сыртынан камзол, камзолдың сыртынан шапан киген. Шапанды қонаққа т.б. көпшілік жиылған жерлерге киген. Ал, кедейлердің камзолға да қолдары жете бермеген.

Шапандар әртүрлі жеңіл, қалың, гүлді маталардан тігілген. Астарды көп жағдайда жүн матадан салған. Жылы кездерде жадағайлар (ортасына ештеңе салмай жұқа матадан тігілген шапан) мен ортасына жұқалап жүн немесе мақта салып тігілген шапандар қолданылған. Шапандардың ұзындықтары әртүрлі болған: тізеге дейін, балтырға дейін, өкшеге дейін түскен. Жеңдері де ұзын болып, суық кездерде қолғаптың рөлін атқарған [46, с. 43-47].

XIX ғасырдың 80 жылдарында Ресейдің фабрикалық шыт маталарына деген сұраныс артқанымен, халық арасында әлі де болса түркістандық, қашқарлық шапандарға деген сұраныс сақталды [146, с. 14]. XX ғасырдың басында Жетісуда ер адам шапандарын сәтенмен астарлап, паршадан да тіккен. Олардың жағалары тік және екі бүйірінен етегіне дейін шабу салынып, түрі трапеция пішіндес болған. Етегінің шалғайы 2 метр шамалас болды [93, б.160]. Ал күнделікті тұрмыста тамағының астына және кеудесіне түйме қадалған ала шапандар киген [202].

XX ғасырдың басында Жетісу облысының қалалық тұрғындары драптан тігілген сәнді пальтолар, қалпақтар, тоқылған кофталар кие бастаған. Киімдерді тапсырыс беріп немесе ескісін қайта тіктіріп киген [168, с. 4].

XIX ғасырдың соңында Жетісу облысында әйел бешпеттерін белін қынай пішіп, тарғыл түсті барқыттан, астарына жібек салып, түйме, ілмек қадай отырып тіккен. Сонымен бірге жібек барқыттардан, астарына атлас салып тіккен бешпеттер де кездеседі. Олардың жағасы тік, қондырма ұзын жеңді, жеңі шынтақ тұсынан бүріп тігілді. Екі өңірі, жағасы мен етегін айналдыра зертаспа салған, түймені көрінбейтіндей қылып ішкі жағынан қадаған. Бұндай бешпеттердің де етегінің шалғайы 2 метрден асқан [93, б. 107-108].

XX ғасырға таман күпі қолданыстан шыға бастады. Ежелгі киімдердің бірі болып есептелетін шекпеннің пішіні өзгеріске ұшырап, енді оны фабрикалық тығыз маталардан тіге бастайды. Бұрын оны киізден астарсыз немесе матадан арасына жұқалап жүн салып астарлап тіккен болатын.

Ішікті бай қазақтар киді. Оны қасқырдың, түлкінің және т.б. бағалы аң терілерінен және қой терілерінен сыртынан бағалы маталармен қаптап тіккен. Ішік пен тонға қапсырма қадалмады, сондықтан оларды белінен кез-келген 2-3 метр матамен буып киді. Бұрын кісе белдіктер таққан, бірақ XIX ғасырдың ортасынан бастап тұмыстағы өзгерістерге байланысты олар да қолданыстан шығып қалды. Бұл кезде жарғақтар да көп жерлерде тұрмыстан шығып қалғанымен XX ғасырда Жетісу мен Шығыс Қазақстанда сақталып қалды. Жарғақты кедей қазақтар бөкеннің жазғы терісінен тігіп киген. Құлынның, әсіресе, қара түстісінің терісінен тігілген жарғақтар сәнді деп саналған. Оларды құлын жарғақтар деп атаған [46, с. 49-55].

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы киім түрлеріне енген өзгерістерден бас киімдер де шет қалмады. XIX ғасырдың ортасынан бастап күнделікті тұрмыста басқа жабысып тұратын бас киімдермен қатар биік, төбесі үшкір бас киімдер де сәнде болды. Оларды ою-өрнектермен безендіріп, жиегіне сәнді таспа тіккен. Сонымен бірге кішкене, жіңішке, төрт қиық болғанымен төбесін тегіс қылып тіккендіктен басқа жабысып тұратын төбетейлер (тебетей) де сәнде болған. XX ғасырға таман киіз қалпақтар да, бөрік пен тымақ та төрт қиықтан тігіле бастаған. Қалпақтардың жиегі айыр болып, төбесіне шашақ қадап қойған. Бөрікті жылдың барлық мезгілінде кие берді, тек қыста тымаққа көшті. Бөріктердің сырты бір түсті тығыз матадан, барқыт, жібекпен қапталды, астарына шыт қолданды. Жастар қызыл, жасыл түстерді таңдаса, қарттар қара түстерді қалады. Шетіне түлкінің жоны, аяғы қолданылды [46, с. 59-62].

XX ғасырдың алғашқы он жылдығында Жетісу облысының ер адамдары арасында күнделікті киіп жүретін төбетейлер кеңінен тараған [203]. Әйелдердің дәстүрлі бас киімдері – кимешек мақта маталардан, жібектен де тігілген. Жетісу өңірінде кимешектердің арқа жағы негізінен үшбұрышты, үшкір болып келді. Сонымен бірге арқа бөлігі ерекше жіңішке, құйрықша тәрізді сопақ, ұзын болып келетін түрлері де кездескен. Кимешектердің арқа бөлігінің ұзындығы 90-140 см. жететіндері де кездескен. Кимешектердің бет ойығының жан-жағын, өңірін, түрлі-түсті жіптермен кестелеген. Зер салынып, металл пластинкаларымен, моншақтармен безендірілген түрлері де кездесті [93, б. 94-103]. Ал күнделікті тұрмыста әйелдер негізінен ақ орамал тартып [204], ақ матадан тігілген кимешек киген [205].

Қазақтар арасында аяқ киімнің етік, мәсі, кебіс сияқты түрлері болған. Олардың өзі материалына, түріне қарай бірнеше түрге бөлінген. Ерлер мен әйелдер аяқ киімінің сыртқы түрлерінде, сәнделуінде өзіне тән ерекшеліктері болған. Етікті былғарыдан, көннен қонышын ұзын қылып тікті. Былғарыны қара, қызыл күрең түске бояп тіккен етіктерді құрым етік, ішінен байпақ киетін, қонышы кең, ұзындығы санға дейін жететін етікті саптама етік, биік өкшелі етіктер шоңқайма етік деп аталған. Мәсіні иленген жарғақ терісінен тіккен. Осылайша, материалы мен түріне қарай аяқ киім саптама, сақтиян, былғары, құрым, қайқыбас, шоңқайма, тасұлтан, көн етік, түзу табан және т.б. деп бірнеше түрге бөлінген. Түзу табан етіктер оңы мен солы ажыратылмай тігілген. Аяқ киімдерді тіккенде былғары, ешкі және ірі қара терілері, киіз, құрым және тарамыс қолданылған. Сонымен бірге аяқ киімнің өкше сірісіне салу үшін қайыңның бұжыр қабығын, өкшесін қаптау үшін металл пайдаланған [206, б. 236-246]. Бірақ XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап сырттан келетін былғарының кең таралуына байланысты саптама етіктер мен жеңіл етіктер қалың қара былғарыдан тігіле бастады [93, б. 270].

XIX ғасырдың ортасынан бастап орыс саудагерлері аяқ киімнің резинадан жасалған түрлерін, таза былғарыдан тігілген, киізден басылған әйелдер мен балалар аяқ-киімдерін, резина галоштарды саудаға шығара бастады. Сонымен бірге таза теріден тігілген Барнауыл тондары, Орынбор мен Пензаның фабрикаларында тоқылған жібек, кашемир, мауыты және түбіт шәлілер кеңінен сатылған. Верный көпестері дүкендерінде жоғарыда аталған өнім түрлеріне тапсырыстар қабылдап, оның облыстың басқа аймақтарына да таратып отырған [207, с. 5]. Облыста Пермь губерниясының кәсіпкері П.П.Гашевтің тері өңдеу зауытында өндірілген былғары аяқ-киімдер [208, с. 8] және «Корувей» деп аталған американдық аяқ киім табандары сатыла бастады. Ф.О.Колеватовтың аяқ-киім шеберханасы тапсырыспен әртүрлі сәндегі ерлер мен әйелдер, балалар аяқ-киімдерін тіккен [209, с. 5].

Әйелдер мен балалардың бас киімдері, әйелдер мен ерлердің сыртқы маусымдық киімдерінен басқа ішкі киімдері (ерлердің іш киімдері: ішкі көйлек, полотнодан тіккен ақ және гүлді іш киім, кальсон; әйелдердің іш киімдері: ішкі көйлек, ақ және гүлді әртүрлі маталардан тіккен панталондар, сыртқы және ішкі юбкалар), галстуктер, мойынорағыштар, әйелдердің қол сәмкелері, шұлықтар мен ұйықтар, қолқаптар, т.б. киім түрлері тұрмысқа еніп, күн сайын оның сұранысы артып отырды. Ер адамдар мен балалардың қаракөл, борсық терілерінен, жасанды қаракөл терісінен тіккен бас киімдері тұрмысқа кеңінен ене бастады. Жергілікті көпестер мен саудагерлер халықтың барлық сұраныстарын қанағаттануға тырысқан [210, с. 6].

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында қазақтың ұлттық киімінің пішіні мен түріне өзгерістер енгенімен өздеріне тән этнографиялық белгілер сақталып қалды. Киім-кешек үшін малдың жүні мен терісі негізгі материалдар болды. Орта Азия және Қытаймен арадағы сауда-саттықтың нәтижесінде киімнің едәуір бөлігі қымбат бағалы жібек, мақта-мата және басқа маталардан тігілді. Орыстың фабрикалық арзан маталарының айырбасқа түсуі киім түрінің көбеюіне мүмкіндік туғызды. Қазақтар торғын, шағи, дүрия, бәтес,

сусыма, лейлек, атлас, сұпы, шәйі тәрізді маталардан желбіршекті жұқа көйлектер тіге бастады [211, б. 431-433].

Тағам. Әрбір халықтың ішіп-жейтін тағам түрлері оның жергілікті табиғи ерекшеліктеріне негізделген шаруашылық түріне тікелей байланысты болатыны белгілі. Сол сияқты ежелден мал шаруашылығымен бірге егіншілікті кәсіп еткен Жетісу қазақтарының негізгі тұтынған тағамдары қыста ет өнімдері болса, жазда сүт өнімдері мен дәнді-дақылдан жасаған тағамдар болды.

Тамақтану да үй-жай, киім сияқты күнделікті тіршіліктің негізгі арқауы және оның басты құрамдас бөліктерінің бірі болғандықтан адамдардың әлеуметтік жағдайынан тікелей хабар беріп тұрды. Етті негізінен бай адамдар жиі тұтынған. Қарапайым қазақтардың күнделікті тұтынатын басты тамақтары сүт өнімдері мен астық тұқымдастары болды. Сиырдың сүтімен бірге ешкі және қой сүті де кеңінен қолданылды. Түйенің сүтін шайға қатты. Ал көже ең қарапайым, күнделікті тамақтарының бірі болды. Қойдың майына бауырсақ пісірді [17, с. 81-82].

Қазақтар бұрын астық тұқымдастарының ішінде тағамға тарыны көп қолданған болса, енді бидайды көбірек өсіріп, оны тағам ретінде жиі тұтынатын болды. Сүт өнімдерінен айран, шалап, ірімшік, құрт дайындалды. Әдетте сүтті сауып болысымен пісіріп, оның жартысын отбасы мүшелері ыстықтай ішіп, қазанда қалған жартысынан айран ұйытқан. Айранды сабада сақтады. Ауқатты отбасылары сүттен ірімшік, құрт дайындап, оны қысы-жазы жеген. Жетісулық қазақтар құртты биік тау асуларымен жүргенде ентігіп, жүрек айныған сәттерде дәрі орнына да қолданған [21, с. 8-9]. Ауқатты адамдар соғымның етін сүрлеп, жаз шыққанға дейін жесе, кедейлер көктем шықпай жатып көже мен тары-талқанға қарап қалған [94, б. 75-76].

Дәстүрлі ет, сүт және астық өнімдерімен қоса Жетісу табиғатында көп кездесетін жабайы аң-құстардың еті де бұл өңір қазақтарының жиі тұтынатын тағамдары қатарына ене бастады. Бұрын аңшылықтан алынатын арқар, тауешкі, киік т.б. аң-құс еттері жеңсік ас ретінде сирек тұтынылса, енді олардың шикізатының тауарлық құнының артуына байланысты жиі ауланып, бір жағынан пұл болса, екінші жағынан азықтық мәні арта түсті. Өзен-көлдердің жағалауындағы қамыстың арасын ұялайтын жабайы құстардың жұмыртқасын да жергілікті халық азық ретінде көп тұтынған. Жергілікті халық картопты тағам ретінде көп пайдаланбады. Алакөл, Балқаш, Ыстықкөл көлдерінің жағалауын мекендейтін қазақтар мен қырғыздар нан мен картопқа қарағанда жабайы құстардың жұмыртқаларын көп тұтынған [135, п. 186].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қант пен нан қазақтар тұрмысына енген таңсық тағамдардың бірі болды. Қазақ ауылдарын аралауға шыққан жергілікті әкімшілік шенеунігі қазақтардың үйіне түсіп, дастархан басында көмекшісінің оларға маңғаздана бір кесек қант пен бір үзім наннан үлестіре бастағанын, бірақ қанша жегілері келіп тұрса да, отағасы басын изеп рұқсат бермей, үй ішіндегілердің ол тағамдарға қол созбағанын жазады. Сонымен бірге бұл тағамдардың бірте-бірте шілдехана, жылдық ас, үйлену тойы сияқты көпшілік жиын-той дастарханының да сәніне айнала бастағанынан хабар береді [20, с. 311].

Аталған уақыттар аралығында облыста балық өнімдеріне деген сұраныс артып, балық шаруашылығы дами бастады. Облыстың өзен-көлдерінен ауланған балық пен уылдырық қала базарларына әкеліп сатылды. Осылайша, балық өнімдері де күнделікті тұтынатын тағамдар қатарына ене бастады. Жетісу қазақтары балықты бұрын тағам ретінде өте аз тұтынған болса, енді көбірек аулап, пайдалана бастады. Бұған бір жағынан балық өнімдерінің тауарлық құнының артуы себеп болса, екінші жағынан малынан айырылған қазақтар да өзен бойын жағалап, негізінен балықпен қоректенуге мәжбүр болды [17, с. 80].

Өңірде бау-бақша шаруашылығының дамытылуы олардан алынатын өнімдерден жасалынған, Жетісу жеріне таңсық, әртүрлі жеміс-жидектерден қайнатпаларды, тәтті нандарды сатылымға шығарды. Тұрмысқа құмшекер ене бастады, сонымен бірге мармелад, нуга, шоколад, конфет, т.б. кондитер өнімдері саудаға шығарылды. Бұндай жаңа тағам негізінен қала және село дүкендерінде сатылды. Верныйдың атақты саудагерлері – Шахворостовтың, Кадкиннің және Тұтынушылар қоғамының, т.б. дүкендерде құмшекер 1 адамға 2 фунттан сатылған [168, с. 8]

Бау-бақша шаруашылығымен айналысқан орыстар қарбыз, қауын, қияр, қырыққабат пен картоп өсіріп, оны негізгінен өздері тұтынды. Казактар мен шаруалар жаз бойы тек қана қияр мен қарбызды, нан мен шайды қорек қылды. Дүнгендер мен тараншылардың да жаз айларындағы негізгі азығы бақша өнімдері болды. Өздерінен артылғанын базарға шығарып сатты [151, с. 12].

Ал, қазақтардың өмірінде ежелден пайдаланылып келе жатқан айран мен көже сияқты сүттен, дақылдардан жасалынған сусындармен бірге шайдың да маңызы зор болды. Құрбанғали Халид шай Жетісу жеріне шамамен 1883 жылы келген [117, б. 172] деп көрсетеді. Бірақ, біздің байқауымызша, бұл кезде Жетісу тұрғындары шайды жаппай тұтына бастаған сыңайлы. Себебі, поляк революционері Адольф Янушкевич XIX ғасырдың 40 жылдары Лепсі тұрғындарының арасында қонақ келсе, қымызбен бірге шай ұсыну дәстүрі орын алғанын және орыс-казактардың да мерекелерді шай ішіп атап өтетінін жазып қалдырған. Сонымен бірге «шай ішкің келсе, байлардан тығылу керек» деп қазақ байларының шай ішуге өте құштар болғанын, шай ішіліп жатқан жерге келсе, олардың әбден қанып ішпейінше орындарынан тұрмайтынын айтады. Ол 3000 мыңға тарта жылқысы бола тұра байлардың да шайға қолдары үнемі жете бермегенін көрсетеді [22, с. 111-112]. Алғашқыда шай аса қымбат болуына байланысты оны тек аса мәртебелілер тұтынса, кейінірек сауда жолдарының көптеп ашылуына байланысты бағасы арзандап, қара халыққа да қол жетімді бола бастады. Жетісудың тұрғындары XIX-XX ғасырларда шайды жаппай тұтына бастады. Шайдың қазақтар тұрмысына әбден орныққаны сондай, күнделікті тұрмыста да, қонақ келсе де бұрынғыдай қымыз немесе шұбат емес, шай беретін болған. Түркістан өлкесінің қазақтары «қара шай» қолданса, Орта Азиялық бөлігінің тұрғындары «көк шай» іше бастаған [95, б. 447-455].

Жетісу тұрғындарының тұрмысына шаймен бірге кофе, какао сияқты сусындар түрі де ене бастады. Какаоның Вань-гутен [212, с. 5], кофенің Эйнем

[213, с. 7] деген түрлері болған. Бірақ оларды негізінен қалалықтар тұтынды, ал қазақтар шайды кеңінен пайдаланған.

1879-1880 жылдардағы Верныйдағы шайдың 1 фунты 1 сом 40 тиын болды. Шақпақ қанттың 1 пұты 14 сом, күнбағыс майының 1 пұты 14 тиын, сиыр етінің 1 пұты 1 сом 20 тиын, қой етінің 1 пұты 1 сом 60 тиын, бидай ұнының 1 пұты 90 тиын, картоптың 1 пұты 42 тиын болған [195, п. 17, 40].

Күнделікті тұтынатын азық-түліктермен бірге арақ-шарап өнімдері де дүкен сөрелерінен орын алып, жергілікті тұрғындар арасына кеңінен таратылды [214, с. 5].

Тұрғын үй. XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы өзгерістер тұрғын үй саласын да қамтыды. Жетісу облысы қазақтарының тұрғын үй тарихына үңілетін болсақ, оның тамыры тереңге кететініне куә боламыз. Бұл өңір халқының сақ-үйсін заманынан бастап тұрақты қыстық үйлері – жертөлелері болған [215, с. 4]. Мысалы, Шарын өзенінің бойындағы Сартоғай қыстауын, Әмірсай өзенінің бойындағы сақ тайпаларының және Ақтас қыстауындағы үйсіндердің бірнеше елді мекендерін айтуымызға болады. Қыстау үйлері Алакөл мен Балқаш көлдерінен, Іле өзенінің аңғарларынан да табылған [67, б. 22-23].

Жетісудың халқы ежелден жартылай көшпелі өмір кешкендіктен, орыс билігі орнамай тұрып, бұл өңірде тұрақты қыстаулар болған. Қыстаулар қыста желден қорғайтын таудың күнгей бетіне, өзен-көл маңындағы қалың тоғайлы жерлерге салынған. Қыстау салынатын жер адамға да, малға да ыңғайлы болып келген. Әсіресе, қыстау маңындағы қамысы мен шии қалың жерлерге жай күндері малдарын кіргізбей, оны қорып отырған. Ондай жерлерді «қорық» деп атаған. Себебі, қыстың суығы мен қарлы борандарында мұндай жерлер малға пана, ықтасын болатын. Сондықтан қыстаулар мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар өмірінде маңызды орын алды. Олардың малы мен бірге отбасын да табиғаттың жайсыз ауа-райынан қорғап, өсіп-өнуіне ықпал етті. Жетісу жерінде Малайсары, Боранбай қыстауы деп аталатын қыстаулар болған [216, б. 294]. Қыстау аймағында тұрақ жай салуға қажетті материалдардың, малдың тебіндеп жайылуы үшін шөптің, отын-судың мол болуы басты назарда ұсталған. Сонымен қатар көктем шыға қыстау маңында егін еккен [67, б. 29-30].

XIX-XX ғасырларда қазақтар үшін киіз үйдің негізгі тұрақ-жай ретінде маңызы зор еді. Қыстық үйлерді уақытша тұратын, қосымша үйлер деп санаған қазақтар оны жабдықтауға аса көңіл бөлмеді, сондықтан күн жылына сала киіз үйге көшіп алуға тырысқан. Жайлауға көшерде көп жағдайда үйдің есігін, терезесін, жазда қажеті жоқ көптеген заттарын қыстаудағы қоймаларына жасырып кетті. Кейбіреулері есік, терезелерін жайлауға өздерімен бірге алып кетіп отырған [217, с. 5-12]. Кедейлердің қыстық үйлерінің іргетасы болмады, әрі терезеден түсетін жарық та мардымсыз болғандықтан, үй іші ылғал тартып, қараңғы болып тұрды. Оның үстіне жылыту жүйесінің дұрыс салынбауынан от жаққанда үй ішін түтін басып, көзді ашытып, тыныс алуға қиындық тудыратын. Сондықтан кедейлер үшін киіз үйдің маңызы аса зор болды [47, с. 64-65]. Дей тұрғанмен XX ғасырдың басына қарай қазақтардың көпшілігі қыстық үйлер салып ала бастады. Мысалы, Асы-Саға алқабындағы бірнеше ондаған

қазақтардың тұрақты үйлері болған. Сонымен бірге қыстауларының жанына жеміс ағаштарын еккен. Олар жайлауға көшпей, малдарын жайлауға көшкен туыстарына қосып жіберіп, өздері егіншілікпен айналысқан. Үйлері тараншылардың үйінің үлгісімен аласа, төбесі тегіс қылып салынып, кейбіреулері үйдің төбесін тоқылған шимен жапқан. Үйлердің терезелері кішкентай, әрі төбеге жақын орналасты. Ондай үйлер, жоғарыда айтып кеткеніміздей, тұрмыста жайсыздықтар туғызды. Сондықтан қазақтар тұрақты қыстық үйлерінің қасына күн жылына сала киіз үйлерін тігіп қойды. [20, с. 318]

Жетісуда қыстауларда жаппай тұрғын үйлер салу XX ғасырдың басында басталған [47, с. 41]. Себебі, осы кезде Жетісу жеріне орыс және украин шаруаларын жаппай көшіріп, қазақтардың иелігіндегі жерлерді тартып алу бұрынғыдан да күшті қарқын ала түскен еді. Бір жағынан, тау-тасты тақыр далаға ығыстырылған қазақтар амалсыздан отырықшылана бастаса, екінші жағынан сол кездегі Жетісудың ел ертеңін болжай білген болыс-билері де жайылымдық жерлерді сақтап қалу үшін халықты тұрақты үйлер салып, отырған жерлерін иеленіп қалуға үндегенін жоғарыда айтып кеткен болатынбыз. Нәтижесінде, XX ғасыр басында Жетісу облысының қазақтарының көпшілігінде тұрақты қыстау үйлер болды. Ол көрсеткіш Верный уезі бойынша 75,71%; Жаркент уезі бойынша 73,42%; Қапал уезі бойынша 90,18% [74, с. 20] болған. Ал халықтың қалған бөлігі қысы-жазы киіз үйлерде тұрды.

Жетісу өңірінде XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында жертөлелермен қатар, шошалалар да көп кездескен. Балқаш көлінің маңындағы сулы, қамысты аймақтың қазақтары үй құрылысында қамысты кеңінен пайдаланған. Қамыстан тұрғызылған шошала үйлер бұл маңда XX ғасырдың 30 жылдарына дейін кездескен. Қамыс үйлердің қабырғасының іші-сырты саз балшықпен сыланған. Ондай үйлерді шаруашылыққа (шошала, қора ретінде) қолданды [47, с. 46-50].

XIX ғасырдың соңына қарай орыс мәдениетінің ықпалымен Жетісуда үй құрылысының техникасы жетілдіріліп, кірпіштен, ағаштан тұрғызылған құрылыстар кең тарай бастады. Құрылысқа ағашты пайдалану Қазақстан жеріне ежелден таныс болғанымен, ағаштың өзінен үй тұрғызу XIX ғасырдың II жартысының үлесіне тиеді [217, с. 5-12].

Құрылыс материалдарының өзгеруімен бірге, тұрғын үй түрі де өзгере бастады. Бір бөлмелі үйлермен қатар қоржын үйлер де пайда болды. Бір бөлмелі қыстық үйлерді негізінен қазақ малшылары салды. Бөлменің ортасына орнатылған қазандық пеш арқылы екіге бөліп қойды. Ал байлар екі, үш бөлмелі қоржын үйлер салды. Ортаңғы бөлменің екі жағына бөлмелер орналасты. Үй ортаңғы бөлмеде орналасқан қазандық пеш арқылы жылытылды. Бұл жер сонымен бірге ауыз үй, ас үй, кей кезде тұрғын бөлме қызметін де атқара берді [218, б. 120-124]. Қазақ байлары болса, үйлерін қалалықтарға еліктеп, орыс үлгісінде салдырды. Ондай үйлердің іргетасы болды. Үйдің өзі ағаштан, кірпіштен салынды, еденіне тақтай төселіп, төбесі шатырланды және бөлмелері де көп болды. Үй «Голландка» аталатын орыс пештері арқылы жылытылып, терезелеріне шыны салынды. Бірақ малшылардың қыстаулары бір бөлмелі

болып қала берді. Бір бөлмелі үйдің іші тамақтанатын, жатып-тұратын бөлменің, ас үйдің және қойманың да рөлін атқарған [47, с. 62-63]. Алғашында шыныланған терезелерді тек ірі байлар ғана салса, XIX ғасырдың аяғынан бастап қазақтардың көбінің қыстауларының терезесіне шыны салынды [86, б. 48].

Жетісу облысында орыс үлгісімен үй салуды алғаш болып Қапал уезінде Маман Қалқабайұлының ұрпақтары бастаған. Саудамен аты шыққан Маман ұрпақтары заман ағымын дер кезінде аңғарып, халықты тұрақты қыстаулар салуға, отырықшылыққа және оқу-білімге үндеген Жетісудың көзі ашық азаматтары еді. Олар қаржыларына қала үлгісінде үй салдырып, Қарағаш ауылының іргесін қалаған [219, б. 443]. Алдымен Маман бидің үлкен ұлы Тұрысбек бастап, кейін басқа балалары да ағаштан бес-алты бөлмелі, төбесі көк қаңылтырмен жабылған үйлер тұрғызады. Үйлерінің жанына жеміс ағаштарын, тал, терек, қараағаш отырғызады [220]. І.Жансүгіров Маман би ұрпақтарын: «әрі далаша-бай, әрі қалаша-саудагер. Ояз бұларды «Көк үй» дейді. Матайды «Көк үйлер» басқарады. Маман ауылы Қапал оязындағы басқа қазақтан көзі ашық» [142, б. 135]-деп, олардың өмір салты мен қоғамдағы орны жөнінде сол жердің тұрғыны, әрі сол заманның куәгері ретінде құнды ақпараттар береді.

Біз қарастырып отырған кезеңде қазақ байларының барлығы орыс үлгісімен жаңа үй салып алған десек, жаңсақтық болар еді. Киіз үй байлар үшін де өте маңызды болды. Орыс шенеуніктері XX ғасырдың басында Асы жайлауын мекендеп отырған Қызылбөрік болыстығының бай қазақтарының тұрмысы туралы: «Олардың киіз үйлері өте әдемі, жайлауға көшкенде қыстық киіз үйлерін де өздерімен бірге алып жүреді. Жертөлелерде қыстың қатты суығында ғана тұрады» [20, с. 310] -дейді.

Жиһаздар мен бұйымдар. Жартылай көшпелі және жартылай отырықшы өмір кешкен Жетісу қазақтарының жиһаздары мен тұрмыстық бұйымдары өздерінің шаруашылығынан алынатын табиғи өнімдерден жасалды. Жетісу облысында XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында көшпелі өмір салтына ыңғайлы кебеже, жүкаяқ, төсекағаш сияқты жиһаздармен бірге тегене, жалпақ табақ, аяқ, шара, саптыаяқ, тостаған, ожау, қасық, қазан, ошақ сияқты т.б. бұйымдар тұрмыста кеңінен қолданылды. Шеберлер жиһаздар мен күнделікті тұрмыста қолданатын бұйымдарды ағаштан, теріден, темірден жасап отырған. Сонымен қатар орыс жиһаздарының үлгісімен екі есікті шкафтар, биік ағаш төсектер де жасай бастады [86, б. 120]. Қазақ шеберлерінің қолынан шыққан тұрмыстық бұйымдардың қатарында күні бүгінге дейін қазақ ауылдарында кездесетін ағаштан жасалған келі-келсаптың маңызы зор болған. Ол ертеден егіншілікпен айналысқан халықтың негізгі ас дайындайтын бұйымдарының бірі болған. Ағаш келі-келісапты жартылай отырықшы тіршілік кешкен Жетісу қазақтары күнделікті тұрмыста тұрақты пайдаланған. Оған Румянцев экспедициясының материалдары арқылы да көз жеткізуімізге болады [32].

Жетісу халқының күнделікті өмір салтының өзгере бастауы, өзіндік тұрақты тұрғын үйлердің пайда болуы, тұрмыстық бұйымдардың өзгеруіне ықпал етті. Бұрынғы дәстүрлі металдан, теріден және ағаштан жасалған

бұйымдармен бірге шыныдан, фарфордан жасалған ыдыстар қолданысқа ене бастады. Малдың майынан жасалған шырақтардың орнына көп жерлерде керосинмен жанатын шамдар қолданылды. Керосинді қаладан сатып алды. Тұрмысқа жергілікті шеберлердің қолынан шыққан биік ағаш төсектер, әртүрлі көлемдегі бет жағы өрнектелген, құлыпталатын әбдіре, қол сандықтар тарала бастады. Қаламен байланысы бар бай қазақтар комодтар мен шыныланған екі есігі бар шкафтар сатып ала бастады. Үйлерін орыс үлгісімен безендірді, қабырғаға айна іліп, оның үстіне кестеленген орамалдар жауып қойды [86, с. 64]. Ал, Жетісудың қарапайым халқының оған қолдары жете бермеді.

Қазақ қолөнершілерінің қолынан шыққан ағаш төсектер біз қарастырып отырған кезде киіз үйдің негізгі жиһаздарының бірі болды. Оны шымылдықпен бүркемелеп, төсектің тұсына керегеге тұскиіз ілінді. Жаңа үлгімен салынған байлардың үйлерінде де орыстың фабрикалық бұйымдарымен қатар киіз үйдегі мүліктер орналасты. Бірақ киіз үйдегі сияқты олардың орналасу реті сақтала бермеді. Үйдің бір қабырғасына оралған киіз, көрпелер, ішіне зат салынған киіз қап т.б. жүктер жиналып, оның оң жағына төсек орналасты. Қабырғаға киім-кешек, ер-тоқым, қару-жарақтар ілінді. Ыдыс-аяқ, т.б. шаруашылық ыдыстары бұрышта пештің қасына немесе бөлек суық бөлмеге орналастырылды [47, с. 31-64]. Киіз үйде ас үй қызметін оның сол жақ бөлігі атқарып, кебеже, ыдыс аяқтар сол жерде орналасқан болатын. Сондықтан киіз үйдің ыдыстар тұрған жағын тоқылған шимен көлегейлеп қоятын болған [221, б. 324].

Фарфордан, фаянстан, шыныдан жасалған ыдыстар қатарында кесе кеңінен тарайды. Соған байланысты көшпелі тұрмыс кешетін қазақтардың тұрмыстық бұйымдарының қатарына былғарыдан, киізден тігілген аяққап, кесеқаптар қосылды [222]. XIX-XX ғасырларда қазақ жеріне самаурындар тарала бастады. Самаурын XIX ғасырдың соңынан бастап Ресейден Бұқара арқылы Оңтүстікке және Сыр бойына тарала бастаса, Жетісуға Қазақстанның Батыс, Солтүстік өлкелері және Орталығы арқылы XX ғасырдың басында келген. Тұрмысқа самаурынның енуімен бірге шай жылдам дайындалып, шай ішу бұрынғыдан да жеңіл, қолайлы бола бастаған. Тұрмысқа самаурынмен бірге нәзік әйнектен, фарфордан жасалған ыдыстар ене бастады. Қазақтардың тұрмысына фаянс пен фарфордан жасалған ыдыстар, таба сияқты металдан жасалынған жаңа ыдыстар енді [95, б. 447-455]. Сонымен бірге фабрикада өндірілген шәйнектер де қолданыста болған және ондай жаңа бұйымдар елдің бәріне қолжетімді бола бермеген. Деректерде «... шай құйып отырған бәйбіше шайды қалайы шәйнегін көрсете маңғаздана құйды» [20, с. 318] деген ақпараттар кездеседі. Осының өзі тұрмысқа енген жаңа бұйымдарды алуға әркімнің шамасы келе бермегенін көрсетеді.

Сауданың дамуы қазақ тұрмысына кілемдер мен терезе перделерін, барқыттан, байкадан ортасына мамық салып тігілген көрпелерді енгізді. Осы аталған тауар түрлері Верный қаласындағы Сүлейменовтің, Тазетдиновтың, Ибрагимовтың сауда үйлерінде сатылып, тапсырыс арқылы Жетісудың басқа аймақтарына да таратылды [207, с. 5].

Облыс жерінде арақ-шарап, сыра өндірісінің кеңінен дамытылуы, олардың өнімдеріне арналған ыдыстарды да қолданысқа енгізді. Облыстың барлық

аймағынан ашылған осы өнімдерді сататын дүкендерде сыра, шарап, арақ ішуге арналған түрлі-түсті ыдыстар әртүрлі бағада сатылды. Мысалы: сыра ішуге арналған жасыл, сары, қара түсті ыдыстар -12 тиыннан, жүзім шарабын ішуге арналған ыдыстар-10 тиыннан, арақ ішуге арналған ыдыстар-8 тиыннан [168, с. 4], қалың шыны стакандардың 1-еуі 40 тиыннан сатылған [195, п. 17].

Қорыта айтсақ, жергілікті тұрғындардың бұрынғы тұрмысы өмір сүру салтының ыңғайына қарай ежелден қалыптасып, дамыған-ды. 1867-1917 жылдар аралығында орын алған саяси-экономикалық және әлеуметтік өзгерістер қоғамдық қатынастармен бірге тұрғындардың ішкі өміріне де тереңдеп еніп, олардың тұрмыс-салтын өзгерте бастады. Тұрмыстың өзгеруі олардың тұрғын үйі мен киім-кешегінің, ішіп-жейтін тағам түрлері мен тұрмыстық бұйымдарының өзгеруінен көрінді. XX ғасырдың басына қарай жергілікті тұрғындардың отырықшылана бастауына байланысты тұрақты қыстаулар салу қарқын алды. Тұрмыс салтының өзгеруі, киім түрі мен оның матасына, тігілуіне өзгерістер енгізді. Егіншілікпен бұрынғыға қарағанда басымырақ айналыса бастаған қазақтар енді бидайды көбірек тұтына бастады. Сонымен бірге кәсіп түрлерінің өзгеруі жабайы аң-құстардың етін, жұмыртқасын, балықты да күнделікті тұтынатын тағамдар қатарына қосты. Шайдың жаппай тұтыныла бастауы тұрмысқа самаурын, шәйнек, фарфор кеселер, кесеқап сияқты бұйымдарды, арақ-шарап өндірісінің дамуы оны ішетін түрлі ыдыстарды алып келді. Ағаштан жасалған дәстүрлі ыдыстармен бірге фабрикада жасалған шойын, темір ыдыстар да қолданысқа енді. Бірақ, экономикалық жағынан қанауға ұшырап, әлеуметтік жағдайы төмендеген кедей тұрғындардың тұрмысқа енген сәнді заттарды сатып алуға мүмкіндіктері бола бермеді. Фабрикаларда өндірілген киімдерді, жиһаздар мен тұрмыстық бұйымдарды негізінен қалалықтар және ауылдардың ауқатты адамдары көбірек тұтынды. Дегенмен, облыс тұрғындары, соның ішінде жергілікті халықтар да заман көшінен қалмай өздері өмір сүріп отырған ортаға қарай бейімделіп, материалдық мәдениетін көтеруге ұмтылды.

2.3 Тұрғындар денсаулығы

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Жетісу облысының жергілікті тұрғындарының денсаулығымен негізінен емші-тәуіптер, бақсы-балгерлер айналысты. Емшілер әртүрлі дәрілік шөптермен емдесе, бақсылардың емдеу әдістері әртүрлі ырымдармен, діни сенімдермен астасып жатты. Бірақ мұндай емдеу әдістерінің қай-қайсысы да сол кездегі қазақ халқына зор індет болып келген жұқпалы аурулардың алдында дәрменсіз еді.

Облыс құрылуымен бірге тұрғындарға медициналық көмек көрсету мәселесі де көтеріліп, Жетісу және Сырдария облыстарын басқару Ережесінің Жобасы бойынша облыстық басқармалармен уезд бастықтары жанынан дәрігерлік штаттар ашу жоспарланған болатын [77, б. 111]. Бұл жоспар Жетісу облысында 1868 жылдың ортасынан бастап жүзеге аса бастайды. Уезд дәрігерлері тұрғындарға қажетті медициналық көмек көрсетумен қатар сот-медициналық тексеру, шешек ауруына қарсы егу шараларын атқаруы тиіс

болды. Жарты жылдың ішінде дәрігерлік көмекке Тоқмақ, Ыстықкөл уездерін қоспағанда 634 адам жүгінген. Осы уақыт аралығында шешек ауруының алдын алу мақсатында Верный уезінде 1828, Тоқмақ уезінде 570, Қапал уезінде 203, Сергиополь уезінде 144 балаға екпе жұмыстары жүргізілген. Шешек ауруына қарсы екпе қызметі барлығы 2745 балаға көрсетілген. Бірақ бұл көрсеткіш сол кездегі облыс халқының санына (376.192 адам) шаққанда мардымсыз еді. Жетісу облысы құрылған кезде өңірде әскери госпиталдар мен лазареттерді есептемегенде, қарапайым халыққа арналған ауруханалар болған жоқ. Сондықтан дәрігерлік көмек науқастардың өз үйлерінде көрсетілетін. Дәрігер мамандар жетіспеді [125, п. 6]. Дәрі-дәрмектер де тапшы болды. Уезд дәрігерлеріне дәрі алу үшін халықтың санын ескермей барлық жерде бірдей жылына 200 сом ғана бөлінген [52, с. 27].

Облыста шешек ауруы кең таралып кеткен өте қауіпті аурулардың бірі болды. Сондықтан маман дәрігерлерге жергілікті халық арасынан бұл індетке қарсы екпе жасайтын көмекшілер дайындау міндеті жүктеледі. Нәтижесінде 1883 жылы шешекке қарсы екпе жасаушылардың саны Верный уезінде-28, Қапал уезінде-22, Сергиополь уезінде-23, Жаркент уезінде-10, Тоқмақ уезінде-20, Ыстықкөл уезінде-16 адамға жеткен. Облыс бойынша барлығы 119 көмекші болған [146, с. 41].

Дәрігерлік бөлімшелер қалалар мен селоларда болды. Қазақ ауылдарына дәрігерлер жұқпалы аурулар асқынған кезде ғана келетін, сондықтан жергілікті халықтарға олардан айтарлықтай көмек бола қоймады. Қазақтар бұрынғыша емшілердің көмегіне жүгініп, олардың берген тамыр дәрілерін ішті.

Түркістан өлкесінде халық емшілері өсімдіктен жасалған 227 түрлі дәрілік шөптерді пайдаланған. Олардың ішінде 62-сі (апиын, мандрагора, гашиш, т.б.) үнді флорасынан болса, 12-сі хиуалық және қытайлық, 9- бұхарлық, 7- парсылық, 6-арабтық, 4-еуропалық және египеттік өсімдіктерден еді. Халық емшілері дәрілік шөптермен қоса хинин, ашутас, скипидар, тотыяйын, сынап, алмас сияқты т.б. өте күшті әсер ететін улы дәрілермен де ем жасаған. Науқастарды емдеуде дермене жусаны, қара андыз, саумалдық, қымыздық, күшала, арша, киік оты, қалампыр, қара бұрыш, долана, қарақат, меңдуана, темекі, ақсырғақ, бозбұға, итмұрын түбірі, мия түбірі, тобылғы т.б. жергілікті өсімдіктер кеңінен пайдаланылған. Сонымен бірге аюдың, аққудың өтін, борсықтың, қаздың, жылқының, қойдың майларын, малдың жас еті мен сорпасын, қымыз, шұбат, құрт, сары май, сүйек майы, сүт, бал, арқар және маралдың мүйіздері тәрізді жергілікті аң-құстар мен қолдағы төрт түлік малдың өнімдерін де емдеу барысында кеңінен қолданған. Ал, буын ауруларын, бас ауруларын мен суық тиюді қазақтар жылы суға отыру, құмға түсу, теріге түсу сияқты әдістермен емдеген [223, с. 185]. Апиынның майын медицина саласында қолдану үшін оны шетелден тасымалдамай, Пржевальск, Жаркент, Пішпек, Верный уездерінің жерінде көкнәр өсіру қолға алынады. Көкнәрді өсіру және түскен өнімді жинап алып, түгелдей қазынаға өткізу сенімді адамдарға ғана тапсырылды. Апиынды рұқсатсыз, өз бетінше өсірген адамдар қылмыстық жауапкершілікке тартылып, апиын еккен плантациясы өнімімен қоса тәркіленіп отырған [168, с. 4].

Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөніндегі Уақытша ереже жобасы бойынша бақсылыққа заң жүзінде тиым салынғанымен, халық олардың қызметінен бірден бас тарта қоймайды. Қазақтардың надандығы мен аңғалдығын пайдаланып, бақсымын, қожа-молдамын деп алдап, емшілікпен айналысушылар көп болды. Олар халықты өзінің «күдіретіне» сендіру үшін, ауруың асқынған деп, 7, 11 немесе 13 түрлі шөппен «ем жасаған». Осылайша халықтың қолындағы малын сыпырып алып отырған. Олар құмалақ салып, кітап ашқаны үшін де, сонымен бірге ауруды өзім бағамын деп те ақысын малмен алып отырған. «У дәрісіз жазылмайсыз» деп, жоқ дәрінің атын айтып, науқастың қорқынышын ұлғайта түседі. Дүниеде ондай дәрінің жоқ екенінен бейхабар қазақтар, ол дәріні іздеп жан-жаққа шауып шығындалады. Ақырында, «бақсы байғұста кінә жоқ, кінә айтқан дәрісін таба алмаған өзімізде» деп үй иесі бақсыға көп ақы беріп, риза қылып жөнелтеді. Бақсы да: «жазар едім, айтқан дәрімді таба алмадың» деп оларды жұбатқансиды [185, б. 136].

К.Төгісов қазақтар арасындағы надандық пен бақсы-молдалардың арамзалығы туралы: «молдалар науқастанған адамды күн батар кезде батысқа қаратып отырғызып, оны сүт қосылған сумен ұшықтайды. Сонымен бірге науқастың басынан бір қой мен бір шапан айналдыр, дерті сонымен кетеді деп, қой мен шапанды өзі алып кетеді;әйелі толғатып, қансырап жатса, мұны албасты басты деп, шашынан сүйреп, тепкілеп сабайды. Доктор шақыртудың орнына бақсы шақыртады. Ол бақсы: «әне албасты, міне албасты» деп өлейін деп жатқан әйелді қолына не түссе, сонымен ұрады. Одан қалса, киізге орап тепкілеп, ажалынан бұрын өлтіреді; ...шешекке қарсы егуге шыққан фельдшерді көрсе, әйелдер балаларын төсектің астына жасырып қояды, осылайша шешектен қанша бала өлгені белгісіз» [224, б. 4-5] - деген ақпараттар береді.

Бақсылар негізінен көзбайлаушылық, емшілік, болжаушылық, сәуегейшілік, жадагершілікпен (жын шақыру) де айналысқан. Бақсылыққа заң жүзінде тиым салынуына байланысты, XIX ғасырдан бастап қазақ бақсылығының аясы емдеу, болашақты болжау, жоғалғанды іздеу сияқты функциялармен тарыла түседі, ал XIX ғасырдың соңына қарай олар ірі қоғамдық мерекелерді өткізудегі және құрбандық шалудағы жетекшілік қызметінен де айырыла бастайды. Сондай-ақ бірге мұсылманшылықтың күшеюі (молдалар жын шақыру шарифатқа қарсы, күнә деп уағыз жүргізді) мен орыс медицинасының енгізілуі де бақсылықтың қолданыс аясының тарылуына ықпал етті [225, б. 97-99].

Халық сонымен қатар өздері «қасиетті», «әулиелі» деп сенген жерлерге түнеп, дертіне шипа тілеген. Жетісу облысының жерінде көптеп кездесетін минералды ыстық сулардың емдік қасиетін қазақтар мен қырғыздар ежелден білген. Мысалы, Қапал уезіндегі Арасан, Верный уезінің жеріндегі Сөгеті, Пржевальск уезіндегі Жетіоғыз минералды суларына, әсіресе, соңғы екеуіне, жергілікті тұрғындар көп келген. Қазақтар суға түскенде жел тимеуі үшін бұлақтың үстіне киіз үй тігіп қойған [153, с. 100-101]. Ал, Пішпек уезінің жеріндегі Ысық Ата минералды суына емделуге тек жергілікті тұрғындар ғана емес, қатынас жолына жақын орналасқандықтан емделушілер бүкіл Түркістан өлкесінен келген. Келушілердің саны жылдан жылға артып отырған. 1907

жылы 8750 адам келген болса, бұл көрсеткіш 1908 жылы 12829 адамға жеткен. Емделуге келген жергілікті халық, қой сойып, әулиелерге құран бағыштаған [154, с. 80-81].

Қазақтар шешек ауруын емі жоқ, ең жаман ауру деп есептеді. Бұл аурудың қорқыныш тудырғаны соншалық, ауырған адамды жалғыз немесе ауырған бірнеше адамды бірге қалдырып, өздері аулаққа көшіп кетіп, аурулар айдалада көмексіз қалған. Балаларын қимаған әйелдерді күйеулері күшпен көндіріп отырған. Сондай-ақ орыс дәрігерлерінің шешек ауруына қарсы екпе салғанына да өре-тұра қарсы болып, олардың құралдарын тартып алып, енді қайтып бұл іспен айналыспайтындай етіп қорқытып отырған. Қазақтардан не үшін қарсылық көрсететіндерін сұраған кезде «мұсылман мен орыс қанын араластыру күнә» деп жауап берген [226].

Бұл мысалдардан XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақтар арасында ислам діні мен молдалардың ықпалының күшті болғандығын көреміз. Қазақ жеріне қоныс аударып келушілердің діні мен өмір сүру әдеттерінің өздерінің дәстүрі мен дініне қарама-қайшы екенін көрген қарапайым халық, оның емдеу әдістеріне де үрке қарады. Бұл – бір жағынан, қалыпты құбылыс болғанымен, екінші жағынан, ауру қаншалықты қауіпті болса да оның алдын алуға болатынын қарапайым халыққа жете түсіндірмеуден туған әрекет еді.

Шешек ауруы Жетісуға орыстар келгенге дейін де болған, бұрын оған қарсы егумен жеке бас пайдасы үшін сарттар айналысқан. Олар ауруға ұшыраған адамдарды жинап алып, олардың сұқ саусағы мен бас бармағының арасына екпе салған, одан кейін аурулардың қолдары ісіп, қатты ауыратын [227, с. 195].

Жетісудың жергілікті тұрғындарының арасында кең тараған ауру түрлерінің бірі, санитарлық-гигиеналық жағдайдың сақталмауынан туындайтын, жұқпалы қотыр ауруы еді. Оған материалдық жағдайы жақсы болыс басқармаларының өзі атүсті қараған. Тұрғындар арасында мерез ауруы да кең тараған. Бұл аурудың кең тарағаны соншалық, кейде бүтін бір ауылдар тегіс ауырған. Облысты зерттеуге шыққан Жетісу облыстық ұйымдастыру комиссиясының мәліметтері бойынша, Қаскелең өзенінің жоғарғы жағындағы Бекбатыр ауылын мекендеп отырған 10 үйдің барлығының бесіктегі баласынан бастап қарттарына дейін ауру жұқтырған болып шыққан [184, с. 21].

Мерез ауруы бастапқыда әскердегі төменгі шенділер арасында таралып, барлық әскери емдеу орындары осы ауруды жұқтырғандарға толы болды. Сондықтан әйелдердің, оның ішінде жезөкшелердің, олармен байланысы бар еркектердің денсаулығын тез арада тексеру мәселесі көтеріледі. Бұның бәрі мемлекет қазынасына үлкен шығын келтіретініне қарамастан, жергілікті билік бұл шаралардың орындалуын қатаң бақылап отырады. Верный қаласының азаматтық және әскери дәрігерлері аптасына 1 рет Верныйдың қалалық ауруханасында әйелдер мен жезөкшелерді тексеріп, соңғыларына қатаң шаралар қолданып отырған. 1897 жылы тексерілген әйелдердің ішінен мерез ауруын жұқтырған 7 әйел анықталып, жезөкшелікпен айналысатын 14 әйел тұтқындалған. Ауру жұқтырған әйелдер аурухананың арнайы бөлімдеріне жатқызылған [226].

Жетісу қазақтары мерез ауруын өте сәтті емдеген. Сынап пен кепкен жүзімді ұсақтап, екеуін араластыра отырып, шар тәрізді домалақ дәрі жасаған. Ол дәрілерді науқасқа бір түйірден бастап, күн сайын біреуден қоса отырып, бір ай ішкізеді. Науқастың тісі босап, шаштары түсе бастаған кезде, ем тоқтатылады. Осыдан кейін оны жарты айға жуық орнынан тұрғызбай, тонға орап жатқызып қояды, тек қойдың сорпасымен ғана қоректендіріп, қатты терлетеді. Ақырында тер арқылы ағзадан сынап шығып кетеді де, науқас ауруынан айығады [21, с. 31-32].

Жұқпалы аурулардың кең таралуы патша әкімшілігі үшін күтпеген жағдай еді және оның өлкедегі саясатына да кедергі келтіретін еді. Сондықтан да билік қанша шығын келтіретініне қарамастан, жағдайды назардан тыс қалдырмай, бақылауда ұстауға тырысты. Осыған байланысты әскери-медициналық инспектор жыл сайынғы есебінде Түркістан өлкесінің санитарлық жағдайы туралы ақпарат беріп отырған. Мысалы, 1877 жылы Сырдария облысы бойынша әртүрлі ауруларға шалдыққан 11077 науқасқа медициналық көмек көрсетілген. Оның 10977 сауығып, 86 қайтыс болған. Ал, Жетісу облысы бойынша 7750 тұрғынға дәрігерлік көмек көрсетіліп, оның 7503 сауығып, 47 қайтыс болған. Бұл кезде Түркістан өлкесінде орыстардың саны аз болды. Жергілікті халық көп жағдайда медициналық көмектен шет қалып келген.

XIX ғасырдың II жартысында көз, ішкі құрылыс, буын және венерологиялық аурулар көп таралған. Көз және буын ауруының асқынуына тұрғын үйлердегі гигиеналық жағдайдың сақталмауы себеп болса, іш аурулары мен ойық жаралардың пайда болуына нашар тамақтану себеп болды. Денесін таза ұстамау қотыр мен созылмалы жаралардың пайда болуына алып келді. 1877 жылы облыста шешек және қызылша аурулары да асқынған. Верный уезі бойынша шешекпен ауырған 2025 адамға, Сергиополь уезінде 1192 адамға, Қапал уезінде 1097 адамға дәрігерлік көмек көрсетілген. Соған қарамастан індет асқынып кетіп, көптеген балалар соқыр, саңырау болып қалған [228, с. 91].

Облысты зерттеуге шыққан комиссия мүшелері уездерге дәрігер және әйелдер дәрігері (акушер) тағайындалатынын, әрі халықты тегін емдейтінін айтқан кезде қазақтар қатты қуанған. Қазақ әйелдері көз және жүрек ауруларынан дәрі сұраған [184, с. 21].

1883 жылы облыста жұқпалы аурулардың өте қатты асқынып кетіп, оның белгілері жыл бойы сақталып отырған [229, с. 203]. Осы жылы Верный мен Үлкен Алматы станицасын қоса есептегенде дифтерия мен тамақ ауруынан өлгендердің саны (ересектер, балалар) тамыз-қазан айларында 89 адамға жеткен. Күзге қарай адам шығыны ұлғая түскен. Верныйда бұл аурумен ауырған адамдардың 3 тен 2-сі өліп кетіп отырған. Науқастарға ауырған кездегі киімін тапсыртып, оның орнына дәрі-дәрмек, залалсыздандыратын құрал-жабдықтар, киімдер беру үшін дифтерияға қарсы Қызыл Крест ұйымының Жетісу жергілікті басқармасы мүшелері мен губернатор жанындағы ерекше тапсырмалармен айналысатын шенділерден құралған арнайы комитет құру қажеттігі туындайды [227, с. 195]. Ауру белгісі Зайцев пен Маловодный селоларында да байқалған. Қазан, желтоқсан айларына дейін аталған елді

мекендерде ұл-қызы аралас 44 бала көз жұмған. Ауру әбден асқынып, шегінен шығып кеткені соншалық, науқастар ешқандай дәрігерлік көмек көрсетілмей, үйлерінде жатып өліп кете берген. Уезд бастықтарын қарамағындағы ауылдар мен селолардың санитарлық-гигиеналық жағдайы, тұрғындардың өмірі толғандыра бермеген. Дмитриев шіркеуінің священнигі Владимир Аркадов 1883 жылдың 26 желтоқсанында жұқпалы аурулардың асқынып кетуіне байланысты Верныйдың уездік бастығына үйлерде тазалықтың және дезинфекция жасайтын құралдардың жоқтығын және бұған селолық биліктің ешқандай көңіл аудармай отырғанын айтып шағымданады. Уезд бастығына осы жағдайға байланысты тапсырма беруін немесе Зайцев селосына дәрігер жіберуін, болмаса дәрігерлік құралдармен қамтамасыз етіп, оларды мұндай жағдайда қалай пайдалану керектігін көрсететін жауапты адам бөлуін өтініп сұрайды. Ауру белгілері 1884 жылдың жаз айына дейін тоқтамағанын байқаймыз. Осы жылдың 2 тамызында Верный уездік басқармасына полковник Сапожников 18 шілдеден бері белгісіз ауру пайда болғанын, оны дүнгендер ұнға жатқызып емдейтінін мәлімдейді. Ал ұнды артынша халыққа сатып отырған. Қысқа уақыт ішінде сол ұнды сатып алған қырғыздардың (қазақтардың -Б.Л.) арасында 10 адам өлген [230, п. 1-7]. Облыста жұқпалы аурулар бұдан кейінгі жылдарда да толастамаған, 1900 жылы Пішпек уезінде жұқпалы шешек індетімен ауырған 220 адамның 142 өліп кеткен [231, п. 3].

Облыс тұрғындары санының ұдайы артып отыруына байланысты дәрігер мамандардың тапшылығы күн өткен сайын өте қатты сезіле түседі. 1892 және 1893 жылдары Жетісу облыстық қоғам денсаулығын сақтау комитетінің төтенше кеңесі болып, оның қорытындысында Генерал-губернаторға хат жолданып, Харьков, Қазан, Томск университеттерін бітірушілерден 30 дәрігер жіберуін қамтамасыз етуді өтініп сұрайды. Бірақ бұл шаралар да облысты дәрігер мамандардармен қамтамасыз ету мәселесін шеше алмаған [77, б. 112]. Медициналық қызмет негізінен қалаларда ғана көрсетілді, ал уездердегі материалдық жағдайдың нашарлығы мен тұрмыстың ауырлығынан бөлімше дәрігерлері ол жерлерде тұрғысы келмеді. Ішкі Ресейдің әскери округтерінен арнайы шақыртылған дәрігерлердің өзі облыс аймағында көп тұрақтамай, кері қайтып кетіп отырды [232, п. 34].

1883 жылы облыста бар-жоғы 6 уездік дәрігер, 6 уездік фельдшер, 5 акушер ғана болса [146, с. 40], 1888 жылы штаттағы дәрігер саны-5, фельдшер-12, акушер-5, өз еркімен жалданушы фельдшерлер саны-5 болды. Сонымен бірге 123 шешекке қарсы екпе жасаушылар болды. Облыста осы жылы көп тіркелген ауру түрлері буын аурулары, қотыр, мерез, шешек, жұқпалы ішек аурулары, жүрек және өкпе қабынуы т.б. еді. Жұқпалы ішек ауруларынан дәрігер жетіспеуінен және санитарлық жағдайдың нашарлығынан тұрғындар көп өлген. 1888 жылы Жаркент уезінің қазақтары шешектен қатты зардап шеккен. Күз айының өзінде ауру белгісі байқалған 187 адамның 43-і өлген. Ал қалалардағы қоныс аударушылардың саны 24224 болса, оның 1652 өлген. Шешек ауруын емдеуге көп жағдайда ырымшылдыққа сүйеніп тұрғындардың өздері кедергі келтіріп отырған. Орыстар «шешекке қарсы ем жасаудың қажеті жоқ, ол артық» деп есептесе, қазақтар жоғарыда айтқанымыздай, «күнә» деп,

ауру адамды емші, тәуіптерге апарған [143, п. 37-38]. Қырғыздар да науқастана қалған адамды «орыс ауруды өлтіреді, сүйегін өртейді» [158, б. 321] деп орыс дәрігерлеріне көрсетуге үзілді-кесілді қарсы болған.

1897 жылы Мемлекеттік кеңестің шешімімен облыс аймағы 19 дәрігерлік бөлімшеге бөлініп, олардың әрқайсысында 1 бөлімше дәрігері, 1 фельдшер, 1 фельдшер-акушер әйел болуы керек болды. Бірақ жоғарыда келтірілген себептерге байланысты 1906 жылы дәрігерлер 12 бөлімшеде ғана болды, қалған 7 бөлімшеде дәрігер болмады. Фельдшер-акушерлер 3 бөлімшеде ғана болды. Сондықтан 1897 жылғы Ережеге сәйкес фельдшер-акушерлер жетіспеген жерлерде олардың қызметіне кіндік шешелер (повивальные бабки) тартылды [153, с. 96-97].

1911 жылы облыста 3 дәрігерлік және 12 фельдшерлік, ал 1913 жылы 4 дәрігерлік, 14 фельдшерлік бөлімше жұмыс істеген. 1913 жылы штат бойынша дәрігерлік қызметпен айналысушылардың саны – 34 болған. 1911 жылы дәрігердің қабылдауында 41646 адам болған, оның 34805 науқасқа шалдыққандар болды. 1912 жылы өмірге өте қауіпті тамақ, ішек және тыныс жолдарының жұқпалы ауруларының өршіп кетуіне байланысты дәрігерлік көмекке жүгінгендердің саны бірнеше есеге артқан. Облыс бойынша дәрігерге қаралған 74980 адамның 62548 жұқпалы ауруларға шалдыққандар болды. Дәрігерлік көмек көрсету деңгейі өте төмен болды. Қоныс аударушылардың санының ұдайы артып отыруына байланысты медицина саласына бөлінетін қаржы жеткіліксіз болды [138, п. 21, 37-38].

Дәрігерлер негізінен қалаларда тұрғандықтан, негізгі медициналық көмек те қалалықтарға көрсетілді. Мысалы, 1887 жылы негізі қаланған Верный қалалық ауруханасында сол кездің өзінде іш сүзегі, безгек, әртүрлі жарақаттар, ішімдіктен улану және венерологиялық т.б. ауруларды емдеумен бірге үлкенді-кішілі оталар да жасалған. Мысалы, өңеш ісігіне байланысты асқазанға фистула (түтік, тұрба) қою, қуықтан тас алу, жақ сүйегінің жансызданған бөлігін алып тастау сияқты күрделі оталар сәтті жасалып, амбулаториялық ем де жүргізілген [233, с. 65]. Сонымен қатар ХХ ғасырдың басында тіс емдеу, пломба қою, тіс жұлу, жасанды тістер қою сияқты қызметтер де көрсетілген. Сол кезде шыққан газет беттерінен Верный қаласында қызмет істеген тіс дәрігері О.И.Колпаковская-Харина және акушер П.С.Тавлинованың есімдерін кездестіруге болады [200, с. 4]. ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың басында облыс аймағында жоғарыда аталған дәрігерлерге қоса А.Г.Нечаева, Н.Л.Зеланд, И.А.Атласов, С.Кишенский, В.Вышпольский, Л.С.Длугошевский, А.В.Пржегодский, И.Е.Сенчиковский [219, б. 87], Бакитько, Поярков сияқты орыс дәрігерлері еңбек етті [52, с. 72].

Сапалы дәрі-дәрмектердің болмауы тұрғындарға тиімді медициналық көмек көрсетуге қолбайлау болады. Сондықтан дәрігерлер қажетті дәрілерді шетелдерден алдырып отырған. Мысалы, буын ауруларынан емделу үшін Лондоннан «Трейзер» дәрісін тегін алдырып ішіп көруге кеңес береді [234]. Себебі, М.Е.Трейзер ревматизм ауруынан өзі жасап шығарған «Трейзер» дәрісін ішіп, құлан таза айыққан. Әлем бойынша ревматизммен ауыратын науқастарға бұл дәріні бір рет тегін беріп отырған. Одан ем қонып жатса,

келесіде жергілікті дәрігерден немесе дәріханадан сатып алуға болатын болған [235].

Мерез және безгек ауруларын Германиядан неміс профессоры Пауэль Эрлихтің «606» дәрісін алдыру арқылы емдеген [236, с. 5]. Қаланың лауазымды адамдары дәріні Санкт-Петербургтен де алдырған [219, б. 87].

Дәрігерлік көмекті, көріп отырғанымыздай, тек қалалықтар, ауқаттылар мен мәртебелілер ғана пайдаланған. Ауруханалар мен дәрігерлік бөлімшелер қалалар мен орыс селоларында ғана ашылғандықтан, қазақ ауылдары медициналық көмектің мұндай түрлерінен, әрине, тысқары қалды. Жергілікті қазақ және қырғыз халықтарына дәрігерлік көмек жұқпалы аурулар кезінде, онда да ауру әбден асқынып, шегіне жеткен кезде ғана көрсетілді.

1907 жылы жаздың соңына таман Пржевальск уезінің көшпелі тұрғындары арасында кенеттен, әрі жедел түрде жұқпалы ауру тарайды. Аурудың жабайы аңнан тарағаны белгілі болады. Суыр аулап алып, оны үйіне әкеліп сойған Жангарачев деген қырғыздың өзі отбасымен, барлығы 12 адам, түгел қырылып қалған. Оларды жерлеген Малыбай, Чодон деген қырғыздар отбасыларымен, барлығы 11 адам өлген. Кісі өлімі күн санап өсе береді. Өліктерді жинап алып, жерлеу үшін қырғыздар қашқарлық сарттарды жалдайды, ізінше олар да көз жұмады. Ауру алдымен Чаштөбе болыстығының жерінде басталып, одан соң Шаркратма болыстығына да таралады. Аурудан шошынған халық, киіз үйлерін ішіндегі дүние-мүлкімен қоса тастап, өлген туыстарын жерлеусіз қалдырып, аулаққа көшіп кетеді. Жаңа желерге барып қоныстанғанымен, ауру жұқтырған халықтың өлімі тоқтамайды. Осылайша, Шатыркөл өзенінің маңында басталған жұқпалы өкпе обасы, Нарын алқабына дейінгі елді-мекендер мен өзен-көлдердің аймағына таралады. Ал жергілікті бөлімше бастығы эпидемия туралы қыркүйектің ортасында ауру әбден өршіп, халық жаппай қырыла бастағанда ғана білген [237, с. 91]. Сондықтан жұқпалы аурулардан жергілікті тұрғындардың қаншасы өлгені туралы нақты мәліметтер жоқ.

XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында оба ауруының алдында орыс медицинасы да дәрменсіз еді. Оны емдейтін сапалы дәрілер жетіспеді. Сондықтан дәрігерлер аурудың алдын алу немесе емдеу шараларынан гөрі, ауру адамды оқшаулап ұстап, эпидемия ошақтарына карантин жариялауға баса көңіл бөлді. Ауру одан әрі таралмауы үшін эпидемия таралған аймақтар мен аурудан өлген адамдардың молаларын залалсыздандырып, жұртта қалған үйлерді, өлген адамдардың денелерін өртеу шаралары ғана қолданылған.

Облыс билеушілері өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына ғана емес, оның санитарлық-гигиеналық жағына да жеткілікті көңіл бөлмеді. Халық арасында жұқпалы аурулардың таралуына, облыстағы медициналық және ветеринарлық қызмет көрсету деңгейінің төмендігі басты себептердің бірі болды. Облыс табиғатының, әсіресе, өзен-көлдері мен жайылымдық жерлерінің санитарлық жағдайы назардан тыс қалдырылды. Бұл өз кезегінде мал шаруашылығымен, аңшылықпен айналысатын қазақ, қырғыз халықтарының арасында жұқпалы аурулардың кеңінен таралуына алып келді. Жұқпалы аурулардың қауіптілігі мен олардан сақтану жолдары туралы көшпелі халық арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілмеді.

Патша үкіметінің отарлық саясатының салдарынан қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмендеп, тұрмысы нашарлады. Жайылымдық жерлерінен айырылған қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы күйреп, ғасырлар бойы ішіп-жеп келген тағам түрлерін қажетті мөлшерде тұтыну мүмкіндігінен айырылды. Халық саны күрт өсіп, өлкенің санитарлық-гигиеналық жағдайы нашарлай түсті. Осы факторлар халық денсаулығының төмендеп, жұқпалы аурулардың жиі орын алуына алып келді. Мәселен, Қапал уезінің дәрігері И.С.Колбасенко уез қазақтарының тұрмысының санитарлық жағдайының мәз еместігін айта келіп: Аш, жалаңаш, жұмыс таба алмай жүрген қазақтар өте көп. Осындай тұрмысы нашар қазақтар арасында жұқпалы аурулар тарау қаупі өте жоғары. Әсіресе, мерез ауруы бұлардың арасында өте көп. Қазақтардың кедейленіп, әл-ауқатының нашарлауына, бұлардың жеріне Қазан және Тамбов татарлары мен казактарының орналасып алуы себеп болды деп көрсетеді [238, б. 160-161].

Үйлердегі тазалықтың сақталмауымен бірге тұрғындардың қараңғылығы мен жеке бас гигиенасын сақтамауы да әртүрлі ауру түрлерінің таралуына қолайлы жағдай туғызды. Аталған уақыттар аралығында қазақтардың көпшілігінің қыстық тұрғын үйлері болғаны белгілі. Ондай үйлердің ауасы тар, үйдің іші лас және күн сәулесі де жеткілікті түспейтін. Әрі пеш жақса, үйдің іші түтінге толып, жаңбыр жауса, төбесінен тамшы ағып, үйдің қабырғалары суланып тұратын. Оған қоса салқын күндерде үйге жас төлдерді де кіргізіп қоятын. Ондай үйлер қазақтар арасында сүзек, қызылша сияқты т.б. жұқпалы аурулардың қыс айларында өршіп кетуіне себеп болды. Жер үйлерді дәрілеп, залалсыздандыру дәрігерлерге қиындық туғызды [158, б. 189-190].

Жергілікті билікті тек қазақ, қырғыз ауылдарының ғана емес, жалпы елдегі денсаулық мәселесі аса толғандыра қоймады. Деректерге зер салсақ, облыстың денсаулық сақтау саласы бойынша жоғарыға жалған ақпарат берудің орын алғанын байқаймыз. Есептердің бірінде Верный уезінің Казанско-Богородск селосындағы аурухананың 1907 жылы ашылғаны [237, с. 90] туралы баяндалады. Ал, К.К.Паленнің сенаторлық тексеру комиссиясының есебінде Казанско-Богородск селосындағы аурухана құрылысы 1907 жылы күзде аяқталғанымен, 1909 жылдың сәуір айында әлі қолдануға берілмегені және аурухананың іргетасы мен шатырының дұрыс салынбағаны, қабырғаларының жарылып, сылақтары түсіп қалғаны, іші-сырты жөндеу көрмей ұзақ тұрған ескі нысанға ұқсайтыны баяндалады. Құрылысқа бөлінген 12.000 сом ақшаның желге ұшқанын айтып, аурухана құрылысына жауапты облыстық сәулетші Тропаревскийді, Верный уездік бастығының көмекшісін, бөлімше дәрігерін, жергілікті шіркеу священнигін, Казанско-Богородск селосының старостасын сынға алады [38, с. 36].

Халықтың денсаулығы оның күнделікті өмірімен тікелей байланысты және оған тәуелді болғандықтан 1867-1917 жылдар аралығындағы Жетісу облысы тұрғындарының денсаулығын олардың сол кездегі тұрмыс-тіршілігі мен өмір сүру деңгейінің тікелей көрсеткіші деуімізге болады.

XIX ғасырдың I жартысындағы жазбаларға қарайтын болсақ, Жетісу қазақтарының денсаулығы мықты екендігі, шекара бойын мекендеген

тұрғындардай емес, олардың арасында ауру адам кездеспейтіндігі [22, с. 112] туралы айтылған. Дәстүрлі шаруашылығы күйреп, тұрмысы нашарлаған халық кедейленіп, ішіп-жемнен тарыла бастады. Қажетті мөлшерде тамақтанбау ағзаның қорғаныс қуатының әлсіреуіне әкеліп соғып, халық әртүрлі ауруларға бұрынғыға қарағанда жиі ұшырай бастады. Медициналық көмек көрсету шаралары біркелкі ұйымдастырылмай, ауруханалар мен дәрігерлік бөлімшелер қоныс аударушылар мекендеген аймақтарда ғана орналасты. Облыстың байырғы тұрғындары – қазақтар мен қырғыздарға қарапайым дәрігерлік көмектің өзі көрсетілмеді. Орыстың салты мен дәстүріне қарсы болған жергілікті тұрғындардың өздері де орыс медицинасына үрке қарады. Дәрігерлер санының аздығы, өлкенің санитарлық-гигиеналық жағдайының нашарлығы, әрі жергілікті тұрғындарға жұқпалы аурулардың қаншалықты қауіпті екенінің жете түсіндірілмеуі халықтың жаппай қырылып қалуына әкеліп соққан.

II тарау бойынша қорытынды:

1867-1917 жылдар арасында Жетісу облысы тұрғындарының күнделікті өміріне енген өзгерістер XIX ғасырдың II жартысында отарлық билік жүргізген әкімшілік-аймақтық реформалардан бастау алып жатты. Патша үкіметі осы реформалар арқылы Жетісу өлкесіне империялық басқару жүйесін енгізіп, жергілікті қазақ және қырғыз халықтарының қоғамдық санасы мен менталитетіне мүлдем жат тәртіптерді орнатты. Сайлау жүйесінің енгізелуі, отбасы мәселесінің орыс заңымен шешілуі жергілікті тұрғындар үшін жат мінездер мен әдеттерді тудырып, елдің бірлігінің ыдырауына жол салды. Руаралық тартыс өршіп, отбасы мен ағайын арасындағы сыйластық әлсіреді. Қоғамда барымтаны айтпағанда, түрлі ұрлық түрі өршіп, арызқойлық, парақорлық, құмар ойындары, жезөкшелік, нашақорлық және маскүнемдік сияқты және т.б. тосын әдеттер орын алып, түрмелер пайда болды. Халық әдеттен тыс тәртіптер мен одан туындаған көріністерді тосын құбылыс ретінде қабылдап, оларға тосырқай қарады. Өмір сүру салты мен дәстүрдің бұзылуы дәстүрлі киім, тағам, тұрғын үй түріне де өзгерістер енгізіп, ол өз кезегінде халық денсаулығының нашарлауына әкеліп соқтырды. Орыстың дәстүрін жат санаған халық оның емдеу әдістеріне де қарсы болды. Оның үстіне медициналық емдеу орындары орыс селоларында ғана ұйымдастырылып, жергілікті қазақ, қырғыз халықтары заманға сай медициналық көмек ала алмады. Жұқпалы аурулардан XX ғасырдың басында да жергілікті тұрғындар жаппай қырылып қалып отырды.

III АҒARTУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ. 1916 ЖЫЛҒЫ КҮНДЕЛІКТІЛІК

3.1 Дәстүрге төнген қауіп

Патша өкіметінің қазақ жеріндегі отарлау саясаты саяси-экономикалық мақсатты ғана көздеген жоқ, сонымен бірге рухани-мәдени саланы да қамтуы тиіс болды. Себебі, орыстандыру саясатын толық жүзеге асыру үшін жергілікті тұрғындардың рухани өміріне ену аса қажет мемлекеттік маңызы бар мәселелердің бірі еді.

Ислам дінін өмірінің өзегіне айналдырған жергілікті халықтың дүниетанымы мен салт-дәстүрі мұсылмандықпен астасып, өңірде өзінше дербес рухани әлем қалыптастырған болатын. Рухани дербестікті тек саяси-экономикалық шаралар арқылы жою мүмкін емес еді. Ислам діні ғасырлар бойы қоғамдық қарым-қатынастарды реттеуде, ұрпақ тәрбиелеуде маңызды орын алып келді. Сондықтан халықтың санасынан исламдық құндылықтарды жойып, оны мұсылмандықтың ықпалынан шығару, патша үкіметінің Жетісу облысын орыстандыру бағытындағы ең өзекті шараларының біріне айналды.

XIX ғасырдың соңына қарай (1897 ж. санақ материалдары бойынша) Жетісу облысында мұсылмандармен бірге әртүрлі діндегі халықтар: православиялықтар, ескі дінге сенушілер (старообрядцы), рим-католик дініндегілер, протестанттар, иудейліктер және т.б. діни бағытты ұстанушылар тұрып жатты. Мұсылмандардың пайыздық көрсеткіші – 90,12%, православиялықтар – 9,79%, қалған діндегілер – 0,09% болған [81, б. 368-371]. Француз ғалымы Ш.Е.Уйфальвидің деректері бойынша Жетісу облысында 1871 жылы басқа діндегілерді айтпағанда 31810 православиялық, 495779 мұсылман дініндегі халықтар тұрған [82, с. 133].

Саны жағынан көп, әрі салт-дәстүрді берік ұстанып, өздерінің дербестігін сақтап отырған халықты рухани тәуелділікке түсіру оңай болмақ емес. Ал, рухы биік елдің саяси тәуелсіздікке ұмтылатыны – табиғи құбылыс. Сондықтан патша үкіметі алдымен халықтың ұлттық салт-санасын жоюды мақсат етті. Бұл мәселені тек өзге діндегі халықтарды қоныс аударту арқылы шешу жеткіліксіз болатын. Өйткені, адамгершілігі төмен, сауатсыз казактар мен шаруалардың оған өрелері жетпейтін. Бұл жұмыстармен арнайы құрылған қоғамдық ұйымдар айналысуы тиіс болды. Осы мақсатта Жетісу облысының жергілікті әкімшілігі облыстың ықпалды бай адамдарын, сауда-өнеркәсіп иелерін өңірдің мәдени-ағартушылық саласын көтеруге жұмылдырды.

Облыста ең ықпалды топ ағайынды Василий және Владимир Кузнецовтар, А.С.Гаврилов, Н.Я.Пугасов, И.Габдулвалиев, М.Пұсырманов, Г.А.Шахворостов және т.б. еді. Олар Жетісу облысының қоғамдық-мәдени өмірін сауықтыру үшін білім, мәдениет, денсаулық салаларына қаржы салып отырды. Облыста Қайырымдылық қоғамдары мен Қамқорлық комитеттері құрылып, қоғамдық және мәдени өмірдің әртүрлі салалары бойынша белсенді қызмет ете бастады. Әкімшілік шенеуніктері жанадан құрылған қоғамдардың белсенді мүшелері болды [96, б. 26-29].

Жетісуда ең алғаш құрылған «Семиреченское православное Братство» (1869ж.) қоғамы болатын. 1874 жылы оның мүшелігінде 91 ер, 28 әйел болды. 1886 жылдан бастап қоғам «Казанско-Богородское Братство» деп атала бастады. Бұл қоғамның жұмысы биліктің жіті бақылауында болды. Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы К.П. фон Кауфман, Жетісу облысының әскери губернаторы Г.А.Колпаковский мен әйелі М.Ф.Колпаковская, П.М.Зенков және т.б. Жетісу облысының атақты адамдары ол қоғамның тұрақты мүшелері болды. Облыста құрылған осы және басқа да қоғамдардың ең басты міндеті – қоныс аударушыларға материалдық тұрғыдан көмектесу және жергілікті қазақ, қырғыз халықтарымен бірге ұйғыр және өзбек сияқты мұсылман тұрғындарды да христиан дініне тарту болды [97, с. 30-31].

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Жетісу облысында қоғамдық өмірдің әр саласына байланысты шараларды жүзеге асырған бірнеше қайырымдылық қоғамдары болды. Оларды: 1) жалпыимпериялық қайырымдылық қоғамдарының бөлімшелері, 2) облыстық, 3) уездік және қалалық деп үш топқа бөлуге болады. Жалпыимпериялық қайырымдылық қоғамдарының бөлімшелеріне: Ресей Қызыл Крест Қоғамының жергілікті бөлімшесі, Жетім балаларға арналған Қамқорлық Қоғамы және Императрица Мария Александровнаның соқырларға Қамқорлық Қоғамы кірді. Бұл қоғамдарды ерекше Комитет басқарып отырды. Комитеттің құрамында Жетісу облысының Әскери Губернаторы (бас қамқоршы), Комитет төрағасы (құрметі қамқоршы) және 8 тұрақты мүшесі мен 8 қайырымдылық көрсетуші мүшесі болды. Оларға атақтар қорға қаншалықты қаржы салып, қамқорлық көрсеткеніне қарай берілді. Бір рет 300 сом салғандар мен жыл сайын 100 сом салып тұратындар қоғамның тұрақты мүшелері болды. Сонымен бірге бір рет немесе аз-аздан үнемі ақша салып қайырымдылық көрсететіндер де болды [239, б. 444-451].

Орыстандыру саясаты қоғамның барлық саласында, әсіресе, православия шіркеуі арқылы кеңінен жүргізілді. Орыс селолары құрылғанда бірден шіркеу үшін де жер бөлініп берілді. Бастапқыда шіркеу қызметін арнайы тұрғызылған үйлер мен тұрғын үйлер атқарған. Шіркеудің негізгі міндеті жергілікті мұсылмандарды орыс мәдениетіне тарту арқылы өз тілі мен дінінен безіндіру болды.

Түркістан өлкесінде алғашқы шіркеулер 1864 жылы Ташкентте, Іледе және Лепсіде ашылған. Ол кезде Ташкент Орынбор епархиясына, ал Іле мен Лепсі Томск епархиясына қарайтын еді. 1867 жылы Түркістан Генерал-губернаторлығы құрылған соң, Жетісу епархиясы құрылып, оның орталығы Верный қаласы болады. Орыс Православия шіркеуінің Жетісу жеріндегі ресми қызметі осы кезден басталады. 1871 жылы құрылған Түркістан және Ташкент епархиясының орталығы да өлкенің бас қаласы Ташкент емес, Верный қаласы болып бекітілді. Себебі, бүкіл Түркістан генерал-губернаторлығындағы православия дінін ұстанатындардың төрттен үш бөлігі осы Жетісу облысында тұрды.

XIX ғасырдың 80 жылдарынан бастап Жетісу облысына қоныс аударушылардың көбеюіне байланысты шіркеу құрылысы қарқын алды. Бірақ,

шіркеулер көп салынғанымен діни қызметкерлер жетіспеді. Орыстар тұрақтаған жерлерді шіркеумен, діни қызметкерлермен қамтамасыз ету орыс мемлекеті үшін кезек күттірмейтін маңызды мәселелердің бірі еді. Сондықтан 1882 жылы Ыстықкөлде Свято-Троицкий ерлер монастыры мен 1908 жылы Верныйда Иверско-Серафим әйелдер монастыры ашылды. Сонымен бірге әскерилер санының артуына байланысты, бөлімшелерде әскери дінбасыларының да қатары өсті [98, с. 12-13].

Патша үкіметінің Жетісу жеріндегі миссионерлік саясаты жергілікті ислам дінімен қатар православие дінінің өзіне қауіп төндіре бастады. Себебі, Ресейден қоныс аударған миссионерлердің ішінде баптистер, молокандар, субботник (адвентист), хлыст және т.б. рационалдық секта өкілдері де болды. Олардың әрқайсысы өз бағытына үгіттеп, отаршыл билікті біраз әуреге салды. Жергілікті билік оларды басқа селоларға қоныс аудартып, үгіт-насихат жүргізуге тиым салды және қатаң бақылауда ұстап отырды. Жетісу облысында ресми деректер бойынша жоғарыда аталған әртүрлі секталардың 99 өкілі болған [240, п.52, 98].

Орыстандыру саясатының аясында XIX ғасырдың II жартысынан бастап Жетісу облысында дәстүрге жат саяси және православиялық мерекелер атап өтіле бастады.

Жергілікті патша әкімшілігі тұрғындарды өз қоластына тығыз топтастыру үшін, жаңа мерекелердің кең көлемде аталып өтілуіне және оған мұсылман тұрғындардың көңілін неғұрлым көбірек аударуға аса мүдделі болды.

Мерекелерді күнделіктілікке қарсы қойғанмен, оның адамдарды біріктіретін, олардың өздері тіршілік етіп жатқан қоғамның бір бөлшегі екенін сезінуіне ықпал ететін күшін жоққа шығара алмаймыз.

Мерекелер – адамзат қоғамының әлеуметтік өмірі мен оның дамуының құрамдас бір бөлігі болып табылады. Әр кезеңдегі мерекелерден сол қоғамның табиғи, әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктері көрініс беріп тұрады [241, б. 84-86].

Біз қарастырып отырған кезеңде барша қазақ халқы сияқты Жетісу облысының қазақтары да отбасылық мерекелерді айтпағанда дәстүрлі Ораза айт, Құрбан айт және Наурыз мейрамдарын ғана тойлаған. Тұрмысқа ислам діні арқылы кірген Ораза айт, Құрбан айт сияқты мерекелердің маңызы зор болды. Айт – арабша қуаныш деген сөз. Халық діни мерекелерді айрықша атап өтті [238, б. 414-417]. Сонымен бірге исламға дейін де тойланған наурыз мерекесі қазақтар өмірінде ерекше орын алды. Ол туралы М.Дулатов «Мұсылман жұртына ортақ ораза және құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз мейрам бар, ол Наурыз» [145, б. 11-22]-деп көрсеткен.

XIX ғасырдың ортасынан бастап қоныс аударушылар санының артуына байланысты бұрын Айт және Наурыз мерекелері ғана тойланған Жетісу жерінде Рождество және Пасха мерекелері де аталып өтіле бастады. Жергілікті билік жаңа мерекелерге облыстың мұсылман тұрғындарының көңілін аудару үшін оларды кең көлемде, салтанатты жағдайда атап өтуге баса назар аударды. Мысалы, пасха мерекесімен құттықтау ресми түрде ұйымдастырылып, соңы мерекелік көңіл көтерулерге ұласып отырған. Мерекелерге орай қоғамдық орындарда өткізілетін мәдени шаралар туралы алдын-ала хабарланып отырған

[242, с. 4]. Пасха басты мереке ретінде православия мерекелерінің ішінде алдыңғы орында тұрды. Одан кейін православия шіркеуінің «двунадесятые» деп аталатын 12 маңызды мерекесі кеңінен атап өтіле бастады. Патша билігі тұсында сонымен бірге маңызды мерекелердің қатарына патшаның таққа отырған күні, тәж киген күні және патшаның, оның отбасы мүшелерінің туған күндері сияқты саяси мерекелер де қосылды [243, с. 20-21].

Жетісу облысы бойынша 1898 жылға арналған күнтізбені қарасақ, мұсылмандар Мұхаммед пайғамбардың өміріне қатысты мерекелермен қоса Ораза Айт және Құрбан Айт, Ораза айы, Қадір түні сияқты мерекелерді атап өткен. Ал, христиандар болса, жылдың барлық күнінде дерлік қандай да бір діни мерекелерді атап өткенін байқаймыз. Мерекелер күнделікті қайталанып отыратын әрекеттер қатарына жатпайды. Бірақ өлкені орыстар билеген кезде дәстүрге жат мерекелер бар сән-салтанатымен жүйелі түрде ұйымдастырылып, жиі атап өтілді. Билік мерекелерді тұрақты түрде жиі-жиі қайталанып отыратын әрекеттер қатарына енгізіп, жергілікті халықтың санасына әсер етуге күш салды. Христиандық мерекелер ұлы және орташа деп бөлінген. Патшаға қатысты айтулы күндердің қатарына оның отбасы мүшелерінің туған күндерімен бірге олардың шоқынған күндері де еніп, ерекше аталып өтіле бастаған. Ол күндер күнтізбеде «патша күндері» деп белгіленген. Мысалы, Николай патшаның құрметіне бір жылда 4 күнді: 6 мамырды (Николай Александровичтің туған күнін), 14 мамырды (император Николайдың және оның әйелі Александра Феодоровнаның тәж киген күнін), 21 қазанды (Император Николайдың таққа отырған күнін) және 6 желтоқсанды (Император Николай Александровичтің шоқынған күні) мереке күні ретінде атап өтілген. Ал оның анасына, әйеліне және ұлына әрқайсысына екі күннен мереке күнін арнаған: 22 шілде – императордың анасы, императрица Мария Феодоровнаның шоқынған күні, ал қарашаның 14 оның туған күні; 23 сәуір – патша әйелі, императрица Александра Феодоровнаның шоқынған, ал 25 мамыр оның туған күні; 27 сәуір – ұлы, патша тағының мұрагері Георгий Александровичтің туған күні, 26 қараша – тақ мұрагері Георгий Александрович шоқынған күн. Сонымен бірге 25 желтоқсанда Рождество мерекесі, 1 қаңтарда Жаңа жыл тойланған [244, с. 2-27].

Орыстандыру саясаты, осылайша, саяси және православия мерекелерін кеңінен насихаттау арқылы да жүзеге асырыла бастады. Яғни, мерекелер де орыстандыру саясатының құралына айналдырылды.

Верныйда «патша күндері» мен православия мерекелері ерекше аталып өткен. Мұндай ерекше күндер XIX ғасырдың II жартысынан бастап қалалардағы халық көп жиналатын орындарда өте бастайды. Қоғамдық орындарда әскерилер, мешандар, зиялылар мен тұрғындар қатысқан көңілді жиындар жиі болып тұрған. Мерекелерге қала басшылығы ерекше тиянақты дайындалған. Саяси мерекелерге генерал-губернаторлардың өзі тікелей атсалысып, мерекенің құрметті қонақтарына арнайы өзінің атынан қонақасы беріп отырған. Мереке күндерін тұрғындар ерекше көңіл-күймен өткізген [245, с. 142].

Осы кездерде өткізілген мерекелер екі бөлімнен тұрған: 1) салтанатты; 2) мәдени-көңіл көтеру. Бірінші бөлімінде шіркеуде құлшылық ету, қоғам үшін маңызы бар жерлерге крест қою рәсімдері жасалған. Ал екінші бөлімінде мерекеге келушілерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлау үшін музыкалық бағдарлама дайындалды. Мерекелердің екінші бөлімін өткізуге, қоныс аударушылардың қажеттіліктері үшін құрылған Қайырымдылық Қорлары тікелей атсалысты. Қорлардың ұйымдастыруымен Пасха мерекесінде Верныйдағы алаңдағы сағаттың қасына спектакль көрсетуге арналған уақытша үйшік және әткеншектер құрылған. Олардың қасында спектакль көру үшін ішке кіруге, әткеншек тебуге кезекке тұрған халықтың қарасы көп болатын. Алаңға қойылған қытай бильярдының жанында жастар көп жиналатын. Сонымен бірге мерекеге халық көп жиналғандықтан, бұл жерден ыстық бөлішін сатқан орыс әйелдерін, марқаның етінен кәуап сатқан қазақтарды да кездестіруге болатын [19, с. 49]. Мерекеге келушілермен бірге арнайы шақыртылған адамдар да ән айтып, би билейтін. Театрландырылған көріністер қойылды. Бұндай шаралардан түскен ақшаның бір бөлігі қорлардың есебіне аударылып отырды.

Мерекелер тек Верныйда ғана емес, облыстың уездік қалалары мен селоларында да кеңінен аталып отырған. Жетісу жеріне қоныс аударған казактар ХІХ ғасырдың 60 жылдарынан бастап София станицасында «Девятая пятница» (пасхадан кейінгі тоғызыншы аптаның жұмасы) діни мерекесін атап өте бастаған. Олар 1863-1865 жылдарда шегірткелердің егінді отап тастауын Құдайдың өздеріне жіберген қарғысы деп қабылдап, сол жылдардан бастап Құдайға жалбарынып, осы күнді атап өте бастаған. Кейін бұл күнді атап өту дәстүрге айнала бастайды. Бастапқыда бұл күнді София станицасының тұрғындары ғана атап өтсе, кейінірек Жетісу облысының христиандарының арасына тарала бастайды. Мерекені атап өту үшін Лепсі, Пржевальск, Пішпек, Қапал уездерінің қалалары мен селоларының тұрғындары арнайы София станицасына келген.

Мерекеге 2-3 күн қалғанда станицаның әрбір тұрғыны жан-жақтан келетін қонақтарды қабылдауға дайындала бастаған. Үйлерін тазалап, нан, квас дайындап, монша жағып қояды. Станица тұрғындарының бәрінің дерлік иелігінде монша болған. Мерекеге келушілер бейсенбі күні түгел жиналып, моншаға түсіп, кешкісін храмға барып Құдайға құлшылық еткен, ал жұма күні көше бойымен жүріп отырып, құлшылық рәсімдерін жалғастырған [246, с. 5-6].

Жетісу қазақтарының санасына жат мерекелерді сіңіріп, оларды орыс мәдениетіне жақындата түсу жолында көпестер мен арнайы құрылған әртүрлі қоғамдар белсене әрекет етті. Олар діни мерекелерді насихаттай отырып, газеттерге өздерінің тауарлары мен қызметін де жарнамалады. Мысалы, көпестер Пасха мерекесі қарсаңында тауарларын арзанға сататынын, ал Жетісу ауылшаруашылық қоғамы көрме ұйымдастыратынын және мерекеге байланысты көрмеге өнімдерді қою тегін екенін жарнамалайды. Келесі бір сондай қоғамдық ұйым мереке қарсаңында лотерея ойнатылатынын, соңынан жалпыхалықтық көңіл көтеру болатынын хабарлайды [247, с. 5-6].

Көпестер Рождество мерекесі қарсаңында да заттарын арзанға сататынын жарыса жарнамалайды. Верныйда Е.В.Орленконың дүкенінде «Рождестволық

базар» ұйымдастырылып, мереке қарсаңында барлық заттар (ерлер мен әйелдердің қыстық көйлектері, горжеттер, галстуктер, полотно жағалар, ерлер мен әйелдердің парфюмериялық бұйымдары, т.б.) 5-15% төмендетілген бағамен сатылған [208, с. 8]. Жат мерекелерді жарнамалаудан Жетісу облысына танымал, облыс аймағынан дүкендер желісін ашып тастаған Н.Пугасов та қалыспайды. Ол да Рождество мерекесі қарсаңында күнделікті тұтынатын азық-түлік тауарларымен бірге парфюмерлік, арақ-шарап бұйымдарын және шырша безендіруге арналған заттарды арзан бағамен сатып отырған [214, с. 5].

XIX ғасырдың соңындағы күнтізбеге қарағанда православияның 1905 жылғы күнтізбесінде Жетісуда тойланған діни, саяси мерекелер толығырақ көрсетілген. Онда «ұлы» және «орташа» мерекелермен қоса «жергілікті мерекелер» де белгіленген. «Жергілікті мерекелерге» селолардағы діни және облыс көлеміндегі әскери бөлімшелер мен басқармалардың мерекелері кіреді.

Жергілікті діни мерекелерде Верный қаласының тұрғындары собордан шығып, көше бойымен 1887 жылы жер сілкінісінен аман қалған Колпаковский көшесінің бойындағы сағатқа барып крест қойса, Казанско-Богородское селосының тұрғындары шіркеуде құлшылық рәсімдерін жасағаннан кейін, Ұзынағаш шайқасында қаза тапқан әскерлер зиратына барып крест қоюды дәстүрге айналдырған.

Діни мерекелер барлық рәсімдерімен облыс түрмелеріндегі шіркеулерде, ауруханалар мен лазареттерде, Верный ерлер гимназиясында және балалар үйлерінде жүйелі түрде өткізіліп тұрды. Осылайша тұтқындармен, науқастармен және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен тығыз қарым-қатынас орната отырып, олардың ішіндегі өзге дін өкілдерін шоқындырып, православия дініне тартты.

Жетісу облысында «патша күндерінен» басқа да саяси мерекелердің түрі өте көп болған: Бірінші Жетісу казак полкының, Пржевальск, Лепсі, т.б. жергілікті командалардың, Әскери Басқарманың, Батыс Сібір казак бригадасы Басқармасының, Жетісу облыстық Әскери штабының және т.б. көптеген әскери бөлімшелердің мерекелері атап өтілген. Күнтізбедегі басқа мерекелерді есептемегеннің өзінде, облыс көлемінде бір жылда 30 шақты әскери мерекелер тойланған [248, с. 80-88].

XIX ғасырдың II жартысынан бастап Жетісу жерінде кеңінен аталып өте бастаған дәстүрге жат діни, әскери және саяси мерекелер халықтың санасына әсер етпей қойған жоқ. Себебі, ол мерекелер барлық сән-салтанатымен жергілікті халықтың көз алдында: қоғамдық орындарда, көшелерде аталып өтіп жатты. Сонымен бірге оны халықтың санасына сіңіруде биліктің басшылығымен барлық қоғамдық ұйымдар, әскерилер, баспасөз, саудагерлер жүйелі түрде жұмыс істеді.

XX ғасырдың басында қазақ жерінде ежелден бері тойланып келе жатқан наурыз мейрамын атап өту сирей бастайды. Әсіресе, қала маңына жақын жердің қазақтары бұл мейрамды ұмыта бастаған [140, б. 268-270]. Бұл ұлттық сананың көмескілене бастағанын білдірсе керек. Ұлттық рухтың көрсеткішіне айналған Наурыз мерекесінің ескерусіз қала бастауына алаңдаған Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газеті арқылы халқына Жаңа жылдық құттықтау жолдайды. Онда: «9

март болғандықтан, бұл күн «Наурыз», яғни «жаңа күн» деп аталады. Ертеректе қазақтар Наурызды тегіс мейрам етуші еді. Бұл заманда Наурызды мейрам етушілер қазақ арасында сиреп бара жатқан сияқты. Басқалар тастамай Наурызды мейрам етіп отырғанда, біздің қазақтың тастайтын жөні жоқ. Наурызды мейрам етпегенде, қазақ қандай күнді мейрам етер?» [158, б. 87-88] - деп, халықтың езілген еңсесін көтеріп, рухын оятуды мақсат етеді.

Бұл бір жағынан жер-суынан, малынан айырылған қазақтардың әлеуметтік жағдайының нашарлағанынан хабар берсе; екінші жағынан қазақ халқының ұлттық бірегейлігіне сызат түсіп, қоғамда жүргізіліп жатқан орыстандыру саясатының олардың санасына әсер ете бастағанының көрінісі еді.

Қазақ халқының санасын орыстандырып, сол арқылы оларға өз билігін мойындатуды мақсат еткен патша үкіметі ол ойын билер арқылы да жүзеге асырып отырды. Билерді өз жағына барынша тарту үшін оларды сайлау, халық санағы сияқты әртүрлі шараларға қатыстырып, сыйлықтар беріп марапаттап отырған. Мысалы, Дала генерал-губернаторының 1890 жылғы №65 бұйрығы бойынша Төменгі Ақсудың болысы Сарбас Қисықұлына күміс баулы сағат, Арасан болыстығының биі Мүсірет Жарасұлына күміс стакан, Кіші Алматы болыстығының биі Қасай Исмамбетұлына I дәрежелі шапан, Үлкен Алматы болыстығынан Ордабай Тіленшіұлына және Түрген болыстығының №6 ауылының старшыны Қандырбай Байшораұлына күміс баулы сағат сыйлаған [238, б. 147-251]. Іле-Балқаш болысы бойынша 1897 жылы 4 желтоқсанда Ойшы Майсаров, Смайыл Бәжібаев, Қойшығұл Досбатыровтар санақтан кейін қола медальмен марапатталады [88, б. 51]. Жергілікті билік Үлкен Алматы болыстығының биі Ыдырыс Сәдібековты 1896 жылы Николай II патшаны таққа отырғызу рәсіміне арналған салтанатты жиынға қатыстырған. Ол сонымен бірге әртүрлі мақтау қағаздарымен, II, III дәрежелі шапандармен де марапатталған [89, б. 194]. Ал 1913 жылғы Романовтар династиясының үш жүз жылдық мерейтойына Қапал уезінен Тұрысбекұлы Құдайберген болыс барған. Қапал уездік басқармасының өтініші бойынша оған көмекші болып Петербургті жақсы білетін Барлыбек Сыртанов барған (бұл кезде ол қызметінен босап қалған болатын – Б.Л.). Б.Сыртановтың кеңесімен патша тойына сый ретінде Жетісу халқының қолөнер туындылары: алтын, күміс әшекейлер, сәнді тұрмыстық бұйымдар апарылды. Сонымен бірге өнер көрсетуге әнші-сазгер Әсет Найманбаев барды [175, б. 28-30].

XX ғасырдың басында Жетісу жерінде саяси-экономикалық жағдай ушығып, қазақтар ата-бабаларының жерін қоныс аударушыларға беруге ашық қарсылық таныта бастаған болатын. Сондықтан, бір жағынан, халықтың көңілін басқа жаққа аударуды, екіншіден, оларды өзінің қол астына бұрынғыдан да тығыз топтастыра түсуді мақсат тұтқан билік, идеологиялық жұмысты күшейте түсті. Қазақтар бірте-бірте ел ішіндегі қоғамдық-идеологиялық шараларға кеңінен қатыстырыла бастады. Бастапқыда жаңа саяси мерекелерге тікелей қатыстырылмаған жергілікті халық, енді кеңінен тартыла басталды. Мысалы, 1910 жылы Ұзынағаш шайқасының 50 жылдығына қатысты жиынға отыз мыңға жуық жергілікті тұрғын: оның ішінде Пішпек, Пржевальск, тіпті шалғайдағы Жаркент уезінің қазақтары да қатысқан. Мереке үш күн қатарынан тойланған.

Мерекеге сонымен бірге барлық Түркістан және Ташкент епископы бастаған Верный уезі мен Ұзынағаш селосына жақын орналасқан шіркеу қызметкерлері, Верный гарнизонының әскері, казактар, сонымен бірге Верный қаласы мен оның төңірегінің тұрғындары қатысқан. Мерекеге жиналған барлық халық ерекше көңілді болды [249, п. 104-107] - деп көрсетеді. Өйткені мерекелер әлеуметтік тұрмыстың қажетті шарттарының бірі. Ол – адамды өзі өмір сүріп отырған қоғамның иіріміне қосатын және оларды өзара біріктіретін механизм болып табылады [250, с. 215-226].

Орыстандыру аясында миссионерлер барлық жерде белсенді қызмет етіп, олардың қызметінің аясы мектептерден бастап түрмелерге дейінгі барлық жерді, ауруханаларды да қамтыды.

Патша үкіметі Жетісу облысында ислам дініне төзімділік таныта отырып, мұсылмандарға қамқорлық жасайтындай болып көрінуге тырысты. Өлкеге жіберілген шенеуніктерден мұсылмандардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына баса назар аудару талап етілді. Императорлық билік жаңадан шоқынғандарға ерекше қамқорлық танытты. Осы кезден бастап православия дінінің өкіліне тұрмысқа шыққандардың христиандықты қабылдауы дәстүрге айнала бастады.

Үкімет жаңадан христиандықты қабылдағандарға тез арада кірпіштен үй салып беріп, олар орналасқан жерлерге шіркеу, мектеп салу жедел қолға алынды және христиандықты қабылдағандарға берілетін бір реттік жәрдемақының көлемі үнемі өсіп отырды.

Бірақ мемлекеттен жер беріліп, қаржылық көмек көрсетіліп барлық жағдай жасалып жатқанына қарамастан, қазақтар христиандықты қабылдай қоймады. Оған қазақтардың дәстүрлі рулық негіздегі шаруашылық жүргізу әдісі де ықпал етті. Бастапқыда қазақтар мен отырықшылар арасында ешқандай байланыс болмай, оның үстіне ру басшылары да миссионерлерді қазақтар арасына жақындатпады. Себебі, шоқынғандар отырықшыға айналып, нәтижесінде қазақ қоғамындағы әлеуметтік тәртіп бұзылып, шаруашылық жүргізу әдісіне нұсқан келетін еді. XIX ғасырдың 80 жылдарында Жетісу облысы бойынша шамамен 1000 адам, негізінен Қытай эмигранттары, христиандықты қабылдаған [98, с. 12-14].

Христиан дініне шіркеу, монастыр салу үшін жер бөліп, қаржы жинап ерекше қамқорлық көрсеткен отарлық билік ислам дінін ондай қамқорлықтардан шет қалдырды. Бірақ бұл ислам дінін назардан тыс қалдырды деген сөз емес еді, XIX ғасырдың 80 жылдарынан бастап мұсылмандық мекемелер үстінен бақылау қойыла бастаған болатын. Патша үкіметі отар аймақтардағы ислам дінін елемеген сыңай танытып, шеттету арқылы оның жергілікті халық арасындағы ықпалын әлсіретуді көздеді. Сонымен бірге мұсылмандарды материалдық тұрғыдан қызықтыра отырып, православие дініне көбірек тартуды жалғастыра берді. Бұл әдіс зая кетпеді де, қазақтардың бұрынғы материалдық пайданы өзінің еркіндігінен жоғары қоймаған көшпендіге тән менталитеті өзгеріске ұшырай бастады. Оған дәстүрлі шаруашылықтың дағдарысқа ұшырауы және одан туындаған тұрмыстағы қиындықтар да ықпал етті.

Нәтижесінде көп ұзамай Жетісу облысындағы орыстандыру, шоқындыру саясаты өз нәтижесін көрсете бастады, 1897 жылы облыста 75 қазақ, 32 татар, 3 ұйғыр шоқынған. Олар негізінен орыс қалаларындағы қазақ жұмыскерлері, әлеуметтік жағдайы төмен, әбден ауру мендеген жандар және бірен-саран рудан шеттетілген ғашықтар болған [77, б. 138]. Христиандықты қабылдағандар өздерінің азан шақырылып қойылған атын орысшаға өзгертуі тиіс болған. Мысалы, Верный түрмесінің тұтқыны Түрген болыстығының қазағы Алпысбай Мергенбаев христиандықты қабылдап, атын Александр деп өзгерткен [83, с. 82].

Аталған уақыт аралығында Жетісу облысында православия дініндегі қыздардың қазақ жігіттеріне тұрмысқа шығу фактілері жиі орын алған. Қазақ жігіттері олардан мұсылман дінін қабылдауларын талап еткен. Мәселен, қазақ жігітіне тұрмысқа шығу үшін Қапал станицасының тұрғыны, казак Мария Серебрякова мұсылман дініне өтуге өтініш білдірген. Ол шешесінің қазақ қызы екенін, казакқа тұрмысқа шыққаннан кейін христиандықты қабылдағанын жазады. Сонымен бірге өзінің орыстардың емес, шешесінің туыстарының, яғни қазақтардың ортасында көбірек болып, қазақша тәрбиеленгендіктен орыс тілін білмейтіндігін айтады. Ал қазақ жігіті оған мұсылман дініне өтсе ғана әйелдікке алатынын айтқан [251, п. 3].

Отбасын құруға бел буған қазақ жігіттері болашақ жарларының ұлтына емес, олардың мұсылман дінінде болуына аса мән берген. Бұдан Жетісу қазақтарының күнделікті өмірінде ұлттық бірегейліктен гөрі, діни бірегейліктің басым болғанын көреміз.

Мұсылмандыққа өтуге көбіне қазақ жігітіне тұрмысқа шыққысы келетін христиан дініндегі қыздар, жесірлер өтініш білдірген. Жергілікті өкілетті орындар олардың өтініштерін 2 сом герб салығын төлегеннен кейін қанағаттандырып отырған [252, п. 1].

Қазақтар осылайша отбасылық-туыстық негізде де өзге ұлт өкілдерімен тығыз қарым-қатынасқа түсе бастады. Уақыт өткен сайын олардың діни айырмашылықтарға да еті үйреніп, күнделікті тұрмыста ол қалыпты жағдай ретінде қабылдана бастаған.

Орыстандырудың күн өткен сайын халықтың санасынан орын алып, тұрмысқа еніп бара жатқаны елдің ертеңін ойлаған азаматтарды алаңдата бастайды. Орыс билігімен қоян-қолтық қызмет істеп жүрген Жетісу облысының парасатты болыс-билері де іштей орыс үкіметіне наразы көңіл-күйде жүрді. Олар орыстанудан сақтанудың жолы дін жолы деп түсінді. Сондықтан бүкіл дүниетанымы мұсылмандықпен сабақтасып жатқан қазақтар, ислам дінінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтаса бастады.

Діни сенім – адам баласының қиындыққа, қауіп-қатерге және әділетсіздікке тап болғанда немесе бойын қорқыныш пен үрей билеп, дәрменсіздік пен жалғыздықты сезінгенде басынан кешетін ерекше рухани көңіл-күйі [253, с. 167]. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Жетісу халқы дәл осындай көңіл-күйді басынан кешірді. Елдегі саяси-экономикалық қыспақты айтпағанда, рухани жағынан да тонауға түсе бастаған халық басындағы ауыр халіне бір Алладан ғана медет сұрады. Қазақтар патша

үкіметінің өздеріне жаны ашымайтынын түсіне бастады. Сондықтан жол азабына қарамастан қажылыққа барушылардың легі жыл сайын артып отырды. Бұл туралы Ә.Бөкейхан: «оның басты сыры – орыстандыру саясатына қарсы тұрудың бір амалы болды» [42, б. 18] - деп көрсетті.

1900 жылдан бастап патша үкіметі қажылық сапарды қандай да бір бұйрықпен, әйтпесе жаза қолдану арқылы шектеуге немесе мүлдем тоқтатып тастауға болмайтынын түсініп, қажылыққа барушыларды тіркеп, арнайы төлқұжаттар бере бастаған. Сонымен бірге қажыға барушылардың мұсылман елдеріне жасырын өтіп кетпеуін де қатаң қадағалай бастайды.

Қажылыққа баратындарға бүкіл болыстық кепілдік беретін болған. Олардың әлеуметтік жағдайы, мінез-құлқы талқыға түсіп, қажылық сапары кемінде 6 айға созылатын болғандықтан, олар үшін мемлекетке салықты кім төлейтіні де белгіленіп отырған. Қажылық төлқұжат алу үшін «Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай» қоғамына 10-15 сомнан ақша аударуы тиіс болған. Қажылыққа басында ер адамдар жалғыз-жарым барғанымен, кейінірек отбасы мүшелерін де бірге алып бара бастаған. Мысалы, Жетісу облысының Іле-Балқаш болыстығынан Сүндетбай би Смайылұлы 1906 жылы қажылыққа әйелі Үмітер Әбілғазымен барған [88, б. 77]. Айт болыстығынан Жансерке Жайнақұлы, Үлкен Алматы болыстығынан Дүйсебай Шоманақұлы және т.б. би-болыстар қажылыққа барған [89, б. 161,196]. Қапал уезінің Арасан болыстығының болысы Тұрысбек Маманов қажылыққа екі рет барған: бірінші рет 1886 жылы барса, 1902 жылы патша үкіметінің тыйым салғанына қарамай екінші рет барған. Соңғы барғанында өзімен бірге әйелдері Әбу және Қаукенді, ұлы Ембергенді ертіп барған. Қапал уезінің Қаратал болыстығынан Есенбек Танекин де 1908 жылы әйелі Дәмелімен және ұлы Есмағанбетпен бірге барған. Сонымен бірге шешесін, әйелін, ұл-қыздарын түгел қажылыққа ертіп апарғандар да көп болды. Жетісу облысынан қазақтардан басқа ұйғырлар мен қырғыздардың да қажылыққа баруы жиіледі [71, б. 155-157].

Қажылыққа Жетісудың жоғарыда аты аталған болыс-билерімен бірге басқа да көптеген тұрғындар сапар шеккен. Мысалы, Пішпек уезінен Сұлтанай Жылтыров, Қапал уезінен Есмұрат Боржықов, Солтанбай Әлібеков, Байқоржын Келдеков, Боранбай Қарағайлин, Верный уезінен Серғазы Айдаров, Шіке Түменов, Нұрабай Байтобаев, Дәулет Қойлымбаев, Боқай Түменов, Телтай және Нарымбай Тұрлықожанов, Серікбай Самтыров, Қозыбай Қарпықов, Сүлеймен Сарын, Медеу Пұсырманов және т.б. көптеген қазақтарды айтуымызға болады.

Меккеге қажылыққа барғандар тырысқақ ауруынан көп зардап шегіп, ауру жұқтырғандардың біразы Меккеде, Арафатта, Минада көз жұмған [254, п. 73, 117]. Меккеге барғандар әл-ауқатты адамдар еді. 1912 жылы Верный уезінен қажылыққа барғандардың 20-60 жылқысы, 10-30 сиыры, 150-300 қойы болған [71, б. 123].

Қажылық парызын өтеп келген билер мен болыстардың қарапайым халық арасындағы беделі артып, ел ішіндегі дау-дамайларды шешуде, өлім-жітімде халық олардың ұйғарымына тоқтады. Бірақ қажылардың бәрі бірдей халықтың мұң-мұқтажына құлақ асып, әділетті шешім шығара бермеген. Олардың ішінде күштіге әлсізді жығып беріп, әділетсіздікке бой алдырғандары да болды.

Солардың бірі Жетісу жерінде қала, мешіт және медресе салдырған, саудамен айналыса жүріп, халыққа заманға сай өмір сүру жолында үлгі бола білген кәсіпкер Тұрысбек қажы Маманов. Қоғамды жайлаған айлакерлік пен паракорлықтан ол да айналып өте алмаған. Тұрысбек қажы әкесінен жастай қалған ақын Сара Тастанбекқызын қамқор болғансып, шешесімен бірге өз ауылына көшіріп алады. Қорғансыздығын пайдаланып, оны туғаннан дене бітімі кеміс Жиенқұлға атастырады және қалың малын өзі алады. Қажының бұл әрекетіне Қапалдың билері де көз жұма қараған. Жеке бас бостандығының саудаға салынғанына ашынған ақын Сара өзінің «Арсалаң алдында» деген өлеңінде:

Елімнің биі де бар Телібайдай,
Бергеннің біреуі сол мені байлай.
Бәрі де қажы ауылының қамын істеп,
Жабысады терідегі шелі майдай.
Елімде батыр да бар Мүсәпірдей,
Жүрген жоқ жағдайымды көрмей, білмей,
Алдында Тұрысбектің құрдай болып,

Жорғалайды жақсылардың бәрі бірдей [255, б. 48-49; 256, б. 433] - деп, билер мен қажылардың бейнесін ашып көрсетеді.

Жетісудың атақты ақыны Сүйінбай Аронұлы да «Қажыларға» деген өлеңінде:

Ысқақ, Ыспан кешегі-
Мекке барған қажылар.
Меккеге жүрер кезінде
Оң сапар тілеп бата алдың.
Қожа болып келген соң,
Барымталап мал жиып,
Ұры қажы атандың.
Ағарыпты бұл күнде
Ұрлықпенен сақалың [113, б. 80]- дейді.

Ал, қырғыз ақыны Молдо Кылыч елдегі атқамінерлер мен молдалардың әрекетін:

Жакшыларды карасаң,
Адыл ойчу болбоду.
Адам акын жесе да,
Дүнүйәсү толбоду.
Молдолорду карасаң,
Ак селдесин оронду.
Аят-адис буйргу,
Акыл менен болбоду.
Напси бузук молдолор,
Ач тайгандай жойлоду.
Кайда өлүм болсо да,
Аңдыганын койбоду [115, б. 57]-деп бейнелейді.

Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Жетісу облысында дәстүрлі және дәстүрге жат екі рухани әлем бір-бірімен бетпе-бет келді. Осы кезден бастап, қазақ халқының дәстүрлі рухани әлемінің дағдарысына жол салынды. Биліктің тікелей қолдауымен діні мен салт-дәстүрі бөлек қоныс аударушы халықтардың мәдениеті кең көлемде, әрі мақсатты түрде насихатталды. Оған Жетісу облысының қоғамдық-мәдени өміріне белсене араласа отырып, көпестер, осы кезде ұйымдастырылған түрлі қоғамдық ұйымдар тікелей атсалысты. Ақырында халықтың рухани әлемі үшін болған идеологиялық күрес күші басым патша үкіметінің пайдасына шешіліп, жергілікті мұсылман тұрғындарының дәстүрлі дүниетанымы өзгеріске ұшырай бастады. XIX ғасырдың соңына таман жергілікті тұрғындар арасынан христиандықты қабылдағандар шыға бастады. Сонымен бірге жергілікті мұсылмандар қоныс аударушы өзге дін өкілдерімен некелесіп, отбасылық-туыстық қарым-қатынасқа да түсе бастады.

Отарлық саясат тереңдеген сайын дәстүрге төнген қауіптен сақтанудың жолы – дін жолы деп түйген мұсылмандардың қажылыққа сапар шегуі жиіледі. Қажы болып оралғандардың бәрі бірдей қоғамды жайлаған екіжүзділік пен паракорлықтан айналып өте алмады. Бұл Жетісу қазақ, қырғыздарының дәстүрлі рухани әлемінің дағдарысқа ұшырағанын көрсетті.

3.2 Ағартушылық. Санадағы серпіліс

Орыстандырудың келесі бір маңызды бағыты – білім саласы болды. Білім саласын орыстандыру «ағартушылық» ұранымен православия шіркеуі және орыс мектептері арқылы кеңінен жүргізілді.

Қоныс аударушылар орналасқан жерлерде Түркістан генерал-губернаторлығы құрылмастан бұрын-ақ, еш кедергісіз шіркеу үшін жер бөлініп, бір мезетте орыс мектептері де ашыла бастаған болатын. Мысалы, София, Үржар, Сергиополь, Қапал сияқты казактар қоныстанған жерлерде 1861 жылы 15 наурыздағы «Сібір казак әскері» туралы ереже негізінде «станицалық мектептер» ашыла бастады. Кіші Алматы станицасында ондай мектеп аталған ереже шықпай тұрып, 1859 жылы ашылған болатын. 1867 жылы 15 наурызда Верный бекінісінде ер және қыз балаларға арналған 2 кластық приход училищесі және осы жылдың 20 наурызында Үлкен Алматы тұрағында станицалық мектеп ашылды [239, б. 444-451].

Жетісудағы ең алғашқы орыс мектебі бұлардың бәрінен бұрынырақ, 1850 жылы Қапал қаласында ашылған. Осылайша, өлкеде орыс тілі мен діні барынша насихаттала бастайды. Облыс құрылмай тұрып Жетісу жерінде барлығы 12 училище болды, оның 10 ұлдарға, 2 қыз балаларға арналған болатын [61, с. 37].

Облыс құрылған соң орыстар мекендеген жерлерде мектеп ашу бұрынғыдан да қарқын ала бастайды. 1867 жылы Лепсіде 2 мектеп, біреуі тек ер балаларға, екіншісі ер және қыз балаларға арналған; ал Көксу, Надеждинск, Любовинск селоларының әрқайсысында бір мектептен; 1868 жылы Қапалда 1 мектеп; Сарқанда 2 мектеп: біреуі ер және қыз балаларға арналған, екіншісі

қытай эмигранттарына арналған; Арасанда 1 мектеп; 1869 жылы Сергиопольде қыздарға арналған 1 мектеп ашылған. Екі жылдың ішінде жаңадан 10 мектеп ашылған [239, б. 444-451].

Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Кауфман 1867 жылы Жетісу облысының, ал 1868 жылы Сырдария облысының Әскери губернаторларына облыстағы мұсылман балаларын православия дініндегі балалармен қосып оқытуды ұсынады. Осы әрекеті арқылы мұсылмандық оқу орындарын бірте-бірте жойып жіберуге бағыт алды. Кауфманның ойынша, болашақта орыс-түзем оқу орындарының санын көбейту, көшпенді мұсылмандарды отырықшы мұсылмандардың ықпалынан шығарып алуды қамтамасыз етуі тиіс болды. 1968-1969 жылдары Жетісу облысындағы училищелердің көпшілігінде оқу ісі христиандық бағытта жүргізіліп, оқушыларға христиандық діни тәрбие беруге басымдылық берілді [61, с. 37-38].

Орыс-түзем мектептерінде оқу-тәрбие ісі христиан дінінің аясында жүргізілгендіктен, жергілікті халық ол мектептерге балаларын беруден бас тартты. Ислам дінін ежелден салт-дәстүрінің, ұлттық тәрбиесінің өзегі санап келген қазақтар мен қырғыздар ондай мектептерге күдікпен қарады. Олар патша үкіметінің ағартушылық саласындағы саясатын өздерінің этностық және діни бірегейлігіне төнген қауіп деп қабылдады. Ұлттық салт-дәстүрді сақтап қалуға тырысқан жергілікті халық, балаларының тек мұсылманша білім алуына мүдделі болды. Француз ғалымы Ш.Е.Уйфальвидің көрсетуі бойынша 1869 жылы облыстағы 747 оқушының 340 мұсылманша білім алып жатқан жергілікті халық балалары болды. Ал қалған 407 орыс мектептерінің (278 коммуналдық мектептердің, 100 діни ғибадатханалардың, 29 миссионерлер мектебінің) оқушылары болған. Мұсылманша білім алып жатқан оқушыларды уездер бойынша бөліп көрсетер болсақ: Верный уезінде-149 оқушы, оның 6 қыз балалар; Қапал уезінде -79, барлығы ұл балалар; Сергиополь уезінде-112, оның 75 ұлдарға; 37 (27-ұл, 10-қыз) ұл-қыздарға арналған мектептерде білім алған [82, с. 129].

Қазақтар мен қырғыздардың балаларын орыс мектептеріне оқуға бермеуі, патша әкімшілігін алаңдата бастайды. Оның үстіне Жетісу облысындағы тілі мен шығу тегі әртүрлі ұлттардың бір дінді, яғни мұсылман дінін ұстанатыны да оларды қауіптендірді. Әртүрлі халықтардың діни бірегейлігі болашақта патша үкіметінің өңірдегі саясатына кедергі келтіруі мүмкін еді.

Сондықтан патша үкіметі өзіне бағынышты мұсылман халықтарының рухани-мәдени бірлігін әлсірету мақсатында олардың арасындағы араб графикасын жоюды жоспарлай бастады.

Ислам дінімен бірге жасасып келе жатқан араб графикасын қолданыстан шығарып, оның орнына болашақта кириллицаны енгізуді мақсат етті. Осы бағытта 1870 жылдан бастап мұсылмандық оқу орындарында орыс тілін оқытуды міндеттеді. Егер орыс тілі мұғалімі болмаса, мұсылмандық оқу орындарын ашуға рұқсат етілмеді. Сонымен бірге Түркиядан, Бұхарадан және басқа Шығыс елдерінен мұсылмандық білім алып келгендерге бала оқытуға тиым салды. Балаларын мұсылманша оқытқысы келетін тұрғындар оқу орнының басшыларынан құны 50 тиын тұратын рұқсат куәлігін алуы тиіс

болды. Оған мойынсұнбай балаларын куәліксіз оқыта берген мұсылмандар алғашқыда 10 сом, екінші жолы 30 сом айыппұл төлесе, үшінші жолы 5 тәуліктен 15 тәулікке дейін абақтыға қамалды және балаларының бұдан бұлай мұсылмандық білім ошақтарында білім алуына тиым салынды [77, б. 142-143].

Жетісу облысының Әскери губернаторы 1877 жылдан бастап облыстағы қазақ балаларының өзбек және татар балаларымен бір мектепте оқуына да тиым салды [84, с. 45]. Патшалық билік осылайша өзінің қоластындағы мұсылмандардың өзара рухани байланысын жоюды мақсат тұтты. Мұсылмандық білім ошақтарына қысым жасай отырып, православиялық мектептер ашуды, олардың жұмысын жетілдіруді жалғастыра берді.

1875 жылы Түркістан өлкесінің оқу орындары түпкілікті қайта құрыла бастады. Осы жылдың 17(25) мамырынан бастап Түркістан генерал-губернаторының аймағындағы оқу орындары Халық Ағарту Министрлігіне берілді. Бұл өзгеріс Жетісу облысына 1879 жылдан бастап енгізіліп, облыстағы орыс оқу орындары аталған мекеменің құзырына өтеді. 1879 жылдың 1 шілдесінен бастап Верный ерлер гимназиясы (1876 жылы ашылған) 6 кластық прогимназия, ал әйелдер гимназиясы 7 кластық (1 жыл дайындық класымен 8 жылдық) болып қайта құрылады. Кейінірек дайындық кластары жабылып қалады. 1872 жылғы 31 мамыр Уставы бойынша Верный ерлер приход мектебі мен Үлкен Алматы мектебі 2 кластық қалалық училище болып құрылады. Оқу орындарының қайта құрылуы, қалалар мен селолардағы оқу орындарын түгел қамтиды. Орыс мектептеріне қаржы жағынан биліктің ұйымдастыруымен құрылған қайырымдылық қорлары көмек көрсетіп тұрды. Оқу орындарын қайта құру барысында Жетісу облысында 1879 жылы 23 сәуірден бастап Халық училищелерінің инспекторы деген жаңа ерекше лауазым пайда болды. Облыстағы орыс оқу орындарын қайта құру және жаңа мектептер ашу бұдан кейінгі жылдары да үздіксіз жалғасып отырды [248, с. 54-56].

Облыстық Басқарманың қарауында болған жергілікті оқу орындары 1899 жылдан бастап Халық ағарту министрлігінің қарамағына өте бастайды.

1882 жылы облыста Халық ағарту министрлігінің 1872 жылғы 31 мамырдағы ережесі бойынша құрылған қазақ балаларына арналған пансион бар ерлер және әйелдер гимназиясы, 2 кластық 4 қалалық ерлер училищесі және 1874 жылғы 25 мамырдағы ереже бойынша құрылған 31 приход училищесі (оның 20 ерлерге, 6 әйелдерге, 5 ерлер және әйелдерге арналған) және жергілікті әкімшіліктің қарауындағы мұсылман балаларына арналған 4 оқушылар үйі (Верныйда ұлдарға және қыздарға арналған пансион-2; Қапалда-1; Қарақолда-1) болды.

Оқушылар үйі жергілікті мұсылман балаларына арналып ұйымдастырылды. Өйткені, жергілікті тұрғындардың балаларын орыс оқу орындарына бермеуінің бір себебі, балалардың жатып оқитын жерінің болмауы да еді. Оқушылар үйіне қажетті қаржы халық ағарту саласы үшін деп жергілікті халықтан жиналды.

Бастапқыда ағарту саласы үшін салық құны түтін басына 10-15 тиыннан келсе, 1877 жылы 25 тиынға, 1884 жылы 40 тиынға көтерілді. Бірақ жиналған қаржыдан жергілікті халықтың балаларына айтарлықтай пайда келмеген.

Мысалы, 1883 жылы қазақтар мен қырғыздардан жиналған 35.557 сом 55 тиынның көбі орыс оқу орындарының қажетіне жұмсалған. Ал қазақ-қырғыз балалары үшін ашылған жоғарыда көрсетілген пансион мен оқушылар үйлеріне сол қаржының 30,5% ғана берілген. 1867 жылдың өзінде қазақтардың құрғақшылық және жұт жағдайларына деп жиналған қоғамдық қаржысының 700 сомы Верный приход училищесінің пайдасына берілген болатын. Ақырында 1887 жылдан бастап Облыстық Басқармаға қараған оқу орындарының ішінде прогимназия жанындағы пансион ғана қалып, оқушылар үйі жабылып қалады. Есесіне, 1884 жылы 13 маусымдағы шіркеу-приход мектептері туралы ережеге сәйкес, орыс селоларында шіркеу-приход мектептері ашыла бастайды [257, п. 7-17]. Осы жылдың өзінде Жетісу облысында 5 шіркеу-приход мектебі ашылып, олар Верный және Жаркент қалаларында, Зайцевск селосында, Үржар станицасында, Топольскіде орналасты. Бұл мектептердегі оқушылардың жалпы саны-292 (225 ұл, 67 қыз) болды [98, с. 12-15].

1879 жылы облыстағы орыс оқу орындарының (бастауыш халық училищелерінің) саны 29 болған. Оның 11 (5-ұлдарға, 5-қыздарға арналған, 1-ұл-қыз аралас) қалаларда, 18 (11-ұлдарға, 3-қыздарға, 4-ұл-қыздарға арналған аралас) селолар мен станицаларда орналасты. Барлық приход училищелерінде дін сабағы, орыс тілі, арифметика, кейбіреулерінде Отан тарихы, география, сызу, сурет, сондай-ақ ән, гимнастика сабақтары жүргізілді. Әйелдер училищелерінде қосымша қолөнер сабағы өтті. Оқу орындарында оқытудың белгілі бір бағдарламасы болмады, сонымен бірге мұғалімдердің білім деңгейлері де әртүрлі болды. Олардың ішінде білімі төмен, педагогикадан хабары жоқ, уақытша жіберілгендер де болды.

Халық училищелерінде мұғалімдердің білім деңгейінің төмен болуы оқушылардың білім сапасына кері әсер етті. Оқушылар әрең оқып, әрең жазды. Жай сандарды ғана санап, қоса алды. Олардың ақыл-ой дамуы да айтарлықтай болмады. Оның үстіне балалардың сабаққа қатысуы өте нашар болды. Себебі, ата-аналары «мектеп бітіргендер тек кеңсе қызметкері болып қана шығады, ол жерден алатын білім өмірден алшақ, уақытты босқа өткізу» деп есептеді. Сондықтан балаларын үй шаруасына көп жұмсап, олардың мектепке тұрақты баруын қажет деп таппады [258, с. 146-150].

1888 жылы облыстағы орыс оқу орындары 55, оқушылардың саны 2439 болса, 1896 жылы оқу орындарының саны 94, оқушылар саны 5081 жеткен [257, п. 18].

XIX ғасырдың соңына қарай Жетісу облысында орыс оқу орындарының өзіндік жүйесі қалыптасты. Верный, Қапал, Лепсі, Жаркент қалаларында қалалық училищелер болды. Сонымен бірге Верныйда, Жаркентте, Аягөзде, Гавриловка, Беловодск, Үржар, Сазанов, Любавинск, Бурақожыр, Сукулук және т.б. жерлерде 30 жуық қалалық және селолық приход училищелері жұмыс істеп тұрды. Аталған жерлердегі оқу орындарында 26 ер мұғалім, 8 әйел мұғалім, 18 христиан дінінің қызметкері қызмет етті. 1896 жылы 6 қалалық училищеде оқитын оқушылар саны 700 болды. Осы жылы Верный ерлер гимназиясында білім алып жатқан 226 баланың 17 мұсылман балалары болды. Верныйда

әйелдер гимназиясы да болды. Сонымен бірге Верный мен Қапалда ауылшаруашылық мектептері ашылды. XIX ғасырдың 90 жылдары Жетісу облысында шіркеу-приход мектептері, сауат ашу, орыс-қазақ және т.б. көптеген мектеп түрлері болды. Мұсылман мектептерінің де саны көп болды.

1895 жылы облыста шіркеу-приход мектептері Верныйда-24; Қапалда-8; Лепсіде-19; Жаркентте-7, барлығы 58 болған. 1913 жылы олардың саны -72, оқушылардың саны-4240 болған [102, с. 8-9]. 1915 жылы оқушылар саны 4608 жетіп, оның 2379 ұл, 2229 қыз балалар болған [134, п. 8].

Жетісу облысындағы оқу-ағарту саласы ислам дінінің ықпалында мұсылмандық бағытта қалыптасып дамыған болатын. XIX ғасырдың 40 жылдарының өзінде Лепсі уезінде мұсылмандық білім беру жүйесі халыққа нақты қызмет көрсетіп жатты. Нәтижесінде XX ғасырдың басында Лепсі уезінде әрбір мың ер адамның 63 мұсылманша сауатты болса, Қапал уезіндегі мұсылманша сауаттылардың саны 6265 адам болған [103, б. 18].

Патша үкіметі орнағаннан кейін жергілікті тұрғындардың ислам дініне негізделген білімі мен дүниетанымы орыстандыру саясаты жолындағы үлкен кедергіге айналды. Билік мұсылмандықтың отаршылдық жүйеге қарсы мықты рухани күш екенін түсінді. Сондықтан жергілікті халықтың оқу орындары – мектептер мен медреселерді мақсатты түрде елеусіз қалдырып отырды. Оларды кез-келген қамқорлықтан тыс қалдырып, қаржы бөлуді қажет деп таппады. Үкіметтің қолдауынсыз қалған мұсылмандық білім ошақтары ақырында күйреуге ұшырап, жергілікті халық арасындағы өзінің маңызын жоғалтады деп есептеді.

Кауфман ұсынған орыс-түзем мектептерінің жобасы жергілікті мұсылман дініндегі халықтар арасынан қолдау таппады. Қазақтар мен қырғыздар балаларын ондай мектептерге бермеді. Сондықтан орыс-түзем мектептерінің жобасы Н.О.Розенбах тұсында (1884-1889) қайта қаралып, өзгертулермен жүзеге аса бастайды. Жаңа жоба бойынша Түркістан генерал-губернаторлығының барлық облыстарында ерекше орыс-түзем бастауыш мектептері ашылды. Бұдан былай оқушыларды екі мұғалім оқытатын болды: бірі орыс, екіншісі жергілікті халық өкілінен. Бұл мектептердің міндеті – жергілікті тұрғындардың орысша сауатын ашып, жазуға және арифметиканың алғашқы төрт ережесіне үйрету болды. Мұндай орыс-түзем мектебі Түркістан өлкесінде алғаш рет 1884 жылы Ташкентте ашылды.

Сонымен бірге бұрын еленбей келген жергілікті мұсылмандық мекемелер мен оқу орындары бақылауға алынып, бұдан былай оларды ерекше инспекторлар бақылауда ұстап отыратын болды [61, с. 49].

Патша үкіметінің бұған дейінгі мұсылмандық мекемелер мен оқу орындарын елемей саясаты олардың белгілі бір дәрежеде бірігуіне және облыста мұсылмандық оқу ісінің дамуына мүмкіндік берген болатын. Қазақтар балаларын оқыту үшін татарлар мен сарттардың қызметін пайдаланды. Олар ауыл-ауылды аралап, қазақ балаларының мұсылманша сауатын ашуға үлес қосты.

Қазақ болыстықтарында тұрақты жұмыс істейтін мұсылмандық мектептер болмағандықтан, олардың пайда болуы ауылдарға келген молдаларға

байланысты болды. Молдалар ұзақ уақытқа келген болса, мектептер де тұрақты сипатқа ие болды. Бай қазақтар балаларын оқыту үшін молдаларды арнайы шақыртып алып және көшкенде өздерімен бірге алып жүрген [79, б. 72].

1888 жылы облыстағы осындай «көшпелі молдалардан» білім алып жатқан мұсылман оқушыларының саны 8856 болған, оның 6792 ер, 2064 қыз балалар. Осы жылғы болыстықтардағы молдалардан білім алып жатқан қазақ оқушыларының саны 4247 болған, оның 3774 ер балалар, 573 қыз балалар [143, п. 43, 51].

1882 жылы толық емес мәліметтер бойынша Жетісу облысында 4608 жергілікті қазақ-қырғыз балаларын 281 көшпелі молда оқытқан, 1886 жылы бұл көрсеткіш бұдан әлдеқайда көп, яғни 7909 балаға (6157 ұл, 1752 қыз) 361 молда мұсылманша тәлім берген [77, б. 141-143].

Келесі бір деректерде 1884 жылы Верный, Қапал, Сергиополь уездерінде 47,5 мың ұл бала және 17,3 мың қыз бала мұсылманша білім алып жатқаны туралы айтылады. Бірақ, мұсылмандық оқу орындары мен оларда білім алып жатқан шәкірттер туралы мәліметтердің әртүрлі, нақты бола бермейтінін де ескертеді. Оның себебі: ресми орындарға ақпарат бергенде болыс басқармаларының бір тобы молдалардың ықпалымен мұсылмандық оқу орындары туралы нақты ақпаратты жасырып қалып отырса, ағартушылық бағытын жақтаушы екенін көрсетіп, көзге түскісі келген келесі бір тобы олардың санын асырып көрсетіп отырған [102, с. 10-11] дейді.

Биліктің қатаң бақылауына қарамастан, қазақтар арасында бұрыннан бар балаларын арабша оқыту дәстүрі жасырын түрде жүргізіле берді. Ислам діні таралғаннан бері қазақ балаларының сауатын ашуға зор үлес қосқан молдаларға деген сұраныс бәсеңдемеді.

Қазақтар арасындағы бастауыш мектептер (мұсылмандық білім берудің төменгі сатысы) кейбір жерлерде полицияның көзіне түспес үшін жасырын түрде, мұнарасыз салынған мешіттерде жұмыс жасаған. Жергілікті тұрғындар оларды ресми орындардан жасырып баққан. Қазақтар жоғарғы мұсылмандық білімді татар және ортаазиялық (түркістандық) медреселерден алды. Ол кездегі мұсылмандық ағартушылықтың орталығы Бұхара қаласы болатын [84, с. 23, 46]. Мысалы, 1910 жылы Қапал уезінің Жоғарғы Қаратал болыстығына Бұхарадан діни білім алған жалайыр руының сиыршы тармағынан шыққан Хамза және Ахметқұл деген молдалар келіп, олар да балаларды мұсылманша оқыта бастайды [51, с. 11].

Тұрақты мұсылмандық мектептер (медреселер) қалалардағы мешіттерде, тараншы және дүнген селоларында орналасты. 1898 жылы Жетісу облысындағы молдалар саны-268, оқушылар саны-4397, мұсылмандық оқу орындарының саны-164 болған. Оның ішінде Верный уезінде -72, Жаркент уезінде -39, Қапал уезінде-9, Лепсі уезінде-3 мектеп болған [77, б. 145].

Біз қарастырып отырған кезеңде қазақтардың орыстандыруға қарсы ішкі қарсылығы олардың мұсылман дінінің төңірегіне тығыз топтаса бастағанынан көрінді. Сонымен бірге балаларын да барынша мұсылманша оқытуға тырысып отырды. Оның бір дәлелі ретінде қазақ жерінде көптеген мешіт-медреселер

ашылып, балаларды ислам дінінің бағытында оқытып, тәрбиелей бастаған айтуымызға болады.

XIX ғасырда Семей, Торғай, Павлодар, Ақмола және Орал облыстарымен бірге Жетісу облысында да көптеген мешіттер бой көтерген. Мұсылмандық білім ошақтары да негізінен мешіттердің жанынан ашылған. 1897 жылы облыстағы мұсылмандық оқу орындарының саны 88 болды. Бұл сонымен бірге мешіттер санының артқанынан да хабар береді [85, с. 19-20].

1910 жылы облыстағы мектеп пен медреселердің саны - 248, молдалардың саны - 214, оқушылар саны - 6287: оның 5417 ұл бала және 870 қыз балалар болған [79, б. 72]. Бірақ мұсылмандық оқу орындарындағы берілетін білім сапасы сын көтермейтін еді. Балалар молданың оқытқанын жаттап алғанымен, оның мағынасын түсінбеді. Молда балалардың ішіндегі ең жасы үлкенін алдына шақырып алып, өзі «әліп, би, ти» дейді. Әлгі бала оны үш рет қайталайды, келесі баланы шақырады, осылайша жалғаса береді. Осы тәртіппен молда балалардың тең жартысына келгенде қалған балалар мағынасын түсінбесе де «әліп, би, ти» деген үш ауыз сөзді жаттап алады. Әр әріптің өзінің аталуы, дыбысталуы, таңбалануы түрліше болды. Араб әліппесінің 29 дыбысы 232-261 әріп болып шығады. Әріптердің қай кезде жіңішкеріп, қай кезде жуандап кететінін балалар түсінбей қалады, молданың өзі де ұғындырып бере алмайды. Осындай әдіспен оқыған балалар кейде жыл бойы оқи да, хат танымай да қала берген [71, б. 79].

Қазақтар балаларын орыс оқу орындарына бермегендіктен, билік әр болыстықты бір баладан оқуға жіберуге міндеттейді. Алғашқыда болыстар өз балаларын емес, панасыз, ата-анасыз, ағайындары сырт берген ауру-сырқау балаларды жіберген. Жоғарыда аталған оқушылар үйлері осындай панасыз немесе қалада жатып оқитын жері жоқ жергілікті халықтың балаларына арналып ашылған болатын.

1874 жылы қазан айында Қапал уезінің Арасан болыстығының қазағы Бокин Сырттан уездік басқармаға 9 және 11 жастағы екі ұлын: Барлыбек пен Тұрлыбекті алып келеді. Басқармадан ұлдарын оқуға қабылдауын сұрап, бірақ тамағына да, оқуына да ақы төлей алмайтынын, балалардың шешелерімен (өзінің бәйбішесімен) бірге киіз үйде тұрып оқитынын айтады [90, б. 162].

Барлыбек Сыртановтың әкесі батыл, әрі әділ адам болған. Ол кедейліктен, әділетсіздіктен, байлардың түрткісінен құтылу үшін балаларын орыс оқуына берген. Ол туралы Ж.Жабаев «Сырттанға» деген өлеңінде:

Сендей қазақ аз шығар,

Үміт қылған баладан.

Екі балаң жетілсе,

Құтыларсың табадан [110, б. 36] дейді.

Қапалдағы қазақ балаларына арналып ашылған пансион өз жұмысын 1874 жылдың 8 қарашасынан бастаған. Аз уақыт ішінде, яғни 1875 жылдың 1 қаңтарында бұл жердегі балалардың саны 16 жеткен. Пансионда 1875-1876 жылдары қазақ және орыс тілдеріне жетік Тоғжанов Жанғозы мен оның әйелі сабақ берген [90, б. 163].

XIX ғасырдың соңына таман орыс империясының ықпалының күшті екенін сезінген қазақтар заман ағымынан қалмауға тырысып, орыс білімі мен мәдениетін меңгеруге ден қоя бастады. Өйткені, мұсылман мектептеріндегі ескі оқыту жүйесі жаңа заманның талабына сай келмеді. Қазақ халқының санасын оятып, оларды заман ағымынан қалмауға жұмылдыруда сол кезде шығып тұрған «Дала уалаятының газеті», «Қазақ» газеті және «Айқап» журналдары сияқты қазақ басылымдарының маңызы зор болды. Мысалы, «Дала уалаятының газетінде» қазақтарға білімнің қажеттігі туралы айтылып, қазақтың қазіргі күйі: олардың бұрынғы руаралық тартыс пен барымтаны ұмытпай отырғандығын, ауыра қалса орыс болғандықтан докторға емес бақсыға жүгіретін әдетін, арыз жазып берем, адвокатпын деген шала сауаттыларға алданып жүрген хәлін, тұрмысының төмендігін, т.б.өздерінің білімсіздігінен дейді. Қазақтарға «балаларыңды школға, гимназияға беріңдер. Сонда өз балаларыңның оязнай, судья, доктор һәм следователь болғанын көресіңдер» [238, б. 457-458]-дейді.

«Қазақ» газетінде қазақ қоғамындағы кемшіліктердің тек заманға сай білімді меңгерсе ғана түзелетінін айтып: «Біз болыс-билеріміздің әділетсіздігін, дәрігеріміз бен бақсыларымыздың доктордай ауруды емдей алмайтынын, халқымыздың надан екенін айтамыз. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек. Керек болғанда қазақша оқығанның үстіне керек. Қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе, орысша да оқи білу керек. Ескі жолдың оқуын сөз етпей-ақ қояйық. Бүгін бар, ертең жоқ болатын нәрсе. Дүние тегеріші кері айналмайды» [185, б. 139-140] деп, орыс білімін меңгеруге үндейді.

Сонымен қатар Ресейде және орыстардың бастамасымен қазақ жерінде жетім балаларға арналған Қамқорлық Қоғамының құрылуы, оған олардың ауқатты адамдарының жәрдем беріп тұратыны қазақ зиялыларына ой салады. Зиялылар «Ресейде он мыңдаған балалар осындай қамқорлық көріп отыр. Олар ауқаттылар жиып берген ақшаға тұрғызылған үйлерде тұрады. Солардың себебімен білім алып, оқу-оқып әртүрлі өнерге үйренеді. Адал кәсіппен күн көреді» дей келе, солардан үлгі алуға шақырады. Қазақ байларын өзара бірігіп, ортадан ақша шығарып, өз ауылдарындағы ата-анасыз, қамқорсыз қалған балаларды оқытуға, белгілі бір кәсіпке үйретуге үндейді. Ол үшін киіз үй тігіп, қазақ ауылындағы молдалар мен ұсталарды жұмылдыруға шақырады [238, б. 423-426].

Бірте-бірте орыс әкімшілігімен жақын араласып қызмет етіп жүрген болыс-билердің көпшілігі балаларын орыс мектептеріне оқыта бастады. Бастапқыда балаларын орыс мектептеріне беруден бас тартқан олар молдалардың оқыту әдісінің заман сұранысына сай еместігін түсіне бастады. Мәселен, Үлкен Алматы болыстығының болысы Жайнақ Қараталов ұлы Ибрагим Жайнақұлын, ал Дүйсебай қажы Шоманақұлы ұлы Төлембай Дүйсебайұлын Верныйдағы ерлер гимназиясына оқуға берген. Сонымен бірге кедейлердің, қалалардағы қазақ жұмысшыларының балалары да орыс оқу орындарында оқи бастады [89, б. 165]. Верныйдағы ерлер гимназиясында, сондай-ақ қазақтың болашақ қоғам қайраткерлері, облыстың алғашқы қазақ зиялылары Мұхаметжан Тынышбаев, Тоқаш Бокин, жоғарыда аты аталған

Барлыбек Сыртанов [102, с. 14] және Садық Аманжолов, Ораз Жандосов, Жұбаныш Бәрібаев сияқты т.б. жетісулық қазақ балалары оқып, білім алған [90, б. 168].

Қырғыздың Сооронбай, Сагаалы Алматаевтар және т.б. атақты бай-болыстары мен манаптары да орыстармен тығыз араласа жүріп, ел мүддесі үшін қызмет атқарады. Орыс оқуының қажеттілігін түсінген олар, өз елдерінде орыс-түзем мектептерінің ашылуына атсалысады. Нәтижесінде Пржевальск уезінің Түп болыстығында 1900-1901 жылдары орыс-түзем мектебі ашылады. Алғашқы 6-7 қырғыз балаларының қатарында Сооронбай Алматаев өзінің Қабыл, Мұса деген ұлдарын және Кочкордан әкеліп асырап алған баласы, болашақ қырғыз ағартушысы Ишеналы Арабаевты да осы мектепке оқуға береді [259].

1899 жылы Верныйдағы классикалық ерлер гимназиясында оқып жатқан 260 оқушының 149 дворяндар мен шенеуніктердің, 21 дін қызметкерлерінің, 3 бірінші сатылы көпестердің, 48 мешандар мен қолөнершілердің, екінші сатылы көпестердің, 1 шаруаның, 17 жергілікті қазақ және қырғыз халқының балалары болған. Жергілікті халық балалары гимназия жанынан ашылған пансионда жатып оқыды. Пансиондағы 40 орынның 20 сырттан келген балаларға, 20 офицерлер мен шенеуніктердің балаларына арналды. 1897 жылы гимназияны бұл пансионда жатып оқыған 3 сұлтанның баласы, 4 атақты, сыйлы адамдардың және 9 жай малшының балалары бітіріп шыққан [79, б. 67-70].

1908 жылы Верный ерлер гимназиясында білім алып жатқан оқушылар саны 337 болса, 1909 жылы 28 оқушы қосылып, олардың саны 365 болды. Оның 23 қырғыздардың (қазақтардың-Б.Л.), 199 шенеуніктер мен офицерлердің, 37 казактардың, 34 мешандардың, 29 дін қызметкерлерінің, 27 шаруалардың, 10 көпестердің, 6 шетелдіктердің балалары еді. 273 оқушының ата-анасы Верный қаласында тұрған, ал қалған 92 оқушы уездерден келіп оқып жатты. Осы жылы гимназияны 36 оқушы бітірген [154, с. 87]. Қарап отырсақ, жылдан жылға гимназия оқушыларының ішінде қазақ балаларының да үлесі арта түскені байқалады. Бұл бір жағынан, қазақтардың заманға сай білім алуға деген құштарлығын көрсетсе, екінші жағынан, орыстандыру саясатының жергілікті халықтарға әсерінің күшейіп келе жатқанын аңғартады.

Бірақ Түркістан өлкесінің генерал-губернаторына қазақ балаларының гимназиялық білім алып жатқаны ұнамады. Ол жергілікті халық балаларының гимназияда оқуы империяға саяси жағынан зиянды деп есептеді. Өйткені гимназиялық білім олардың сана-сезімінің оянуына әсер етіп, тәуелсіздікке ұмтылуы мүмкін еді. Сондықтан қалалық және уездік училищелер жанынан жергілікті халық балаларына арналған қолөнер кластары ашылған болатын. Оларды сол жерлерде ғана оқытып, патша үкіметіне берілген тілмаштар, өнеркәсіп және ауылшаруашылық мамандарын дайындауды мақсат тұтты. Оларға тек реалдық білім (грек және латын тілдерінсіз оқыту – Б.Л.) беру ғана жоспарлаған болатын [50, с. 40-41].

1864 жылы 19 қарашадағы гимназиялар мен прогимназиялар туралы Устав бойынша оқу орындарының үш типі бекітілген болатын: біріншісінде грек және латын тілдерін (екі шет тілін); екіншісінде латын тілін (бір шет тілін) оқыту; үшіншісінде – шет тілінсіз оқыту. Шет тілдерін оқытатын білім ошақтары

классикалық, ал шет тілінсіз оқытатын оқу орындары реалдық деп аталды [49, с. 42]. Билік жергілікті халық балаларына шет тілін оқытуды қажет деп таппады.

Жетісу облысында орыс мектептерінің саны жыл санап артып отырған. Оның үстіне жергілікті халықтардың балаларын орыс оқуына бере бастауы облыстағы орыс-түзем мектептерінің артуына түрткі болды. 1899 жылы жаңадан 4 орыс-түзем мектебі салынып және осындай 18 мектеп салу жоспарланды. Сонымен бірге бұл мектептерге дайындығы жақсы, жергілікті халықтың тілін білетін мұғалімдерді жіберіп отырды [260, п. 15].

1901 жылдың 1 қаңтарындағы Жетісу облысы бойынша орыс оқу орындары мен олардағы оқушылар саны туралы мәліметтерге назар аударсақ, орыс-түзем мектептерінің саны-12, оқушылар саны 280 болған. Оның 266 жергілікті халықтың балалары болды [26, с. 6].

1908 жылы облыстағы орыс-түзем мектептері: Верный уезінде-4, Қапал уезінде-1, Лепсі уезінде-1, Жаркент уезінде-1, Пржевальск уезінде-3 интернат және 1 училище, Пішпек уезінде 4 интернат және 1 училище болды. Бұл мектептерде оқып жатқан барлық балалар саны - 365. Оның 362 ұл және 3 қыз балалар болған [154, с. 92].

1910 жылы мұндай мектептердің саны 22 жетті. Олардағы оқушылардың 831 ұл, 11 қыз болды. Орыс-түзем мектептерінің жанынан интернаттардың ашылуы бұл мектептерге қазақ балаларының көптеп келуіне мүмкіндік берді. Осы жылғы Верный ерлер гимназиясындағы оқушылар саны-347, қыздар гимназиясында-445 болды. Жетісу облысының Әскери губернаторының бұйрығы бойынша 1909-1910 жылдардан бастап облыстың барлық мектептеріндегі ұл балаларға әскери жаттығулар үйретіле бастады [249, п. 104-107].

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Жетісу облысының ағарту-саласында ерлер және әйелдер гимназиясы, қалалық, приходтық училищелер, шіркеу-приход мектептері, орыс-түзем мектептері, мұсылмандық мектептер, ауыл шаруашылық мектептері және 1913 жылы ашылған Верный мұғалімдер семинариясы сияқты бірнеше білім ошақтары қызмет жасап жатты.

Бірақ мұсылмандық білім ошақтарын айтпағанда орыс оқу орындарындағы білім сапасы да сын көтермейтін еді. Балалар оқуға қабылданғанымен олардың бәрі бірдей оқу курсына толық аяқтамаған. Мысалы 1900 жылғы облыстағы орыс оқу орындары бойынша мәліметтерге назар аударсақ: Ерлер гимназиясы-1, оқушылар саны-275, оның 18 жергілікті халық балалары, оқу курсына аяқтағандар саны – 18; әйелдер гимназиясының саны-1, оқушылар саны-253 (бәрі орыстар), оқуды 17 ғана аяқтаған; 1872 жылғы Ереже бойынша басқарылатын училищелер-6. Барлық оқушылар саны-634, оның 70 жергілікті халық балалары, оқуды 27 ғана аяқтаған; бастауыш училищелер саны-41, барлық оқушылар саны-2489, оның 2461 орыстар (117-ұл, 744-қыз), 28 (19 ұл, 9 қыз) жергілікті халық балалары, оқуды аяқтағандар саны-214; Орыс-түзем училищелері-12, оқушылар саны-280 (14-орыстар; 266-жергілікті халық балалары), курсты аяқтағандар саны-4, барлық оқушылар саны-3931 болған, бірақ оның 280 ғана оқу курсына аяқтаған [26, с. 6]. Бұған оқу үдерісін

ұйымдастыру, білім беру сапасының нашарлығы мен қоса мұғалімдердің біліктілік деңгейінің төмендігі басты себеп болған.

Жәй мектептерді айтпағанда Жетісу облысындағы классикалық білім беретін ең беделді оқу орны – Верныйдағы ерлер гимназиясындағы білім көрсеткіші де өте төмен болған. Онда негізінен облыстың беделді адамдарының, шенеуніктер мен орыстардың балалары оқыды. Бірақ Сенатор Граф К.К.Паленнің тексеруінен кейін гимназияның оқу үдерісіндегі көптеген кемшіліктер әшкереленеді. Мысалы, гимназияда оқытылатын пәндердің жалпы саны 349 болған. Соның ішінде 47 пән тек қана зоология мен минералогиядан оқытылған. Комиссия ерлер гимназиясындағы білім деңгейін өте төмен деп бағалайды. Оқушылар емтихан кезінде оқып жатқан пәндері бойынша сұрақтарға жауап бере алмаған. Ресей тарихы мен Жалпы тарих пәндерінен мұғалімдері көмектеспесе, мүлдем үнсіз қалған. Неміс тілінде не оқи алмаған, не аударма жасай алмаған. Пален осындай білім деңгейіне қарамай бірнеше адамның гимназияны алтын медалмен бітіргенін айтады [37, с. 42-43].

Билік Жетісу облысында орыс мектептерінің көптеп ашылуына барынша мүдделі болғанымен, өңірдегі орыс балаларын түгел мектеппен қамтамасыз ете алмады. Мысалы, 1906 жылы 6211 ұл, 2495 қыз, барлығы 8706 орыс балалары бастауыш мектептерде білім алып жатса, мектепке бара алмаған орыс балаларының саны 10 861 (4712 ұл, 6149 қыз) болды. Оған XX ғасырдың басында Жетісу өлкесіне қоныс аударушылардың санының жоспардан тыс артып кетуі себеп болды. Жыл өткен сайын олардың балаларын мектепке орналастыру ісі қиындық туғызды. 1909 жылы облыста орыс балаларына арналған бастауыш мектептер саны 87 (оның 8 қалалық училище, қалғандары приход училищелері) жетті. Бұл да орыс балаларына бастауыш білім беру мәселесін толықтай шешу үшін аздық етті [103, б. 16].

1914 жылдың 1 қаңтарындағы Жетісу облысындағы оқу орындары мен олардағы оқушылар туралы мәлімет:

Верный қаласы бойынша: Ерлер гимназиясы - 2; оқушы саны - 461;

Әйелдер гимназиясы - 1; оқушы саны - 575; Прогимназия -1; оқушы саны - 86; Мұғалімдер семинариясы -1; оқушылар саны - 20. Барлығы: 5 оқу орны; 1142 оқушы болған.

Халық Ағарту Министрлігінің оқу орындары: Жоғарғы бастауыш училищелер - 9 (1-жоғарғы бастауыш; 2 төрт кластық; 6 үш кластық); оқушы саны-1135 (1075 ұл, 60 қыз); 2 кластық приход училищелері - 62 (44-екі кластық ерлер; 18-екі кластық әйелдер); оқушы саны-5435 (3545 ұл, 1890 қыз); 1 кластық приход училищелері - 55 (51-бір кластық ерлер; 4-біркластық әйелдер); оқушы саны-2468 (2049 ұл, 419 қыз); Орыс-түзем училищелері-29 (26 ерлер, оның 4 біркластық; 3 әйелдер, оның 1 екікластық); оқушы саны-1196 (1090 ұл, 106 қыз). Барлығы: 155 оқу орны; 10234 оқушы.

Шіркеу-приход мектептері: 2 кластық -3; оқушы саны-414; 1 кластық -69; оқушы саны-3829. Барлығы: 72 оқу орны; 4243 оқушы (2189 ұл, 2054 қыз).

Жергілікті халықтың оқу орындары: Медресе-2; оқушы саны-340; Жаңа әдіспен оқытатын мектеп-25; оқушы саны-1462; Ескі әдіспен оқытатын мектеп-84; оқушы саны-2813. Барлығы: 111 оқу орны, оқушы саны-4615 (3955 ұл, 660

қыз).

Ведомостволық мектептер: Ауыл шаруашылық мектебі-4; бау-бақша мектебі-1; орман шаруашылығының мектебі-1. Бұл оқу орындарындағы оқушылар саны туралы мәліметтер жоқ. Балалар үйі-1; олардағы оқушылар саны-115. 1914 жылдың басында Жетісу облысы бойынша барлығы 350 оқу орны, 20349 оқушы болған [261, п.1].

Кесте 4. 1867-1914 жылдар аралығындағы орыс оқу орындарының өсу динамикасы

	1867-1869	1879	1882	1888	1896	1914
Оқу орындар саны	10	29	41	55	94	239 (оның 210 - таза орыс, 29 - орыс түзем мектебі)
Оқушылар саны	-	-	-	2439	5081	14083 (оның 1196 орыс-түзем мектептерінің оқушылары)

Кесте 5. 1888-1914 жылдар аралығындағы мұсылман мектептері мен олардағы оқушылар саны

	1888	1897	1898	1910	1914
Мектеп саны	-	88	164	248	111 (2 медресе, 25 жаңа әдісті; 84 ескі әдісті мектеп)
Оқушылар саны	8856 (4247 қазақ балалары)	-	4397	6287	4615 (3955- ұл, 660-қыз); оның 1462 жаңа әдіспен оқыды

Облыстағы 350 оқу орнының ішінде 239 орыс оқу орындары болса, оның 210 ғана таза орыс оқу орны болды, таза мұсылмандар оқитын оқу орындарының саны – 111, ал орыстар мен мұсылман дінді балалар аралас оқитын орыс-түзем мектептерінің саны 29 болды. Яғни, мұсылмандардың балалары облыстың 140 (29 орыс-түзем және 111 таза мұсылмандық мектептерде) оқу орнында білім алды. Осы мектептерде білім алып жатқан мұсылман оқушыларының саны – 5811 болған. Облыстағы 1914 жылдың басындағы оқу орындарын кесте түрінде көрсететін болсақ:

Кесте 6. Мұсылмандар оқитын оқу орындары

Орналасқан жері	Орыс-түзем мектептері (1913ж.)	Мұсылмандық оқу орындары (1912ж.)	Барлығы
Верный уезі (Верный қ.)	3 (4)	30	37
Жаркент уезі	5	32	37
Қапал уезі	2	9	11
Лепсі уезі	2	10	12

Пішпек уезі	7	22	29
Пржевальск уезі	6	8	14
Барлығы	29	111	140

Кесте 7. Орыс оқу орындары (1913 ж.)

Орналасқан жері	Арнаулы	Шіркеу-приход	Приход	Жоғары бастауыш	Орта	Балалар үйі	Барлығы
Верный уезі (Верный қ.)	- (3)	15 (5)	24 (18)	2 (2)	- (2)	- (1)	41 (31)
Жаркент уезі	1	5	5	1	-	-	12
Қапал уезі	1	4	19	1	-	-	25
Лепсі уезі	-	14	19	1	-	-	34
Пішпек уезі	1	14	21	1	1	-	38
Пржевальск уезі	1	15	11	1	1	-	29
Барлығы	7	72	117	9	4	1	210

Облыстағы орыс-түзем мектептерінің саны 1916 жылы 54 ке жеткен [61, с. 57].

Патша үкіметінің ағартушылық саясаты қазақтардың санасын орыстандыру арқылы оларды Ресей империясының құрамына сіңіріп жіберуді көздеді. Ақырында орыстандыруды мақсат тұтқан патша үкіметінің ағартушылық саясаты көп күттірмей өзінің жемісін бере бастады. Орыс білімін алғандардың арасында өз ұлтының тұрмысы мен дәстүріне кемсітушілікпен қарап, руластарының арасында өзінің орысша оқығанын, қала өмірімен таныс екенін дәреже көретін жеңіл ойлы «жаңа» қазақтар шоғыры қалыптасты. Олар өздерінің білімі мен жоғарғы әлеуметтік жағдайын өз ұлтына қарсы жұмсады. Өздерін саналы түрде орыс шенеунігіміз деп есептеді [84, с. 83].

Бірақ орыс оқу орындарында оқығандардың бәрі бірдей өз халқына опасыз болған жоқ. Жоғарыда аттары аталған Жетісу облысының Барлыбек Сыртанов, Мұхаметжан Тынышбаев, Тоқаш Бокин, Ораз Жандосов, Садық Аманжолов, Жұбаныш Бәрібаев, Ибрагим Жайнақұлы, Төлембай Дүйсебайұлы сияқты көптеген азаматтары гимназиялық білім алып, оны өз халқының игілігі үшін жұмсады.

Қорыта айтқанда, патша үкіметінің XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Жетісу облысында жүргізген ағартушылық саясаты негізінен орыс халқының мүддесін көздеді. Негізгі мәдениет ошақтары қалалар мен селоларда ғана ашылып, орыс ұлты өкілдерінің мәдени-рухани деңгейін көтеруге қызмет етті. Ағартушылық ұранымен жергілікті халықтың санасын орыстандыруы мақсат еткен билік үшін орыс оқуы ғана сауаттылық өлшемі болып табылды. Жергілікті халықты діні мен дәстүрінен ажыратып, олардың санғасырлық мәдениеті аяқ асты етілілді. Бұл – патша үкіметінің ағартушылық саясатының отаршылдық мәнін көрсетті.

Патша үкіметінің ағартушылық саясаты жергілікті халықтың мәдени-рухани деңгейін көтеруді мақсат тұтпағандықтан, оның жергілікті тұрғындардың санасындағы көрінісі де біркелкі болған жоқ. Орыс білімін алған жергілікті тұрғындар арасында отарлық билікке жан-тәнімен қызмет етіп, өз ұлтының салт-дәстүрі мен тұрмысына шекесінен қарайтын, ұлтқа тән болмысынан айырылған шенеуніктермен қатар болашақта қазақ халқына адал қызмет еткен, ұлттық болмысын сақтай білген, білімін туған халқының азаттығы жолына арнаған қоғам қайраткерлері де өсіп шықты. Гимназиялық білім алған олар орыс мәдениеті мен білімін меңгеру арқылы өздері өмір сүріп отырған қоғамның шынайы бейнесін танып, патша үкіметінің қазақ жерінде отаршылдық саясат жүргізіп отырғанын ашық айтып, қазақ халқының санасын оятуға күш салды.

3.3 Жәдитшілдік-заман талабы

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының құрамындағы түркі тектес мұсылман халықтарының арасында жәдитшілдік кең өріс алды. Ол қоғамдық-саяси және мәдени-ағартушылық қозғалыс ретінде қалыптасты. Оның өзіндік себебі де бар, XIX ғасырдың соңына қарай патша үкіметінің отаршылдық саясаты бұрынғыдан да күшті қарқын алып, империя құрамындағы отар елдердің тоқырауға ұшырауы күшейе түскен болатын.

Жәдиттік қозғалыстың негізгі идеясы қоғамды рухани жағынан жаңғырту болды. Түркі халықтарының ерікті және өркениетті болуы үшін мұсылмандық оқу орындарындағы оқу-тәрбие жүйесін заман талабына сай қайта құруға шақырды. Ол үшін араб алфавитін түркі халықтарының тіліне лайықтап, дыбыстық естілу ерекшеліктеріне сәйкес бір ізге түсірілген жазу ісіне (ескі «қадымшылықтан» жаңа әдіс – «усули жәжидке») көшуді ұсынды [103, б. 20].

Жәдитшілдіктің реформалық қозғалыс ретінде қалыптасуы бастауыш мектептерге оқытудың жаңа әдістерін енгізумен тығыз байланысты болды. Оның негізін қалаған Қырым татарларының өкілі, педагог-ағартушы, саясаткер, жазушы, әрі редактор, Симферопольде, Воронежде, Мәскеуде, Стамбулда, Парижде білім алған Исмаил Гаспринский болатын [262, б. 115-120].

И.Гаспринский Парижде тұрған (1871-1873) жылдарында Сорбонна университетінде әріптерді үйретудің аналитикалық-дыбыстық оқыту әдісімен танысып, осы кезден бастап мұсылмандық ескі оқыту жүйесін қайта құруды ойлай бастайды. 1884 жылы Қырымда алғаш рет жаңа әдіспен («усули жадид») оқытатын мектеп ашып, 40 күнде 12 оқушыны оқуға және жазуға үйретіп шығарады. Осыдан кейін оқытудың жаңа әдісі, оның нәтижесі туралы империя құрамындағы халықтарға өзі шығарған «Тәржіман» газеті арқылы тарата бастайды [263, с. 240]. Ол 1881 жылы Симферопольде «Русское мусульманство. Мысли, заметки, наблюдения» деген кітапша шығарып, орыс әкімшілігінің мұсылман халықтарының тіліне, діні мен біліміне қатысты ұстанып отырған саясатын талдауға алады. Онда орыс үкіметінің империяның азиялық бөлігіндегі «ұлы өркениеттік миссиясының» Ресей мұсылмандарын ешқандай да өркениеттік дамуға жеткізбейтінін айтқан болатын [61, с. 84].

Жәдитшілдік қозғалыс қазақ оқығандары тарапынан кең қолдау тапты. Себебі, мұсылмандық оқу орындарына патша үкіметі тарапынан ешқандай материалдық көмектің болмауы және қысымның күшеюі қазақтардың сауатсыз қалуына әкеліп соқтырды. Бұл жағдай империяның отарлық саясаты күшейе түскен мезгілде халықтың ұлт ретінде сақталып қалуына қауіп төндіре бастаған болатын. Сондықтан қоғамның рухани жағынан жаңғыруын мақсат етіп, мұсылмандық оқу орындарындағы оқу-тәрбие жүйесін реформалауды, яғни білімді меңгертудің жаңа әдіс-тәсілін насихаттаған И.Гаспринскийдің идеясы қазақ ағартушыларының ұлттық идеясымен үндесіп, қызу қолдауға ие болды.

Қазақ даласындағы молданың бала оқыту әдісі қарабайыр, әрі дөрекі болатын. Балалар оқып жатқан үйден у-шу дыбыстар естіліп жататын. Өйткені, әрбір шәкірт өзінің сабағын айқайлап оқуы тиіс болды. Молда қолына таяғын ұстап жүгініп отырып, дауыстап оқымаған балаларды айғай салып, қолындағы таяғымен салып қалатын. Бай баласын молдаға оқуға бергенде «еті сенікі, сүйегі менікі», ұялма, бұларды ұр, құлағынан жұлқы, ақыл үйрет дейтін. Баласын оқытқаны үшін молдаға жылына екі-үш қой ақы беретін. Молда бала оқытудан бос кезінде байдың үйіндегі шаруашылығына да көмектесетін. Молданың алдында 4 жыл отырса да балалар жазу, сызудан әріге бара алмады. Көп ұзамай оны да ұмыта бастайтын. Ата-аналары балаларының жазу білгеніне қуанып, оларды ғұлама болды деп ойлады. Уақыт өткен сайын бұрынғы надан қалпына түскен балаларына қарап аң-таң қалатын. Сонда да балаға білімді меңгерте алмаған молданы емес, ештеңе үйрене алмаған баласын кінәлап, «асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар, бәрінен де қой бағып, көтен жеген озар», ата-бабаларыңның жолын қуыңдар деп, оларды мал соңына салып қоятын. Осылайша, жергілікті халықтың балалары заманға сай білім мен мәдениеттен кенже қалып бара жатты. Халқының болашағына алаңдаған ұлт ағартушылары «қашан біздің қазақ оқудың пайдасын білер екен һәм қашан оқудың жемістерімен пайдаланар екен» деп халқының надандығына күйінетін [238, б. 404-406].

Жәдитшілдіктің пайда болуы осындай дағдарысты жағдайда тұрған мұсылмандық білім беру ісінің тамырына қан жүгірткендей болды. Мектептер мен медреселерде дәстүрлі усул-кадим әдісімен білім алып жүрген жастар да білім саласын қайта құруды жақтай бастайды. Олар оқу бағдарламасына діни біліммен бірге жаратылыстану және гуманитарлық салалар бойынша жалпы білім беретін пәндердің енгізілуін және білімді бір жылдың ішінде меңгертіп шығаратын «усул-жадид» әдісіне көшуді талап етті [76, б. 218].

Жәдиттік қозғалыс мұсылмандардың бірлігі мен азаттыққа жетуін мақсат ете отырып, еуропалық білімді алдыңғы орынға қойған ақыл-ой қозғалысы да болды. Олар: «мемлекет шектеулі топтардың ғана емес, ең алдымен халық пен қоғамның әл-ауқатын арттырып, олардың жетістікке жетуіне мүдделі болуы керек» [63, с. 53]-деді. Яғни, қоғамды рухани жағынан жаңғыртып, Еуропа мәдениетімен жақындастыру арқылы феодалдық тәртіпке және патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы күресу идеяларын уағыздады.

Өзінің негізгі идеясы – оқытудың жаңа әдісін енгізу және бастауыш мектептер мен медреселерді реформалау ісін Түркістан өлкесінде бастауды

мақсат тұтқан И.Гаспринский генерал-губернатор А.Б.Вревскийге хат жолдайды. Онда өзінің идеясын егжей-тегжейлі баяндап, ұсыныстарын да қоса көрсетіп, соның ішінде мұсылман мектептеріндегі діни білімді болашақ реформаның жеңіске жеткізетін басты факторы ретінде атайды.

Мұсылмандық білім ошақтарын реформалаудың мәні – жаңа әдіс арқылы алты жылдың орнына екі жыл оқиды. Қалған уақыттарда балалар орыс тілін оқып, орыс мәдениетімен танысады. Ең бастысы – мұсылман балаларын тек өз ұлтының өкілі оқытуы және бастауыш білімді өзінің ана тілінде алуы тиіс болды.

Ол жаңа «жеңіл әдісті» жүзеге асыру үшін:

1) мектеп мұғалімдеріне оқытудың жаңа әдісіне негізделген нұсқаулық немесе әдістемелік құрал тарату;

2) жаңа әдіспен оқытатын мектеп ашу;

3) медреселердің кейбіреуін жаңа әдісті мектеп мұғалімдерін даярлау үшін жоғарғы медресеге айналдыру;

4) қайта құрылған жоғарғы медресе студенттерін әскери қызметтен және Діни Басқарма жанындағы емтихандардан босату;

5) жоғарғы медреседегі оқу бағдарламасы толықтай орыс тіліне, орыс педагогикасына және орыс заңына сәйкестендірілуі керек дейді.

И.Гаспринскийдің ойынша жоғарғы медресе бітірген мұғалімдер жергілікті халықтардың тілімен қоса орыс тілінде де оқыта алатын болады. Жергілікті халық балаларын осылайша оқыту, олардың орыс әкімшілігіне деген сенімін ұлғайтпақ және орыс әкімшілігі тарапынан ислам дініне ешқандай қауіп жоқ екендігіне көздерін жеткізе түспек дейді. Оның оқу бағдарламасына орыс тілін енгізуді жоспарлаудағы ойы Түркістан генерал-губернаторлығының әкімшілігіндегі шенеуніктердің сеніміне кіру еді. Түркістан мұғалімдер семинариясының директоры Н.Остроумов, әрине, оған Түркістанның тұрғылықты халқына қатысы жоқ адаммен Түркістан мұсылмандарының оқу ісін талқылау қисынға келмейді деп, оның идеясының Түркістан өлкесінің оқу орындарында басшылыққа алынбайтынын айтады. Осыдан кейін Гаспринскийді орыс үкіметі басты назарда ұстап отырды. Ал, Н.Остроумов ол ұсынған оқытудың жаңа әдісін мұқият зерттеп, оның идеясының Түркістан өлкесіндегі ахуалын қадағалап отырды [61, с. 87-89].

XIX ғасырдың соңына таман жәдитшілдер Ресей мұсылмандарының арасында Еуропа мәдениетін насихаттауда орыстардың бірден-бір бақталасына айнала бастады. Сондықтан Н.Остроумов Түркістан аймағына татарлардың көшіп келуін тежеу; аудармашыларды, төменгі шенді әкімшілік қызметкерлерін, имамдарды, қазыларды жергілікті халық өкілінен сайлау және оларға орыс тілін білуді міндеттеу; мұсылман кітаптарының басылымын қысқарту; жергілікті мұсылмандардың қажылық сапарын қадағалау; көшпелі мұсылмандарды отырықшы мұсылмандар ықпалынан қорғау сияқты патша үкіметі үшін маңызды шараларды жүзеге асыруды қолға ала бастайды [99, б. 104-111].

И.Гаспринскийдің бастамасы Жетісу облысының мұсылмандары тарапынан да кең қолдауға ие болады. Жергілікті биліктің қатаң бақылауына

карамастан XX ғасырдың басынан бастап бұл өңірде жасырын түрде жәдиттік мектептер ашыла бастады.

Алғашқылардың бірі болып 1904 жылы Верныйдағы татар мешітінің жанынан (1883ж.) ашылған Ы.Габдулвалиевтің медресесі жәдиттік оқыту жүйесіне көшеді. Оны жергілікті билік 1912 жылы ғана білген. Бұл медресені атақты татар көпесі Исаак Габдулвалиев өзінің ұлдарымен бірге құрған «И.Габдулвалиев және ұлдары» атты сауда үйінің қаражатымен қаржыландырып отырған [77, б. 147]. Медреседегі қаржының бөлінуі мен оның жұмсалыуына Вятск губерниясынан келген З.Тазетдинов деген татар ұлтының өкілі жауапты болған. Ал оқу ісінің меңгерушісі Уфа губерниясынан шыққан, ұлты татар, Троицк медресесінде білім алған Әбдірахман Сағадиев болған. Медресе мұғалімдерінің барлығы Ресейдің ішкі губернияларында мұсылмандық білім алған азаматтар болатын. Мысалы, математика, физика және жағрафия пәндерінен Уфа губерниясынан келген мұғалім Шәкіртжан Жәкыпов дәріс берген. Ол «Расулие» медресесінің түлегі болатын. Тарих және құран пәндерін Пермь губерниясынан келген, Троицк медресесінің түлегі Әбдірахман Имашев оқытқан [103, б. 21].

Жетісу облысында жаңа әдіспен оқытатын мектеп ашу ісіне қазақтар да атсалысты. Солардың бірі Жетісудың атақты байы Маманның (Маман Қалқабайұлы – Б.Л.) және оның баласы Тұрысбектің ұрпақтары болатын.

Заманның бағытын дер кезінде аңғара білген олар алғашында мұсылмандық білімді насихаттап, мешіт және медреселер салдырса, кейін еуропалық әдіспен білім беретін жаңа мектептің іргесін қалап, қазақтарды жаңа өмірге талпындырды.

Маман байдың ұлдары – Тұрысбек, Сейітбаттал және Есенқұл қажылар өздері қала үлгісінде үй салдырып, негізін қалаған Қарағаш ауылында 1899-1904 жылдар арасында 3 кластық мектеп салдырады. Бастапқыда екі татар молдасы сабақ беріп, балаларға дін тарихын, шариғат жолын оқыта бастайды. 1905 жылы Арасан болысының биі Сейітбаттал қажы мектепті кеңейтіп, 4 кластық етіп қайта құрып, жәдиттік оқу жүйесін енгізген. 1907 жылы ағаштан қиып мешіт үйін салдырса, 1909 жылы қызыл кірпіштен қалап Уфадағы «Ғалия» медресесінің үлгісімен медресе үйін салады. Медресенің құрылыс жобасы ғана емес, оқу бағдарламасы мен ішкі ережелері де «Ғалия» медресесінің оқу-тәжірибесіне негізделеді. Алғашында татар мұғалімдері сабақ берсе, кейінірек «Айқап», «Қазақ» сияқты қазақ басылымдары арқылы қазақ ұлтының зиялыларын жұмысқа шақырады. Медресе иелері шеттен келген мұғалімдерге жылына 2500 сом жалақы төлеп тұрған. Медреседе 1911-1915 жылдар аралығында Татарстаннан Нажар Әбішев, Башқортстаннан Ахметгерей Ғабитов, Фатима Есенгелдина, Челябинскіден Стамбұл университетінің түлегі Файзрахман Жиһандаров, Семейден Мұстақым Малдыбаев, Ахметгерей Батыршинов, Мұхаметқали Есенгелдин, Орал облысынан Каир университетінің түлегі, политолог-ғалым Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Сарқанттан Захар Назаров, т.б. арнаулы оқу орындарын бітірген қазақ, татар мұғалімдері келіп сабақ берген [219, б. 443]. Бұл мектепте қазақ халқының көрнекті қайраткерлері Ілияс Жансүгіров, Біләл Сүлеев, Мейірман Ермектасов, Әубәкір Жайшыбековтер

білім алған [103, б. 21].

Маман ұрпақтарының заманға сай мектеп ашуына ықпал еткен тұлға – Жетісу өңірінде тұңғыш университеттік білім алған Барлыбек Сыртанов еді. Ол Түркістан генерал-губернаторлығында, Жетісу облыстық басқармасында қызмет атқара жүріп, қазақтарды отарлық қанаудан құтқарудың бірден-бір жолы – олардың санасын ояту, мұсылмандық біліммен қатар еуропалық білімді де меңгерту екенін жақсы түсінді. Б.Сыртанов 1908 жылы 28 желтоқсанда денсаулығына байланысты қызметінен босағаннан кейін ұлтты азат ету жолындағы ойын жүзеге асыруға кіріседі. Жетісу облысының бай қазақтарын ағартушылық бағытын қолдауға шақырып, жаңа тұрпатты мектеп құрылысына қаржы салу туралы ұсыныс жасайды. Осылайша, өзінің идеясын Сейітбаттал Мамановтың қаржысына «Мамания» мектебін салдыру арқылы жүзеге асырады [264, с. 66-74].

«Мамания» мектебін Маманның ұлдары бірігіп салғанымен, қаржының көбін, 11 мың сомын, Сейітбаттал қажы шығарған. Сонымен бірге мектепке салынған уақытынан бастап демеушілік жасап, жылына мың жарым сом қаржы бөліп келген [140, б. 179].

Бірақ қара халықтың көзін ашып, жаңашылдыққа бастау қиын болады. Алғашқы кезде көптеген ру басшылары «балаларымыз орысша оқығасын діннен безіп кетеді» деп, балаларын оқуға бермеген. Сондықтан бастапқыда негізінен Маманның өзінің ұл-қыздары және малшы-жалшыларының балалары ғана оқыған болатын. Мектепте сабақ қазақ тілінде жүргізілген. Орыс тілі 4 кластан бастап жеке пән болған. Сонымен бірге дін сабағы, география, есеп, ана тілі, т.б. пәндер оқытылған [265, б. 345].

Б.Сыртанов Жетісу жерінде халық арасында оқу-білімнің қажеттілігін айтып, түсіндіру жұмыстарымен де айналысады. Дегенмен, халықты жаңа өмірге бейімдеу, олардың көзін ашып, оқу-білімнің қажеттілігін айтып жеткізу оңай болмаған. Мысалы, Қапал уезінде қазақтар арасында қала тұрғызылып, жаңа тұрпатты мектептер ашылғанымен тұрғындардың бәрі бірдей оған оң көзқарас білдірмеген. Көпшілігі қоғамдағы жаңа үдерістерге тосырқай, қауіптен қарап, ескі мен жаңаның арасында таңдау жасай алмай, сергелдеңге түскен.

Б.Сыртанов 1913 жылы Қапал уезіндегі 22 болыстықты құрап отырған жалайыр, найман руларының арасына барып жиын өткізеді. Бұл туралы Көлбай Төгісов: Барлыбек Сыртанов халық осы бетімен кете берсе, енді 30-40 жылда жойылып кету қаупі бар екенін айтты, «енді қарап жатқанымыз жарамас, не қылсақ та балаларымызды оқыталаық, мектеп салалаық, бақша орнаталаық, Қапалға ортамыздан не прогимназия, не реални ышкола ашалаық» деп еді. Матайдың 9 болысы көнсе де, Жалайырдың болыстары көнбеді. Бар айтқан сөздері: «Орыс бол десеңші...». Сыртанов мырзаның сөзін Қапал уездной нашалнигі полковник Лебедев қуаттап еді. Жалайыр болыстары «бізді шоқындырғалы жүр» деп оған да болмай тарқады [185, б. 177] - деп мәлімдейді.

Бұл бір жағынан жерінен, малынан айырылған қазақтардың орыс билігіне сенімсіздігін және елде кеңінен жүргізіліп жатқан орыстандыру саясатына деген ішкі қарсылығын көрсетсе, екінші жағынан ұлттың тұтастығына, яғни

дәстүрі мен дініне қауіп төндірген сыртқы күштерге қарсы қорғаныс әрекеті де еді.

1912 жылы Жетісу облысында жәдиттік бағыттағы 2 медресе, 25 мектеп болған. Онда 1806 бала оқып, 51 мұғалім дәріс берген [103, б. 20]. Ал осы жылғы бір ғана Жаркент уезіндегі жәдиттік мектептер саны 13 ке жетіп, әр оқу жылында 579 балаға дейін білім алған [75, б. 164-165].

Жәдиттік қозғалыстың дамуы облыста мұсылман мектептері мен медреселерінің көбеюіне ықпал етті. 1905 жылы Жаркентте 20 шақты мешіт, әр мешітте бала оқытуға (медресеге) арналған екі бөлме болды. 1908 жылы бүкіл Жетісу облысында 246 медресе болған, оларда 5939 оқушы білім алып, 210 молда дәріс берген» [102, с. 10].

Түркістан өлкесіндегі жәдидизмнің ірі орталықтары Бұхара, Ташкент, Ферғана және Самарқан қалалары болды. 1911 жылы бүкіл Түркістан аймағындағы жаңа әдісті мектептер саны 63, олардағы білім алып жатқан оқушылар саны 4106, мұғалімдердің көпшілігі татар ұлтының өкілдері болды [63, с. 53].

XX ғасырдың басынан бастап жәдиттік оқыту жүйесі Жетісу облысының Пішпек, Пржевальск, Тоқмақ сияқты аймақтарында да енгізілген болатын. Бұл жерлерде де жаңа әдісті мектептер алдымен мешіттер жанынан ашыла бастады.

1901-1902 жылдары Пішпекте жаңа әдіспен оқытатын «мадраса-и-Иштидад», Тоқмақта «мадраса-и-Икбалия» және Пржевальскіде И.Гаспринский атындағы мектеп ашылады. Кейінірек Пржевальскідегі өзбек мешіті жанынан да мектеп ашылып, жаңа әдіспен оқытуға көшеді. «Мадраса-и-Икбалия» немесе «Экбаль» медресесінде әртүрлі ұлттың балалары білім алды. Бірақ, оқу бағдарламасы бірдей болса да, қырғыз балалары өзге ұлт өкілдерінен бөлек оқыды.

Қырғыздардың өз ішінде жаңа әдісті мектептер бұлардан сәл кешірек пайда болды. 1909 жылы Чон Кеминде «Шабдания» медресесі ашылады. Бұл оқу орнына білім алуға келгендердің ішінде жастары 30-40 шамасындағы ескі әдіспен бала оқытқан молдалар да болған. Олар діннен тысқары да білімдерді меңгеріп, жаңа әдіспен оқытуды үйреніп, өздерінің сауаттылық деңгейлерін көтергісі келді. «Шабдания» медресесіне мұғалімдер Қазан мен Орынбордан шақырылып, оқулықтар да сол жақтан алдырылған. Мұғалімдерге жылына 1000 сом еңбекақы төлеген. Оқушылар қазан-мамыр айларының арасында күніне шамамен төрт сағаттай оқыған. «Шабдания» медресесі 1912 жылға дейін жұмыс істеген. Жаңа әдісті мектептер 1909 жылы Темірболат және Карачекинск болыстықтарында ашылды. 1911 жылы Жумгалыда «Курмандын мектеби», 1912 жылы Кочкор алқабында Канат манаптың жаңа әдісті мектебі және 1914 жылы Нарындағы Куртка бекінісінде Калпа Ажының жаңа әдісті мектептері өз жұмыстарын бастаған.

Пржевальск уезінің Тоң болыстығының Туура-Суу айылында да Сагаалы манаптың ұйымдастыруымен жаңа әдісті мектеп ашылып, ол жерде Уфадағы «Ғалие» медресесінің түлегі, қырғыз ағартушысы Ишенаалы Арабаев мұғалімдік қызмет атқарған [62, с. 42-46]. Бұл туралы 1914 жылы «Қазақ» газетінде оның «білім дүниесінен қашық қараңғы түкпірде қараңғы надан

қырғыз бауырларын ағартпақ, көзін ашпақ ниетпен екі жылдан бері мұғалімдік етіп тұрғаны» [158, б. 321] жазылады.

И.Арабаев 1911 жылы Уфада басылып шыққан қырғыз және қазақ балаларына арнап жазылған алғашқы әліппенің («Әліппе яки төте оқу», қазақ ағартушысы Хафиз Сәрсекеевпен бірге жазған – Б.Л.) авторы [77, б. 337].

Қырғызстандық Сейитбек Жаанбаев атасы Әділден XX ғасырдың басында қырғыз жерінде жаңа әдісті мектептер көп болғанын естігенін айтады. Атасы Жумғалыда Курман манап салдырған мектеп (Курмандын мектеби) болғанын, ол мектепте сабақ берген ноғай мұғалімін жергілікті халық Ноғай молда деп атағанын, сонымен бірге Кочкорда Канаттын мектебі, Шуда Дурдун мектебі, Кеминде Шабдан мектебі және Алабукада Нурмолдо салған мектеп болғанын айтқан. Нурмолдо мектебінде араб тілін, Құран, есеп, тарих сабақтарын оқытқан. Оған қоса, атасының айтуы бойынша, оқушыларға ұлт, тайпа, ру, ел ұғымдарын түсіндірген. Әр елдің өзінің аймағы, тілі мен мемлекеті болатынын ұғындырған [63, с. 62-63] деген ақпараттар береді.

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, патша үкіметінің ағартушылық саясатының бағытын түсінген қазақ пен қырғыздың бай-манаптары өз ауыл-аймақтарының балаларын жаңаша оқытуға белсене атсалысты. Өздерінің қаражатына жаңа талапқа сай мектеп үйлерін салдырып, заман сұранысына жауап бере алмай отырған ескіше оқыту әдісінен (қадымшылықтан) бас тартты. Қазан, Уфа және Орынбор қалаларынан жаңа әдісті меңгерген мұғалімдерді шақырып, олардың еңбек ақысын да өз қалталарынан төлеп отырған. Осылайша отаршылдық жағдайындағы қазақ-қырғыз халықтарының ұлттық санасын оятып, олардың дүниетанымының кеңеюіне күш салды. Олардың тек діни білімдерді ғана емес, сонымен бірге әлем елдерінің тарихы, географиясы сияқты пәндерді меңгеріп, өздері өмір сүріп отырған қоғамның шынайы бет бейнесін тануына ықпал етті.

Патша үкіметі мұсылмандық оқу орындарын кез-келген мемлекеттік қамқорлықтан тыс қалдырып, олардың өз-өзінен жойылып кетуін сырттай ғана бақылап отырған болатын. Бұл өз кезегінде, жоғарыда айтып кеткеніміздей, мұсылмандық оқу орындарының жасырын түрде күш алуына мүмкіндік берді. Жаңа әдісті мектептер ағартушылық саласында Жетісу жеріндегі орыс және орыс-түзем мектептерінің басты бәсекелестері бола бастады. Түркістан өлкесінде татарлардың ықпалының күшейе түскенінен сезіктенген патша үкіметі мұсылмандық оқу орындарына қатысты саясатын өзгерте бастады. Бұдан былай олардың қызметін сырттай бақылап отырудың Ресей империясының өлкедегі ағартушылық саясатына қауіп төндіретінін түсінді. Өйткені, жәдиттік оқу орындары діни-ұлттық идеология негізінде мұсылмандардың бірігуін мақсат еткен еді. Сондықтан Түркістан генерал-губернаторы жаңа әдісті мектептердің үстінен бақылау жүргізу үшін ерекше ереже бекітті. Ол бойынша мектеп ашқысы келетін жеке адамдар мен қоғамдарды және олардың болашақ мектептерінің бағдарламасын, оқытылатын оқулықтарын қатаң тексеруден өткізу қажет болды [26, с. 44-45].

Бұл жөнінде «Ерекше ережеде»:

- жаңа және ескі әдісті мектептерде мұғалім оқушының ұлтынан болуы тиіс;

- жаңа әдісті мектеп ашқысы келетін жеке адамдар мен қоғамдар мектеп бағдарламасының кіріспесін мемлекеттік тілде ұсынуы тиіс;

- мектеп ашқысы келетін жеке адамдар мен қоғамдар басшылыққа алдын-ала нақты бағдарламалары мен оқулықтардың тізімін ұсынуы тиіс; жұмыс істеп тұрған жаңа әдісті мектептер де осы ережеге бағынуы тиіс;

- ескі әдісті және мешіт жанынан ашылған Құранды, басқа да діни кітаптарды оқытатын мектептер училищелер инспекциясына бағынады;

- ескі әдісті мектептердің жаңа әдісті мектептер оқитын кітаптарды қолдануына және олардың бағдарламасымен оқуына болмайды. Балаларына жаңаша білім бергісі келетіндер оларды орыс немесе орыс-түзем мектептеріне бере алады;

- бұл ереже 1912 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді. Ережеге сәйкес келмейтін немесе бағдарламасын бекітпей жасырын оқытып жатқан мектептер жабылатын болады деп атап көрсетті [25, с. 61].

1912 жылы Ереже күшіне енгеннен кейін Жетісу облысындағы мұсылмандық оқу орындарының үстінен қатаң тексеру жүргізіле бастайды. Осы жылы олардың кейбіреуі жабылып қалғанымен, көпшілігінің жұмысы жалғаса бергеніне, тіпті кейбіреулерінің жаңадан ашыла бастағанына куә боламыз. Мысалы, 1912-1914 жылдарда Пішпектегі татар мешіті жанынан әйелдерге арналған жаңа әдісті мектеп ашылып, ол жерде - 70 қыз оқыған. Оның 50 татар, 20 қырғыз қыздары болды. Оларға Қазан мен Уфаның әйелдер медресесінде білім алған татар қыз-келіншектері тәлім берген. Оқу бағдарламасы ұл балалар мектебімен бірдей болғанымен, қыздар мектебінде қосымша қолөнері сабағы енгізіліп, оқулықтар Қазаннан алдырылған [58, с. 42-46]. 1913 жылы күзде Қарағаштағы «Мамания» мектебі жанынан да жаңа әдіспен оқытатын қыздар мектебі ашылады. 1913-1914 оқу жылында бұл оқу орнындағы оқушы қыздардың саны 30 жуықтайды. Оларды Уфада білім алған Фатима Есенгелдина оқытып, ол сонымен бірге қыздарды қолөнеріне де үйреткен [158, б. 175].

Қапал уезіндегі «Мамания» медресесі 1912 жылғы «Ерекше» ережеден кейін де жұмысын жалғастыра берген оқу орындарының бірі. 1913 жылы Маманов –Тұрысбековтердің мектебінде 120 дан аса қазақ балалары оқып, мұғалімдердің саны - 5 болған. Бірақ ереженің салқыны мектептің оқу үдерісіне зиянын тигізбей қойған жоқ. 1911 жылы қазақ мектептерінде орыс тілінен қазақ ұлтының өкілі ғана оқытуы тиіс деген ұйғарым болған болса, енді «қазақ мектебінде орыс тілін қазақ мұғалімінің оқытқаны жарамайды деп, олардың орнына орыс мұғалімдерін кіргізе бастайды» [185, б. 102].

Патша әкімшілігінің оқу-ағарту саласына қысымының күшеюі Жетісу мұсылмандарын ислам дінінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтастырып, олардың ұлттық-діни негізде бірігуіне ықпал етті. Оған 1916 жылғы Жетісу облысындағы мешіттер жанынан ашылған мұсылмандық оқу орындары мен олардағы ишандар туралы ресми мәліметтер арқылы көз жеткізуге болады:

Лепсі уезінде 6 мешіт болған. Оның 2 Лепсі қаласында, 1-Лепсі

станицасында, 1-Захаров селосында, 1-Сергиополь селосында, 1-Үржар станицасында орналасты. Уезд бойынша ер балаларға арналған 9 мектеп (оның 3 Лепсі қаласында) және 9 мұғалім болған. Оқушылар саны-220; 9 мектептің екеуінде ғана қыз балалар оқыған. Жеке қыздар мектебі туралы мәлімет көрсетілмеген. Білім алып жатқан қыз балалардың саны-33.

Қырғыз еліндегі жаңа әдісті медреселердің ішіндегі ең ірісі жоғарыда айтып кеткен Тоқмақтағы татар мешіті жанынан ашылған «Экбаль» медресесі еді. Ол басшылықтың рұқсатынсыз XX ғасырдың басында ашылып, сабақ татар тілінде жүргізілді. 1916 жылы мәліметтер бойынша оқу курсы 6 жыл, оқушылар саны-120, оның 45 татар, 20 қашқарлық сарт, 15 дүнген, 10 қырғыз болды. Үлкен сарт мешітінің жанынан ашылған Джаминь мектебі де жаңа әдіспен оқытты. Онда 60 оқушы білім алған, 1 дүнген ұлтының өкілі, қалғандары сарттар болды. Үлкен Тоқмақ селосында мектептер мен медреселер негізінен сауда орындары жанында болған. 1916 жылы олардың жалпы саны: 6 ерлер, 1 әйелдер мектебі және 1 медресе болды.

Жаркент уезі бойынша 5 соборлық мешіт, 107 приход мешіті, 114 ишан болған. Уезд бойынша 39 ерлер мектебі болды. Оларда 1072 оқушы білім алды. Оқытушылар саны-40 болды. Ал әйелдер мектебінің саны-3, оқушылар саны-379, мұғалім саны-7 болды.

Верный уезінде 40 приход мешіті, 7 соборлық мешіт болды. Мектептер саны- 58, оның біреуі әйелдер мектебі болды. Ерлер мектебіндегі мұғалім саны-58, әйелдер мектебінде 1 мұғалім болды. Ерлер мектебіндегі оқушылар саны-1358 болса, әйелдер мектебінде 35 оқушы білім алды. Уездегі медреселер саны-5. Олардағы мұғалім саны-8, оқушылар саны-461 (оның ішінде 12 қыз бала) болған.

Қапал уезінде 8 приход мешіті болды. Медреселер саны -3, оның 2 Қапал қаласында, 1 Арасан болыстығында болды. Қапал қаласы мен Арасан болыстығының әрқайсысында 4 мұғалімнен, 110 оқушыдан болды. Уезд бойынша медреселерде барлығы 8 мұғалім 220 оқушыға білім берген [266, п. 13-64].

Патша үкіметінің қатаң бақылауына қарамай XX ғасырдың басында мұсылмандық оқу орындары өлкедегі түркі халықтарын біріктіруші орталықтарға айнала бастады. Бұрын сырттай шектеулер қойып келген билік енді мұсылмандық оқу орындарының үстінен бақылауды күшейтіп, олардың ішкі ісіне араласа бастады.

1917 жылы 16 ақпанда Түркістан генерал-губернаторының өкімі бойынша мектеп ісі жөнінде өлкелік жиын болады. Күн тәртібіндегі көп мәселелердің ішінен үш сағатқа созылған талқылауда тек бастауыш (орыс және түзем) мектептердің мәселесі ғана қаралып, орта және жоғарғы мектептер мәселесі кейінге қалдырылады. Соңында өлкеде білімді мұғалімдердің жетіспеуіне байланысты мұғалімдер семинариясының санын және олардың оқу бағдарламаларын кеңейту туралы қаулы қабылдайды. Сонымен бірге жергілікті халықтардың бастауыш мектептеріндегі жағдайды талқылай отырып, олар арнайы білім беруді және ерекше бақылауда ұстауды қажет етеді деді. Жиналысқа қатысушылар жаңа әдісті мектептердегі оқыту жүйесін

канағаттанарлықсыз деп тауып, бұл мектептерге арнайы оқулық жазу, барлық орыс-түзем және жаңа әдіспен оқытатын мектептердің үстінен ерекше инспектор тағайындау керек деген шешімге келеді [156, с. 1].

Жәдиттік қозғалыс Ресей империясына қарасты түркі тектес мұсылман халықтарының бірегейлігін қалыптастыруды мақсат ете отырып: бастауыш мектепті реформалау, Ресей түркілерінің арасында ортақ әдеби тіл қалыптастыру, сол тіл арқылы медреселерде еуропалық білімді меңгертуді, сонымен бірге жағдайы нашарлардың өнер-білім алуына жәрдемдесуді негізгі міндет ретінде баса көрсеткен болатын [42, б. 27-28]. Яғни, мұсылман түркі халықтарын «тілде, пікірде, істе бірлікте» болуға шақырды. Бұған үн қосқан Жетісу облысының ағартушылары мен ауқатты адамдары жаңа тұрпатты мектептер ашумен ғана шектелмей, Ресей оқу орындарында (Томскіде, Уфада) оқып жатқан қазақ балаларына орталарынан ақша жинап көмек беріп отырған. Жетісу облысындағы осындай демеушілер қатарында Барлыбек Сыртанов, Құдайберген, Тәңірберген, Айтмұхаммед, Баймұхаммед, Сұлтанқұл Тұрысбековтер, Есенқұл қажы Маманов, Файзрахман Жихандаров, Әбдіғазиз Мұса, Тұрсын Бабаев, Бейсеке Қалиев, Тұяқбай молда, Момын қожа Иакубжанов және Әбу, Кәукен, Камаш, Айнаш бәйбішелер сияқты т.б. көптеген ағартушылар мен әл-ауқаттылар болды [158, б. 9, 61].

Жәдиттік ағартушылықтың бірінші бағыты – бастауыш мектепті реформалау болса, екінші бағыты – ересек мұсылмандарды мерзімді басылымдармен және мұсылман әдебиетімен таныстыру болатын [61, с. 11]. Жетісу облысында жәдиттік ағартушылықтың осы екі бағыты да көрініс берді және барынша кеңінен жүзеге асырылды.

Облыс ағартушылары жаңа әдісті мектептер ұйымдастырумен бірге мерзімді баспасөз өнімдері мен мұсылман ағартушыларының еңбектерін халық арасына таратып, сол арқылы қараңғы халықты надандықтан арылуға, заманға сай іс қылуға үндеді. Бірақ бұл жұмыстарды жүзеге асыру жеңіл болмаған. Облыс тұрғындарының көпшілігі жаңа өмірге бейімделіп, жаңаша көзқарастарды қабылдауға дайын болмады. К.Төгісов Қапал аймағының қазақтары туралы айта келіп: «Бір мың қойы бар, үш қатыны бар бір қажыға бір сағат натық сөйлеп, өзіне қайдағыны айтып жылатып отырып, зорға «Қазақ» пен «Айқапты» алдырдым. Мектеп салып, бала оқыту ойларында да жоқ. Биыл жұт болып, азын-аулақ малдарынан айырылып, төрт-бес күн аш отырған қазақтар да бар. Мұның үстіне тәуір жерлерін мұжық алып жатыр. Жас жігіттер егін салып, сауда қылып, қатын-баланы асырайын деген ойларында жоқ. Жалғыз шолағын мініп алып, түтін шыққан ауылға қарай шабады...» [185, б. 176] - дейді.

Қарапайым бұқара халықтың қоғамдағы жаңашылдыққа үрке қарауының бір себебі – олардың сауатсыздығы, жаңаны жат санап тосырқауы, оны қабылдай алмай күйзеліске түсуі және т.б. болатын. Оның үстіне қадымшылар да қарапайым халықты жәдитшілерге қарсы қоюға тырысып бақты. Олар адамдар көп жиналатын көшеде, базарда т.б. жерлерде жәдитшілердің әрекеті Құдайға, дінге қарсы деп, ескі мектептің артықшылығын айтып уағыз жүргізді.

Ал, ортағасырлық исламдық тәртіп саналарында орнығып қалған бұқараның көкейіне қадымшылардың сөзі қонымды болды [104].

Қадымшылар мен билік өкілдерінің ел ішіндегі жәдиттік оқу орындарына, жәдитшілдерге қарсы әрекетін қырғыздың алғашқы тарихшысы Осмонаалы Сыдыков былай деп баяндайды:

Көрүнгөндү тергеди.

«Кафир экен бу» деди.

«Башында жок селдеси»,

«Узун чапан кийбеди»,

«Көзүн жерге сүзбөдү»,

«Аса алып колуна»

«Мазар кыдырып жүрбөдү».

«Усул жадид окуган»,

«Кафир иши, бу» деди.

«Илим билбес нааданы»,

«Мазак кылды биздерди».

Кокон, Ташкен молдосу,

Мектеп ачты билгени.

Казы, раис болгону,

Арам деген биздерде

Илими жок ооганы.

Ошолор калкты бузганы...[116, б. 57].

Қадымшылар – жәдитшілдік қозғалыспен бірге оларға қарсы топтардың бірі ретінде пайда болды. Мұсылмандық оқыту әдісінің өзгеріске түсуін қаламаған олар ескі тәртіпті, ескі оқу жүйесін жақтады. Рухани-мәдени өмірдегі өзгерістердің бәрін дәстүрге қарсы құбылыс ретінде қабылдады. Сондықтан олардың іс-әрекеті орыс оқу орындарымен қатар жәдиттік оқу орындарына да қарсы бағытталды.

XX ғасырдың басында Жетісу облысында жұмыс істеп тұрған мешіттер мен медреселердің бәрінің бағыты бірдей болған жоқ. Олар орыс ағартушылығына қарсы болғанымен, өз іштерінде бір-біріне: жәдитшілдік пен қадымшылдыққа қарсы бағытталды.

Мешіттер мен медреселердің белсенді жұмыс істеуі өз кезегінде діни әдебиеттерге деген сұраныстарды арттырды. Осы кезде бүкіл қазақ жерінде қадымшылдық бағытты уағыздайтын 200 тарта мұсылмандық әдебиеттер болды. Олардың ішінде қазақ авторларының шығармалары да жеткілікті еді. Мысалы, Жағфар Мақашевтің «Хикаят Жағфар хамисаях», М.Батырғалиевтің «Әдебиет казахия» атты, басқа авторлардың «Ғибрат өлең», т.б. шығармалары болды. Аталған діни кітаптардың бәрі Қазан қаласынан басылып шыққан. Мазмұны мистиканы, діни фанатизмді уағыздап, жаңашылдыққа қарсы болды [267, с. 340]. Сонымен бірге «Сал-сал», «Сейт-Баттал», «Зархум», «Бедир», «Ихид», «Мұххамед-Ханафия», т.б. кітаптар да Қазақстанға кеңінен танымал болды. Бұлар да дінді бәрінен жоғары қойып, «діннен басқаның бәрі ештеңе емес» деген ұстанымда болды [268, с. 237-238].

Жәдитшілдер оқу мен білім идеяларын «Айқап», «Қазақ», «Дала

уалаятының газеті» сияқты мерзімді қазақ басылымдары арқылы насихаттады. Қазақтардың шаруашылық жағдайын, ұлтаралық қатынастарды, тұрғындардың күнделікті тіршілік әрекеттерін, оның әртүрлі қырын, қазақ халқына тосын, түсініксіз жағдайлардың мән-жайын халыққа жеткізіп отырды.

XX ғасырдың басында қазақтардың арасында кең тараған «Айқап», «Қазақ» сияқты басылымдарда Жетісу жайынан мақала жариялап, облыстың мұсылман тұрғындарының санасын ояту жолында еңбек еткен ағартушы-авторлар: Ғаббасов Сабыржан Ғарапшаұлы, Мұсағалиев Ғабдолғазиз, Сыртанов Барлыбек [140, б. 296-301], Төгісов Көлбай, Жансүгіров Ілияс, Тынышбаев Мұхаметжан [185, б. 455-480] т.б. айтуымызға болады.

Жетісу облысында жәдиттік мектептер құрылысына және мектептің оқу ісінің қажеттіліктеріне қаржы бөліп, ағартушылыққа демеушілік жасап жүрген Маман ұрпақтарының бірі – Есенғұл қажы еді. Ол 1914 жылы «роман бәйгесін» жариялап, ең жақсы роман жазған жазушыға 200 сом бәйге тігеді. Есенғұл қажының бұл бәйгені жариялаудағы негізгі ойы – ағартушылық жолында еңбек етіп жүрген ұлт зиялыларын сапалы шығармалар жазуға ынталандыру, әрі қазақ ағартушыларының ең озық ойлы шығармаларын бүкіл түркі тектес мұсылман халқына таныстыру болатын. Ол зиялыларға материалдық жағынан демеушілік жасай отырып, оларды ұлт мүддесі жолында талмай еңбек етуге жігерлендірді. Сонымен бірге 1913 жылы желтоқсан айында бір аптаның ішінде бірінен кейін бірі өмірден өткен екі ұлының көзіндей көретін бір кітаптың шығуын қалады [158, б. 80].

Облыстың ересек тұрғындарының ұлттық санасын оятуда кітапханалардың да ықпалы зор болды. Алғашқы кітапханалар патша әкімшілігінің ұйымдастыруымен XIX ғасырдың II жартысынан бастап Верный қаласындағы Қоныс аудару Басқармасының, мұғалімдер семинариясының, Жетісу ауылшаруашылық Қоғамының, сонымен бірге орыс техникалық Қоғамы бөлімшесінің, ерлер және әйелдер гимназиясының, әскери госпиталь, т.б. мекемелердің жанынан ашылды.

XX ғасырдың басында Жетісу облысының Қапал, Лепсі, Жаркент сияқты уездік қалаларында да кітапханалар ашыла бастайды [101, с. 119-124].

Верный қаласында аталған кітапханалармен бірге жеке адамдардың: облыстық әкімшіліктің шенеунігі, шығыстанушы ғалым Н.Н.Пантусовтың, мұғалімдер М.Стратилатовтың, Ф.В.Поярковтың, В.В.Гавриловтың және т.б., сонымен қатар қазақ, ұйғыр, татар отбасыларының да жеке кітапханалары болды. Осылайша, 1917 жылға дейін Верный қаласының өзінде 10 аса кітапхана болған [102, с. 26].

Кітапханалардың ашылуы – рухани-мәдени өмірдің үлкен бір жетістігі болды. Тұрғындардың оқуға, білуге деген құштарлығы артып, заманға сай дүниетанымы қалыптаса бастады. Кітап саудасымен айналысушылар кітапханаларға әртүрлі кітаптар мен мерзімді басылымдарды еш кедергісіз еркін жеткізіп отырған. Соның нәтижесінде облыстағы мекемелер жанынан ашылған кітапханаларда шағын кітап қорлары жинақтала бастайды. Кітапханалар белгілі бір мекеме жанынан ашылғанымен іс жүзінде тұрғындарға тегіс қызмет көрсеткен. Мысалы, Қапалда 1870 жылы 12 тамызда уездік

басқарма жанынан ашылған алғашқы кітапханаға оқи білетін тұрғындардың бәрі тіркеле алған. Жазылу бағасы бір жылға 6 сом немесе айына 50 тиын болды. Бірақ, 1879 жылдан бастап тұрғындардың қандай кітаптар оқитынын бақылап отыру мақсатында кітапханаларға кітаптардың ерекше каталогы енгізілді. Кітапханаларда каталогта көрсетілген кітаптардан басқа артық кітаптың болмауы және кітап сатушылардың ресми рұқсат алуы тиіс болды.

XX ғасырдың басына таман Жетісу облысындағы кітапханаларда оқулықтармен бірге негізінен ауылшаруашылығы саласына арналған мерзімді басылымдар қоры көп болған. Мысалы, 1902 жылы Қапал уезіндегі оқу орындарының кітапханалары «Журналы министерства народного просвещения», «Родник», «Руский начальный учитель», «Вестник птицеводства», «Мир божьи», «Север», «Плодоводство», «Школьное хозяйство», «Российский Царственный Д. Романовых», «Русская школа», «Читальня народной школы», «Туркестанские ведомости» сияқты т.б. журналдар мен газеттерді жаздырып алған [100, с. 178-181].

Жергілікті тұрғындардың кітап оқуға деген құштарлығын миссионерлер оңтайлы пайдаланып қалуға тырысты. 1892 жылы Верныйда биліктің қолдауымен «Қазан қайырымдылық қоғамы» миссионерлік ұйымы кітап оқитын орын ашады. Жергілікті түркі халықтарының санасын кітапханалар арқылы орыстандыруды мақсат тұтқан олар христиандық әдебиеттерді қазақ және татар тілдеріне аударып ұсына бастаған. Бірақ миссионерлердің пиғылын байқаған түркі халықтары олардан бірден теріс айнала бастайды. Есесіне, «Түркістан уалаятының газеті» және татар газеттеріне жазылып, сонымен бірге Орынбор, Қазан, Ташкент, Стамбулда шыққан түркі халықтарының кітаптарын сатып алып отырды. Тұрғындар аталған кітаптар мен газеттерді кітап сатумен айналысатын В.Шавров, К.А.Смолов және А.Зейнуллиндердің Верныйдағы кітап дүкендерінен алды.

Кітапханалардың ұйымдастырылуы уақыт өте келе жергілікті халықтың ұлттық санасының оянуына әсер етті. Жергілікті мұсылмандар да заман көшінен қалмай, өздерінің білімін, мәдениетін көтеру үшін біріге бастайды. Қоғамдық ұйымдар құрып, көпшілік оқылымдар ұйымдастыру қажеттігі туады. XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басында Верныйда қазақтар, татарлар, ұйғырлар «Сенбілік жиналыс үйірмесін» («Кружок субботних собраний») ұйымдастырады. Бұл үйірме түркі тектес халықтар бас қосатын рухани ортаға айнала бастайды. Олар өздерінің ата-бабаларынан қалған жеке отбасылық кітаптарын және өздері сатып алған түркі халықтарының кітаптарын осы жерге тапсырып, үйірме жанынан түркі кітаптарының кітапханасын ұйымдастырады. Бұл кітапханада Тоқаш Бокин, Тәшен Өтепов, Сабирзян Шакирзянов, Ахметкарим Зейнуллин және т.б. қазақ, татар тілдеріндегі әдебиттерді оқу үшін жиі басқосқан және өздерінде бар кітаптарды әкеліп тапсырған. Ахметкарим Зейнуллин өзінің жеке қорынан татар, араб, қазақ және ұйғыр тілдеріндегі 600 кітапты тапсырады [102, с. 27-29]. Осылайша, татар оқығандарымен қоса саудагерлері де сауда арқылы байланыс жасай жүріп, қазақтардың арасында исламның ықпалын нығайтуға, оларға батыс мәдениетін тарата отырып, мұсылмандардың ұлттық негізде бірігуіне ықпал етті [64, с. 140].

Верныйдағы түркі кітаптарының кітапханасы, әсіресе, А.Зейнуллиннің есімі Жетісу өңіріне және одан тысқары Орынбор мен Қазан қалаларына кеңінен таныс болды. Кітаптар мен мерзімді басылымдар негізінен осы қалалардан алынды. Патшалық әкімшіліктің оқылатын кітаптар тізіміне бақылау қойғанына қарамастан, кітапхана татар тіліндегі большевиктік баспа өнімдерін де алдырып отырған.

Кітап сатушылар мен кітапханаларды тіркеуден өткізудің енгізілуі түркі кітапханасына оңайға соқпайды. Дегенмен бұл мәселені шешуде А.Зейнуллинге Дала генерал-губернаторлығында тілмаштық қызмет атқарып отырған Барлыбек Сыртанов көмек берген [101, с. 125-126]. Б.Сыртанов сонымен бірге А.Зейнуллинге Қазан қаласынан араб әріптері бар баспахана құралдарын алдыртып, «Семиреченские областные ведомости» газетінің ішінен «Туземный отдел» бөлімін ашуға мұрындық болады. Сол арқылы қазақтардың бас бостандығынан, атамекенінен айырылып, қанауға ұшырап отырғанын ашына жазады. 1910 жылы 21 қазанда Ұзынағашта облыс қазақтарының басын қосып, «Енді үнсіз жату болмас, ояну қажет. Ата-бабадан қалған жерді сақтау – басты міндетіміз, бүкіл қазақ бас қосу керек» [90, б. 168-170] - деп ұран тастайды.

Нурмолдо және Молдо Кылыч сияқты қырғыз ағартушылары да қырғыз халқының сауатын ашып, санасын оятуға атсалысты. Молдо Кылычтың өте бай кітапханасы болған. 1911 жылы Қазан қаласынан оның «Қысса-и Зилзала» атты поэмасы (И.Арабаевтың ұйымдастыруымен – Б.А.) басылып шығады. Онда халықты заман ағымына сай білім мен кәсіпті меңгеруге шақырады [84, с. 68].

Қорыта айтқанда, жәдиттік қозғалыстың дамуы Жетісу облысын ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың басында Ресей империясы құрамындағы алдыңғы қатарлы қоғамдық-саяси ой дамыған аймақтардың біріне айналдырды. Жетісудағы жәдиттік қозғалыс орыс әкімшілігі мен ескі тәртіп жақтаушыларының қарсылығына қарамастан жергілікті тұрғындарды Еуропа мәдениетімен таныстырды. Жетісу тұрғындарын заман талабына сай өмір сүруге ұмтылдырып, ұлттық санасының оянуына түрткі болды. Қазақ және қырғыз халықтарының ұлттық саяси элитасының қалыптасуына ықпал етті. Аз уақыт ішінде Жетісудың жергілікті тұрғындарын орыс отаршылдығы мен діни фанатизмге қарсы ұлт азаттығы жолындағы күреске алып келді. Дегенмен, патша үкіметінің ағартушылық саясатына қарсы тұрудың жалғыз жолы ретінде дәстүр мен діннен ажырамауға тырысып отырған қарапайым тұрғындардың көпшілігіне қадымшылық пен жәдитшілдіктің арасында таңдау жасау қиын болды.

3.4 1916 жыл. Көтеріліс кезеңіндегі күнделікті өмір

1916 жылы облыс тұрғындардың күнделікті өмірі әдеттегіден өзгеше, төтенше жағдайда өрбіді. Тіршілік өзінің қалыпты арнасынан шығып, қайғы мен қасірет, қорқыныш пен үрей құшағына оранды. Оған патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы майданның қара жұмысына «бұратана» халықтардан адам алу туралы жарлығы себеп болды.

Патша жарлығы бойынша қара жұмысқа Орта Азия мен Қазақстаннан 19-43 жас аралығындағы 400 мың адам алынуы тиіс болса, оның 87 мыңын Жетісу облысынан алу жоспарланды [108, б. 7].

Жарлықты естіген облыстың мұсылман тұрғындарының арасында дүрбелең туып, үрейге бой алдырған халық сендей соғылысты. Патша «жергілікті халықтан әскерге адам алынбайды» деген сөзінде тұрмады деп ашынған халық, болыстық басқармаларының жарлықты орындауға шақырып, «сендерді майданға жұмысшы қылып алады, ол үшін ақша төлейді» деген сөзіне сенбеді. Бұған дейін оларға өздері ақша төлеуге мәжбүр болып келген жергілікті тұрғындар, өздерін алдап тұр деп қабылдап, болыстардың сөзіне сенуден үзілді-кесілді бас тартты. Жергілікті әкімшіліктегі орыс шенеуніктеріне тіпті де сенбеді. Оны жарлыққа байланысты Жетісу облысындағы халықтың көңіл-күйін бақылап отырған шенеуніктердің өздері де өзара құпия хабарламаларында мойындайды. Онда: Жетісуды жаулап алғаннан бері шенділердің жергілікті халыққа деген қарым-қатынасы адал болмағанын; ел аралауға шыққанда өздерін күткені үшін жергілікті халықтың шығынын төлей бермегендерін және болыстық басқармаларына кандидат сайлауларын өткізу үшін әкімшілік тарапынан әртүрлі алымдар көбейгенін айта келіп, «осылардың бәрі жергілікті халықтың орыс әкімшілігіне деген сенімсіздігін тудырған еді, олардың арасындағы қазіргі көңіл-күй сол сенімсіздіктен шығып отыр» [269, п. 60]-дейді.

Патша үкіметі қазақ жеріндегі отарлық саясат зардабының ауырлығына байланысты жергілікті халықтың көңіл-күйін жіті бақылауда ұстап отырған. Әсіресе, I дүниежүзілік соғыс жылдарынан бастап әскери губернаторлар жоғарыға тұрғындардың көңіл-күйі туралы ұдайы есеп беріп отырған. Жетісу облысы бойынша берілген сондай есептердің бірінде (1915ж.): «облыстың орыс және мұсылман тұрғындарының көңіл-күйі қалыпты, соғыс қажеттіктері үшін және әскерге кеткендердің отбасыларына заттай, ақшалай көмек беруде; мемлекеттік Думаның таратылғаны туралы хабарды орыстар да, жергілікті халықтар да жайбырақат қабылдауда, таңырқау байқалмайды; жергілікті халықтарға түтін салығы мен соғыс салығының көбеюі олардың тарапынан орыстарға деген жек көру сезімін тудырғаны да байқалмайды деп айта келіп, бірақ, биылғы жылы алдағы үш жылға (1916-1918 жж.) арналған болыстық сайлаулары өтеді, партиялар арасындағы қырқыс бізге (орыс билігіне) қарсы үгітке негіз болуы мүмкін, ол жылдан-жылға анық байқалуда» [270, п. 1-12]-деп көрсетеді.

Жергілікті басшылар саяси жағдайды бақылап отырғанымен, экономика саласын ауыздықтай алмады. Сырттан әкелінетін азық-түліктің қымбаттығы мен жетіспеуіне байланысты алыпсатарлық өршіп, жергілікті астық өнімдерімен қоса ет те қымбаттады. Облыста мануфактуралық өнімдермен бірге күнделікті тұтынатын өнімдер: аяқ киім, металл бұйымдар, темір, қант, сіріңке, майшам т.б. өнімдер 1916 жылы қаңтар және ақпан айларында 50-300% аралығында қымбаттап кетті [271, п.1-2]. Оның үстіне қаржы тапшылығына байланысты 1915 жылдың 1 қаңтарынан бастап әскерден босатылғандар әскери салық төлеулері тиіс болды. Империяның кейбір шет аймақтарында бұрынғы

салыққа қосымша әскери қызметті алмастыратын ерекше салық түрі енгізілді. Бұл ерекше әскери салық 1911-1914 жылдары әскерге шақырылмағандарға салынды, ал егер шақырыла қалса немесе жасы 43 ке толса, онда салықтан босатылатын болды. Салықтың жылдық мөлшері дүние мүлкінің көлеміне қарай анықталды. Жылдық табысы 1000 сом болса, 6 сом, 20 000 сом болса, 200 сом салық төленді. Мысалы, Торғай облысында бұл салық барлық салық түрлерінің 13%, Оралда-17%, Семейде-18%, Ақмола облысында -20% құраса, Түркістан өлкесінде 21% жетті [65, с. 24].

Түркістан өлкесінен майдан қажеттіліктері үшін деп өте көп мөлшерде азық-түлік өнімдері, мал, тұрмыстық бұйымдар алынды. Мысалы, 1914-1916 жылдарда 474 мың пұт балық, 299 мың пұт сабын, 70 мың жылқы, 13 мыңдай түйе, 38 мың шаршы кез киіз, 441 киіз үй және т.б. алынған. Ал, 1914 жылы бір ғана Жетісу облысынан алынған мал мен ауылшаруашылығы өнімдерінің құны 34 млн. сомға тең болды. Бұл көрсеткіш 1916 жылы бірнеше есеге өсіп, елде билікке қарсы халық наразылығының өршуіне түрткі болды. Салық көлемі түтін басына шаққанда 3 сомнан 8 сомға дейін өсіп, ұнның бір пұты 40 сомға жетті. Ол XX ғасырдың басында 94 тиынды құраған болатын [108, б. 6].

Елдегі әлеуметтік-экономикалық қиындықтар жергілікті қазақ-қырғыздарға ғана емес, орыс тұрғындарына да ауыр тиді. Мысалы, күйеулері соғысқа кеткен, елдегі қымбатшылықтан күнделікті тұрмыс-тіршілігі қиындаған Жаркент уезінің Вишняковск селосының әйелдері 1916 жылы көктемде әкімшіліктен мануфактуралық өнімдерге, аяқ киім және т.б. бағаны реттеуді талап етеді [271, п. 13]. Бірақ жергілікті биліктің қымбатшылықты тоқтатуға дәрмені жетпеді. Алыпсатарлық күн санап өршіп, ол тұрғындардың билікке қарсы наразылығының одан әрі өршуіне себеп болды. 1916 жылдың наурыз, сәуір айлары Жетісу облысында орыс халқының наразылық көрсетуімен ерекшеленді. Мысалы, 22 наурызда Верный уезінің Михайловск селосында, 28 наурызда Пржевальск уезінің Преображенск селосында, 28 наурызда Лепсі уезінің Ново-Андреевск, 30 наурызда Стефановск селоларында халық толқулары болып өтеді. Қымбатшылықтан әбден қажыған, күйеулері майданға кеткен орыс әйелдері көшеге шығып, наразылықтарын ашық білдіре бастаған. Наразылық шеруі барысында Михайловск және Преображенск селоларының әйелдері саудагерлердің дүкендерін тонап, мануфактура өнімдерін қолды қылса, Лепсі уезінің үш селосында сауда лавкалары қиратылып, сатушыларды қомақты шығынға ұшыратқан. Село әкімшілігі оларды тоқтата алмай, уезд басшыларынан көмек сұрауға мәжбүр болады. Ақырында бірнеше әйел тұтқынға алынады. Әйелдердің елдегі ауыр тұрмысқа наразылық білдіріп, осылай ашық әрекетке баруына майдандағы күйеулері хат арқылы бағыт беріп, жігерлендіріп отырған [272, п. 1]. Сонымен бірге шаруалар арасында кедейліктен, соғысқа кеткен ұлдарына деген сағыныштан психологиялық күйзеліске ұшырап, өз-өздеріне қол салу фактілері де кездесіп тұрған [273, п. 6].

Ресей империясының I дүниежүзілік соғысқа қатысуы, отар елдердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын барынша шиеленістіріп жіберді. Соғыс тым ұзаққа созылып, оның барлық ауыртпалығы халықтың мойнына түсті.

Әсіресе, жері мен малынан айырылған жергілікті тұрғындар патша үкіметінің салық саясатынан зор зардап шекті. Халықтың көзіне патша шенеуніктерімен бірге қазақ-қырғыздың болыстары, орыс әкімшілігінде қызмет істейтін тілмаштары, хатшылары және шенеуніктерді ел аралатып, ат-көлікпен қамтамасыз етуге міндеттелген қазақ-қырғыз жігіттері де, сарт, татар, армян саудагерлері де қанаушылар болып көрінді [107, б. 8].

Патша үкіметінің өңірде жүргізген саясатынан облыс тұрғындары әбден қалжырап, іштей күйзеліске түскен еді. Осындай ауыр тұрмыстан титықтаған халықтың шыдамын патша жарлығы шегіне жеткізді. «Балаңды алам» дегенде бұған дейін іштен тынған халықтың ащы дауысы шығып, бойды кернеген жарты ғасырлық ыза-кек ашық қарсылық түрінде сыртқа шыға бастады.

Жергілікті халықтан майданның қара жұмысына адам алу туралы патша жарлығы Жетісу облысына шілденің алғашқы күндері келіп жетті. Облыстың әскери губернаторы тез арада Верныйға жақын маңдағы болыстықтардың басқармаларын шақыртып, оларды шұғыл түрде осы хабармен таныстыра бастайды. Уезд басқармаларына да телеграфпен өкім жіберіп, жергілікті тұрғындардың ішіндегі беделді, ықпалды адамдармен сөйлесіп, патша жарлығын түсіндіруді және оның сөзсіз орындалуын талап етеді [269, п. 60].

Майданның қара жұмысына адам алу туралы хабар халыққа да, олардың басшыларына да мүлдем күтпеген жағдай еді. Қарқара көтерілісінің куәгері, көтеріліс қарсаңында тілмаш қызметін атқарған Әубәкір Жүнісовтың айтуы бойынша, майданның қара жұмысына адам беру керектігі туралы жарлықты естіген болыстардың өңі құп-қу болып кетіп, «біз елсіз ешнәрсе жасай алмаймыз» деп тарқай бастаған [108, б. 158-167].

Ал, бұл хабарды естіген ел іші күңіреніп кетеді. Оны Иса Дәкембаев «Июнь жарлығы» деген өлеңінде:

Жым-жырт жатқан сақара,
Басқандай болды албасты,
Зілді кезең кездесіп,
Кәрі-жастан сұр қашты,
Жарлығы шығып патшаның,
Ел сенделді, ер састы [274, б. 38] -деп суреттесе,
Жамбыл Жабаев:
Верныйдың ешкім бармай қаласына
Кемпір, шал жылап жатыр баласына.
Ешбір ем табылмады іздесе де,
Халықтың жүректегі жарасына.
Пристоп келіп қалды бала сұрап,
Ел жатыр бермейміз деп қойдай шулап.
«Қырсаңда баламызды бермейміз» деп,
Тайсалмай әке байқұс жатыр сұлап [111, б. 117] - деп көрсетеді.

2 шілдеде Жаркент уезінің бастығы Н.Н.Ступин Жаркент-Тараншы және Жаркент-Дүнген болыстықтарының басшыларына патша жарлығын адамдар көп жиналатын жерлерде, мешіттерде оқып, халықты тегіс құлақтандыруды, әрі тез арада тыл жұмысына алынатындардың тізімін жасауды міндеттейді.

Жарлық шілденің 4-5 күндері тараншылар мекендейтін Ақкент болыстығы мен қазақ болыстықтарында, 11 шілдеде Иванов, Әлжан болыстықтарында таныстырылды. Халық барлық жерде бірауыздан қарсылық танытып, жарлықты орындаудан бас тартады [56, с. 83-84].

Шілденің 5 күні Верный уезінің Жайылмыс болыстығының қазақтары да Үшқоңырда бас қосып, майдан жұмысына бала бермеске бітім жасасады. Олардың ұйымдастырушысы жергілікті халық арасында зор беделге ие қазақ Сәт Ниязбеков болды. Оны естіген Шамалған болыстығының қазақтары да Есім Жирықовтың үйінде бас қосып, әскери губернатордың жиналысында қара жұмысқа адам беруге келісім берген болыстық басқармаларын өлтіруге бел байласады. Шамалған болыстығындағы қазақтардың белсенділері Балғабек Төлегенов, Түлкібай Тарпановтар болды. Бұлар туралы жоғарғы жаққа Нияз, Алпысбай деген тыңшылар арқылы мәлім болып, көп ұзамай Сәт Ниязбеков те, Балғабек Төлегенов, Түлкібай Тарпановтар да тұтқындалады.

Қазақтардың наразы көңіл-күйін, өшпенділігін байқаған билік, қарулы казак әскерін жасақтап дайын отырды. Қазақтар да өздеріне қарсы күш қолданылатын болса, қаруы жоқтығына қарамастан, орақ, шалғы, әртүрлі темір, пышақ және т.б. қолдарына түскен құралдармен қарсы тұрмақ болды [269, п. 41-42].

10 шілдеде Ұзынағаш болыстығының Үлкенсаз деген жерінде облыстың 11 болыстығынан 5 000 адам қатысқан жиын болып, олар да қара жұмысқа адам бермейміз деп бәтуаласады [108, б. 8]. Осы жиынға қатысқандардың көпшілігі Отар аймағының қазақтары болды. Олар 13 шілдеден бастап тауға қарай көше бастайды. Басшылары оларға таудан түспеуге нұсқау береді. Өздері, егер әкімшілік тарапынан күш көрсетіліп жатса, телеграф желісін үзіп, әкімшілік мекемелеріне өрт қоюға бекінеді. Шілденің соңына таман Ботбай болыстығының Ақсеңгір ауылының қазақтары Балқаш көлінің маңына қоныс аудара бастайды. Батыс және Шығыс Қастек болыстықтарының жігіттері де алдын-ала байлардың аттарын тартып алып, өздерімен бірге қару-жарақ жасайтын темір ұстасын және шынжырдан өрілген сауыттарын алып, ауылдан кетіп қалған [56, с. 85-86].

Қарқара аймағына патша жарлығы шілденің 7 күні белгілі болған. Болыстық басқармаларын жарлықпен таныстырған Нарынқол-Шарын бөлімшесінің бақылаушысы А.А.Подварков (қазақтар оны бас киімінің артына желкесін жауып тұратын ақ шүберек қыстырып алатын болғандықтан «Ақжелке» деп атаған) уақыттың тығыз екенін айтып, үш күннің ішінде қара жұмысқа алынатындардың тізімін дайындауды тапсырады. Бірақ өзі, үш күнді күтпей, 9 шілде күні күдікті деген жерлерге өзінің адамдарын және әскер жіберіп, елдің үрейін ұшыра бастайды [108, б. 158-167]. Онымен де қоймай, 10 шілдеде «Қарқара жәрмеңкесінде саудагерлердің 50 шақты ірі қарасы жоғалды, оны ұрлаған қазақтар. Сондықтан әр болыстыққа бөліп алып, шығынды төлеңдер» - деп халықты қыспаққа ала бастайды. Халық оған наразылық танытады [108, б. 170-177].

Шілденің 11 күні Ұзақ, Жәмеңке, Серікбай, Тұрлықожа, Айтбай сынды албанның белсенділері Қарқара алқабына қалың халықты бастап келіп,

жарлыққа байланысты бірауыздан «бала бермейміз» деген шешімдерін айтады. Халықтың патшаның бала сұрағанына ашынғаны сондай, куәгердің мәлімдеуінше, осы жиынға өгіз мініп келген бір ақсақал пышағын суырып алып, «бала берем дегендеріңді жарып өлтірем»-деп айқай салған [108, б. 158-167].

Оқиға куәгерлерінің бірі Алдаберген Қойшыбекұлы өзінің осы жиналыстан кейін тілмаштың қолындағы тізімді алып, жыртып тастағанын айтады. Оған өкпелеген тілмаш «ел қарсы шығып жатыр» деп хаттама жазуға ыңғайлан. Бірақ ауыл старшындары әрқайсысы бір-бір қозыдан сегіз қозы және үстіне ақша қосып беретін болып, оның ашуын басып, райынан қайтарған [108, б. 167-169]. 11 шілдедегі жиында белсенділік танытқандардың бәрі тұтқынға алынады. Куәгер Әубәкір Сұлтанбекұлының айтуынша, ізінше саудагерлердің жоғалған малын төлеп бермесе, тұтқындалғандарды өлтіреді деген сыбыс тарала бастайды. Қорыққан ел Подварковқа 30 000 сом ақша жинап береді. Оған қоса халықтан бала сұрап отырғаны аздай, майдан қажеттілігі үшін деп 1000 сом тағы жинап алады [108, б. 170-177].

Патша жарлығы ел ішін аласапыран күйге түсірді. Халықтың көңілі ала-құла болып, ертеңгі күніне алаңдай бастады. Шаруаға қолдары бармай, жылт еткен жаңалыққа құлақ түріп, елендеумен күн өтіп жатты. Жарлық шыққаннан кейінгі ел ішінің жағдайы туралы Әубәкір Жүнісов: «астық пісті, орылмады, шөп шабылмады, науқан, шаруа, қыс қамы жайына қалды. Елдің мойыны босап, сөз аңдитын болды» [108, б. 158-167]-деген ақпарат берсе, Мұхтар Әуезов: «Келелі шаруа, күнделік қам, ас, дүние, мал-мүлік дегеннің бәрі ескерусіз қалды. Ел «болыстар не дейді? Ақсақал, басшы, үлкендер не дейді? Не жауап береді? Азаматын қия ма, қолынан оққа байлап, ұлық қолына бере ма, беремін дей ала ма? Жоқ, артына алаңдай ма? Ұлық не айтады? Не істейді?» деген оймен демін ішіне тартқан халық сағат сайын жаңалық күтті» [174, б. 33] - деп суреттейді.

Бұл мәліметтерді ресми деректер де айғақтай түседі. 1916 жылы шілде айының басында Верный уезінің Шапырашты, Қарғалы, Үлкен Алматы, Жайылмыс, Шамалған, Ботбай, Мойынқұм, Сарытауқұм болыстықтарының бәрінде халықтың көңілі толқулы, алаңдаулы болған. Жарлыққа байланысты осы өңірлердегі халықтың көңіл-күйін, ел ішіндегі ахуалды бақылау үшін жіберілген тілмаш: «Ел ішінде алып-қашпа, өсек сөз көп, дала толқып тұр. Барлық жерден еңіреп жылаған әйелдерді кездестіресің. Мен оларға: «сендерді соғысқа алмайды, соғыс алыста, сендерді жұмысшы ретінде ғана алады. Ешқандай қауіп жоқ» десем, сенбеді» деген мәлімет береді. Тұрғындар өздерін жұмысқа алса, соғысқа алып кетеді деп ойлаған. Кейбіреулері «қарусыз жұмысқа барғанша, қару алып соғысқа барайық» дескен. Мысалы, Верныйдан шенеуніктің келетінін естіген Сарытауқұм болыстығының қазақтары өздерін «соғыс алаңына алып кетеді, ол жерде қарусыз оққа ұшып өлеміз» деп ойлап, сусыз құмның арасына қашып кетіп, тығылып қалған. Жарлық шыққаннан кейін қалада қызмет істейтін қазақтар да қызметтерін тастап, өз ауылдарына қашып келе бастаған. Отар бөлімшесінің 15 болыстығының бетке ұстар

азаматтары губернаторға жолығып, адамның орнына қанша болса да ақша беріп, адамдарын қара жұмыстан алып қалуға әрекеттенген [269, п. 31].

Жергілікті тұрғындардың көңіл-күйі мен іс-әрекеттері билік орындарына тыңшылар арқылы мәлім болып отырған. Патша үкіметі отар аймақтарындағы тұрғындардың өздеріне іші жылымайтынын сезіп, оларды үнемі бақылауда ұстап отыру үшін тыңшылардың қызметін пайдаланған. Жетісу облысында да Түркістан аймақтық күзет бөлімінің 10 шақты қызметкері тыңшылықпен айналысқан [105, б. 14].

Майданға қара жұмысшы болып баруға наразы қазақтар өздерінің жастайынан аттың үстінде өскендігін алға тартып, майданға жұмысшы болып бару өмір салтымызға сәйкес келмейді деп, қарсылық танытты. Олар патша үкіметінің өздерін майданға казактармен тең дәрежеде алмауын «шұрайлы жерімізді қоныс аударушылар үшін тартып алған билік, енді майдандағы алғы шепте оқтың өтіне төсеп қойып окоп қаздырып, бізден осылайша оңай құтылмақ» [275, п. 87] десе, Нарын бойының қырғыздары «үкімет мықты жігіттерімізді майданға алып, оларды орыстардың алдына, алдыңғы шепке қою арқылы қырғынға ұшыратпақ, сөйтіп мұсылмандарды жойып жібермек» [276, п. 59] - деп топшылады.

Ресми деректерге сүйенсек, қырғыздардың арасында 1916 жылғы көтеріліске қатысты діни көңіл-күй басым болғандай көрінеді. Бірақ, бұл Сұлтан Долбаев, Жантай манаптың немересі Мұқыш Шабданов, Белек Солтонаев сияқты т.б. қажылардың молдаларды орыс билігіне қарсы күреске шақыруынан кейін қалыптасқан көзқарас болуы мүмкін. Себебі, Ив.Чеканинский жоғарыда аты аталған қырғыз азаматтары қырғыз молдаларын күреске шығуға үндей отырып, елдегі дін жағынан фанатикалық көңіл-күйдегі тараншылар мен сарттарды, татарларды, дүнгендер мен қашқарлықтарды орыс билігіне қарсы қырғыз көтерілісіне тартуды және ол көтерілісті бүкіл Жетісу өңіріндегі мұсылмандар арасында таратуды мақсат еткен болатын [57, с. 103] дейді.

Ел ішіндегі алып-қашпа, өсек сөздер күн санап өршіп, халықтың қорқынышы мен күдігін ұлғайта түсті. Оның соңы көп жерлерде өшпенділікке ұласып кетіп отырды. Мысалы, майданның қара жұмысына шақырылғандарына болыстар кінәлі деп сенген Қорам болыстығының 68 тұрғыны шілденің 12 күні болыстық басшысы А.Абдурасуловты өлтіріп, қара тізімді жойып жібереді. Сонымен бірге болыстың үйінен табылған 20.000 сомды иеленіп кетеді [108, б. 9]. Сондай-ақ, Қарасу, Жоғарғы Түрген болыстығының қазақтары да Батыс Талғар болыстығының қазағы Мырқасым Сүлейменовтің: «қалада бастапқыда түземдіктерді қара жұмысқа алу қажет болмаған, бірақ Жалилов пен Сағапаев «халық қара жұмысқа баруға келісті» деген. Сосын губернатор түземдіктер қара жұмысқа алынады дегенде ол екеуі қатты қуанған» деген сөзіне сенеді. Қара жұмысқа шақырылып жатқанына сол екеуі кінәлі деп сенген халық ашуға булығып, Жалилов (Қарасу болыстығының болысы) пен Сағапаевты (Жоғарғы Түрген болыстығының болысы) өлтіруге бел буады [269, п. 31].

Бұндай жағдай тек Жетісу облысында ғана емес, Түркістан облысының барлық аймақтарында да орын алып жатты. Мысалы, Сырдария облысының

Қоқан уезінің тұрғындары майдан жұмысына шақырылуларына ірі бай, көпес Салиджан Ходжиевті кінәлайды. Ол 1916 жылы Николай II патшаға барып, өзінің адалдығын білдіру үшін Түркістан өлкесінің жергілікті тұрғындарын майдан жұмысына алуын сұраған деп сенеді. Кейін қара жұмысқа кеткендердің жағдайын білуге барған Ходжиевке киім жетіспей, үсікке ұшырап, қиналып жүрген жұмысшылар «өз халқының сатқыны» деп балтамен, сүйменмен тап берген. Оны офицерлер мен казактар қорғап қалған [63, с. 72].

Осылайша, патша жарлығы халықтың тегеурінді қарсылығына тап болады. Бұған дейін мал-мүлкінен айырылып, азып-тозып, іштен тынған халық бауыр еті баласынан тірідей айырылмақ емес. «.... бала өлгенше шал өлсін» деген қазақ-қырғыз патшаға қарсы шықпақ. Осы кездегі халықтың қайғы-қасіреті мен ішкі байламын Иса Дәкембаев «Бекболат» поэмасында:

Баланы қолдан бергенше,
Қасірет, қайғы көргенше
Патшаға қарсы тұрамыз,
Өлсек шейіт боламыз.
Ноқталы басқа бір өлім,
Жас баланы берген соң,
Қайтіп шыдар жүрегім,
Жас баланы тұрғызып,
Керманға барып қырғызып,
Бала-шаға, кемпір, шал
Өзіміздің мекенде

Қырылып кеткен бір қызық [274, б. 39] - деп, дәл көрсетеді.

Сонымен халық қара жұмысқа бала бермеске, орыс билігіне қарсы тұрмаққа бекінді. Осындай қарсылықтың түбі бір боларын болжаған билік те халықтың үстінен бақылауды күшейтіп, сақадай сай отырды. Түркістан облысының генерал-губернаторы ротмистрлерге ел ішінен тыңшылар арқылы жиналған мәліметтерді әскери губернаторға беріп отыруды және осы бағытта атқарған жұмыстары жөнінде полиция департаментінің директорын үнемі хабардар етіп отыруды қатаң тапсырды [269, п. 32].

Әскери губернатор М.Фольбаум көтеріліс басталмай тұрып алдын-ала облыстағы барлық әскерді есепке алып, көтеріліс қаупі бар аудандарға жіберу үшін дайындап қойған болатын. Көтеріліс болуы мүмкін деген жерлерді жобалап, көтерілісшілердің қашатын жолдарын, тау қияларын зерттеп, соғыс жоспарын жасаған. Осылайша, қашар жер, шығар жол қалдырмай, көтерілісшілерді қырып тастамақ болған [107, б. 183].

Түркістан аймағындағы жергілікті халықтың өздеріне қарсы шығуынан күні бұрын сескенген патша үкіметі олардың күшін әлсірету үшін, әуел бастан-ақ сақтық шараларын іске асырған болатын. Жергілікті халықтың оқпен атылатын қару ұстауына заң арқылы тыйым салған билік, орыс қоныс аударушыларын мақсатты түрде қаруландырып, әрі оларға қаруларды айырбастауға, біреуге сыйлауға, жергілікті тұрғындарға сатуға қатаң тыйым салды. XX ғасыр қарсаңында Сырдария облысының орыстарына 1134 винтовка берілсе, Жетісу облысының казактарына 1000, орыс шаруаларына 2000

винтовка берілген. Оған қосымша 1911 жылы облысқа қоныс аударушы әрбір 8 отбасына 1 винтовкадан тағы таратылып беріледі. Осы кезде Жетісу облысының қоймаларында 7257 винтовка, 412 089 оқ-дәрі дайын тұрды [105, б. 13]. Өзінің әлеуметтік тірегі ретінде қонысаударушыларды қаруландырған билік, осылайша, жергілікті халықты мақсатты түрде ондай мүмкіндіктен шет қалдырды.

Ел ішіндегі жағдайды жіті бақылауға алған әскери губернатор тұрғындар арасында беделі бар, ықпалды адамдардың үстінен бақылау орнатып, олардың соңына тыңшыларды салып қойды. Ондай бақылау жоғарыда аты аталған көтеріліс ұйымдастырушыларымен бірге патша жарлығын Верный уезіне барып, беделді адамдармен бірге талқыламақ болған Қапал уезінің қазағы Кахакан Бабаев пен Жаркент уезінің тараншысы, көпес Уәли Юлдашовтың ұлы Жалаш Юлдашовтың үстінен де орнатылған [269, п. 30].

Жетісу қазақтары патшаның майдан жұмысына адам алу туралы жарлығын көршілес Семей облысының қазақтарымен талқылауға бәтуаласып, Қапал және Лепсі уездерінен Қарқаралы уезіне өз араларынан 8 адам аттандырмақ болады. Бірақ олардың бұл әрекеттері де алдын-ала тыңшылар арқылы жауапты органдарға жария болып, сәтсіздікпен аяқталады [269, п. 41-42].

Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сынды қазақ зиялылары «Қазақ» газеті арқылы «Алаштың азаматына» атты үндеу жариялайды. Онда халықтың патшаға қарсылық көрсетуінің соңы қазақ үшін қырғынмен аяқталатынын, әрі оны үкімет заңға сәйкес жүзеге асыратынын ескертіп, майдан жұмысына баруға үндейді. Болыстар мен ауылнайларға да тізім жасағанда елді бай-кедей деп алалаудың тек қана зиян әкелетінін ескертеді [277, б. 25-27].

Бастапқыда болыстар мен ауыл старшындары майдан жұмысына баратындардың тізімін жасауды елеусіз қалдырғандай кейіп танытып, әдейі кешеуілдетті. Бір жағынан халықтың тегеурінінен де сескенді. Бірақ, әкімшілікпен қоян-қолтық араласа қызмет етіп жүрген би-болыстар кез келген жерге әскер жіберіп, халықты қырып салуға дайын отырған биліктің ыңғайын байқап, дереу тізім жасауға кіріседі.

Тізім жасау барысында орын алған әртүрлі айла-амалдар мен қулық-сұмдықтар халықтың қайғы-қасіретін одан әрі қалыңдатып жіберді. Өздерінің майданның қара жұмысына шақырылуын әділетсіздік деп ашынған халыққа жергілікті байлар мен болыстардың тізім жасағанда жұртты алалап, бай балаларының орнына қорғансыз жетімдер мен бір үйдің жалғыздарын жазып жіберулері қайғы үстіне қайғы жамады.

Қапал уезінің тұрғыны, екі көзі су қараңғы Дәметкен кемпірдің жалғыз баласы Далабай «қара тізімге» ілінеді. Сонда баласын құшақтап тұрып:

Далажаным, жалғызым,
Су бойында жалбызым.
Жүзінді көріп қалуға,
Ашылсаңшы сұм көзім.
Немесе:
Жарқ етіп көзім ашылып,

Далаштың жүзін көрсемші.
Сылқ етіп сүйіп өлсемші,
Тірі күйік тартқызбай,

Қолыңнан мені көмсеңші – деп, зарын айтып жылағанда Дәметкеннің сәулесі жоқ тұңғиық қара көзінен тамшылап жас шығады. Тарамыс қолдарымен баласының бетін сипалап тауып алып сүйеді. Оның шырқырап жылағанын естіп тұрған ел жер басып тұра алмаған [274, б. 83].

Лепсі уезіне қарасты Мақаншы-Шілікті болыстығының қазағы Нұрмұқамбет Мырзаханов – майданның қара жұмысына барып келген, 1916 жылғы дүрбелеңнің куәгері. Ол көтеріліс қарсаңында болыс Ахметжан Мақамбеталыұлының жалшысы болып жүрген. Естелігінде ел жарлыққа наразылық білдіріп жатқанда, болыстың ауылдан кетіп қалып, ел үдере көшуге ыңғайланғанда келгенін айтады. Болыс келе салып Мақаншы жақта әскер шығып, қарсылық көрсеткен ауылдарды қырғынға ұшыратып жатқанын, болыстықта майдан жұмысына барудан бас тартқан екі қазақтың атылып өлгенін шошына баяндаған. Халық ерлікке балаған қарулы әскерге «Алдиярлап» қарсы шапқан молда Мұхамед қажының әрекетін бұзықтық деп, елдің қарсылығын қолдамайтынын аңғартқан. Өз ауылының жарлыққа қарсы шығып отырғанын шенділердің білмегенін айтып, хатшысына дереу қара жұмысқа баратындардың тізімін оқыта бастайды. Болыс тізімге негізінен есігінде жүрген жалшыларын, елдегі кедейлер мен жетімдерді жазған. Өзінің 19-30 жас аралығындағы алты баласының ішіндегі Көпбай деген жарым жан баласын ғана жаздырған (ауру болғасын дәрігерлік тексеру оны жұмысқа жарамсыз деп табатынын білген). Наразылық білдіргендерді есінен танғанша ұрып, күш көрсеткен. Куәгер тізімнен өзінің атын естігенде «есікте отырған менің жүрегім су ете түсті» дейді. Сонымен қоса, бізді аттандырарда жақын жердегі мешітке әкелді, «жалғызым» деп шулаған ел, молда азан айтты. Жұрт бата қылды, артта қалған ел жаназа оқып, салауат айтты [278, б. 436-444], - деген мәлімет береді. Байқап отырғанымыздай, бұл жерде Жетісу облысындағы қазақтар мен орыстардың ең алғаш ашық шайқасы болған Лепсі уезіндегі 1916 жылы шілде айының соңы мен тамыз айының басындағы қырғын туралы айтылып отыр. Осы оқиғаларды көзімен көріп келген Ахметжан болыс елін қырғыннан аман алып қалу үшін шұғыл түрде майдан жұмысына жіберілетін жігіттерді дайындай бастаған. Қара халық майдан жұмысына алынғандарды соғысқа, өлімге кетіп бара жатыр деп қабылдап, олардың тірідей жаназаларын шығара бастаған.

Бұл жердегі Ахметжан болыстың образы арқылы бір жағынан қорғансыз елін қырғыннан сақтап қалу үшін майдан жұмысына бала беруді жақтаған, екінші жағынан сол қоғамның шенеунігі ретінде қызметін асыра пайдаланған қазақ болыстарының қым-қиғаш, күрделі бейнесін көруімізге болады.

Тізім жасау барысындағы әділетсіздіктердің келесі бір құрбаны 1916 жылы Пугасовтың Верныйдағы шарап зауытында жұмыс істеп жүрген Верный уезінің тұрғыны Юсуп Бабаев. Ол естелігінде қыркүйек айында ауылына тез жет деген хабар алғанын, ауылына барғанда өзінің ірі бай Назар Ханаевтың баласының

орнына қара тізімге жазылып кеткенін, бай баласын алып қалу үшін Жетісу әскери губернаторының тілмашына 500 сом пара бергенін [58, с. 229] айтады.

Сол кездегі орыс ұлығына жақын жүрген қазақтың ұсақ шенеуніктерінің бейнесін М.Әуезов: оларда екі түрлі көз бар: біреуі – жалтақтай қарайтын жасқаншақ көз. Бұл – приставқа, судьяға қарайтын көз. Екіншісі – сыздана, кесірлене, керги қарайтын, асқақ, мақтаншақ, жемге қадалған қомағай көз. Ол – қазаққа, елге қарайтын көз [174, б. 15] деп суреттеп, аша түседі.

Тізім жасауда халықты алалау тек қазақтар ортасында ғана емес, сонымен қатар Орта Азиядағы отар аймақтардың бәрінде де көрініс берген. Мысалы, Сырдария облысының тұрғыны Расулджан Мадаминов та 1916 жылы жалшылықта жүрген жетім бала болған. Ол жергілікті байлардың «патша кімнің үш ұлы болса-екеуін, екі ұлы болса-біреуін, егер ата-аналары балаларын бергісі келмесе, орнына басқа біреуді беруге рұқсат берді» деп халықты алдағанын, өзінің қара жұмысқа Икрам байдың баласының орнына алынғанын айтады. Қоқан уезінде өзі сияқты 1000 нан аса жетім бала тізімге ілігіп, бай-болыстар олардың бәріне 165-700 сом аралығында ақша беріп, жұмысқа аттандырып барлығының сол қолдарына «еріктілер» деп жазып, жабыстырып қойғанын мәлімдейді [63, с. 73].

Патша әскерінің айбынын, елінің қорғансыз жағдайын түсініп, халықты жаппай қырғынға ұшыраудан аман алып қалуды ойлаған би-болыстар тізім-жасаудан басқа жол жоқ екенін түсінді. Ел басына күн туған сын сағатта құлқын қамын ойлағандар да көрініп қалды. Оған мысал ретінде Лепсі уезінің Мақаншы-Садыр болыстығының басқармасы Қасым Жақамбаевты, билер Оқыш Омаров пен Жексембек Князевті және Мәмбетбай-Қысқаш болыстығының биі Жаңабайды айтуымызға болады. Олар халықтың көңіл-күйін, пікірін білмей тұрып, тұрғындардан адамның орнына мал, ақша талап ете бастаған. Онсызда алым-салықтан, күнделікті өмірдегі әділетсіздіктерден жапа шегіп жүрген халықты патша жарлығы есеңгіретіп тастағандай еді. Осындай күйзелісті жағдайды бастан кешіп жатқан халыққа болыстардың бұл әрекеті, әрине, ұнай қоймады. Оларға ерегескен би-болыстар өздерінің ашкөздігіне наразы болған ауылдарды патша жарлығына қарсы көтерілмек деп дереу жоғары жаққа мәлімет берген. Алынған мәлімет бойынша жолға шыққан Лепсі уездік басқармасының көмекшісі, штаб-ротмистр Маслов бастаған ұсақ шенеуніктер мен қарулы жасақ Мәмбетбай-Қысқаш және Мақаншы-Садыр болыстығының халқын қырғынға ұшырата бастайды. Мұхамеджан Тынышбаев егер болыстық басқармасы Жақамбаев асығыстық жасамағанда, халық оның талабына бәрібір мойынсұнатын еді. Халық сонда осынша қасірет тартпас еді [106, б. 286] - дейді. Лепсі уезіндегі халық көтерілісіне өресі төмен билердің ашкөздігі мен Маслов бастаған қарулы топтың бейбіт халықты қырғынға ұшыратып, 100 шақты адамды жазықсыз атып, 100 ге жуығын тұтқындап алып кетуі себеп болған [277, б. 54].

Мақаншы-Садыр болыстығындағы 1916 жылғы осы қырғынға байланысты куәгер Мырзаханов Нұрмұхамбет: «Ел атқа қонғаннан бері «елім көтеріліп жатыр» деп қаладан шықпай солдат ертіп келіпті дегенді естіген ел «Жақамбайдың Қасымы залым болыс қой, қанша елдің қанын төкті» деп

Қасымға лағнет айтты» [278, б. 436-444]-деген ақпарат береді.

Осы оқиғалардан кейін Лепсі уезіне қарасты Алакөл, Шарбақты болыстықтары мен Бахты аймағының Барлық, Емел болыстықтарының қазақтары Қытайға, Жоңғар Алатауының аңғарларына, келесі бір тобы Балқаш құмдарына қаша бастайды. Қарулы жасақ Мақаншы-Садыр болыстығына көмекке келген Мақаншы-Шілікті, Мақаншы-Қысқаш болыстығының №4 ауылының молда Мұхамед қажы бастаған көтерілісшілерін оқтың астына алып, қолға түскен 200 дей адамды азаптап, қылышпен шапқылап өлтіреді. Қалғандары Лепсінің қарсы бетіне қашып, орыс отрядының талауына ұшырайды. Орыстар бұлардың 5000 ға жуық қой, сиыр, түйе, жылқыларын тартып алып, 92 адамын тұтқындаған [57, б. 82-83]. Оның ішінде көтеріліс басшыларымен бірге ауыл старшындары, билер, елубасылар болған. Осыдан кейін Лепсі уезіндегі халық көтерілісі тоқтатылып, қыркүйектің соңына қарай Қытайға өтіп кеткендерінен басқа барлық болыстықтар қара жұмысқа адам бере бастаған [275, п. 191].

Қапал уезіндегі жалайырлардың көтеріліске дайындық шараларын штаб-ротмистр Маслов пен полковник Осиповтың жасақтары тез арада басып тастайды.

1916 жылдың тамыз айында көтеріліс бүкіл Жетісу облысын қамтыған болатын. 3 тамызда Верный уезінің Асы жайлауында Қызылбөрік болыстығының қазақтары көтерілсе, 6 тамызда Қастек және Ботбай болыстығының қазақтары тізім жасауға келген Отар бөлімшесінің приставы Гилевтің отрядымен қақтығысқа түседі.

7 тамызда көтерілісшілер Ұзынағаш селосынан Қордай станциясына дейінгі барлық пошта жолдарын иеленіп, телеграфты қиып тастайды. Самсы пошта станциясы істен шығарылып, Сергеев, Вильямов, Прудки, Бургун, Пригородный, Дегерес, Болдажан селоларымен байланыс үзіледі. Казанско-Богородск, Татьянаовск, Самсонов селоларына қауіп төндіреді. Көтерілісшілер қонысаударушылардың малын, 200 аңшы мылтығын алып кетіп, егістік алқаптарын өртеп, үйлері мен диірмендерін, омарталарын қиратқан. Бірнеше адамды өлтіріп, тұтқынға алып кеткен. 7 тамызда Верныйдан әскер шығып, көтерілісшілердің басшыларын тұтқындап, өздерін қырғынға ұшыратады. Аман қалғандарының жартысы Шу алқабына, жартысы Балқаш маңына қашуға мәжбүр болады. Верный уезіндегі көтеріліс 18 тамызға дейін созылып, қазақтардың жеңілісімен аяқталады [57, б. 84-85].

Тамызда Пішпек, Пржевальск, Жаркент уездерінде халық наразылығы күшейіп, көтерілісшілер Тоқмақтан Пішпекке баратын жолдың бәрін басып алып, Пржевальскімен телеграф байланысын үзіп, орыс селоларына шабуыл жасай бастаған. Орыстардың елді-мекендерін өртеп, мал-мүлкін тонап, адамдарын тұтқынға алған [279, п. 15-16].

8 тамызда Жетісу облысындағы қанды қырғын болған жерлердің бірі Пржевальск уезінде ағайынды Шабдановтардың басшылығымен Үлкен Кебен алқабында Сарыбағыш, Атакин болыстықтары көтеріліп, Ыстықкөлдің солтүстік жағалауындағы барлық болыстықтарды көтеріліске шақырады. Сол күні көтерілісшілер Бачино селосының маңында 178 винтовка мен 350 оқ-дәріні

колға түсіреді. Тамыз айының 8-10 аралығында пошта станциясының кеңсесін, Ыстықкөлдің солтүстік жағындағы орыс селоларын талқандап, еркектерін өлтіріп, әйелдері мен қыздарын тұтқынға алып кетеді. Барскаун, Гоголев селолары талқандалып, 10 тамыз күні наразы халық Кольцевое селосына шабуыл жасаған. 14 тамызда селода тірі қалғандардың саны – 870, ал тұтқынға алынғандардың саны – 36 адам болған. 15 тамызда көтерілісшілер Пржевальск уезіндегі барлық селоларға шабуыл жасап, Пржевальск қаласы маңындағы Николаевск станицасы мен Аксу және Тюп селоларынан басқа орыстардың елді-мекендерінің бәрін өртеген. Көп ұзамай әскерилер мен милиция жасақтары мұсылмандарға қырғидай тие бастайды. Олар дүнгендерді үйлерінен, көшеден ұстап әкеліп өлтіре береді. Тамыздың соңына қарай Верныйдан Бычков және Тоқмақтан Гейциг бастаған әскер келіп, қарулы отрядтан қорыққан қырғыздар Қытайға қарай босып кетеді. Өздерімен бірге қолға түскен 1000 тұтқынды да ала кетеді. Пішкекте басталған көтеріліс Пржевальск аймағына жайылады. Бұл жердегі олардың басшысы манап Қанат Абукин болды. Көтеріліс барысында Батыр хан 18 болыстықты, ал Сагалы Алматаев 12 болыстықты бастап шыққан [280, б. 35-36].

1916 жылғы қырғыз жеріндегі қырғынның куәгерлері орыс ұлтының өкілдерінің көрсетуі бойынша, олар көтеріліс кезінде үйлерін тастап, шіркеудің ішіне тығылып отырған. Көпшілігі кеш түсе бой тасалап, қашып кеткен, ал қашып шығуға үлгермегендерді қырғыздар тұтқынға алып, Қытайға өздерімен бірге алып кеткен. Куәгерлер қарапайым қырғыздар мен орыстардың күнделікті тұрмыста қарым-қатынасы жақсы болғанын, жасөспірімдердің бір-бірімен тату болғанын, қырғыздар орысша, орыстар қырғызша да сөйлей бергенін айтады. Көтерілістің шығуына Николай II патшаның бұйрығы себеп болып, ақырында қырғыздар қырғынға ұшырап, Қытайға қашуға мәжбүр болғанын баяндайды [66, с. 490-496].

1916 жылғы Жетісу өлкесіндегі көтерілістің келесі бір куәгері Түркістан өлкесінде миссионерлік қызметпен айналысқан, меннонит протестант сектасының өкілі, ұлты неміс – Герман Янтцен еді. Ол естелігінде көтеріліс кезінде қырғыздардың өзіне «соғыста немістер орыстардың бәрін қырып тастаған, сондықтан олар бізді әскерге алмақшы. Біз мешіттерде немістердің жеңіске жетуіне дұға қыламыз. Орыстар біз сияқты сендерді де жек көреді. Кек қайтаратын уақыт келді» деп, үгіт жүргізгенін айтады. Сонымен бірге «орыс селоларында тек әйелдер мен егде адамдар, балалар ғана қалған болатын. 17-45 аралығындағы ер адамдардың бәрі әскер қатарында. Қырғыздар орыстарды өлтіріп, үйлерін, егістіктерін өртеді, адамдарын тұтқындап алып кетті. Көптеген орыстар қыздарын селодан басқа жаққа жіберді. Мен де қорқып, қызым Аннаны Самараға туыстарыма аттандырдым. Ол сол жақта бір жыл тұрды. Көп ұзамай, қатарында тонауға түскен орыстардың әскердегі ұлдары мен әкелері бар, қарулы әскер шығып, қырғызбын дегендердің бәрін қырып-жойды. Бұлардың кек қайтаруы қырғыздардың әрекетінен де қорқынышты болды. Әскер тау арасына дейін еніп, көзіне көрінген қырғыздың бәрін өлтірді» [63, с. 76] - деген ақпарат береді.

Майдан жұмысына адам берген аймақтар қанды қырғыннан аман қалса, тегеурінді қарсылық көрсеткен Жетісу облысының Қарқара, Пржевальск аймағы қанға бөгіп, тұрғындар патшаның қарулы әскеріне төтеп бере алмай, елден үдере қашуға мәжбүр болады. Қарқара көтерілісінің куәгері Сыбантай Баянтаев: «Жәрмеңкеге кіре берісте бір жерде сегіз адам жатыр. Барлығын да қылышпен шапқылап өлтірген. Әсіресе, бір жүкті әйелді қолтығының астынан шауып, ішіндегі баласын ақтарып тастапты. Бұл жердегі өлгендер 30 адам екен: 10 әйел, 20 еркек. Дүкеннің бәріне өрт қойған. Осы қырылған адамдарды көріп, қорықтық. Тарап кеттік. Қашайық деген ой келді» [108, б. 201-203]-дейді.

1916 жылғы ойран тек ересек, ақыл тоқтатқан адамдардың ғана емес, жас балалардың да көңіліне мұң, өмір жолында өшпестей із қалдырды. Төтенше жағдайдағы балалық шаққа шаттық пен қуаныштан гөрі атыс-шабыс, өртенген үй, оқтан өлген адам, жоқтау, қарғыс, өшпенділік, уайым-қайғы, күдік, үрей т.б. тосын жағдайлар тән болды. Ойын балаларының көңіліне қаяу түсіп, балалық шақтары уайым-қайғы, қорқыныш құшағына оранды.

Қарқара көтерілісі кезінде ойын баласы болған Самсалы Қожабеков 1916 жыл туралы: «Менің 7-8 жасар кезім, бір байқайтынымыз, елде қобалжу, толқу басым. Әкеміз «Қарқара жәрмеңкесіндегі қақтығысудың жалғасы ғой» деп жылап та алады. Қашанғы, не қылған қақтығыс, онда біздің шаруамыз жоқ. Бірақ, әкемнің жылағанын көрсем қабырғам қайысатын. Әкемнің жылайтын себебі, Жалаңаштағы егінші қазақтар мен казактар арасындағы соғысты естіп, жайлауға бармай, ағайынды үш үйдің егінін қарап қалған кіші інісін уайымдайды екен. Жалаңашта қалған диқаншылар бізге келіп қосылғанда таң атпастан үлкендердің «А, Құдай, бір жан» деп жылап көріскені есімнен кетпейді. Жалаңаштан кейін бізге де оқ атылды. Ел мал, үй-жайды тастай, төсектегі баланы жалаңаш суырып алып қашты.

Ел дамылдай қалса, ағаш атқа мініп алып шапқылаймыз. Ойымызда ештеңе жоқ. Бірақ, шешелеріміз мазасызданып, қайта-қайта жылай беретінді шығарды. Сөйтсек, ел Қытайға көшіп бара жатыр екен. Шекараға келгенде мылтық атылды. Мылтық дауысын естіген балалар жыладық. Үлкендер «бізге емес, қалмақтарға атып жатыр» дегеннен кейін басылдық» [108, б. 189-197] - деп еске алады.

Патша үкіметі жарлыққа қарсылық көрсеткен аймақтардағы бейбіт халықты қырғынға ұшыратып, көтеріліс басшыларына өлім жазасын кесті. Олардың кейбірін түрмеге барар жолда сотсыз-тергеусіз атып тастаса, Бекболат Әшекеевті 14 серігімен бірге дарға асып, бірнеше күн бойы асылған күйінше қалдырған [105, б. 18]. Осылайша, алдыңғы қатарлы елдерде адам құқығы мәселесі әлдеқашан шешімін тауып, адамзат ақыл-ойы салтанат құрып тұрған XX ғасырдың басында қазақ жерінде ортағасырлық жазалау түрі қолданылды. Сол арқылы патшаға қарсы шығудың өтеуі қандай болатынын көрсетіп, облыстың басқа аймақтарын жарлыққа мойынсұнуға мәжбүр етті. Ал қанды қырғынды көзбен көріп, шошынған шекара бойының тұрғындары елден безуге мәжбүр болды. Зәре-құты қалмаған халық Қытайға қашты. Қарулы әскер қашқан елді соңынан қуа отырып, шекарадан өткенше оқтың астына алды.

Әдетте адам өлімі қалыпты биологиялық құбылыс ретінде қабылданса,

көтеріліс барысында ол кең көлемде, әрі мақсатты түрде жүзеге асырылып, күнделікті өмірдің тосын, әрі жиі қайталанатын құбылыстарының біріне айналды. Қуғын-сүргінге ұшыраған халықтың өлікті жөнелту салты бұзылып, аруағын арулап аттандыру мүмкіндігінен айырылды.

Ш.Б.Тілеубаевтың көрсетуі бойынша Жетісудағы көтеріліс барысында орыс тұрғындарынан хабарсыз кеткендер саны 1384 адам. Өлгендер саны: Верный уезінен-16, Жаркент уезінен-32, Пішпек уезінен-98, Пржевальск уезінен-2179 адам болған. Ал, қазақ пен қырғыздың 94 ауылы қырғынға ұшыраған. 5373 үйі өртеліп, 1905 адамы өлген. 684 адам жараланып, 1105 адам тұтқынға түскен [105, б. 18-19]. Ал, А.Каппелер 3000 орыс тұрғыны өлтіріліп, 10 мың орыс селолары тоналып, өртелгенін, 100 мыңға жуық қазақ-қырғыз өлтіріліп, 200 мыңы Қытайға қашуға мәжбүр болғанын [64, с. 260] алға тартады.

М.Тынышбаевтың Жетісудың босқын қырғыз-қазақтары туралы дерегі бойынша облыста, адам шығыны азырақ болған жерлерді есептегенде, көтерілістің негізгі ошақтары 44 болыстықты қамтыған. Оны уездерге бөліп көрсетер болсақ: Пішпек уезінде-5 болыстық; Пржевальск уезінде-24; Жаркент уезінде-14; Верный уезінде-1 болыстық. Бұл жерлердегі тұрғындар жаппай қырғынға ұшыратылып, елден қуылды. Көтеріліс қарсаңында аталған аймақтарды 238 795 адам (47 759 түтін) мекендеген болса, қуғын-сүргін барысында 201 250 адам (ол 40 250 түтін) Қытайға қашып, оның тең жартысына жуығы, яғни 95 200 жан өлім құшқан [43, б. 56-58].

Қытайға пана іздеп барған елдің жағдайы мәз болмаған. Қытай мен қалмақ шекарадан өтерде оқ жаудырып адамын өлтіріп, мал-мүлкін талап алған. Аштық пен суықтан да көп адам өлген. Қыздары мен әйелдерін кез-келген қашқарлық сарттар, дүнгендер мен қытайлар тартып алып, ойына келгенін істеген. Соңынан оларды өзара қолдан-қолға 50-100 сом аралығында мал сияқты сатып отырған. Қытай мен қалмақ әр нәрсені сылтау қылып, босқындарды ұрып-соғып жәбірлеуді әдет қылған. Осылайша, қазақ-қырғыз XX ғасырда Қытайда да зорлық-зомбылық көріп, құлдыққа ұшырады. Елге қайтып келгеннен кейін де үйсіз-күйсіз, аш-жалаңаш қазақ-қырғыз орыс мұжығына жалданып, қайыршылықта өмір сүрді [277, б. 78-79].

Дегенмен, орыстардың арасында көтеріліс кезінде төніп тұрған қауіпті алдын-ала ескертіп, қазақтарды жазадан аман алып қалуға себеп болғандары, Қытайдан оралған елге түсіністік танытып, тату тұруға тырысқандары да, көтеріліс кезінде шығын келтірдіндер деп, қайтып келген елден ақы талап еткендері де болды. Сонымен бірге көтеріліс кезінде жетім қалған қырғыз балаларын асырап-баққан, кейін отбасылы болып кетуіне де көмек көрсеткен орыстар, орыс қожайынын халықтың көтерілісінен сақтандырып, аман қалуына септігі тиген жергілікті халық өкілдері болғанын да жоққа шығара алмаймыз [281, б. 181-187].

Қорыта айтар болсақ, 1916 жылғы облыс тұрғындарының күнделікті өмірінен патша үкіметінің Жетісу жеріндегі жартығасырлық отарлық саясатының нәтижесі толықтай көрініс берді. Қазақ-қырғыз өз жерінде құқықсыздық жағдайында күн кешті. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі

империяның қаржылық-экономикалық ауыртпалықтары отар тұрғындарының мойнына түсіп, жері мен малынан айырылған жергілікті халықтарға салынатын салық мөлшері орыстарға қарағанда бірнеше есеге өсті. Отаршыл биліктің озбырлығына жергілікті би-болыстардың зорлық-зомбылығы қосылып, қазақ-қырғыз екі жақты қыспаққа түсті. Осындай әлеуметтік теңсіздік пен экономикалық қиыншылық жағдайында отырған халықтың ішіндегі отқа «маусым жарлығы» май құйғандай болды. Бұған дейін күнделікті өмірдегі әділетсіздіктерге іштен тынып, амалсыз көнген қазақ-қырғыз атқа қонды. Жергілікті халықтың үстінен қатаң бақылау орнатып, олардың көңіл-күйін, кез келген әрекетін жіті қадағалап отырған билік қарулы әскер шығарып, дереу жазалау шараларын іске асырды. 1916 жылғы дүрбелең кезінде тұрғындардың күнделікті өмірі бұған дейінгіден мүлдем өзгеше, төтенше жағдайға ауысты. Елде аласапыран басталып, бейқам өмір көзден бұл-бұл ұшты. 1916 жылғы көтеріліс жағдайындағы күнделікті тіршілікке ертеңгі күнге деген алаңдаушылық, сенімсіздік, атыс, кісі өлтіру, өрт, жоқтау, қоштасу, қарғыс, мұң-зар, өшпенділік, кек, уайым-қайғы, қорқыныш, елден қашу сияқты ауыр психологиялық көңіл-күйлер тән болып, тұрғындардың жан-дүниесін терең күйзеліске душар қылды. Бұл жағдайлар жас балалардың да көз алдарында өтіп жатқандықтан, олар да қайғы мен қасіретті ерте сезінуге мәжбүр болды.

III тарау бойынша қорытынды:

1867-1917 жылдар аралығындағы Жетісу облысындағы жергілікті мұсылман тұрғындарының салт-дәстүрі мен дүниетанымына қарсы бағытталған орыстандыру саясаты патша үкіметінің тікелей басшылығымен барынша жүйелі түрде жүргізілді. Өзінің қол астындағы халықтың бір дінде, бір тілде болғаны патша үкіметі үшін тиімді еді. Әрі халықтың рухани-мәдени өмірі үшін болған күрес бір күннің шаруасы емес, ол байыпты, ұзақ жылдарға жобаланған, әрі жан-жақты жүргізілуі тиіс мемлекеттік маңызды мәселе болды. Сондықтан миссионерлерден мұсылмандарды өздерінен үркітіп алмау үшін олардың діні мен дәстүріне «төзімділік» таныту талап етілді. Ақырында, шаруашылық және тұрмыстық қиындықтарға душар болған жергілікті мұсылмандардың ислам дінінен нәр алған салт-санасы мен дәстүрі өзгеріске ұшырап, орыс мәдениетін қабылдай бастады. Орыс білімі мен мәдениетін меңгерген жергілікті тұрғындардың арасынан болашақта елін сүйген нағыз ерлермен қатар білімі мен білігін өз халқына қарсы бағыттаған отарлық билік қалыптастырған жергілікті шенеуніктер де өсіп шықты. Орыс ағартушылығы жергілікті мұсылмандарды заманға сай біліммен толық қамти алмады, әрі оған мүдделі де болған жоқ. Жетісу өлкесіне Ресей империясының қол астындағы езілген түркі халықтарын біріктіруді мақсат тұтқан жәдиттік қозғалыстың келуі жергілікті тұрғындарды тегіс сауаттандыруды көздеді. Әрине, жәдитшілдікке алғашқы күннен қарсы шыққан Түркістан генерал-губернаторлығы қатаң бақылау орнату арқылы оның кең таралуына кедергі келтіріп бақты. Соған қарамастан аз уақыттың ішінде Жетісудағы жәдиттік қозғалыс жергілікті тұрғындарды Еуропа мәдениетімен таныстырып, езілген қазақ, қырғыз халықтарын орыс отаршылдығына қарсы көтеріліске жұмылдырды. Жергілікті тұрғындардың күнделікті көңіл-күйі мен кез-келген әрекетін тыңшылар арқылы

көз жазбай бақылап отырған билік халықты оқтың астын алды. 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі тұрғындардың күнделікті өмірі бұған дейінгіден мүлдем өзгеше, төтенше жағдайға ауысты. Күнделікті өмірге тән болған өте ауыр психологиялық көңіл-күйді облыстың жергілікті тұрғындары, қоныс аударушылар, жас балалар да сезді. Қарулы әскерге төтеп бере алмаған халық елден үдере көшуге мәжбүр болды.

ҚОРЫТЫНДЫ

1867-1917 жылдар аралығындағы Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының өмірі әлеуметтік тарихтың күнделіктілік бағыты бойынша талдауға алынып, ғылыми негізделді.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы жарты ғасырға созылған отаршылдық кезеңі қазақ халқының тарихындағы ерекше төтенше кезең болып саналады. Осы кезден бастап дәстүрлі мал шаруашылығы мен ислам дініне негізделген дәстүрлі дүниетанымы өзгеріске ұшырай бастаған қазақ қоғамының дағдарысы басталды. XIX ғасырдың II жартысында басталған бұл үрдіс XX ғасырдың басында әбден шегіне жетті. Оған себеп болған XIX ғасырдың II жартысында жүргізілген әкімшілік-аймақтық реформалардан бастау алған патша үкіметінің миграциялық саясаты. Отар аймақтарында өзіне саяси-әлеуметтік тірек орнату үшін өзге ұлт өкілдерін қазақ жеріне мәжбүрлеп көшіріп әкелу қарқынды жүргізіле бастады. Патша үкіметі үшін, әсіресе, Жетісу облысының стратегиялық аймақ ретіндегі маңызы зор болды. Облыстың Қытаймен, Орта Азия хандықтарымен шекаралас орналасуы патша үкіметін қауіптендіріп, бұл жерге өзіне тірек ретінде қоныс аударушылардың толассыз келуіне жол ашты. Ресей мен Украинадан казактар мен шаруаларды, Қытайдан ұйғырлар мен дүнгендерді көшіріп әкеліп, Жетісудың байырғы тұрғындары қазақтар мен қырғыздардың иелігіндегі ең шұрайлы деген жерлерге орналастырды. Жетісу жерінде өзге ұлт өкілдерінің саны артып, жайылымдық жерлер тарыла түсті. Жайылымдық жерлердің тарылуы мен патша үкіметінің салық саясаты мал басының кемуіне әсер етіп, тұрғындар арасындағы ұлт араздығының және патша үкіметіне деген наразылықтың тууына себеп болды. Жайылымдық жерлерінен айырылып, тау-тасты, тақыр жерлерге ығыстырылған жергілікті қазақ, қырғыз халықтары қоныс аударған өзге ұлт өкілдеріне жек көрушілікпен қарап, патша әкімшілігіне деген іштей өшпенділік сезімі тұтана бастады. Малынан айырылған халық кедейленіп, ғасырлар бойы тұтынып келген киім және тағам түрлерімен өздерін қажетті мөлшерде қамтамасыз ету мүмкіндігінен айырылды. Соның салдарынан денсаулығы төмендеп, әртүрлі жұқпалы ауруларға жиі ұшырады. Дәрігерлік қызмет көрсету орындары тек орыс селоларында ғана орналасқандықтан, жергілікті халықтар үшін қолжетімсіз болды. Бұл да биліктің отаршылдық саясатының бір сипаты болды. Билік үшін басты құндылық өңірдің барлық тұрғындары емес, соның ішіндегі орыс-казак қоныс аударушылары ғана болды. Ол патша үкіметі жүргізген ағартушылық саясатынан да көрінді. Білім ошақтары орыс селоларында ғана орналасып, жергілікті халықтың балаларын орыс мектептерінде оқытуды және жері мен малынан айырылған жергілікті халықтардың ауылдарын болашақта орыс селоларына қосып жіберуді мақсат етті. Сол арқылы олардың санасын орыстандырып, өздерін мәжбүрлі түрде отырықшыландыруды ойластырды.

Орыс билігі орнаған күннен бастап өмірге енген өзгерістер қазақ-қырғыздың бұған дейінгі менталитетіне және шаруашылық жүргізу әдісіне қарама-қайшы болғандықтан, халық оның бәрін жат көріп, үрке қарады. Отырықшылықты еркіндіктен айырылу деп қабылдаған халық орыстың

медицинасы мен біліміне де іштей қарсылық танытып, оны дәстүр мен дінге төнген қауіп деп санады. Бірақ, күн өткен сайын отарлық биліктің ықпалы күшейе түсіп, облыс тұрғындарының тіршілігі сол қоғамның қарым-қатынасына қарай бейімделе бастады.

XX ғасырдың басына таман дәстүрлі қазақ қоғамының дағдарысы тереңдеп, патша үкіметінің қоныс аудару саясаты жергілікті тұрғындардың өмір сүру салтын өзгерте бастады. Малынан айырылған халық амалсыздан отырықшылыққа көшіп, егіншілікке түпкілікті бет бұрды. Сауданың дамуы жергілікті тұрғындар өміріне оң өзгерістер енгізе бастады. Бұрын сауда айырбас түрінде жүргізіліп, қазақ, қырғыз өсімқорлықтан көп зардап шексе, жәрмеңкелік сауданың дамуы айналымға ақшаны шығарып, жергілікті тұрғындардың шаруашылық, тұрмыстық қажеттіктерін қанағаттандыруына неғұрлым ыңғайлы болды. Айналымға ақшаның шығуы қазақтарға ежелден айналысып келе жатқан аңшылық, үй кәсіпшілігі, қолөнер сияқты байырғы кәсіптерін табыс көзіне айналдыруға мүмкіндік берді. Қолдарындағы шикізатын базарларға шығарып, шаруашылық және тұрмыстық қажеттіліктерін барынша қанағаттандыра алды. Тауар-ақша қатынастарының дамуы тұрғындарға күнделікті өмірге қажетті материалдық жағдайын жасауға мүмкіндік берді. Тұрмысқа жаңа өнеркәсіп өнімдері: жаңа ыдыс-аяқ, жеңіл маталар мен ыңғайлы киімдер, құрал-саймандар енді. Сауда арқылы өмірге аграрлық салаға қажетті құрал-саймандар еніп, шаруашылық жүргізу сапасын жаңа сатыға көтерді. Ауыл шаруашылық машиналарының пайда болуы малдың қыстық азығын көбірек жинауға мүмкіндік берді. Сауданың дамуы, сонымен бірге облыс тұрғындарының бір-бірімен тығыз араласуына, шаруашылық байланыстарын нығайтуға мүмкіндік берді.

Әкімшілік-аймақтық реформалар жергілікті тұрғындардың күнделікті өміріне түбегейлі өзгерістер әкеле бастады. Қоғамды паракорлық, арызқойлық, маскүнемдік, ұрлық, бұзақылық, тонау, қарақшылық сияқты т.б. тосын құбылыстар мен үлкеннің сөзін тыңдамау, ағайын араздығы, руаралық тартыс сияқты жат әдеттер жайлады. Орыстандыру саясатын бүркемелеген Ресей империясының ағартушылық саясаты өңірге өзге дәстүр мен мәдениеттің таралуына жағдай жасады. Әскери, саяси, діни мерекелерді ашық алаңдарда, көшелерде кеңінен атап өтіп, жергілікті халықтың көзін үйрете отырып, өзінің иіріміне тарта берді. Орыс білімі мен мәдениетін насихаттап, жергілікті халықтың балаларына оны меңгертуге күш салды. Осы кезден бастап жергілікті мұсылман тұрғындардың дәстүрлі рухани әлемі дағдарысқа ұшырай бастады. Отарлық билік орныға түскен сайын бір кезде жергілікті тұрғындарға жат көрінген әдеттер қалыпты жағдай ретінде қабылданып, күнделікті өмірдің тұрақты элементтеріне айнала бастады. Жергілікті халықтың өздері өмір сүріп отырған қоғамның иіріміне қосылып, сол заманның барлық заңдылықтарын қабылдауы патша үкіметінің Жетісудағы билігінің барынша орныға түскенінен хабар береді. Бірақ, жергілікті тұрғындардың жаңа қоғамды, оның мәдениетін қабылдауы оңайға түскен жоқ, аталған өзгерістердің бәрі халықтың жан-дүниесінде терең із қалдыра отырып, жүзеге асырылды.

Мұсылмандық білімнің заман талабына сай келмейтінін түсінген Жетісудың қазақ, қырғыздары патша үкіметінің ағартушылық саясатын өздеріне тиімді пайдалануға тырысып, балаларын орыс оқуына бере бастады. Гимназиялық білім алған балалар орыс мәдениеті мен білімін меңгеру арқылы патша үкіметінің отаршылдық саясат жүргізіп отырғанына көзі жетіп, алған білімін қазақ халқының бостандығы жолына арнады. Олардың арасынан патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы шыққан жергілікті қазақ, қырғыз қайраткерлері өсіп шықты. Алайда, орыс білімін алған жергілікті халық өкілдерінің бәрі бірдей елінің қамын жейтін, ұлтжанды адамдар болған жоқ. Олардың қатарынан отарлық билікке жан-тәнімен қызмет етіп, өз ұлтының салт-дәстүрі мен тұрмысына жиіркене қарайтын, санасы өзгеріске ұшырап, ұлтқа тән болмысынан айырылған отарлық жүйе қалыптастырған «жаңа типті» адамдар шоғыры да пайда болды.

Ағартушылық саласында орыс оқуына бәсекелес болып жәдиттік қозғалыстың пайда болуы қазақ-қырғыздың ұлттық санасын оятып, олардың орыс отаршылдығына қарсы бірігуіне негіз қалады. Өз жерінде жүріп қорғансыз, құқықсыз жағдайда тіршілік кешуге мәжбүр болған қазақ, қырғыз халықтарының ішінде жатқан жарты ғасырлық ыза-кекті 1916 жылғы 25 маусым жарлығы сыртқа шығарды. Патшаға қарсы ұлт-азаттығы үшін көтерілген жергілікті тұрғындарды қарулы жасақ аяусыз басып, жаншыды. Қорқыныш пен үрей құшағында қалған халық ертеңгі күніне алаңдап, тірі қалудың амал-әрекеті – елден қаша бастады. Көтеріліс жағдайындағы тұрғындардың күнделікті өмірі әдеттегіден өзгеше, өте қиын жағдайда өрбіді. Күнделікті өмірге ертеңгі күнге, өміріне алаңдау, мұң-зар, атыс, кісі өлтіру сияқты т.б. ауыр жағдайлар тән болды.

1916 жылдың ауыртпалығын қоныс аударушылар да сезінді. Жергілікті тұрғындардың күнделікті өмірінде болып жатқан ауыр жағдайлар оларға да тән болды. Ұлт азаттық көтерілісінің негізгі себебі қоныс аударушыларға өтіп кеткен жерлер болатын. Сондықтан патша жарлығына наразы болған жергілікті халыққа орыс билігімен қоса ата-бабаларының жеріне салынған орыс селолары да жау болып көрінді. Бір жағынан алып қарағанда, қоныс аударушы халықтар да патша үкіметінің отарлық саясатынан зардап шегіп, туған жерлерінен қоныс аударып, өздеріне мүлдем жат, бейтаныс өлкеге келуге мәжбүр болған еді. Олардың да тарихи тағдыры қазақ халқының тағдырымен бірігіп, біте-қайнасып кетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру// Егемен Қазақстан. - 2017. -№70 (29051). – Б.1-2.
- 2 Теория и методология исторической науки. Терминологический словарь / Отв. ред. А.О. Чубарьян; РАН. Ин-т всеобщей ист. – Москва, Издательство Аквилон, 2014. – 576 с.
- 3 Қоғамның тарихи жады: XX ғасыр Алматы облысы Ескелді ауданы тұрғындарының өмірбаяндық әңгімелерінде. Ғылыми басылым./Жалпы ғылыми редакциясын басқарған проф. М.Қ.Қойгелдиев. – Алматы: «Дәстүр» баспасы, 2015. – 244 б.
- 4 Бисембаева Л.А. Тарих ғылымының жаңа бағыттары: ұлттық рухани жаңғырудағы ролі// ҚР ҰҒА Құрметті академигі, т.ғ.д., профессор Талас Омарбековтың 70 жылдығына арналған «Қазақ тарихына жаңа көзқарас» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2018. – Б. 368-371.
- 5 Коркюф Ф. Новые социологии. /Пер. с фр. Е.Д.Вознесенской, М.В.Феодоровой, научн. ред. Н.А.Шматко. –М.: Институт экспериментальной социологии; СПб.: «Алетейя», 2002. -172с.
- 6 The History of Everyday Life: Reconstructing Historical Experiences and Ways of Life /Edited by Alf Ludtke; Translated by William Templer. Editors Sherry B. Ortner, Nicholas B. Dirks, Geoff Eley. – Princeton, New Jersey, Princeton university press, 1995. –Р. 318.
- 7 Заблуждающийся разум?: Многообразие вненаучного знания./ Отв.ред. и сост. И.Т.Касавин. – М.: Политиздат, 1990. – 464 с.
- 8 Разум и экзистенция. Анализ научных и вненаучных форм мышления/Под ред. И.Т.Касавина, В.Н.Поруса. РАН. Институт философии и социологии. – Санкт-Петербург: РХГИ, 1999. – 400 с.
- 9 Пушкарева Н.Л. Предмет и методы изучения истории повседневности. / Электронды ресурс: <https://elibrary.ru/item.asp?id=21339954> (10.01.2018 қарадым).
- 10 Пушкарева Н.Л. «История повседневности» как направление исторических исследований. / Электронды ресурс: http://www.perspektivy.info/history/istorija_povsednevnosti_kak_napravlenije_istoricheskijh_issledovaniy_2010-03-16.htm (10.01.2018 қарадым).
- 11 Абдрахманова К.К. Повседневная жизнь городов Центрального Казахстана в 1945-1953гг. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. –Караганда, 2009. – 30 с.
- 12 Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында. 1941-1945 жж./Бас ред. М.Қ.Қойгелдиев. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 584 бет+8 бет суретті жапсырма.
- 13 Асымова Д.Б. Повседневная жизнь города Алматы XX в. 20-30 годов. В кинофотофоно документах. На соискание ученой степени доктора философии (PhD). –Астана, 2013. –173 с.

- 14 Хамидуллина Д.Ұ. Қазақстандағы «арнайы контингенттің» күнделікті өмірі (XX ғас. 30-50 жж.). Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2014. – 175 б.
- 15 Леденев Н.В. История Семиреченского казачьего войска. – Верный, 1909. – 859 с.
- 16 Васильев В.А. Семиреченская область как колония и роль в ней Чуйской долины. Введение к проекту. – Пг., 1915. – 277с.
- 17 Никольский А.М. Путешествие на озеро Балхаш и в Семиреченскую область. – СПб., 1885. – 84 с. + 59 с.
- 18 Трегубов А.Л. Переселенческое дело в Семипалатинской и Семиреченской областях. С.-Петербург, 1910. – 78 с.
- 19 Смирнов Б. В. В степях Туркестана. – Москва: Изд. книж. склада М.В.Клюкина, 1914. – 64 с.
- 20 Гинс Г.К. В киргизских аулах: очерки из поездки по Семиречью. – Б.м.: б.и., 1913. – 332 с.
- 21 Краснов А.Н. Очерк быта Семиреченских киргиз: читано в собрании Отделения Этнографии 27 марта 1887 г. – СПб.: Тип. А.С.Суворина, 1887. – 46 с.
- 22 Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. – Алматы: Международный клуб Абая, 2005. – 236 с.
- 23 Недзвецкий В.Е. Административные устройство, оседлые пункты и кочевые волости Семиреченской области (по сведениям на 1 января 1913 г.) – Верный: Типо-Литография М.И.Обухова, 1913. – 209 с.
- 24 Недзвецкий В.Е. Плуг, его устройство и управление им. (Доклад читанный в годичном собрании Семиреченского общества сельского хозяйства 19 февраля, 1903 г. членом общества В.Е.Недзвецкого). – Верный, 1903. – 22 с.
- 25 Бобровников Н.А. Русско-туземные училища, мектебы и медресы Средней Азии. Путевые заметки. – СПб, Сенатская типография, 1913г. – 90 с.
- 26 Граменицкий С. 25-летие учебного дела в Туркестанском крае. – Б.м., 1901. – 26 с.
- 27 Седельников Т.И. Борьба за землю в киргизской степи. Киргизский земельный вопрос и колонизационная политика правительства. – С-Петербург, 1907. – 79 с.
- 28 Шкапский О.А. Переселенцы-Самовольцы и аграрный вопрос в Семиреченской области. – С-Петербург, 1906. – 197 с.
- 29 Румянцев П.П. Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области (собранные и разработанные под руководством П.П.Румянцева) Т.І. Лепсинский уезд. Выпуск І. Киргизское хозяйство. – СПб.: 1911. – 819 с.
- 30 Румянцев П.П. Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области (собранные и разработанные под руководством П.П.Румянцева) Т.ІІ. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. – СПб.: 1913. – 529 с.
- 31 Румянцев П.П. Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области

(собранные и разработанные под руководством П.П.Румянцева) Т.ІІІ. Джаркентский уезд. Киргизское хозяйство. – СПб.: 1912. – 428 с. + 12 таблиц и приложения.

32 Румянцев П.П. Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области (собранные и разработанные под руководством П.П.Румянцева) Т.ІV. Верненский уезд. Киргизское хозяйство. – СПб.: 1913. – 321с. + 29 таблиц.

33 Пален К.К. Народные суды Туркестанского края. Отчет по ревизии Туркестанского края произведенный по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К.Паленом. – С.-Петербург, Сенатская типография, 1909. –309 с.

34 Пален К.К. Полиция безопасности. Отчет по ревизии Туркестанского края произведенный по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К.Паленом. – С.-Петербург, Сенатская типография, 1910. – 221 с.

35 Пален К.К. Правовой быт туземного населения. Отчет по ревизии Туркестанского края произведенный по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К.Паленом. – С.-Петербург, Сенатская типография, 1910. –118 с.

36 Пален К.К. Тюремное дело. Отчет по ревизии Туркестанского края произведенной по высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К.Паленом. Т.2. – СПб., 1910. –141с.

37 Пален К.К. Учебное дело. Отчет по ревизии Туркестанского края произведенной по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К.Паленом. Т.3. – СПб., 1910. – 177 с.

38 Пален К.К. Областное управление. Отчет по ревизии Туркестанского края произведенной по высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К.Паленом. Т.4. -СПб., 1910. -354с.

39 Уәлиханов Ш. «Сот реформасы жайында хат»/Ш.Уәлиханов Тәңірі: таңдамалы. –Жидебай; Шилі өзек: RS: Халықаралық Абай клубы, 2013. –392 б.

40 Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.1./Ред. алқа: Қ.С.Алдажұманов, т.б. –Алматы «Толағай групп», 2010. – 376 б.

41 Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы. 9 томдық. Т.VІ./ Құраст.: Ж.С.Аққұлұлы. –Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2013. -520 б.

42 Бөкейхан Ә. Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. Т.І. Монографиялар, ғылыми ізденістер, мақалалар, әдеби аудармалар. 1889-1903 (Омбы-Қарқаралы,-С.-Петербург-Омбы)/Құраст.: Ж.С.Аққұлұлы. –Астана: «Сарыарқа» баспа үйі, 2009. –563 б.

43 Тынышбаев М. Таңдамалы. Избранные./Құраст.: Б.Байғалиев. Г.Жүгенбаева. -Алматы, 2001. – 332 б.

44 Галузо П.Г. Туркестан-колония (Очерк истории Туркестана от завоевания русскими до революции 1917 года). – Москва, Коммун. Ун-т трудящихся востока им. И.В.Сталина, 1929. –162с.

45 Тогжанов Г. Казакский колониальный аул. / Под ред. А.М.Авигодора. Часть І. – М.: 1934. –116 с.

46 Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда XIX-нач.XX вв. –Алма-Ата: Наука, 1964. –178с.

47 Востров В.В., Захарова И.В. Казахское народное жилище. –Алма-Ата: Наука, 1989. –181 с.

48 Востров В.В. Родоплеменный состав и расселение казахов на территории Семиреченской области (конец XIX – начало XX вв.//Новые материалы по археологии и этнографии Казахстана. Т.12. – Алма-Ата: 1961. – С.119-135.

49 Тажибаев Т. Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине XIX в. –Алма-Ата: «Издательство АН Каз.ССР», 1958. – 98 с.

50 Тажибаев Т. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX в. –Алма-Ата: Издательство «Казахстан», 1965. –164 с.

51 Культура и быт казахского колхозного аула. /Ред.:Маргулан А.Х., Востров В.В./ –Алма-Ата, «Наука», 1967. –303 с.

52 Галиев В.З. Медицинская деятельность ссыльных революционеров в Казахстане (вторая половина XIX века). – Алматы, 1982. –160 с.

53 Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е гг. XIX-1917.). – Москва: «Наука», 1986. – 246 с.

54 Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии (последняя четверть XVIII-60-е годы XIX в.). –Москва: Издательство «Наука», 1980. –280 с.

55 Сулейменов Б.С., Басин В.Я. Казахстан в составе России в XVIII-начале XX века. –Алма-Ата: Наука, 1981. –243 с.

56 Сулейменов Б.С., Басин В.Я. Восстание 1916 года в Казахстане (причины, характер, движущие силы) –Алма-Ата, Издательство «Наука» Казахской ССР, 1977. – 165 с.

57 Чеканинский Ив. Восстание киргиз-казаков и кара-киргизов в Джетысуйском (Семиреченском) крае в июле-сентябре 1916 г. (К материалам по истории этого восстания). – Кызыл-Орда, 1926.

58 Шарипов С. Национально-освободительное восстание казахских трудящихся против царизма в 1916 г. /Сборник воспоминаний и материалов. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1937. –316 с.

59 Брежнева С.Н. Русские переселенцы в Туркестане: проблемы взаимоотношения с местным населением. / Электронды ресурс: <https://cyberleninka.ru/article/n/russkie-pereselentsy-v-turkestan-problemy-vzaimootnosheniya-s-mestnym-naseleniem> (14.05.2019 карадым).

60 Данильченко Г.Д. Межкультурный дискурс в устных рассказах русских переселенцев Кыргызстана // Вестник Кыргызско-Российского Славянского университета. Т.14. – 2014. –№3. – С. 21-24.

61 Абдирашидов З. Исмаил Гаспринский и Туркестан в начале XX века: связи-отношения-влияние. –Ташкент «Akademnashr», 2011. –384 с.

62 Иманкулов М.К. Развитие системы образования в начале XX в. // Известия кыргызской академии образования. –2016. –№1(37). – С. 42-46.

- 63 Петр Кокайсл (Petr Kokaisl), Амирбек Усманов (Amirbek Usmanov). История Кыргызстана глазами очевидцев (начало XX в.). –Praha: Nostalgie, 2012. –280 с.
- 64 Каппелер А. Россия-многонациональная империя. Возникновение. История. Распад./Перевод с немецкого: Светлана Червонная. –Москва, «Традиция» – «Прогресс-Традиция», 2000. – 344 с.
- 65 Восстание 1916 года в Туркестане: документальные свидетельства общей трагедии (Сб. Документов и материалов). –М.:Марджани, 2016. –468 с.
- 66 Восстание 1916 г. в Азиатской России: неизвестное об известном (К 100-летию Высочайшего повеления 25 июня 1916 г.). Коллективная монография/ Ред.-сост.: Т.В.Котюкова. –М.: Русский импульс, 2017. –528 с.
- 67 Жолдасбаев С. «Жетісу аймағындағы елді-мекендер мен тұрақ жайлардың даму тарихы және олардың экономикалық тиімділігі (XVI-XVIII ғғ.). Тарих ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 1997. – 49 б.
- 68 Масанов Н. Кочевая цивилизация казахов (основы жизнедеятельности номадного общества). – Алматы «Социнвест» – Москва «Горизонт», 1995. – 320 с.
- 69 Казахи. Историко-этнографическое исследование/Под ред. Г.Е.Тайжановой. –Алматы: «Казахстан», 1995. – 352 с.
- 70 Царская колонизация в Казахстане (По материалам русской периодической печати XIX в). /Сост.: Ф.М. Оразаев. –Алматы: «Рауан», 1995. – 368с.
- 71 Исабай Қ., Байжан-Ата С. Қажыға барған қазақтар. Дерекнамалық баян. – Алматы: «Ана тілі», 1996. – 192 б.
- 72 Атушева С.Б. Джуты в Казахстане в конце XIX - начале XX вв. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Алматы, 2000. – 28 с.
- 73 Жанысбеков М.А. Казахстан в торгово-экономических связях со странами Запада в конце XIX-нач. XX вв. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. –Алматы, 2002. – 29 с.
- 74 Байгабатова Н.К. Казахи Жетысу во второй половине XIX-начале XX вв. (историко-этнографическое исследование). Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Алматы, 2004. – 34 с.
- 75 Қойгелдиев М.Қ. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ.-1917ж.) – Астана: «Елорда», 2004. – 216 б.
- 76 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Т.І. -Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 480 б.
- 77 Қойгелдиев М. Қазақ елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ.-XXI ғ.басы). –Алматы: «Дәстүр», 2014. – 432 б.
- 78 Абдиров М., Ақтамбердиева З. Семиреченское казачье войско. Из истории военно-казачьей колонизации Жетысу 1867-1917гг. –Алматы: «Қазақ университеті», 2011. – 362 с.
- 79 Тулекова М.К. Жетісу халқының әлеуметтік дамуы (1897-1999 жж.). –

Алматы: «Ценные бумаги» баспасы, 2004. – 169 б.

80 Тулекова М. Жетісу халқы (1897-1999 жылдар). – Алматы, 2002. – 282 б.

81 Төлекова М.К. Жетісу өңіріндегі діни наным-сенімдер (1897 жылғы халық санағы деректері бойынша) // «Дүниежүзі тарихы: зерттеу және оқыту мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2010. – Б. 368-371.

82 Письменные источники по истории и культуре Алматы (VIII – начало XXв.)./Сост.: М.Х.Абусейтова, А.К.Муминов. Институт востоковедения им. Р.Б.Сулейменова. – Алматы: Дайк Пресс, 2008. – 275 с.

83 Садвокасова З.Т. Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (II половина XIX-начало XX веков). – Алматы, 2005. – 277 с.

84 Нуртазина Н. Народы Туркестана: Проблемы ислама, интеграции, модернизации и деколонизации на рубеже XIX-XX веков. – Алматы: «Қазақ университеті», 2008. – 166 с.

85 Мустафина Р.М. Бытовой ислам у казахов (XIX-XX вв.). Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук. – Алматы, 2006. – 59 с.

86 Егізбаева М. Қазақ халқының дәстүрлі материалдық мәдениеті. – Алматы: «Қазақ университеті», 2012. – 152 б.

87 Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. – Алматы: ARNA, 2013. – 192 б.

88 Әбілқасымұлы З. Іле-Балқаштың тұңғыш болысы. – Алматы: «Ғылым Ордасы» РМК баспаханасы, 2016. – 142 б.

89 Бүркітбаева Ү. Жетісуым – жеті құтым, ырысым. Тарихи деректер. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2009. – 336 б.

90 Дулатбеков Н. Алаш ардақтылары: Санкт-Петербург іздері. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2013. – 240 б.

91 Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы дүнгендер: саны мен құрамының динамикасы //Отан тарихы. – 2007. – №2 (38), – Б. 32-41.

92 Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде. Т. III: Жалайыр. –Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2008. – 400 б.

93 Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог. / ред.: Н.Әлімбай. Т.1. – Алматы: Өнер, 2009. – 344 б.

94 Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. – Алматы, 2002. – 208 б.

95 Қатран Д. Орта Азия және Қазақстандағы шай мен самаурын: таралуы, дамуы хақында//Орталық музей еңбектері. – Алматы, 2009. – Б. 447-455.

96 Султанова Ф.М. Деятельность купечества и предпринимателей в общественно-культурной жизни Семиречья (конец XIX-начало XX вв.) // Абай ат. ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. – 2012. – №1 (32). – Б. 26-29.

97 Урашев С.А. Из истории благотворительной деятельности в городе Верном (вторая половина XIX-начало XX века). – Алматы, 2004. – 45 с.

98 Тимофеева Л.В. История Русской Православной церкви на территории Семиречья (вторая половина XIX века-XX век). Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Алматы, 2007. – 30 с.

99 Мухтарова Г.Р. Қазақстанға ислам дінін таратудағы татар молдаларының ролі// Орталық музей еңбектері. – Алматы, 2004. – Б.104-111.

100 Галиев В.З. Библиотеки дореволюционного Семиречья. – Алматы: Национальная библиотека Республики Казахстан, 2003. – 250 с.

101 Галиев В.З. Библиотечное дело в Казахстане (вторая половина XIX – начало XX веков). – Алматы, 1998. – 159 с.

102 Галиев В.З. Тюркская библиотека в Верном. – Алматы: Национальная библиотека Республики Казахстан, 2001. – 112 с.

103 Жолсейтова М.Ә. Қазақстандағы халық ағарту ісінің қалыптасуы мен дамуы (XIX ғас. II жарт.-XX ғас. басы. Жетісу мәліметтері бойынша). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 1999. – 30 б.

104 Могунов С.В. Тенденции противостояния распространению идей джадидизма в Казахстане на рубеже 19-20 вв. / Электронды ресурс: <https://e-history.kz/ru/books/library/view/1187> (15.12.2017. қарадым).

105 Тлеубаев Ш.Б. Жетісу облысындағы қазақ және қырғыз халықтарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2010. – 30 б.

106 Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы). –Грозный 1916 год: (Сборник документов и материалов). – Алматы: Қазақстан, 1998. Т.1. – 423 б.

107 Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы). –Грозный 1916 год: (Сборник документов и материалов). – Алматы: Қазақстан, 1998. Т.2. – 247 б.

108 Қарқара қаһары: зерттеулер, естеліктер, мақалалар./Құраст.: Н.Әбдіков. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2016. – 352 б.

109 Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897г. LXXXV. Семиреченская область. /Под ред. Н.А.Тройницкого. – СПб., Изд-во., Центрального статистического комитета МВД, 1905г. – 149с.

110 Жабаев Ж. Сырттанға./ Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. Т.1./ жалпы ред. басқ.: С.Садырбаев. –Алматы: «Ғылым», 1996. – 320 б.

111 Жабаев Ж. Зілді бұйрық./ 1916 жыл: 1916 жылғы көтеріліс туралы өлең, поэма және әңгімелер жинағы/ред.: Д.Ысқақов, Е.Смайылов, Ә.Сәрсенбаев. –Алма-Ата, Қазақ мемлекет баспасы, 1940 ж. – 345 б.

112 Жолбарысұлы Б. Басылып жатқан қазынам. – Алматы, 2005. – 316 б.

113 Сүйінбай Аронұлы. Шығармалары: Толғаулар, сын-сықақ өлеңдер, айтыстар./ ред.: Т. Сәдуақасов. –Алматы: «Жазушы», 1990. – 144 б.

114 Қанайұлы Ш. Шығармалары./ Құраст., алғы сөзін жазған: Қ.Мәдібаева. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2013. – 384 б.

115 Кылыч М. Молдо Кылычтың ырлары. – Бишкек: [б.ж.], [19_?]. – 170 б.

- 116 Сыдыков О. Тарих кыргыз Шадмания: Кыргыз санжырасы. – Фрунзе, «Кыргызстан» басмасы, 1990. – 112 б.
- 117 Халид Қ. Тауарих Хамса (бес тарих). – Астана: ТОО «Prosper print», 2014. – 286 б.
- 118 Lyazzat A. Bissembayeva, Bakhytzhana S. Aimbetov, Berik T. Zhubanyshov, and etc. Features of the Land Policy of the Tsarist Administration in Semirech'ye in the second half of XIX century. //Bylye Gody. – 2018. – Vol. 49. – Is. 3. – P. 1149-1158.
- 119 Әсіп С. Қазақ қасіреті. – Алматы, «Қазақстан», 1994. – 304 б.
- 120 ҚР ОМА. Қ.19. Т.1. Іс 1171.
- 121 Kudaibergenova A., Zhugenbayeva G., Apendiyev T., and etc. Influence of migration processes on changing in the ethnic composition of the population of Kazakhstan (end of the XIX-end of the XX centuries). // Man in India. –2017. – №97 (2). – P.47-64.
- 122 ҚР ОМА. Қ.64. Т.1. Іс 60.
- 123 Мұқанов М.С. Қазақ жерінің тарихы. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. – 80 б.
- 124 Кәдіркұлова Г. Қазақстан тарихы. – Алматы, 2005. – 320 б.
- 125 ӨР ОМА. Қ.1. Т.20. Іс 1753.
- 126 ҚР ОМА. Қ. 64. Т.1. Іс 114.
- 127 ӨР ОМА. Қ.1. Т.27. Іс 1589.
- 128 Рахымқұлов Д.А. XIX ғасырдағы Жетісу: Ресей үстемдігінің қазақтар көші-қон үдерісіне ықпалы // Отан тарихы. – 2013. – №4. – Б.133-144.
- 129 ҚР ОМА. Қ.19. Т.1. Іс 75.
- 130 ҚР ОМА. Қ.19. Т.1. Іс 38.
- 131 Бисембаева Л.А. Жетісу облысы тұрғындарының ұлттық құрамы мен дәстүрлі шаруашылық түрлерінің өзгеруі, оның күнделікті өмірге тигізген әсері (XIX ғ.ІІ жартысы – 1917 ж.) //ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Нұрпейіс оқулары» аясында өткен «XXI ғ. Қазақстандық ғылым: өзекті мәселелері мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2016. – Б. 86-90.
- 132 ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының архиві. Қ.11. Т.1. Бума 5. Іс 82^а.
- 133 ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының архиві. Қор11. Т.1. Бума 5. Іс 82.
- 134 ӨР ОМА. Қ.1. Т.27. Іс 1216.
- 135 ҚР ОМА. Қ.19. Т.1. Іс 291.
- 136 ҚР ОМА. Қ.19. Т.1. Іс 432.
- 137 Рысқұлов Т. Шығармаларының толық жинағы. III том./Ред.: Қ.С.Алдажұманов. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – 360 б.
- 138 ҚР ОМА. Қ.19. Т.1. Іс 1160.
- 139 ҚР ОМА. Қ.44. Т.1. Іс 3536.
- 140 «Айқап» / Құраст.: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 367 б.

- 141 Иконников А.И. Город Верный. 1. Колонизаторы // Социалистическая Алма-Ата. – 1936. – №188. – С. 3.
- 142 Жансүгіров І. Жетісу 1730-1916. – Алматы: «Ценные бумаги» баспасы, 2001. – 180 б.
- 143 ҚР ОМА. Қ.64. Т.1. Іс 395.
- 144 Румянцев П.П. Уезды Жетысу/Сост.: Ж.Кариева, Б.Нуржекеев. – Алматы: ТОО «Жалын баспасы», 2000. – 336 с.
- 145 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Т.1.: Біртұтастығы және ерекшелігі./ Жауапты ред.: С.Е.Әжіғали. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 328 б.
- 146 Обзор Семиреченской области за 1883 год. (Приложение к отчету Военного губернатора). – Верный, 1884. – 96 с.: 8 ведомостей + 2 л.
- 147 Обзор Семиреченской области за 1892 год. – Верный, 1893. – 91 с.: 19 ведомостей.
- 148 Обзор Семиреченской области за 1895 год.: Приложение ко всеподданнейшему отчету. – Верный, 1896. – 90 с.: 31 ведомостей.
- 149 Обзор Семиреченской области за 1893 г. – Верный, 1894. – 108 с. + 18 приложений.
- 150 Обзор Семиреченской области за 1887 год. – Верный, 1888. – 82 с.: 10 ведомостей.
- 151 Обзор Семиреченской области за 1901 год. – Верный, 1902. – 63 с.: ведомостей.
- 152 Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. – СПб., 1910. – 66 с.
- 153 Обзор Семиреченской области за 1906 год: Приложение ко всеподданнейшему отчету. – Верный, 1907. – 121 с.: 13 ведомостей.
- 154 Обзор Семиреченской области за 1908 год. – Верный, 1910. – 93 с.: 13 ведомостей.
- 155 ҚР ОМА. Қ.41. Т.1. Іс 251.
- 156 Семиреченские областные ведомости. – 1917. – №50. – С. 1,3.
- 157 ҚР ОМА. Қ.41. Т.1. Іс 317.
- 158 «Қазақ» газеті. 1914 ж./Құраст.: С.О.Смағұлова, Ғ.Қ.Әнес, Т.А.Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 504 б.
- 159 ҚР ОМА. Қ.825. Т.1. Іс 19.
- 160 Безгин В.Б. Крестьянская повседневность (традиции конца XIX-начала XX века). – Москва-Тамбов, 2004. – 304 с.
- 161 Поздеев-Башта А.Г. Алматы. Верный-Алма-Ата. – Алматы: Білім, 2004. – 104 с.
- 162 Тимошинов В. Культурология: Казахстан-Евразия-Восток-Запад: Учебное пособие. – Алматы, 2001. – 400 с.
- 163 Богушевский П. О яблочной моли // Семиреченский еженедельный сельско-хозяйственный журнал. – 1916. – №1. – С. 9-11.
- 164 Андреевский Н. Заметка о табаководстве в Семиреченской области. // Туркестанские ведомости. – 1872. – №10. – С. 43.

165 Силин Я.Б. О нуждах пчеловодстве Верненского уезда.//Семиреченский еженедельный сельско-хозяйственный журнал. –1916. – №1. – С. 11-13.

166 Обязательные постановления Военного губернатора Семиреченской области о мерах для истребления саранчи в пределах области//Семиреченские областные ведомости. – 1884. – №15. – С. 66.

167 ҚР ОМА. Қ. 41. Т.1. Іс 141.

168 Семиреченские ведомости. – 1917. – №44. – С. 2,4,8.

169 Оразов Р.Е. Қарқара жәрмеңкесі. / Электронды ресурс: <http://iie.kz/?p=2536> (16.03.2019ж. қарадым).

170 Бисембаева Л.А. Жетісу өңіріне капиталистік қатынастардың енуі, оның халықтың күнделікті өміріне әсері (XIX ғ.ІІ жартысы – 1917 ж.)//«Нұрпейіс оқулары» аясында өткен «Тұлға, ғалым, ұстаз» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2015. – Б. 189-194.

171 Обзор Семиреченской области за 1896 год. – Верный, 1897. – 73 с.: 26 ведомостей.

172 Обзор Семиреченской области за 1897 год.: Приложение ко всеподданнейшему отчету. – Верный, 1898. – 85 с.: 73 стр.+3 ведомостей.

173 Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Көп томдық. / Бас ред. Т.ғ.д., проф. М.Қ.Қойгелдиев. Т.8. Ұлығ Түркістан. – Алматы: «Ел шежіре», 2008. – 368 б.

174 Әуезов М. Қилы заман. Повесть. – Алматы: «Ан-Арыс» баспасы, 2006. – 192 б.

175 Қалилаханов Т. Ақын Сара: Деректі повесть. – Алматы: Жалын, 1993. –112 б.

176 Иконников А.И. Город Верный. 5.Ростовщик Шендриков // Социалистическая Алма-Ата. – 1937. – №10 (20). – С. 3.

177 Киргизская степная газета. –1895. – №20. – С. 3.

178 Из заметки г. Хоменко. Илийский выселок//Туркестанские ведомости. –1872. – №9. – С.38.

179 Купласт А. Семиреченская область. – Полтава, 1911. – 22 с.

180 ҚР ОМА. Қ.44 қор. Т.1. Іс 1756.

181 Мусин Ч. Қазақстан тарихы. Оқулық. Толықтырылған екінші басылымы. – Алматы, 2003. – 463 б.

182 Ағашаяқ.//«Қазақстан».Ұлттық энциклопедия./Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1998. Т.1. – 720 б.

183 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. –288 б.

184 Балицкий Ю. Заметки о кочевом населении в Верненском уезде (из записки организационных комиссией Семиреченской области) //Туркестанские ведомости. – 1873. – №6. – С. 21.

185 «Қазақ» газеті. 1913 ж. / Құраст.: С.О.Смағұлова, Ғ.Қ.Әнес, Т.А.Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 480 б.

186 Бисембаева Л.А. Жетісу қазақтарының күнделікті өміріндегі тосын құбылыстар (XIX ғас. ІІ жартысы – XX ғас. басы).// әл-Фараби ат. ҚазҰУ Хабаршысы. – Алматы, 2017. – №1 (84). – Б. 230-236.

- 188 ҚР ОМА. Қ. 44. Т.1. Іс 9069.
- 189 ҚР ОМА. Қ.44. Т.1. Іс 9066.
- 190 Иконников А.И. Город Верный. 2.Босьяковцы //Социалистическая Алма-Ата. – 1936. – №189. – С. 3.
- 191 Семиреченские областные ведомости. – 1911. – №50. – С.2-3.
- 192 Түркістан уалаятының газеті: Әдебиет, тарих, мәдениет, саясат, 1870-1882 / Құраст.: Ү.Х. Субханбердина, П.Т.Әуесбаев, Т.К.Әлібек, т.б. – Алматы: Ғылым, 2003. – 602 б.
- 193 Назаров А. Ренск-дело благородное//Вечерний Алматы. – 2010. – №24. –25. – С. 9.
- 194 ҚР ОМА. Қ.19. Т.1. Іс 437.
- 195 ҚР ОМА. Қ.48. Т.1. Іс 112.
- 196 ҚР ОМА. Қ. 64. Т.1. Іс 420.
- 197 Семиреченские ведомости. – 1917. – №15. – С. 79.
- 198 ҚР ОМА. Қ. 2300. Т.8. Іс 9. /ГАРФ. Қ.102. Т.119. Іс 64. Часть 10.
- 199 Киім.//«Қазақстан». Ұлттық энциклопедия./Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2002. –Т.4. –720 б.
- 200 Семиреченские ведомости. – 1917. – №47. – С. 4.
- 201 Традиционная одежда народов Средней Азии и Казахстана./ Отв. ред. Н.П. Лобачева, М.В. Сазонова. – Москва, Наука, 1989. – 254 с.
- 202 ҚРМОМ. НВФ 5289/17^б. Қосымша 5.
- 203 ҚРМОМ. НВФ5289/17^а. Қосымша 4.
- 204 ҚРМОМ. КП-6414. Қосымша 9.
- 205 ҚРМОМ. НВФ 5289/15^а. Қосымша 10.
- 206 Шойбеков Р.Н. Қазақ қолөнері аталымдарының түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2012. – 312 б.
- 207 Семиреченские ведомости. – 1911. – №267. – С. 5.
- 208 Семиреченские областные ведомости. – 1911. – № 269. – С. 8.
- 209 Семиреченские областные ведомости. – 1911. – № 270. – С. 5.
- 210 Семиреченские ведомости. – 1911. – №246. – С. 6.
- 211 Қазақ халқының ұлттық киімдері.//«Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. /Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2003. – Т.5. – 720 б.
- 212 Семиреченские областные ведомости. – 1911. – №58. – С. 5.
- 213 Семиреченские областные ведомости. – 1911. – №57. – С.7.
- 214 Семиреченские областные ведомости. – 1911. – № 272. – С.5.
- 215 Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. – Алматы: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1963. – 297 с.
- 216 Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақ елінің тарихы. – Алматы: «Кітап» баспасы, 2010. – 336 б.
- 217 Бисембаева Л.А. Изменения быта казахов Жетысу (1867-1917 гг.)// РИНЦ. Научная дискуссия: Вопросы социологии, политологии, философии, истории. – Москва, 2017. – №3 (55). – С. 5-12.

218 Исаева Ә. XIX-XX ғғ. Қазақтардың стационарлық қоныстары мен тұрғын үйлері // Хабаршы. Қазмемқызпу. – 2012. – №2(7), – Б. 120-124.

219 Жетісу. Энциклопедия./Бас ред. Ә.Қайдар. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 709 б.

220 Маман құт. / Электронды ресурс: // www.zhasalash.kz/ruhaniyat/20010.html (24.07.2017. қарадым).

221 Төлеубаев Ә.Т. Қазақ халқы этнографиясының мәселелері. Т.2. – Алматы: Servise Press, 2013. – 496 б.

222 Ұмытыла бастаған асханалық жиһаздар. / Электронды ресурс: <https://baq.kz> (25.07.2017. қарадым).

223 Алимбай Н. Муканов М.С., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. – Алматы: Ғылым, 1998. – 233 с.

224 ҚР БҒМ ҒК «Ғылым Ордасы» РМК ОҒК Қолжазба қоры. – №951. – №1 папка. – Б. 4-5.

225 Абылқасымов Б. Телқоңыр. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. – 160 б.

226 Бисембаева Л. Жетісу облысындағы әлеуметтік жағдай, оның тұрғындардың күнделікті өміріне әсері: денсаулығы, емдеу шаралары (1867-1917 жж).// «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. – 2016. – № 2(06).

227 Заметки // Туркестанские ведомости. – 1883. – №49. – С. 195.

228 Санитарное состояние Туркестанского края в 1877 г. // Туркестанские ведомости. – 1879. – № 23. – С. 91.

229 Заметки // Туркестанские ведомости. – 1883. – №51. – С. 203.

230 ҚР ОМА. Қ.41. Т.1. Іс 45.

231 ӨР ОМА. Қ.1. Т.12. Іс 164.

232 ӨР ОМА. Қ.1. Т.12. Іс 396.

233 Обзор Семиреченской области за 1894 г. Приложение ко всеподданнейшему отчету. – Верный, 1895. – 79с.: 18 ведомостей.

234 Семиреченские областные ведомости. – 1911. – №80. (қосымшасында).

235 Хроники. Медицина в газетах прошлого века. Выпуск №4. / Электронды ресурс: <http://hroniki.org/olds/72> (13.07.2017. қарадым).

236 Семиреченские областные ведомости. – 1911. – №67. – С. 5.

237 Обзор Семиреченской области за 1907г.: Приложение к всеподданнейшему отчету. – Верный, 1908. – 116с.: 13 ведомостей.

238 «Дала уалаятының газеті». Адам, қоғам, табиғат. 1888-1902./Құраст.: Ү.Субханбердина. – Алматы: «Ғылым», 1994. – 816 б.

239 Бисембаева Л.А. Жетісу түркілерінің отаршылдық жағдайындағы рухани-мәдени өмірі (XIX ғас. II жарт.-XX ғас. басы).//V Халықаралық түркі әлемі зерттеулері симпозиумы. – Алматы, 2018. – Том II. – Б. 444-451.

240 ҚР ОМА. Қ.19. Т.1. Іс 1158.

241 Жиенбекова А.А., Жамбаева Қ.Ж. Мерекелер – қоғам дамуындағы әлеуметтік өмірдің тұрақты компоненттері//Қазақстан жоғары мектебі. Халықаралық ғылыми-педагогикалық басылым. – 2014. – №1. – Б. 84-86.

242 Семиреченские областные ведомости. – 1911. – №78. – С. 4.

- 243 Белов А. Когда звонят колокола. – Москва: «Советская Россия», 1988. – 256 с.
- 244 Памятная книжка и Адрес-Календарь Семиреченской области на 1898 год. Т.І. – Верный, Типография Семиреченского областного правления, 1898. – 188 с.
- 245 Зенков П. Из Верного //Туркестанский сборник. Т.461. – Ташкент, 1908. –196 с.
- 246 Памятная книжка Семиреченского областного Статистического комитета на 1898 год. Т.ІІ. – Верный, Типография Семиреченского областного правления, 1898. – 188 с.
- 247 Семиреченские областные ведомости. – 1911. – №74. – С. 5-6.
- 248 Памятная книжка и Адрес-Календарь Семиреченской области на 1905 год./Составил действительный член-секретарь Комитета В.Е.Недзвецкий. – Верный, Типография Семиреченской областной Правлении, 1905. – 394 с. + таблицы.
- 249 ӨР ОМА. Қ.1. Т.12. Іс 1717.
- 250 Литягина А.В. Праздничная культура горожан Западной Сибири во второй половине XIX - начале XX в.//Города Сибири XVII-начала XX в. Выпуск 2. История повседневности: Сборник научных статей/Под ред. В.А.Скубневского, Ю.М.Гончарова. – Барнаул: Издательство Алтайского университета, 2004. – С. 215-226.
- 251 ҚР ОМА. Қ.44. Т.1. Іс 3303.
- 252 ҚР ОМА. Қ.44. Т.1. Іс 4936.
- 253 Кишибеков Д. Ментальная природа казаха. – Алматы: Ғылым, 2005. – 256 с.
- 254 ҚР ОМА. Қ.44. Т.1. Іс 1758.
- 255 Сара саңлақ /Құраст.: Ш.Бейсенова-Әшімбаева. – Алматы «Жазушы», 2014. – 432 б.
- 256 Бес ғасыр жырлайды. XV ғасырдан XX ғас. бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Екі томдық. Т.ІІ. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 496 б.
- 257 ҚР АОМА. Қ.177. Т.1. Іс 1017.
- 258 Народные училище Семиреченской области//Туркестанские ведомости. – 1880. – №37. – С. 146-150.
- 259 Сагалы Алматаев көтөрүлүш башында тургандардын бири. / Электронды ресурс: https://www.azattyk.org/a/urkun_kyrgyz../27708761.html (24.09.2018ж. қарадым)
- 260 ӨР ОМА. Қ.1. Т.12. Іс 80.
- 261 ҚР ОМА. Қ.90. Т.1. Іс 736.
- 262 Бисембаева Л., Айтбай Р. И.Гаспринский идеясының Жетісу өлкесіне таралуы: қоғамның рухани-мәдени жаңғыруы (XX ғас. басы). // «Нұрпейіс оқулары» аясында өткен «Астана – тәуелсіз Қазақстанның рухани жаңғыруы мен жетістіктерінің нышаны» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы, 2018. – Б 115-120.

263 Ганкевич В. На службе правде и просвещению. Краткий биографический очерк Исмаила Гаспринского. – Симферополь: Доля, 2000. – 327 с.

264 Тлепина Ш.В. Устав «Қазақ елі» - первый проект казахской конституции, как отражение государственно-правовых взглядов Барлыбека Сыртанова// Право и государство. – 2015. – №3 (68). – С. 66-74.

265 «Мамания» мектебі.//«Қазақстан». Ұлттық энциклопедия./Бас ред. Б.Аяған. -Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2004. Т.6. – 696 б.

266 ҚР ОМА. Қ.44. Т.1. Іс 5082.

267 Сегізбаев О.А. История казахской философии. От первых архаичных представлениях древних до философии развитых форм первой половины XX столетия: Учебник для вузов. – Алматы: «Ғылым», 2001. – 456 с.

268 Бейсембиев К. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана (дореволюционный период). – Алма-Ата, Издательство «Казахстан», 1976. – 428 с.

269 ҚР ОМА. Қ. 2300. Т.8. Іс 17./ГАРФ. Қ.102. Т.1916г. Іс 130. І бөлім.

270 ҚР ОМА. Қ. 2300. Т.8. Іс 16./ГАРФ. Қ.102. Т.1915г. Іс 108. 64 бөлім.

271 ҚР ОМА. Қ. 2300. Т.8. Іс 17./ГАРФ. Қ.102. Т.1916г. Іс 108. 64 бөлім.

272 ҚР ОМА. Қ. 2300. Т.8. Іс 17./ГАРФ. Қ.102. Т.1916г. Іс 64. 3 бөлім.

273 ҚР ОМА. Қ. 2300. Т.8. Іс 16./ГАРФ. Қ.102. Т.1915г. Іс 64. 10 бөлім.

274 ҚР БҒМ ҒК «Ғылым Ордасы» РМК ОҒК Қолжазба қоры. 1020 бума. 1916 жылы болған оқиғалар туралы халық ақындарының өлеңдері. – 203 б.

275 ҚР ОМА. Қ. 2300. Т.8. Іс 18./ГАРФ. Қ.102. Т.1916г. Іс 130. 10 бөлім.

276 ҚР ОМА. Қ. 2300. Т.1. Іс 253./РГВИА. Қ.400. Т.1. Іс 4546 (2).

277 Тілеубаев Ш.Б. 1916: ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес. Хрестоматия. – Алматы: «Қаратау ҚБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы, 2016. – 160 б.

278 ҚР БҒМ ҒК «Ғылым Ордасы» РМК ОҒК Қолжазба қоры. 1019 бума. 1916 жылғы қазақ халқының көтерілісі жайындағы материалдар. – 470 б.

279 ҚР ОМА. Қ. 2300. Т.8. Іс 18./ГАРФ. Қ.102. Т.1916г. Іс 130. 9 бөлім.

280 Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Көп томдық. 11 том. Жетісу: 1916 жыл (құжаттар мен материалдар жинағы). /Құраст.: Ш.Б.Тлеубаев. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. – 312 б.

281 Бисембаева Л.А. 1916 жылғы көтеріліс және Жетісу облысының тұрғындары.//Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. – 2019. – №1 (77). – Б. 181-187.

ҚОСЫМШАЛАР

Қосымша 1.



ҚР МОМ. ФКП 134. Ауыл.

Қосымша 2.



Семипалатинская область.
Въ киргизской юрте.


ҚР ОМА. № Е-3091. Қазақтардың киіз үйінде. ХІХ ғас. аяғы.
Жетісу облысы.



ҚР ОМА. № 2-104241 Жетісу өңіріндегі қазақ отбасы [1880-1895 жж.]
XIX ғас. аяғы.



ҚР МОМ. НВФ 5289/17а Киіз үйдегі өмір. 1908 ж.



ҚР МОМ. НВФ 5289/176 Киіз үйдегі тіршілік. 1908 ж.



ҚР ОМА. № 4-1211 1900 жылдар. Верный қаласындағы базар алаңы.



ҚР ОМА. № 8-2062 1912-1913 жж. Верный қаласы.
Сауда. Верныйдағы астық базары.



ҚР ОМА. № 2-55011 Шаштараз. Сурет авторы П.Лейбин.



ҚР МОМ. КП 6414. Құрт жаю.



ҚР МОМ. НВФ 5289/15а. Ши тоқу. 1908 ж.



нишіі [байғұшз]
ҚР ОМА. № 2-50750 Байғұс (кедей). Верный қаласы. 1912 ж.
Сурет авторы П.Лейбин.



ҚР МОМ. ФКП 745. Сынған ыдыстарды жөндеп отырған дүнген.



ҚР ОМА. № 2-46653 Верный уезі [1912-1913 жж.]. Болыстық сот.



ҚР ОМА. № 2-10037 Верный қаласы. 1913 ж. Сурет авторы П.Лейбин.
Жамбыл Жабаев халық ақындарының ортасында.
1913 ж. Романовтар династиясының
300 жылдығын атап өту.



ҚР ОМА. № 2-55010.
Қазақ мектебі. Революцияға дейін. Сурет авторы П.Лейбин.



ҚР МОМ. ФКП 13545/5.
Сарқан бастауыш мектебінің оқушы қыздары.
[1912-1913]. Жетісу облысы.



ҚР МОМ. ФКП 13545/1. Е.Маманов –
«Мамания» мектебінің ұйымдастырушысы.
XX ғас. басы. Қаратал ауылы.



ҚР МОМ. КППМ. 3796/2.
«Мамания» мектебінің тұңғыш мұғалімі Файзрахман Жихандаров
әйелі Мамановамен. XX ғас. басы. Жетісу.